

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

**ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК**

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі

Ақпарат және мұрағат
комитетінде

08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор
профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа

Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор
Пірәлиева Г.Ж. – ф.ғ.д., проф. м.а.
Ыбырайым Б. – ф.ғ.д., профессор;
Ермекова Т.Н. - ф.ғ.д., доцент;
Сәтбекова А.А. - п.ғ.к., доцент;
Сүлейменова Ж.Н.- п.ғ.д., доцент.
Сейдахметова Р.Г. - ф.ғ.к., доц.;
Рысбаева Г.Қ.- ф.ғ.г., доцент.

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

Б.Д.Жұмақаева

Редактор

ф.ғ.к. Орынханова Ғ.А
© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

№5 (4)

2009

МАЗМҰНЫ

Қожахметова К.Ж. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ-
НІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
ТУРАЛЫ..... 5

О ҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Абдрахимова Г.Б. КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ
ПОДХОД КАК УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ
КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ.... 12

Божбанова Т. СӨЗ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАС-
ТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖОБА ӘДІСІН ҚОЛ-
ДАНУ ҮЛГІСІНІҢ МАЗМҰНЫ..... 15

Дөкенова Н.Е., Семжанова С. ЕЛЖАНДЫ
ЕРЛЕР ӨНЕГЕСІН ТАНЫТУ..... 19

Жансеркеева Э.Н. ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА
КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 22

Жұмақаева Б.Д. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ЖЕДЕЛДЕ-
ТЕ, ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУДА БАҒДАРЛАМА-
НЫҢ РӨЛІ..... 25

Молдасанов Е.М. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-
СЫН ӨЗГЕ ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРГЕ ОҚЫТУ..... 29

Сейдомарова С.Н. КОГНИТИВНЫЙ ПРИНЦИП
ОБУЧЕНИЯ ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ
ЯЗЫКУ..... 33

Сеитова А.Б. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕР-
НЫХ ПРОГРАММ ПРИ ОБУЧЕНИИ ЛЕКСИКЕ
НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В
НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ 39

ӘДБИЕТТАНУ

Әбілов А. О. БӨКЕЙДІҢ «ҚАМШЫҒЕР»
ӘҢГІМЕСІНДЕГІ КОМПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ
ЫРҒАҚ..... 42

Әбілов А. Ш.АЙТМАТОВТЫҢ «БОРАНДЫ
БЕКЕТ» РОМАНЫ ЖӘНЕ ЫРҒАҚ..... 47

Базылова Б.К. ИЗ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ ЖАНРА
ЛИТЕРАТУРНОГО ПОРТРЕТА..... 51

Балтабаева Г.С. Ғ.МҮСІРЕПОВ ӘҢГІМЕ-
СІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ ТАНЫМ..... 57

<i>Бегманова Б.С.</i> ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ.....	61
<i>Дәуітұлы Т.</i> ЖАҢЫЛТПАШТЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.....	64
<i>Жүнісова И.Ж.</i> АБЫЛҚАСЫМ ФИРДОУСИДІҢ «ШАХНАМА» ЭПОСЫНЫҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РӨЛІ	69
<i>Ержанова С.</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ.....	72
<i>Жанұзақова Қ.</i> МОДЕРНИСТІК, ПОСТМОДЕРНИСТІК ТУЫНДЫДАҒЫ РОМАНТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ	76
<i>Зайкенова Р.</i> ТАРИХИ ШЫҒАРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛ-СТИЛІ.....	82
<i>Зайкенова Р.</i> ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТИҢ «СОҢҒЫ КӨШ» ДИЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ.....	88
<i>Рахманова Н.</i> С.СЕЙФУЛЛИННИҢ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДҮНИЕТАНЫМ.....	94
<i>Сарбасов Б.</i> «ОҒЫЗНАМА» КІТАБИ ЭПОСЫНДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ТУУ МОТИВИ	101
<i>Сейсенбиева Э.С.</i> Ғ.МҮСІРЕПОВТИҢ «БОЛАШАҚҚА АМАНАТ» ПЕСАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР БОЛМЫСЫ.....	106
<i>Ақайұлы Ы., Ғабдуллина Г.Қ.</i> ТЕРМИН ТҮЗУДЕГІ БАЛАУ ЖӘНЕ АТАУЛЫҚ БАЛАУ ТӘСІЛІ.....	110
<i>Ақайұлы Ы., Ғабдуллина Г.Қ.</i> ТЕРМИН ТҮЗУДЕГІ МАҒЫНАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАРМАЛЫҚ БАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ.....	116
<i>Эргашева М.Е.</i> СЕМАНТИЧЕСКИЕ РАЗНОВИДНОСТИ ОБСТОЯТЕЛЬСТВ МЕСТА.....	123
<i>Искакова А.Г.</i> ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ СИНТАКСИЧЕСКОЙ СТИЛИСТИКИ И ЕЁ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....	127
<i>Киякова Г.Б.</i> РАССМОТРЕНИЕ КАЗАХСКИХ ИМЕН СОБСТВЕННЫХ С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ГЕНДЕРНОГО АСПЕКТА.....	132
<i>Қанабекова М.Қ.</i> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ДӘМ» КОНЦЕПТІСІ.....	135
<i>Нагиева А.Т.</i> КОНЦЕПТ «ТРУД» В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ НОСИТЕЛЕЙ КАЗАХСКОЙ И РУССКОЙ КУЛЬТУР.....	139
<i>Тажимуратова А.Е.</i> ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ КАРТИНА ГОРОДА.....	144
<i>Рысбаева Г.Қ.</i> ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТОТЕМДІК ҰҒЫМДАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ.....	147
<i>Румянцева Е.В.</i> УНИВЕРСАЛЬНОСТЬ ФУНДАМЕНТАЛЬНОЙ КАТЕГОРИИ БЫТИЯ В ЯЗЫКОВОЙ СТРУКТУРЕ МЕНТАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА КОНЦЕПТА.....	153
<i>Сулейменова Р.Е.</i> ВАРИАТИВНОСТЬ ЯЗЫКОВОЙ НОРМЫ - ФАКТОР РАЗВИТИЯ ЯЗЫКА И ТИПЫ РЕЧЕВЫХ КУЛЬТУР СОВРЕМЕННОГО СООБЩЕСТВА.....	160
<i>Тажимуратова А.Е., Пешич В.В.</i> ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДОНСКИХ И КОСТАНАЙСКИХ РУССКИХ ГОВОРОВ.....	166
<i>Ханкишиева Э.М.</i> ТРАНСПОЗИЦИЯ КАЗАХИЗМОВ КАК СПОСОБ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ КОМИЧЕСКОЙ КАРТИНЫ МИРА В РУССКОЯЗЫЧНОЙ ПРЕССЕ КАЗАХСТАНА.....	170
<i>Шагирова К.Ә.</i> МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	175
<i>Шойбекова Ғ.Б.</i> ТУЫНДЫ СӨЗДЕРДІҢ ТРАНСПОЗИЦИЯЛАНУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	178
МАГИСТРАТУРА	
<i>Ашимбаева Р.</i> «ӘДІЛ-МАРИЯ» РОМАНЫНДАҒЫ ІШКІ МОНОЛОГ МӘСЕЛЕСІ	181
<i>Әкімқожақызы Ш.</i> ҚАЗАҚ БАЛАЛАР АҚЫНЫ Ө. ТҮРМАНЖАНОВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	183

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ -ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Қожахметова К.Ж. –п.ғ.д. профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ-нің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры)

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмысын басқару және жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мақсатында 2001жылдың 17 қыркүйегінде (№119 бұйрық негізінде) ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы (ҒХББ) құрылған.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысы 33 кафедра, Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институты (ӘГҒЗИ), Іргелі ғылыми-зерттеу орталығы және 3 дербес ғылыми-зерттеу («Қазақ ұлттық мектебінің даму мәселелері», «Зерттеудің инновациялық әдістері» және «Өзін-өзі тану») зертханалары арқылы жүргізіледі.

Университетте 2006-2008 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржыландыруымен білім саласын жетілдіруге маңызы зор – 17, (оның ішінде 5 іргелі, 9 қолданбалы және халықаралық ЮНИСЕФ, ЮНИФЕМ қорларының демеуімен 3 қолданбалы жоба) жүзеге асырылды.

Аталған ғылыми жобалар аясында орындалып, бүгінгі таңда ұлттық білім жүйесін дамытуға қосар үлесі зор біраз оқу құралдары, оқулықтар жарық көрді, олар:

- «Мәдени мұра бағдарламасы бойынша «Әлемнің әйгілі психологтары» сериясы бойынша 10 том;
- «Қазақ халқының тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томы;
- Жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған «Педагогика тарихы» оқулығы;
- «Гендерлік білім: теориясы мен практикасы» және «Гендерлік саясат» атты оқу құралдары;
- «Тәртібі қиын балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ұйымдастыру тұжырымдамасы».

2009-2011 жылдары аралығында 3 іргелі ғылыми зерттеу-жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Әлемдік педагогикалық ой-сана антологиясының» 8,9,10 томдарын біздің университеттің ғалымдары дайындауда.

Университеттің жаратылыстану факультетінің ғалымдары биотехнологияға байланысты зерттеулерді Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетімен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетімен, Қазақ Ұлттық академиясының биология ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ҰҒА Ә.Бектұров атындағы химия ғылымдары институтымен, ҒӨО «Фитохимия» институтымен бірігіп, ғылыми жоспар бойынша жұмыс атқаруда. Университеттің физика және экология кафедраларының ғалымдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық және Ұлттық аграрлық университетімен бірігіп зерттеулер жүргізуде.

Университеттің «Жалпы педагогика» кафедрасы (кафедра меңгерушісі пед.ғ.д., профессор А.Құсайынов) ауқымды деңгейде Халықаралық салыстырмалы педагогика қауымдастығымен, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен, Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен байланыстар орнатып, іргелі және қолданбалы ғылыми жобалар аясында табысты жұмыс істеп келеді. Ал «Теориялық және практикалық психология» (каф.меңгерушісі –

Х.Т.Шерьязданова) кафедрасы үнемі ізденіс үстінде болуының арқасында бірнеше ірі ғылыми жобаларды абыроймен жүзеге асырды. Мысалы, Халықаралық денсаулық сақтау қорының филиалымен бірге «Арал аймағының экологиялық жағдайының балалардың психологиялық денсаулығына әсері», педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің эксперименттік бағдарламасы, ал бүгінгі таңда кафедраның профессорлары мен оқытушылары Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетпен бірігіп қолданбалы жоба аясында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде.

Ғалымдардың тынбай ізденулерінің арқасында университет 8 патентке ие болды. Сонымен қатар университетіміздің біраз ғалымдары (С. Қалиев, К.Қожахметова, А. Құсайынов, С. Жайлау, Р. Дәрменова, Қ. Ашекеева) *республикалық үздік ғылыми еңбек сайысына* қатысып, М.Әуезов, А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, К.Д.Ушинский атындағы сыйлықтардың иегерлері атанды.

Университет кадрлар даярлау жүйесінің екі сатылық жүйесіне көшіп, 2002 жылы 8 мамандық бойынша, ал 2009 жылы 19 мамандықтан магистр даярланатын болды. Сонымен қатар, республикада шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі – «Хореография», «Кітапханатану және библиография», «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша ғылыми педагогикалық кадрлардың тапшылығына байланысты магистратура ашылмай келген. Мәселенің маңыздылығына байланысты, 2009 жылдан бастап, аталған 3 мамандық бойынша магистратураны эксперимент жүзінде ашуға мүмкіндік жасалды.

Университетте магистратура арқылы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға ерекше мән беріліп, магистранттарға дәріс оқу, ғылыми жетекшілік жасау негізінен ғылым докторларына жүктеледі. Магистранттардың курстық жұмыстары мен диссертацияларын даярлау үшін ірі ғылыми орталықтар мен зертханаларға, ғылыми-зерттеу институттары мен кітапханаларға, сол ғылым саласының жетекші ғалымынан кеңес алу үшін тәлімнамаға жіберу қарастырылған. Мысалы, тек 2008-2009 оқу жылында біздің магистранттар жақын шетел – Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Новосибирск қалаларының ғылыми ошақтарына және алыс шетел – Қытайдың Пекин Орталық ұлттар университетіне, Сингапурға барып табысты оралды. Өз мемлекетіміз аясында Астана, Қарағанды, Семей қалаларындағы жоғары оқу орындарына тәлімнамаға барып келді. Жалпы, 2008-2009 оқу жылында магистранттардың тәлімнамасына қаржы 3.602.485 теңге көлемінде жұмсалды. Сапасы жоғары маманға сұраныс көп болатыны белгілі. Сондықтан, біздің магистранттарымыз жоғары оқу орындарына, орта арнайы білім мекемелеріне, мектептерге арнайы шақырумен орналасуда.

Университетте аспирантура – 15, докторантура – 8 мамандық бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды дәстүрлі жүйе бойынша жүргізуде.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда университеттің жанынан құрылған диссертациялық кеңестердің маңызы өте зор. 2009 жылға дейін университетте 2 диссертациялық кеңес 8 мамандық бойынша жұмыс істеп келді. Біріккен диссертациялық кеңес ОД 145017 2005 жылдың 29 сәуірінде № 340 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің бұйрығымен қайта ашылған, ол кеңес 2005-2007 жылдар аралығында 10.02.01. – орыс тілі, 10.02.02. – қазақ тілі, 10.02.18. – тіл теориясы, 13.00.02. – оқу мен тәрбиенің теориясы мен әдістемесі (қазақ тілі бастауыш және жоғары білім беру жүйесінде) мамандықтары бойынша 7 ғылым докторы мен 45 ғылым кандидаттарын дайындады, оның басым көпшілігі – осы университет мамандары.

Диссертациялық кеңес Д 14.61.09. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 01.07.2008 жылғы бұйрығымен ашылған, бұған дейін бұл кеңестің тек кандидаттық диссертация қорғауға мүмкіндігі болған. Бүгінгі таңда Д 14.61.09 диссертациялық кеңесте докторлық, кандидаттық ғылыми дәреже алу үшін 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика және 13.00.02 – оқыту мен тәрбиенің әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім жүйесіндегі музыка) мамандықтары бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлануда.

Университет ізденушілерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері 2006 жылдан бері «ҚызПУ хабаршысы» арқылы 6 сериямен (жаратылыстану, тарих, экономика және білімдегі сервис, педагогика, психология, филология) жарық көреді.

Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институтының мақсаты қоғамдағы орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің индикаторлары ретінде гендерлік мәселелерді кешенді түрде зерттеу, гендерлік индикаторларды пайдалана отырып, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларын құрастыру, республикамыздың білім беру жүйесіне үздіксіз гендерлік білім беруді енгізу, оқу бағдарламаларына гендер туралы ақпараттар енгізуіне ықпал ету және оны оқу үдерісінде белсенді түрде қолдану.

Институт қоғамдық мәні бар жобалар аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан құрылған әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясымен; БҰҰ «Гендер және даму» бюросы және халықаралық ЮНИСЕФ, Сорос-Қазақстан, ЮСАИД, ЮСИС, Ф.Эберт қорларымен; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жанынан құрылған гендерлік зерттеу орталығымен; Қазақстанның іскер әйелдер Қауымдастығымен тығыз әріптестік қарым-қатынаста бірлесе қызмет атқарады.

Институттың ғылыми жұмыстары нәтижесінде мектепке арналған «Гендер» кешендік білім бағдарламасы даярланып, мектепке дейінгі білім беру жүйесіне - «Мен-қызбын, мен-ұлмын»; бастауыш мектепке - «Гендер әліппесі»; 5-8 сыныптарға - «Гендер грамматикасы»; 9-11 сыныптарға арналған «Гендерлік білім негіздері» оқу-әдістемелік кешені (орыс тілінде) республикалық «Оқулық» атты ғылыми-практикалық Орталықтың сараптамасынан өтіп, басылымға ұсынылды.

Гендерлік ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері университет көлемінде үнемі әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырып тұрады. Мысалы, 2005-2006 оқу жылында «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық портреті» деп аталатын зерттеу өткізілсе, 2008-2009 оқу жылы «Қазіргі студент қазақ қызы: гендерлік бағдары мен мінез-құлық моделі» атты зерттеу жүргізілді.

Университет студенттерінен алынған сауалнама жауаптарына сүйене отырып, университетіміздің ерекшелігіне сәйкес, 2 курс студенттеріне арналған «Қазақ аруы» арнайы курсы ендірілді.

«Қазақ аруы» арнайы курсы гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өркениеттік үлгідегі ойын ұлттық мүддемен байланыстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел-ана тәрбиелеуге бағытталған.

«Қазақ аруы» арнайы курсының негізгі мақсаты:

Қоғамдық ортада азаматтық ұстанымы бар, жеке өмірінде отбасылық этноәлеуметтік рөлдерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруының бейнесін сомдау

Басты міндеттері:

- Тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық образын қалыптастыру;
- Отбасы тәрбиесінде өмірге негіз болатын этноәлеуметтік рөлдерді атқаруға даярлау;
- Кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- Халықаралық іскерлік әдеп нормалары мен ресми ишара ережелерін игеруге бағыт беру;
- Сұлулық пен денсаулық сақтаудың басты қағидаларын ұстануды және оны жан сұлулығына үйлестірудің кұпияларын меңгертуге баулу;
- Үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру;
- Ұлттық саз аспабы – домбырада ойнау арқылы өмірге қажетті тұрмыс-салт жырларын үйрету;

Осындай мақсат-міндеттерді сипаттайтын «Қазақ аруы» арнайы курсы кіріктірмелі компоненттер күйінде қарастырылып, кешенді оқу бағдарламасы төмендегіше тақырыптық модульдарды қамтиды:

1. *Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар*
2. *Отбасы тәрбиесінің теориясы мен халықтық тәжірибелері*
3. *Риторика*
4. *Іскерлік әдеп және және қарым-қатынас мәдениеті*
5. *Сұлулық және денсаулық*
6. *Үй шаруашылығындағы тұрмыстық қызмет*
7. *Саз өнері*

Университеттің Іргелі ғылыми зерттеулер орталығы (жетекшісі тех.ғ.д., профессор Р.Баймахан) Ұлттық ғылым академиясының ғылыми зерттеу институттарымен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен, Жапониядағы Хоккайдо Университетінің аналитикалық зертханасымен және Канаданың Альберто университетімен бірлесіп бірнеше жобаларға қатысып жұмыс істейді. Соның нәтижесінде, университетімізге шетелдік ғалымдар - Альберто университетінің профессоры Дейв Чан, Токио университетінің профессор Кагуэй Танако келіп, докторанттар, аспиранттар мен магистранттарға, профессор-оқытушылар қауымына ғылыми семинарлар өткізіп тұрады. Өз кезегінде біздің университеттің профессоры Р. Баймахан Канаданың Альберто және Жапонияның Хоккайдо университеттері шақыруымен дәріс оқып қайтты. Ресми шақырумен Франциядағы дүниежүзілік ISSMGE, TC28 аталатын ғылыми комитеттің Қазақстандық мүшесі ретінде тех.ғ.д., профессор Р.Б. Баймахан, 2008 жылы Шанхайда өткен мәжілісіне қатынасып, баяндама жасады.

Зерттеулердің нәтижелері шетелдерде өткен 8 халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда баяндалып, 45 ғылыми мақала жарияланды. Сонымен қатар, бірнеше студенттің ғылыми мақалалары Малайзия мен Шанхайда жарық көрді. Ғылыми Орталық конкурс арқылы жеңіп алған Канаданың халықаралық “FSIDA” білім гранты бойынша университетіміздің екі студенті Маханова Айгүл мен Алихан Амангүл Перу, Бразилия, Кения, Австралия, Вьетнам, Жапония студенттерімен бірге ағылшын тілінен емтихан тапсырып, жақсы нәтижелермен түсіп, халықаралық арнайы бағдарлама бойынша Альберто университетінде оқып қайтты. Альберто университетінің профессоры Дэйв Чан мен профессор Р.Баймахан студенттерге арнап математикалық моделдеу пәнінен бірігіп оқулық жазып, қазақ және орыс тілдерінде - Алматыдан, ағылшын тілінде - Канададан шығаруы жоспарланды.

Университеттің құрамындағы «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы 2006 жылы қаңтар айында құрылған. (Зертхана меңгерушісі-Д.Садыкова).

Университеттің ғылыми кеңесі бекіткен «Қазақ ұлттық мектебінің тарихы және даму болашағы» тақырыбы бойынша зертхана 2006 жылдан бастап Алматы, Астрахан, Орынбор, Москва, Ташкент, Қазан, т.б. қалаларындағы орталық және мемлекеттік архивтерімен және облыстық (Астана, Қостанай, Орал, Семей, Шымкент, Тараз, т.б.) мұрағаттарымен байланыс орнатты. Тақырыптарды зерттеу және оған қажетті материалдарды жинау үшін зертхана ҚМҚП университеті кітапханасымен, Қазақ мемлекеттік ұлттық кітапханасымен, Қазақ ұлттық техникалық ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ұлттық педагогикалық кітапханасымен, Абай атындағы қазақ педагогикалық ұлттық университеті кітапханасымен, ҚР Орталық мемлекеттік кітапханасымен, Ресей мемлекеттік тарихи мұрағат қорымен байланыс жасап, ғылыми көздерге зерттеулер жүргізді. Зертхана республикалық және аймақтық қазақ мектептерімен тығыз байланыстар орнатқан.

Зертханаға 6 мектеп тірек-эксперимент мектептері ретінде бекітілген (Мамания орта мектебі, Шарын қазақ орта мектебі, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі, Ш.Уалиханов атындағы №12 көпсалалы гимназия мектебі, Қарғалы №2 гимназия-мектебі, Тасқарасу орта мектебі). Бұл мектептерде педагогикалық менеджмент, білім және тәрбие мазмұны, инновациялық жаңа технология, ұл және қыздар тәрбиесін ұйымдастырудың этнопедагогикалық негіздері, оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастырудың жаңа формалары тақырыптарында семинар-кеңестер өткізілді. Зертхананың зерттеу нысанын аралас мектептердің, шағын жинақталған, ауыл, қала қазақ мектептерінің мәселелері құрайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында 2006 жылдың 28-29 наурыз күндері «XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты: қазақ мектебінің жай-күйін жете зерттеп-зерделей келе, оның даму болашағын айқындау, білім беру сапасын арттыру бағытында кең көлемде пікір алмасу, ой бөлісу. Осы мақсаттарды орындау жолын анықтап, нақты ұсыныстар қабылдау.

Конференцияның: «Қазақ мектебінің даму мәселелері: тарихы мен тәжірибесі», «Қазіргі қазақ мектебіндегі оқытудың инновациялық технологиялары», «Қазіргі қазақ мектебі тәрбие жүйесінің этнопедагогикалық негіздері», «Жаңа формациядағы ұстаз келбеті», «XXI ғасырдағы қазақ мектебінің моделі. Басқару мәселелері» атты 5 секциялары бойынша республиканың барлық орблыстарынан келген 207 баяндама талқыланды. Конференцияға қатысушылар университет ректоры Ш.К.Беркімбаеваның пленарлық мәжілісте жасаған «Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі» атты баяндамасын секциялық отырыстарда қызу талқылап, қазақ мектебіне қатысты өткір пікірлерін ортаға салып, тың ұсыныстар жасады.

Зерттеудің инновациялық әдістері зертханасы – (зертхана меңгерушісі С.С. Мірсеитова).

Зертхананың мақсаты: философиялық тұрғыда адам мүмкіндіктерін, психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, таным әрекетін қалыптастыру.

Зертхана 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс істейді. Зертхананың жұмысы сын тұрғысынан ойлау мен оқу мәселесіне арналған. Зерттеудің нәтижесі 2008 жылдың 28-29 наурызында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінде өткен «Оқушының жеке басының дамуы: әлеуметтегі орны» атты конференцияда өз бағасын алды.

Зертхана жетекшісі Мірсеитова Сапаргүл – Халықаралық Оқу Ассоциациясының Евразиялық комитетінің төрайымы. Зертхана шетелдік ғалымдармен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Мысалы, АҚШ, Айова университетінің профессоры Дэвид Ландис жыл сайын өз студенттерін ертіп келіп зерттеу жұмыстарын университеттің ғалымдары және студенттерімен бірігіп өткізуде. Бұндай жұмыстардың студент жастарға берері көп, әсіресе тіл үйренуде (американдық студенттер – қазақ тілін үйренуге мүмкіндік алса, ҚызПУ студенттері – ағылшын тілін меңгеруде). Зертхана жыл сайын өтетін халықаралық Оқу Ассоциациясының конференцияларына белсенді қатысып отырады. Зертхананың ұйымдастыруымен «Дауыс&Көрініс» журналы шығып тұрады. Қазіргі кезде зертхана жетекшісі 2009 жылдың айында Португалияның Брага қаласында өтетін 16 Европалық конференцияға дайындық үстінде.

Университеттегі ғылыми жұмысты қажетті деңгейге көтеру ғылыми педагогикалық кадрлар әлеуетіне тікелей байланысты екені белгілі. Бүгінгі таңда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 56-ғылым докторлары; 255-ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Олардың ішінде, тек қана Қазақстан Республикасына емес, алыс-жақын шетелдерге де танымал ғалымдар шоғырланғанын айта кету керек, олар: Тынық мұхит аймағы елдерімен және Жапония ғалымдарымен ынтымақтастықта жұмыс істейтін профессор, Мемлекеттік ғылыми стипендия және «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері – Р.Б.Баймахан; «Дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану» және «Физиканы оқыту әдістемесі» ғылыми жобаларға жетекшілік жасап жүрген, «Құрмет» орденінің иегері тех.ғ.д., профессор А.Ж.Жамалов; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру оқу әдістемелік бағдарламасының жетекшісі, әрі кеңесшісі, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «Әлемнің әйгілі психологтары» он томдығының авторларының бірі, «Ерен Еңбегі үшін» медалінің иегері – псих.ғ.д., профессор Х.Т.Шериязданова; Жалпы білім беретін мектептерге (12 жылдық) арналған оқулықтардың авторы, «Құрмет» орденінің иегері, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегері – Қ.А.Аймағамбетова, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттың және Ресей Федерациясы тағайындаған К.Д. Ушинский атындағы медальдың иегері, п.ғ.д., профессор А.Қ.Құсайынов, «Қазақтың тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томының құрастырушысы, халықтық педагогиканың даму тарихын түбегейлі зерттеген ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор С.Қ.Қалиев, Этнопедагогика ғылымының әдіснамалық, теориялық негіздерін анықтап, дамуына елеулі үлес қосқан ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор К.Ж.Қожахметова; Педагогика ғылымының әдіснамасын зерттеудегі зор еңбегімен танымал ғалым, п.ғ.д., профессор Ш.Таубаева; Ресей Федерациясының М.Ломоносов атындағы медалінің иегері В.И.Жұмағұлова; «Құрмет» орденінің иегері – профессор Ә.Б.Бірмағамбетов; Қ.Сәтбаев атындағы сыйлықтың иегері – ф.м.ғ.д., А.Қ.Ершина; «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегерлері: ф.ғ.д., профессор Б.Хасанұлы, х.ғ.д., профессор Б.М.Бутин, филос.ғ.д., профессор Н.Қ.Сейтахметов, п.ғ.к., доцент Р.Р. Масырова, п.ғ.к., доцент И.А.Әбеуова, ф.ғ.д., профессор Т.Н.Ермекова, п.ғ.д., профессор Ж.Н.Сүлейменова, п.ғ.к. доцент Р.Дәрменова. Бұндай жетістіктер университет ғалымдарының жоғары деңгейі мен өре биіктігін байқатады.

Университеттің халықаралық байланыстары

Университет халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағытында біраз жетістіктерге қол жеткізген. Оған дәлел университет Туркия жоғары оқу орындары Ассоциациясының (ЙОК) және Педагогикалық білім беру ғылымдары

Халықаралық академиясының мүшесі (Мәскеу), EWhA Корея қыздар университетімен, Кангнам (Корея, Сеул), Айова штаты (АҚШ) университеттерімен және басқа да Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанның ЖОО –мен ынтымақтастық байланыста.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі - аға ұрпақтың еліміздің ғылымын дамытудағы өнегелі істерін жаңа серпінмен жалғастыра алатын жас ғалымдарды тәрбиелеу.

Осыған орай, университет студенттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына, шығармашылық ізденістерге тарту үшін 2004 жылы Кіші ғылым академиясы құрылды. Кіші ғылым академиясы үйірмелер арқылы студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысын, әр түрлі конференциялар ұйымдастыруға, студенттердің қалалық, республикалық, халықаралық конференцияларға, олимпиадаларға, көрмелерге қатысуына ықпал етіп отырады.

65 жылдық тарихы бар университетімізде студенттердің тұңғыш ғылыми-практикалық конференциясы 1948 жылы өткізілген, ал 2008-2009 оқу жылында 62 - ші ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жан-жақты талқыланады. Ғылымға қызығушылығы бар студенттерді қолдау мақсатында Жас ғалымдар кеңесі мен Кіші ғылым академиясы тарапынан әр секция бойынша эксперттік комиссиялар құрылып, комиссия төрағалығына басқа жоғары оқу орнынан танымал ғалымдар шақырылады. Бұндай әрекеттер студенттердің қызығушылығын дамытумен қатар, университет студенттерінің білім деңгейін басқа жоғары оқу орнының ұстазы бағалауы арқылы сол оқу орындарының студенттерімен білім деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, бұндай шаралар бәсекеге қабілетті маман даярлауға өз септігін тигізетіні ақиқат. Жоғары бағаланған баяндамалар міндетті түрде ғылыми жинаққа енгізілуі мүмкіндік алуымен қатар, студент ақшалай сыйақы мен бағалы сыйлыққа ие болады.

Конференциялармен қатар университетімізде студенттердің пәндік олимпиадаларын жүйелі түрде жыл сайын өткізу өз жемісін беруде. Біздің студенттеріміз 2008-2009 оқу жылының өзінде республикалық студенттердің олимпиадаларында жүлделі орындарға ие болды: математикадан – жеке студент (Хансеитова Айгерім) – Гран Приге ие болса, ал жалпы команда II (екінші) орынды иеленді; информатикадан – II орын, психологиядан – II орын; мектепке дейінгі білім – I орын; қазақ әдебиеті – I орын; қазақ тілі – I орын;

2007-2008 оқу жылында Жоғары оқу орындарының арасында өткен жаратылыстану-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысына арналған республикалық байқауда жүлделі орынға ие болған университеттің 8 студенті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы дипломымен марапатталды. Олардың үшеуі – 1 дәрежелі, екеуі 2 дәрежелі, үшеуі 3 дәрежелі диплом иегерлері болса, Корпоративтік Қазақстан Білім және ғылым қорының тағайындаған атаулы стипендиясына университеттің 4 студенті ие болды.

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД КАК УСЛОВИЕ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ

Абдрахимова Г.Б.-к.ф.н, доцент (г. Алматы КазгосженПУ)

Для достижения профессионального уровня переводчика требуется формирование особой переводческой компетенции, создаваемой целенаправленным обучением, а затем длительной практической деятельностью. В процессе создания профессиональной переводческой компетенции формируется своеобразная языковая личность, которая имеет ряд отличий от «нормальной» не переводческой личности. Эти отличия выявляются во всех главных аспектах речевой коммуникации: языковом, текстообразующем, коммуникативном, личностном и профессионально-техническом.

Термин «переводческая компетенция» (Translationskompetenz или Übersetzungskompetenz) используется немецкими переводоведами с начала 70-х годов 20-го столетия. Знакомство с немецкоязычной литературой по различным проблемам переводоведения показывает, что термин «компетенция» для многих из них не нов, они используют его априори, как некий установленный феномен (1). Поэтому у разных авторов можно встретить различное сочетание составляющих переводческой компетенции, но самыми наиболее «стабильными» в этом списке можно назвать: языковую (как в родном, так и в иностранном языках), коммуникативную, межкультурную, культурную (или культурологическую - Kulturkompetenz), прагматическую, социокультурную, поисковую, текстообразующую (или текстовую - Textkompetenz), предметную (Sachkompetenz) и стратегическую компетенции.

Бесспорным является тезис о том, что языковая компетенция переводчика как в родном, так и в иностранном языках должна быть на высоком уровне. В Германии на отделения по подготовке переводчиков принимают только тех, кто обладает такой компетенцией. Но в наших условиях к сожалению, такие требования к поступающим на переводческий факультет не предъявляются. По отношению к языковой компетенции в родном языке существует ошибочное мнение о том, что любой человек, владеющий двумя языками может выполнять функции переводчика. И зачастую в нашей практике встречаются студенты, которые не всегда корректно могут излагать свои мысли даже на родном языке. В связи с этим можно считать целесообразным представление учебных модулей в программах переводческих отделений Германии в виде отдельных компетенций: коммуникативной, культурологической, поисковой, предметной (2). Это еще раз подтверждает правомерность компетентностного подхода, который открывает возможности для более качественной подготовки специалистов к реальной жизни, включая знание предмета, осуществление продуктивной деятельности и актуализацию своих личностных ресурсов.

Общение людей с помощью языка осуществляется весьма своеобразным, сложным путем, и достаточное владение как родным, так и иностранным языком – это лишь одно из условий успешной коммуникации. Говорящий строит высказывание в расчете, что слушающий (в переводе – переводчик) интерпретирует его надлежащим образом на основе учета обстановки и фоновых знаний. Во всех случаях характер подобных знаний и, следовательно,

возможность интерпретировать и понимать речевые высказывания определяются историей, условиями жизни, традициями, системой образования, литературой, государственной и общественной структурами и другими сторонами жизни языкового коллектива, которые в совокупности составляют его культуру. Принадлежность к одной культуре во многом обуславливает успешность коммуникации между членами данного языкового коллектива. Способность человека к формированию правильных выводов из речевых высказываний партнера на основе фоновых знаний – составляет его коммуникативную компетенцию. Коммуникативная компетенция адресата – это совокупность умений, навыков и знаний, определяющих его способность адекватно воспринимать и интерпретировать текст. Коммуникативные компетенции адресатов, воспринимающих оригинал, и адресатов, воспринимающих перевод, должны быть во многом равноценны. Существенно различаться они могут только в лингвоэтнической части, т.е. в том, что касается языка, культуры и актуальной общественной информации. Именно такие различия помогает преодолеть переводчик. Что касается коммуникативных компетенций адресатов в остальном (профессиональных знаний, общей культуры, возрастных особенностей и т.д.), то они должны быть относительно одинаковы. Поскольку мы имеем дело с формированием профессиональной компетенции переводчика, который является посредником в межкультурной коммуникации, то правомерно называть такую компетенцию переводчика межкультурной коммуникативной компетенцией (3).

Изучение культурной обусловленности разных сторон вербальной коммуникации представляет большой интерес для переводоведения. Как отмечалось выше, переводческая деятельность означает не только взаимодействие двух языков, но и контакт между двумя культурами. Наряду с уникальными особенностями, характеризующими каждую отдельную культуру, существуют факторы, общие для многих или некоторых культур. Следовательно, формирование у будущих переводчиков как культурологической, так и межкультурной компетенций является бесспорным. При этом практика показывает, что формирование этих компетенций само по себе не осуществимо. Что необходимо знать будущему переводчику об отношении между родной и иноязычной культурами для развития адекватной межкультурной компетенции? В качестве наиболее релевантных межкультурных навыков и умений отмечают:

- способность соотносить свою собственную и иноязычную культуры,
- восприимчивость к различным культурам ,
- Умение гибко использовать разнообразные стратегии для установления контакта с представителями иных культур.
- умение выступать в роли посредника между представителями своей и иноязычной культуры и эффективно устранять недопонимание и конфликтные ситуации, вызванные межкультурными различиями.

Следующей по важности для процесса перевода является текстовая (или текстообразующая) компетенция, т.к. текст является основной единицей как устного, так и письменного перевода. По мнению известного немецкого теоретика по переводоведению К.Норд, текстовая компетенция предполагает умение анализировать исходные тексты, создавать тексты различного типа в соответствии с коммуникативной задачей и ситуацией общения, обеспечивать надлежащую структуру текста, использовать языковые единицы текста по правилам построения речевых единиц в переводимом языке, оценивать место и соотношение отдельных частей текста и воспринимать текст как связное

речевое целое (4). Следует заметить, что на практике мы сталкиваемся с такими случаями, когда студенты испытывают трудности при создании текста перевода как на иностранном, так и на родном языке. Отсюда следует, что в школьной программе должен быть как обязательный компонент коммуникативной компетенции, формирование текстовой компетенции. При обучении переводу мы также большой акцент делаем на формирование текстовой компетенции на иностранном языке, когда как не сформирована текстовая компетенция на родном языке. Это затрудняет процесс формирования общей профессиональной компетенции.

Не менее важной составляющей переводческой компетенции является социокультурная компетенция, которая предполагает овладение будущими переводчиками умениями и навыками оперировать необходимыми знаниями – концептами и адаптировать свое поведение к поведению, близкому к носителям того или иного языка. Социокультурный компонент неразрывно связан с культурной (культурологической) и межкультурной компетенциями, о которых было упомянуто выше.

Необходимость рассмотрения стратегической компетенции для будущих переводчиков обусловлена тем, что выработка стратегии перевода является одной из самых важных и необходимых этапов в процессе перевода (4). Даже самое простое перечисление вопросов, на которые должен найти правильный ответ переводчик, указывает на то, что от выработки правильных стратегий зависит успех перевода. Например: Какие приемы перевода нужно использовать для достижения адекватности перевода? Какую справочную литературу нужно использовать в том или ином случае? Необходимо ли обращение к параллельным текстам? Формированию стратегической компетенции следует уделять внимание с самого начального этапа обучения будущих специалистов – переводчиков.

Многие немецкие переводоведы рассматривают в качестве неотъемлемого компонента переводческой компетенции – предметную (Sach/Fachkompetenz), которая предполагает овладение будущими переводчиками необходимыми знаниями в определенных отраслях знаний (медицина, техника, юриспруденция и т.д.). Формирование предметной компетенции требует от преподавателя перевода более творческого подхода при подборе текстов, а также при выработке переводческих стратегий. Он должен передать студентам свой опыт приобретения подобных знаний путем использования различной справочной литературы, специальной литературы, консультации специалистов, также использования параллельных текстов.

Основой всех вышеназванных компетенций является поисковая компетенция, которая предполагает формирование у будущих переводчиков не только способности переводить отдельные тексты, но и выработку умений и навыков поиска необходимой информации для осуществления адекватного перевода с одного языка на другой в соответствии с требованиями конкретной ситуации.

В заключении хочется отметить, что компетентностный подход в подготовке будущих профессиональных переводчиков необходим как для создания программ, так и для правильной организации учебного процесса по теории и практике перевода.

ЛИТЕРАТУРА

1. W.Wills. Übersetzungsunterricht: eine Einführung; begriffliche Grundlagen und methodische Orientierungen – Tübingen: Narr, 1996.
2. H. Salevsky (Hrsg.) Dolmetscher- und Übersetzer Ausbildung: Gestern, Heute und Morgen. Berliner Beiträge zur Translationswissenschaft; Peter Lang: 1996
3. E.Fleischmann. Die Translation aus der Sicht der Kultur/ Modelle der Translation: Grundlagen für Methodik, Bewertung, Computermodellierung/Alberto Gil (Hrsg.) – Frankfurt am Main : Lang,1999.
4. Ch. Nord. Fertigkeit Übersetzen / Fernstudieneinheit 39 – Langenscheidt: 1999.

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассматривается проблема компетентного подхода в процессе обучения будущих переводчиков. В этой связи дается описание отдельных компонентов переводческой компетенции, которые находят отражение в исследованиях зарубежных переводоведов и могут быть использованы в практических целях.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада болашақ аудармашыларды дайындау процесіне кейінгі кездегі қолданылып жүрген «біліктілік (құзырлық)» тұрғысынан қарау үрдісі қарастырылады. Оның ішінде аудармашы біліктілігінің бірнеше құрамды бөліктерінің сипаттамасы беріледі.

**СӨЗ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖОБА ӘДІСІН
ҚОЛДАНУ ҮЛГІСІНІҢ МАЗМҰНЫ**

Божбанова Т. оқытушы – (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Тіл универсалды таңбалы жүйе ретінде көптеген функцияларды орындайды. Қандай да болсын тілге оқыту жүйесі –түрлі әдісті қолдану кешенін ұсыну керек-құрылымды бағытта болу, дыбыстаудың нақтылы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, лексикалық материалдарды және грамматикалық сөз айтылымдарын безендіруді сұрыптау және коммуникативті бағытты болу, белгілі бір тілде өз ойын адекватты түрде жеткізу іскерлігін қалыптастыруды ұсынады. Сонымен, шетел тілін оқыту әдістемесіндегі негізгі магистральды бағыт коммуникативтік біліктіліктің маңыздылығын баса айта отырып, әсіресе лингвистикалық біліктілікті қалыптастыру болып табылады.

Сөз әрекеті тиісті дағды мен іскерліктерге негізделгендіктен, оқушылардың сөз әрекеті түрлеріндегі коммуникативтік іскерлігін дамыту барысында тілдік материалдарды меңгеру дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға көп көңіл бөлінеді. Бастапқы кезеңде қалыптастырылған, тілдік материалдар мен тілдік дағдылар негізінде сөйлеу іскерлігін дамытуға шетел тілінің лексикасы мен грамматикасын сәтті оқыту қызметімен негізделеді.

Әдістемелік әдебиеттерде грамматикалық материалдармен жұмыс істеу үш негізгі кезеңнен тұрады: 1)грамматикалық құбылыстарды презентациялау және грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған негізгі бағытты жасау; 2)сөз грамматикалық дағдыларды қалыптастыру; 3)сөз іскерлігін дамыту.

I-кезең. Жаңа грамматикалық материалдарды енгізуді ұйғарады. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты грамматикалық құбылыстарды таныстыру немесе презентациялау болып табылады. (ережелерді меңгерудегі теориялық бағыт).

II-кезең. Грамматикалық дағдыларды қалыптастыру процесін ұсынады. Бұл кезеңде оқушылар жаттықтыру жаттығуларын орындауға көшуіне болады. Осы кезеңмен грамматикалық әрекеттің автоматтандырылуы байланысты, мұнсыз дағдыны қалыптастыру мүмкін емес.

Г.В. Рогова, Ф.М. Рабинович, Т.Е. Сахаровтың пікірлерімен біз толық келісеміз, олар : нақтылы бір мөлшердегі формаларды есте сақтауға бағытталған формальды жаттығуларсыз грамматиканың дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру мүмкін емес.

Сонымен, “жаттықтыру” грамматикалық материалдарды меңгеруде негізгі кезең болып табылады, ал грамматикалық жаттығулар шетел тілін оқытуда тілдік материалдарды меңгеру барысында негізгі рөлді атқарады.

Келесі міндетті түрде қарастыратын сұрақ – бұл лексикалық дағдыларды қалыптастыру. Лексикалық дағдыны сөз дағдысының компоненті ретінде де және жеке қарапайым дағды ретінде де қарастыруға болады.

Лексикалық дағды автоматтандырылу және репродуктивпен сипатталады.

Тілдік дағдылар мен сөз әрекетінің іскерлігін қалыптастыру мен толық жетілдірудің кезеңделген моделі.



Шығармашылық іскерлігі:

- шешімі белгілі тапсырмаларды кіші тапсырмаларға бөлу іскерлігі;
- сыни анализ іскерлігі;
- фонның тапсырмасын бөліп көрсету іскерлігі.

Зерттеу іскерлігі:

- жеткіліксіз ақпаратты өз бетінше іздеу іскерлігі;
- эксперттен (мұғалімнен, кеңесшіден) жеткіліксіз ақпаратты сұрай білу іскерлігі;
- мәселені шешудің бірнеше нұсқауларын табу іскерлігі;

Ынтымақтастықта жұмыс істеу іскерлігі:

- ұжымдық ынтымақтастық іскерлігі;
- ұнайтын (сүйікті) серігімен әрекеттестікте болу іскерлігі;
- топта жалпы тапсырманы орындау кезінде бір -біріне көмектесу іскерлігі.

Әдістемеде, сөз әрекетінің продуктивтік түрлерін жүзеге асыру үшін лексикалық- ойлау және лексикалық- тақырыптық ассоциацияларды меңгеру, жаңа сөздерді бұрын соңды меңгерген сөздермен үйлестіру, антонимдік және синонимдік қарсы қойылып салыстырылған сөзді таңдау қажет.

А.Ф. Горбенко, шетел тілінің лингвистикалық білітілігін қалыптастыру қарым –қатынаста лексика –грамматикалық материалдарды қолдануды іске асыру негізінде сөз әрекетінің түрлерін, ал сөз әрекетінің сәтті болуы тілдік дағдылар мен іскерліксіз мүмкін емес.

Лексикамен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері: 1)жаңа материалды таныстыру, 3)бекіту, 4)сөз әрекетінің түрлерінде лексиканы қолдану дағдылары мен іскерліктерін дамыту.

Таныстыру. Сөздің формасы мен жұмыс істеуді ұсынады. Жаңа және қиын сөздердің ұшырасатын дыбыстық-әріп талдауы үлкен мағынаға ие болады. Лексикалық материалдарды таныстыру оның меңгеру сәттілігін анықайды, сөздің мағынасын ашу (семантизация) түрлі жолдармен іске асады, оларды екі топқа топтастырады: а) аудармасыз және б) семантизацияның аудару жолдары.

Бекіту және жаттықтыру. Лексикалық дағдыларды қалыптастыру жаңа лексикалық бірліктердің орнатылған байланысын бекіту және олардың өрістеуі.

Сөзді меңгеру барысында оқушылардың жаттықтыруы жатығу арқылы жүзеге асады. Әдістемеде жаттығулар жүйесінде, сөз әрекетінің түрлерін дамытатын екі жүйеге бөліп қарастырады- дайындық және сөз жаттығулары.

“Лексика- грамматикалық материалдарға оқыту интегративтік деңгейде жүзеге асыру орынды, дыбыстауға, лексикалық бірліктерге және грамматикалық құрылымдарға оқыту тығыз әрекеттестікте” деген ойға негізделдік.

Сонымен, 1-ші кезеңнің мазмұнын анықтап алғаннан соң, үлгіміздің екінші кезеңіне көшеміз, онда сөз іскерлігін қалыптастыру тілдік материалдарды бекем меңгеру, тілдік дағдыларды қалыптастыру және сөз- коммуникативтік іскерліктерге жету тек, осы мәселенің шешімі қарым –қатынасқа шығатын тақырыптарды қарастырудың барлық кезеңдерінен өткен кезде ғана жетеді.

Сондықтан шетел тілінің материалын меңгеру мынаны ұсынады: лексикалық және грамматикалық формаларды меңгеруден диалогтық және монологтық формалардағы қиын емес сөз айтылымдарын қалыптастыру. Орта білім программасымен б- сынып оқушылары ағылшын тілінің келесі сөйлеу іскерлігін меңгеру қажет:

1) Диалогтық сөз іскерлігі:

- таныс тақырыпта әңгіме мен талқылауға қатысу;
- ақпарат, мәлімет сұрай білу;

- түсіндірмені сұрай білу; серігінің пікіріне (сөзіне), талқыланып жатқан тақырыпқа өз көңілін, ойын көрсете білу.

2) Монологтық сөз іскерлігі:

- мәселеге/ тақырыпқа байланысты маңызды ақпараты бар хабарлама жасау;

- алған ақпараттың мазмұнын қысқа әрі нұсқа жеткізу;

- жоспары, айналасы, өзі туралы айту;

болған жайттар мен фактілер туралы ойын білдіру.

Демек, біздің жұмыс жоғарыда аталған сөз іскерлігін қалыптастыру болып табылады.

III- кезең. Сөз- коммуникативтік іскерлігін толық жетілдіруді ұйғарады. Біздің зерттеуімізде біз жоба әдісін сөз іскерлігін толық жетілдіру құралы ретінде қолдануды жөн деп көрдік. Зерттеу барысында біз ізденушілік жобасын қарапайым шығармашылық әрекетімен жұмыс жасауды жоспарладық, осы процесс барысында оқушыларда тағы бір қатар іскерліктердің қалыптастыруын көздейді. Жоба әдісінің сабақта сәтті және нәтижелі өтуіне мүмкіндік туғызады. Мұндай іскерліктерге мыналар жатады:

Шығармашылық іскерлігі:

-шешімі белгілі тапсырмаларды кіші тапсырмаларға бөлу іскерлігі;

-сыни анализ іскерлігі;

-фонның тапсырмасын бөліп көрсету іскерлігі.

Зерттеу іскерлігі:

-жеткіліксіз ақпаратты өз бетінше іздеу іскерлігі;

-эксперттен (мұғалімнен, кеңесшіден) жеткіліксіз ақпаратты сұрай білу іскерлігі;

-мәселені шешудің бірнеше нұсқауларын табу іскерлігі;

Ынтымақтастықта жұмыс істеу іскерлігі:

-ұжымдық ынтымақтастық іскерлігі;

-ұнайтын (сүйікті) серігімен әрекеттестікте болу іскерлігі;

-топта жалпы тапсырманы орындау кезінде бір -біріне көмектесу іскерлігі

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Атаханова Р.Проектік сабақ -берері мол сабақ.//Поиск/ Изденіс,2002 №4
- 2.Цукерман С.А. Методика преподавания ИЯ. М., 2002- в двух томах.
- 3.Формирования лексических навыков//Учебное пособие под ред. Е.И. Пассова, Е.С. Кузнецовой.- Воронеж: НОУ, Интерлигва, 2002
- 4.Alan Maley, Diana L.F.V. Projekt work. //Resource book for teacher.- Oxford. Oxford University Press.-1993
- 5.Нурбекова Г.Ж., Сакиева Г.О. Шете тілін оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар.// Языковая политика и философия иноязычного образования в РК. А. 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада жоба әдісін сабақта қолдану арқылы оқушылардың лингвистикалық біліктілігін арттыру қарастырылады. Сонымен қатар, тілдік дағдылар мен сөз әрекетінің іскерлігін қалыптастыру мен толық жетілдіру кезеңдері сипатталады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются пути улучшения лингвистической компетенции у учащихся с использованием метода проекта на уроках. А также, рассматриваются стадии формирования и усовершенствования языковых навыков и речевых умений.

ЕЛЖАНДЫ ЕРЛЕР ӨНЕГЕСІН ТАНЫТУ

Дөкенова Н.Е. – п.ғ.к. (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)
Семжанова С. №72-мектептің мұғалімі (Алматы қаласы)

Бүгінгідей техникасы қарыштап дамыған ХХІ ғасыр ұрпағына елжанды, елжандылық ұғымдарын түсіндіру, ұғындыру, сезіндіру біршама қиындық тудырады сөзсіз. Шектен тыс ақпараттар ағыны, толассыз мәліметтер, даңғыр-дүңгір музыка әлемі жас жеткіншектердің санасын улап, жеңіл-желпі ойлауға, кез келген нәрсеге үстірт қарауға итермелеуде.

Жастықтың қуат-күші ел мен жерге қызмет ету арқылы ғана көркейе түседі. Бұған дана да хакім Абай: «Адам өмірге келгенде бет қоймасы, елдің қамын ойламаса, тіршіліктің несі сән?» деп қарайды. 1912 жылы жазған екінші бір өлеңінде:

Басқа жұрт балалары оқу қуған,
Біліммен өз жұртының бетін жуған.
Ішіп-жеп босқа жүрсе хайуан малдай,
Адамзат жер жүзіне не үшін туған!-дейді.

Болмаса С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңі мен М.Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңдерінде де жалын жастықтың қуат-күші асқақтата жырланады. Бұл жағынан алғанда екі ақынның көздеген мақсаты бір екендігін өлеңдеріндегі үндестік айқын байқатып тұр.

Мағжан шығармасында лирикалық қаһарманның айрықша қасиеттерін жырға қосып «өзіңді-өзің таны!» принципі ұстаса, Сұлтанмахмұт өз кейіпкеріне нақты міндет артып, айқын бағыт сілтейді.

Әсіресе, Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» толғауындағы «Жолбарыстай қайратты», «Жаннан қымбат оларға ар», «Көздегені көк аспан», «Сүттей таза жүректер», «Айбынды алаш елім дер» иманды жастарға ғана сенемін деуі оқушы-оқырманның сана-сезіміне әсер ететіндігі, оны азаматтық, отаншылдық ойға жетелері күмәнсіз.

Елжанды етіп тәрбиелеу мәселесінің түп тамыры тереңде жатыр. Ол ата-баба қанымен, солар салған сара жолмен, ананың ақ сүтімен астасып, матасып, жалғасын табады. «Тәрбие тал бесіктен» деген ұлтымыздың қағидасын педагог-ғалым М.Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу.

... Тәрбиеден мақсұт адам деген атты құр жала қылып тапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» адам баласын ізгілікке тәрбиелеудің басты принципі етіп ұстанады.

Мінез-құлықты тәрбиелеуде ізгілік тілеу мен елін сүю сезімдерін баланың жүрегіне сіңіру керек деп, ақын М.Дулатовтың отансүйгіштік өлеңін өнеге етеді:

Мен – біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғаны жарты жаңқам мен-сенікі
Пайдалан шаруаңа жараса, ағаш.

Баланы елін сүюге, имандылыққа, әдептілікке, қайраттылыққа тәрбиелеу үшін үлгі өнегелі, айналаның мінез-құлық темпераменттерінің, бала табиғатының мәні зор екенін ғылыми дәлелдеп, ұстаз тәрбиенің сендіру, іс-әрекетті қалыптастыру әдістерін ұсынады.

Педагог-психологтар мектеп оқушысы жеткіншек жасына келгенде көркем шығармадағы адамгершілік, елжандылық, отаншылдық проблемаларына жіті көңіл аудара бастайтындығын атап көрсетеді. Сондықтан мұғалім шығарманың

композициялық ерекшелігін, құрылысын, қайталаулардың мәнін, ең бастысы – туындыдағы азаматтық позиция мен отаншылдықты мәтінге сүйене отырып ашып көрсетуге талпыныс жасаса, өз мақсатына жете алатыны айқын,

Қай халық үшін болса да ғасырлар бойы бірге жасасын келе жатқан серігі де, қуаныш пен қайғысын бөлісер сырласы да, ән-күйге бөлеп әлдилеген алтын бесігі де, ұлттық өнерінің кіндік кесіп, кірін жуған, тіршілігінің қайнар бұлағы, отбасы, ошақ қасы туған жерінен, құтты қонысынан қымбат, одан ыстық еш нәрсе жоқ.

Қазақ елі үшін – қазақ даласы сондай алтын бесік, асыл мекен. Осы дала – анасын халқымыз өмір бойы өлеңіне өзек, ән-жырына арқау етіп келеді. Туған жердің сұлулығын жырлайтын мұндай шығармаларды оқып-үйренгенде, сол аймақтарға қатысты туған аңыз-әңгімелердің идеясын, халықтық сипатын аша отырып, оқушыларға сұлулықты, нәзіктікті, әсемдікті тани, бағалай білуге үйрету керек.

Мысалы, М.Жұмабаевтың тарихи тақырыпқа жазылған «Батыр Баян» поэмасы жоғарыда айтылған ойдың нағыз үлгісі, мөлдір бастауы. Поэманың оқиғасы қарапайым, тілі аса шұрайлы, қазақ топырағының исі аңқиды. Бұл поэманың еркіндігі сол – ақын өзін еркін жырлатқысы келмеген қоғамның ниетін ашық айтып, бостандығы мол, кең далада желдей ескен ескі күндерін аңсайды:

Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,

Сондықтан жаным күйіп жанады да,-дейді ол поэманы бастарда. Жан-жақтан жау қоршаған заманда өз қазақ халқын тұйықтан алып шыққан Абылайдай данасы мен Баяндай батырын мақтанышпен паш етеді.

Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,

Дағдарған алаш елі қайда бармақ?

Сол кезде елге қорған болған Абылай,

Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап,- соңғы жол поэманың көтеріп отырған тақырыбы, басты идесы.

Көркем шығарманы шығармашылықпен оқыту ең алдымен, әдеби туындының поэтикалық болмыс-бітімін айқын тануды талап етеді. Қайтсем де шығарманы игертсем деп, орынды-орынсыз тықпаланған қандай керемет әдіс-тәсіл болмасын шығарма табиғаты тілемеген жағдайда тиімді нәтиже бермейді.

Ақын-жазушылардың бір тақырыпқа жазылған шығармаларын салыстыра оқыту – материалды жетік меңгерудің бірден-бір ұтымды жолы. Себебі, салыстыру барысында оқырман әр ақын-жазушының сөз саптауын, суреткерлік шеберлігін, өзіне тән стильдік ерекшелігін, дүниетанымы мен өмірлік көзқарасын т.б. аңғарады. Мәселен, шәкірттерге Абай, Мағжан шығармашылығы жайында айтылған өзге ақын-жазушылар мен зерттеушілердің айтқан пікірлері мен берген бағаларынан мысалдар келтіру екі ақын шығармасына деген оқырман қызығушылығын оятатыны анық. Қазақ халқын бүкіл дүниежүзіне «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы танытқан М.Әуезовтің өзі: «Қазақ жазушыларынан әрине, Абайды сүйемін... бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған әшкейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы аулында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп, сезінгендей боламын. Мағжан культурасы зор екен», - десе, Мағжан шығармашылығы егжей-тегжейлі зерттеген, зерделенген, сөйтіп тар құрсаудан алып шыққан Ж.Аймауытов: «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін, үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз». Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екендігінде дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан.

Халқымыз «Отан оттан да ыстық», «Туған жер - тұғырың», «Өзге елге сұтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» т.б. толып жатқан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді тегін айтпаса керек. Тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін түйген ата-бабамыз найзаның ұшы, білектің күшімен ұлан-байтақ Қазақстан жерін ғасырлар бойы сыртқы жаулардан көздің қарашығындай сақтап келгені аян.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бері жүзден астам алыс-жақын мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас жасап, күннен-күнге әлемдік аренаға көтерілуде. Соның ішінде белгілі бір себептермен шет ауып кеткен қандастарымыздың елге оралуы қуантарлық жағдай. Әрбір адамзат жүрегі елім, жерім, Отаным деп соғады. Елім деп өзегі өртенген, жерім деп жүрегі соққан, Отаным деп от боп жанған бауырларымызға қолдан келгеннің бәрін істеу – азаматтығымызға сын.

Елім деп еңіреген ерлердің өмірі мен тарихта алатын орнын жас ұрпаққа үнемі насихаттап, үлгі етіп отыру – парыз.

«Атадан ұл туса игі!

Ата жолын қуса, игі!

Өзіне келер ұятты

Өзі біліп тұрса игі!» дегенді принцип етіп ұстаған дана да дара елдің ұлдары мен қыздары бүгінгідей бәсекелестік заманда ұлтымыздың ұлылығын ұлықтап, бойымыздағы елжандылық қасиетті ұштай түсетіндігіне сенімдіміз.

Ата-ана ұрпағына қандай өнеге, қандай тәлім береді, сол адам бойында өшпестей өз әсерін қалдырады. Елжандылық қасиет ізгілік пен ізеттіліктен бастау алатындығын ескерсек, отбасы, қоршаған орта тәрбиесіне әрбір саналы азамат өзінше үлес қосқаны абзал. Әсіресе, тыпыл-тыпыл басқан жас нәрестенің тілі өз ана тілінде шығуына үлкен мән берген жөн. Баланың ойы мен тілі қазақша болса, көңілдегі күдік сейілер еді. Ана тілінің бай құнарымен сусындап, дала заңының қатал шарттарымен өскен ұрпақтың ынжық болуы мүмкін емес. Небір биіктер мен шыңдарды бағындырған қайсар ел ұландарының көркем де әсем тылсым сырға тұнған туған жер табиғатына, елге деген шексіз сүйіспеншілігі, перзенттік махаббаты шексіз, шетсіз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада елжанды ақындар шығармашылығы сөз етіледі. Сондай-ақ ұрпақ бойына ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана қалыптастырудың жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается творчество поэтов-патриотов. Также рассматриваются вопросы воспитания подрастающего поколения в патриотическом духе.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жансеркеева Э.Н.- оқытушы (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Ағылшын тілін үйретудің маңызды қайнар көздері көрнекі құрал болып табылады. Көрнекілік оқушыларға нақты бейнелі түсінік берудің бірден бір шарты. Қазақ совет энциклопедиясында «Көрнекілік» оқытуда заттар мен құбылыстардың әр қайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, әр қилы сыр сипатын сезім мүшелері арқылы байқауға, қабылдауға баулитын дидактикалық ұстаным деп қаралған.

Көрнекіліктің нәтежесінде қоршаған орта өмір процесін және заттарды қабылдау арқылы оқушылардың түйсігі қалыптасады. Көрнекілік оқушыларға бейнелі түсінік беру үшін ғана емес, оқушылардың ұғымын қалыптастырумен бірге абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру үшін де қолданылады. Осы оқиғада диалектикалық материализм методологиясына негізделген дидактиканың басты қағидаларының бірі болып табылады. Көрнекілікті прогресшіл педагогиканың тәлім теориясына, баланың ойлау табиғатына сәйкес образдық тәсіл есебінде XVII ғасырда Чехтің ұлы педагогі Я.К.Коменский енгізді. Одан кейін атақты ғалымдар И.Т.Пестолоций, М.Бистерберг және орыс педагогі К.Д.Ушинский және тағы басқа көрнекілікті қолдану тіл материалын енгізу, бекіту, тіл ұстартуда жақсы нәтеже беретіндігіне баса назар аударған.

Көрнекілік бертін келе оқу пәндерінің мазмұнына бейімделіп дидактика мен методикадағы оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі ретінде қалыптасты. Көрнекіліктің үлгілерін пайдалануға қазақтың ұлы ағартушы педагог ғалымы Ыбырай Алтынсарин де зор көңіл бөлді. Қазіргі оқу жүйесінде заттай жанды жансыз табиғат нысандарын байқаудың, сурет, өрнек, көркем туындыларын, графикалық материалдарды пайдаланудың мәні зор.

Қазіргі заманда ғылым, техника, көркем өнер саласында мол дамыған шынайы деректерді басқа да едәуір күрделі бейнелеу мүмкіндіктерін еркін пайдалану үшін түрлі дәрістемелер, арнайы жұмыс орындары ұйымдастырылуда. Оқу үдерісінде кинофильм, проекторлар, оптикалық аспаптар, түрлі механизмдер басқа да көрнекі құралдар қолданылады.

Бүгінгі күнде де шетел тілін оқытудағы көрнекілік ұстанымы мәселелерімен көптеген ғалымдар шұғылдануда. Соның ішінде Ю.И.Бабанский, А.И.Зильберштейн, Э.К.Мингазов, И.Т.Огородников және т.б.

Л.В.Занков көрнекі құралдардың пайдаланудың төрт түрін көрсетеді:

1. мұғалім сөздің көмегімен көріп отырған нысанды байқау және талдау ісін басқарады, ал нысанның мазмұны туралы білімді, оған тән қасиеттер мен оның ерекшеліктерін оқушылар көріп отырған нысанның өзінен оның мазмұнын байқау және талдау арқылы білетін болады;

2. мұғалім сөздің көмегімен көріп отырған нысандарды оқушылардың байқауы негізінде және олардың бұрыннан білетіндеріне сүйеніп, құбылыстардың елеулі байланыстарын айыра білуіне көмектеседі;

3. көрнекі құралдың мазмұнын оқушылар мұғалімнің ауызша түсіндіру арқылы біледі де, ал көрнекі құрал сол айтқандарын айқындай немесе нақтылай түседі;

4. мұғалім оқушылардың байқағандары бойынша олардың айтқандарын жинақтап, қорытынды жасайды.

Мектепте көрнекіліктің әр қилы түрлері (және тиісінші әр түрлі көрнекі құралдар) пайдаланылады. Көрнекілік принцип ағылшын тілін оқытудың тілін

оқуда мұғалімнің әр түрлі көрнекі оқу құралдары мен оқытудың аудио визуалдық (есту көру) техникалық құралдарын кітаптар, карталар, таблицалар және басқа да грамматикалық көмекші кітапша сөздіктер, аппликация, диафильмдер, диапозивтер, кинофрагменттер, киносационалар дыбыс таспасы, лингофондық практикум (алғашқы және ортаңғы этап) кинофильмдер, таблицалар және т.б. Енді көмекші құралдарына келетін болсақ мұғалім үшін әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық әдебиеттерді, журналдарды қоса алуға болады.

Көріп отырғанымыздай, оқыту құралының іс-қағаздары өте кең және де ол ары қарай кеңейуі мүмкін. Оқыту құралының біразына тоқталып өтсек. Мұғалімге арналған кітапта оқу тәрбие үдерісінде берілген компоненттердің нақтылы тапсырмалардың шешімі қолданылады.

Мұғалім өзіне берілген сыныпта толық кітаптың мазмұнын қарап шығады. Мүмкіндегінше игеруі қажет. Оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы сабақ болып табылатындықтан, оның тақырыбына, мақсатына сабақ құрылымы сай болуы қажет. Сол сияқты баланы оқытуда көрнекіліктерді қолдана отырып, әр оқулыққа арналған «teacher's book»-тан көруімізге болады. Мысалы: А.Старков, Доксан, 6-сыныпқа арналған оқулығы оқу әдістемелік комплекстің қандай компоненттерінен құралғанын қарастырайық:

- 1.«Мұғалімге арналған кітап (teacher's book)
- 2.«Оқушыларға арналған кітап» (оқулық)
- 3.«Оқуға арналған кітап» (Rader)
- 4.Оқулықта оқуға, ауызша сөйлесуге үйрететін кейбір текстер мен жаттығулардың таспадаға жазбалар және тақырыптың аудировонияға арналған текстердің таспадағы жазбасы.
- 5.Құрамында пәндік және тақырыптық картиналар бар оқу көрнекі құралының жинағы.
- 6.Аппликациялық материалдар
- 7.Грамматикалық кесте
- 8.Кинофильмдер
- 9.Киноүзінділер
10. Диафильмдер
11. Лингофондық практикум, құрамында
 - а) Мұғалімге арналған кітаптар
 - ә) Оқушыларға арналған иллюстративтік материалдар
 - б) Паузальдық жаттығу дыбыс таспасы.
 - 6- сынып ОӘК - нің компоненттері
 - 5- сынып ОӘК - нің құрылысы ұқсас.

Материалды сабақтарға бөлінуіне келсек, ОӘК-нің авторлары талап тілектерді ұстануы және қатесіз, белгілі бір себепсіз бұзбауға талап тілектерді білдіреді. ОӘК-нің құрылған жүйесін бұзбай қарым қатынастар тәсілдерінің жұмыстары оқушылардың оқу материалдарын қабылдауын, қажет етілген іскерлігі мен дағдыларын мұғалім шығармашылық жолмен келе алады. Шығармашылық жолмен берілген талаптардың дұрыс шешімдерін көрсетеді.

Мұғалімнің жекелігі (өздігі), жеке қасиеттері стилі қызметі, жұмыс істеу қабілеттілігі мінезі әдістемелік мәдениеті, оқу процесін құраудағы білімі, тәжірибесі, істей алу қабілеті;

- Топтың құрамы мен ерекшелігі, әркімнің жеке және ұжымның толық инициативасы, озат жақсы оқитын, қанағаттанарлық оқушылардың даярлығы, бұл пәннен білімділігі, біле алу қабілеті және не істей алатыны;

- Шет тілін оқудағы мотивация: жоғары, орташа, төмен;
- Топтың барлығы дерлік шет тілде сөйлеу тілін тыңдау;

- Топтағы оқушылардың жалпы жетілу деңгейі, олардың бір нәрсеге деген қызығушылығы мен үйренуге деген құштарлығы;

- Мектепте орналасқан матреиалды техникалық базалары және мұғалімнің өз басшылығындағы нәрселер.

Шарттары біраз әр түрлілеу мұғалімге арналған кітапта оқу тәрбие процесін ұйымдастыру мен өткізудегі жалпы жақындау көрсетіледі, егер тура болмаса, оқушыларды ағылшын тілін үйренуге күшті мотивация, педагогикалық сезгіштігі, бөлімі яғни өз пәнін жетік білу, жоғары мамандандырылған, оның әртістігі, балаларды сүйюі, өз пәніне деген сүйіспеншілігі, оқушыларды берілген жұмыстарға қызықтыруы, тек бір сандылық қана емес айырықша тәсілдерін қолдануы, сабақтағы ауаға дейін әсер етеді. Оқулық материалын және басқа да көмекші құралдары қолдана отырып, мұндай мұғалім әрбір оқушыға жоғары деңгейде шет тілін меңгеруін қамти алады. Оның сабағында оқушылар қызығушылықпен ағылшын тілін үйреніп, бұл пәнді сүйе отырып барлық қиындықтарды әркім өз мүмкіндіктеріне күш жұмсай алады. Мұғалімге автордың ұсынысы керек емес. Оған жалпы бағдар нұсқауды ұстанса болғаны.

Оқу тәрбие процесін ұйымдастыруды ол өзі ойлап табады. Ондай мұғалімдер кемде кем. Егер мұғалімге жоғары дәрежелі көмекші керек болса, онда кітапты қолданады. Әдетте мұндай мұғалім автордың тұжырымдамаларын қабылдамайды, қабылдағысы келмейді немесе онша түсінбейді және оқушыларды өзін бұғанға дейін оқытқанындай немесе өзінің қалай оқыту әдетімен оқыта алу қабілетімен оқытады.

Сонымен қорыта келгенде айтарымыз, көрнекіліктердің шетел тілі оқыту құралы ретінде атқаратын қызметі зор. Олар пәнге деген қызығушылықты, белсенділікті арттырып қана қоймай, психологиялық тұрғыдан алғанда оқушыларды енжарлықтан айықтырып, өз бетімен, білім сапасын арттыруға, білім алуға құлшыныс жігерлендіру сезімдерін оятады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается теоретическое значение наглядности в процессе обучения иностранному языку и ее эффективность.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада шетел тілін оқытуда қолданылатын көрнекі құралдардың теориялық ерекшеліктері мен оны қолданудағы тиімділік жағы қарастырылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ЖЕДЕЛДЕТЕ, ДЕНГЕЙЛІК ОҚЫТУДА БАҒДАРЛАМАНЫҢ РӨЛІ

Жұмақаева Б.Д. –п.ғ.к., доцент (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болғаннан бері еліміздің әр саласында тілді дамытудың жолдары жан-жақты, үздіксіз қарастырылуда.

Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту бағытында ізденістің алғашқы қадамы мемлекеттік тілді ересектерге оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері мен жүйесін анықтаудан басталуы керек. Мемлекеттік тілді ересектерге оқытудың ғылыми жүйесі ғылыми тұжырымдармен тиянақталып, Стандарты мен Типтік бағдарламасының құрылуы тіл орталықтарының жұмысын біршама жүйелеп, қалыпты арнаға түсірері анық.

Елбасы 2006 жылдың 11 мамырында “Ана тілі” газетіне берген сұхбатында “Бізге жақсы бағдарламалар, әдістемелік құралдар, сапалы оқулықтар керек. Адамдардың бойына ана тілімізге деген сүйіспеншілік сезімін терең сіңіре алатын білікті ұстаздар керек. Сайып келгенде, біздің өзіміздің ынта-ықыласымыз керек” деген қазақ тілін меңгертудің ғылыми ұстанымдарына негізделген терең пікір білдірсе/1/, 2008 жылғы 6-ақпанда Қазақстан халқына Жолдауында “Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгертудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарды әзірлеу керек” деген нақты тапсырма берген болатын/2/.

Республика көлемінде осы бағытта атқарылып жатқан істер біршама.

Мемлекеттік тілді жеделдете оқытудың алғашқы бағдарламалары, әдістемелік оқу кешендері, оқу сөздіктері жарық көре бастады. Дегенмен мемлекеттік тілді оқыту бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар әр тарапты, бір арнаға тоғыспағандығын байқатады.

Республика бойынша бірнеше тілдерді оқыту орталықтары бар. Атап айтқанда, Қызылорда облыстық тіл үйрету орталығы; Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы тіл үйрету орталығы; Ақмола облыстық тіл үйрету орталығы; Атырау тіл үйрету орталығы, Жамбыл облыстық тіл үйрету орталығы; Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент облыстық тіл үйрету орталығы; Ақтөбе облыстық тіл үйрету орталығы; Қостанай облыстық тілдерді оқыту орталығы; Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік тілді үйрету орталығы; Повлодар облыстық “Ана тілі” тіл үйрету орталығы; Батыс Қазақстан облысы “Ағартушы” тіл үйрету орталығы; Қарағанды облысы тіл үйрету орталығы; Алматы облыстық тіл үйрету орталығы; Астана қаласы Тіл дамыту басқармасы, “Руханият” тіл үйрету орталығы; Астана қалалық Тіл дамыту басқармасы. “Зерде” инновациялық тіл үйрету орталығы; Астана қаласы, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. Аталған орталықтардың барлығы мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметкерлерге оқыту мәселесімен айналысып отырғанымен, мемлекеттік тілді оқытудың ортақ Тұжырымдамасы мен Стандартын, бағдарламасын жасап, басшылыққа алып отырған жоқ. Әр орталық өзінше талаптанып бағдарлама, оқу-әдістемелік кешен жасау жолында. Оқу-әдістемелік ізденістің көп болуы, альтернативті бағдарламалардың болуы, оқу-әдістемелік кешеннің мол болып әдістемелік жағынан толығы беруі мемлекеттік тілді оқыту жұмысын жандандырары анық.

Солай болғанның өзінде, мемлекеттік тілді оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалған ортақ Тұжырымдама мен Стандарттың болуы оқу-әдістемелік ізденісті дұрыс арнаға бағыттаған болар еді.

Мемлекеттік тілді оқытудың Тұжырымдамасы мен Стандартын даярлауда республикамызға белгілі лингвист-ғалымдар мен әдіскер-ғалымдардың еңбектері, осы мәселе бойынша пікірлері маңызды болмақ. Тілді оқытудың ғылыми-дидактикалық негіздері айқындалып, әдістемелік жолдары қырыстырылуы керек.

Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту жөніндегі Республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы директорының орынбасары, п.ғ.д. Н.Ж.Құрманова Мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқыту Тұжырымдамасының ғылыми-әдіснамалық негіздерін саралап көрсететі. Атап айтқанда: “Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту теориясы; мемлекеттік тілді оқыту деңгейлері теориясы; мемлекеттік тілді жеделдете оқытуда мемлекеттік қызметшілердің үйрену белсенділігін арттыруда қазақ тілін терең танып-білу мотивациясы теориясы; мемлекеттік тілдің әлеуметтік болмысын тану теориясы (тілдік жағдай, этнотілдік жағдай, тілдік орта және мемлекеттік тілді оқытудағы оның дидактикалық-тәрбиелік әлеуеті); мемлекеттік тілді жеделдете оқытудың әлеуметтік-мәдени, лингвомәдени, этнолингвомәдени негіздері; мемлекеттік тілді жеделдете оқыту арқылы мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасын қалыптастырудың аксиологиялық(құндылық теориясы, адамқұндылығы, тіл құндылығы) тұрғысынан танылуы; мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасын қалыптастырудың акмеологиялық (кәсіби шеберлік) теориясы; тіл тұлға қалыптастырудың андрагогикалық (ересектерге білім беру) теориясы” /3/деп ересектерге мемлекеттік тілді оқытудың, тілдік тұлға қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындайды.

Бағдарлама түзуде осындай ғылыми-әдіснамалық негіздерді басшылыққа алу қажет.

Тіл орталықтары даярлап отырған бағдарламаларда «Тілтану», «Елтану» бөлімдерінің болуы заңды. Ал сол бөлімдерді құраушы білім мазмұнын қандай болмағы әлі де көп ойласуды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында “Біз, ортақ тағдар біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз”/4/ делінген. Олай болса, Отаншылдық, егемендік рух басты орынға қойылуы керек. Алғашқы “Қазақстан Республикасы” деп басталатын тақырыптардан кейін “Біздің Отан”, “Қазақ халқы”, “Қазақ - байырғы халық (салт-дәстүрі, ұлттық өнері, тарихы”, “Өзге отандас халықтар”, “Өзге ұлттардың Қазақстан жеріне қоныстану тарихынан” деген тақырыптар берілсе дұрыс болар деген пікірдеміз. Себебі XIX ғасырдың орта шеніне дейін Қазақстан жеріндегі тұрғылықты халық қазақтар болған, бірлі-жарым ғана ноғай, татар сияқты басқа ұлт өкілдері болған. Өзге ұлттың көптеп қоныстана бастауы Ресейдің отарлау саясатына қатысты болғандығы тарихтан белгілі. Қазақстан тарихынан бұндай мәліметтер берілуі артық болмайды. Қазақ халқының кемеңгер ұлдарының бірі М.Жұмабаев: “Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады” деген болатын /5/. Қазақ тілін өз дәрежесінде, барлық болмыс, бітімімен меңгертуде тілдің ішкі рухын жалаңаштай отырып, “мәтін қазақ тілінде беріліп отыр ғой” дегенмен ештеңе өнбейтіні белгілі.

Елбасы “...Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Тәуелсіздіктің барлық жылдарында біз бүкіл пост-кеңестік кеңістікте ең либералды тіл саясатын жүргіздік. Қоғамда біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек. Ол кез-келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табылатыны жақсы мәлім” деген болатын /6/. Ондай болса, қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде оқытуда тіл саясатынан, ұлт саясатынан бұра тартып, жасқанудың ешбір қисыны жоқ. Бұл – мемлекеттік тапсырма. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытуда барлық халықтардың ортақ мүддесі, ортақ құндылығы екендігін танытуымыз керек. Сондықтан өзге шет тілдерін оқыту ұстанымдарынан қазақ тілін оқыту ұстанымдарының айырма белгілері бар екенін ескеріп, көңіл бөлу керек деп санаймыз.

Екіншіден, кез келген ұлт тілін меңгеруде де тілді сол халықтың ділінен, ұлттық сырынан, салт-санасынан, ұлттық табиғатынан бөлектеп алу мүмкін емес. Халықтың ұлттық құндылықтарын бағалай отырып қана сол ұлт тілін терең меңгеруге болады. Абайдың “Махаббатсыз дүние бос” дегеніндей тілді меңгеру шын ықыласпен, ынтамен, махаббатпен, сол тілге деген құштарлықпен, халыққа деген құрмет сезімімен ғана қабалданатыны белгілі.

Мемлекеттік тілді оқыту бағдарламаларының көбірек назар аударуды қажет ететін бөлімдерінің бірі — құжат тану мәселесі. Бұл бөлімде барлық лексикалық, грамматикалық тақырыптар ресми іс қағаздарына арналатыны белгілі. Салалық құрылымдардың атауларының жазылу емлесі, сала бойынша терминдер, іс қағаздарымен жұмыстарға көп көңіл бөлінуі керек. Бұл сала бойынша тек ресми стиль ғана қамтылады. Ал ресми стильдің ерекшеліктерінде сыртқы стандартты формаларының болуы, сөйлем штамптарының қолданылуы, арнайы лексика ғана қолданылуы, сөздердің тек тура мағынада жұмсалыуы, көбіне етістіктің бұйрық рай формасының қолданылуы, сөйлемдегі мүшелердің орын тәртібінің қатаң түрде сақталуы сияқты белгілері бар. Осы ерекшеліктер тереңдетілген деңгейдегі тіл үйренушілердің сөздік қорының молая түсуі мен тілді сан түрлі конструкцияда құбылтып қолдану машықтарын қалыптасыруға жетімсіз болып танылады. Әдеби стильдің керек тұсы осы тереңдетілген топтар. Қазақ тілінің бай сөздік қоры тек әдеби стильде ғана кең қолданылады. Сондықтан бағдарламада ресми стильді меңгертуде әдеби стильмен астастырып отыру қажет деп білеміз.

Мемлекеттік тілді меңгерудің «Елтану» бөлімінде қазақ халқының кемеңгер ұлдары, ұлы ойшылдарының таңдаулы шығармаларынан тереңдетілген топтарға ұсыну арқылы тілдік қорын байыту мүмкіндігін туғызуға болады. Өз тәжірибеміздегі Абай қара сөздерінен берілетін сабақтардың нәтижелі болып жүргенін мысал еткіміз келеді.

Абай қара сөздерін тіл үйренуші ересектерге оқытудың тиімділігі бірнеше қырынан танылады: *Біріншіден*, тіл үйренуші ересектер болуы себепті ақынның өмір сырлары, адамның мінез-құлық, әрекеттері жөніндегі, қоғам мен әлеуметтік ой-сана тақырыбындағы қарасөздері күнделікті өмір сүрген орта тіршілігінен алшақ емес. Адамдық мұрат, адамдық болмыс, қоғамдық сана, мәселелелерінде әр құбылыстың ішкі сырларын айту арқылы Абай ересек тіл үйренушілер танымына, жүрегіне жақын келеді. *Екіншіден*, Абайдың адамгершілік мұрат, адамдықтың қарызы, адалдық, әділеттілік, имандылық туралы ой толғаныстары мемлекеттік қызметкерлердің қоғамдағы адамдық тұлғасын қалыптастыру мен рухани құндылығын арттыруға, тәрбиелеуге көмек етеді. Парақорлық, әділетсіздік т.б. қоғамдағы кеселдер қауым болып күресетін кезектегі мәселе екендігі

баршаға аян. Осы тұрғыдан алғанда да Абай қара сөздері қоғам мен әлеуметтік орта мәселелерінің терең қатпарлыры мен қырларын ашып, тәрбиенің терең тамырымен сабақтасып жатады. *Үшіншіден*, аталған тақырыптар төңірегінде сұхбат құру, пікір алмасу тиімділігі танылады. Себебі үшінші деңгейдегі тіл үйренуші қазақ тілін қарым-қатынас тілі дәрежесінде меңгерген тұлға ретінде сөйлеу дағдысы біршама қалыптаса бастайды. Ендігі кезекте тілдік форма мен грамматика, белгілі жаттығу айналасынан шығып, еркін сөйлеу дағдыларына жағдай туғызу керек болады. Бұл тұста тіл үйренуші айтылым әрекетінде өзі қалыптасқан тілде ойлап, грамматикалық категорияларды түзудің жолында әуре болудан арылып, біршама қазақ тілінде ой түзуге қалыптаса бастайды да, белгілі бір проблема төңірегінде ойланып, сол мәселелерді пікір сайысқа салуға талаптану арқылы ойды қазақ тілінде жеткізуге барынша ынтымақпен кіріседі. Ал Абай көтерген түйіні қиын мәселелер пікір таласқа таптырмас тақырып екені анық. *Төртінші тиімділігі*, Абай қолданған қазақтың бай тілі үйренушілердің тілдік қорын молайтуға септігін тигізеді. Мәселен, көкірегі байлаулы, көкірегі сезімді, көкіректе жамандық жоқ, көңілге бекіту, көңілдің уануы, көңілдің өшуі, көңіл құсы (күйкылжыр шартарапқа), көңілінің көзі (ашық сергек үшін), көңілдегі көрікті ой, көңілденіп тұшыну, сынық көңіл, жанған көңіл, суынған көңіл, жаралы көңіл, кірлеген көңіл, қара көңіл, қам көңіл, боямасыз ақ көңіл, шын көңіл, қайран көңіл, көңілге түйю, көңілі қайту, көңілі жақын (бұл бір ғана мысал) т.б. сөз тіркестері, тіл оралымдары арқылы аударманың көмегінсіз-ақ қазақ тілінің сөз түзу мен ойды берудегі өзіне ғана тән жүйесін танытуға, қазақтың бай тілін меңгертуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Ана тілі” газетіне берген сұхбатынан. “Ана тілі”, 11.05. 2006.
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы. 2008 жыл. 6-ақпан.
3. Құрманова Н.Ж. “Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту Тұжырымдамасы” // Ересектерге қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелік жүйелері” атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Астана, 2008.
4. Қазақстың Республикасының Конституциясы.
5. Жұмабаев М. «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт - тіл» //Тіл және қоғам, 2.2004.
6. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев. «Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі». Ана тілі, 02.11.2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге жеделдете, деңгейлік оқытуда бағдарламаның жақсы түзілуі осы бағыттағы іс-шараның дұрыс арнаға бағытталуына жол ашады. Бүгінгі күні жарық көріп отырған бағдарламалардың әлі де кеңірек ойлап, көбірек талқылайтын тұстары көптеп кездеседі. Мақала мемлекеттік тілді оқытудың осындай өзекті мәселесіне арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме изучения государственного языка. В ней рассматриваются вопросы ускоренного и уровневого преподавания казахского языка государственным служащим. Также в ней рассматриваются вопросы отражения государственных задач в программе для госслужащих, ее методологические основы, в связи с чем предлагаются практические рекомендации.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫН ӨЗГЕ ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРГЕ ОҚЫТУ

Молдасанов Е.М. – ф.ғ.к. (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Қазақ тілінің сөздік қорында адам денесі мүшелері атаулары мен олардың негізінде пайда болған ауыспалы мағынадағы туынды сөздер мол. Тілдің мыңдаған жылдар бойы дамуының барысында адам дене мүшелері атауларының номинативті мағыналары өзгертілуі арқылы көптеген туынды бірліктер мен фразалық, образдық қолданыстар қалыптасты. Дене мүшелері атауларынан туындаған фразалық тіркестердің өзін бір-бірімен салыстырғанда әртүрлі. Кейбіреулері бастапқы мағынасынан аса алшақтамаған болса, енді бірқатар фразалық тіркестердің мағынасы алғашқы ұғымынан тіптен алшақтап күңгірттене бастаған. Фразеологиязмдердің мағыналық өзгеріске түсуі - заңды құбылыс. Қазақ тілін үйренушілер үшін мұндай тіркестерді оқып, игеру біраз қиындық туғызары анық. Себебі әрбір тілдің лексикалық байлығы тек өзіне ғана тән даму жолының нәтижесінде құралады. Тілдік бірліктердің қалыптасуы мен өзгеруіне, соған орай түрлі құрылымдар түзілуіне ұлттық ой-сана, таным-түсінік, әдет-ғұрып, этникалық, әлеуметтік ерекшеліктердің әсер ететіні белгілі. Әр тілдің сөздік қоры да әртүрлі дәрежеде. Дене мүшелері атауларына қатысты тілдік айналымда жүрген мыңдаған сөз, мол сөздік қор бар. Сондақтан тілдік тұлғаға қазақ тілінің лексикасы жөнінде мағлұмат беру барысында дене мүшелеріне қатысты лексикалық бірліктерді танытумен ғана шектелмей, олардың мағыналық қозғалысынан да хабар беру көзделуі керек.

Қазақ тілінің мұндай ерекшелігін таныту үшін мемлекеттік тілімізді өзге тілмен салыстыра қарастыру, аудармалар жасау арқылы оқыту жеткіліксіз. Жалпы, тәжірибеден байқалып отырғанындай, өзге тілді аудармамен оқыту оң нәтиже көрсете бермейді. Сондықтан дене мүшелері атаулары және одан туындаған бірліктер жөнінде мағлұмат беру барысында аударма сөздіктерге көп сүйенген оң нәтиже көрсете бермейді. Тілдік ерекшелікті танытудың сенімді бір жолы ретінде дене мүшелері атаулары мен одан туындаған бірліктерді мейлінше мол қамту керек деп білеміз. Осы арқылы тілдік тұлғаға лексикалық бірліктің өзіндік сипаттарын түсіндіруге болады.

Тақырыпқа қатысты алынатын лексикалық минимумға қысқаша түсініктеме бере отырып, сол сөздің қазақ тіліндегі қолданыс ерекшелігіне тоқталған орынды. Дене мүшесі атауы мен одан туындаған ұғымдарды зерделеуге, есте сақтауға мүмкіндік беретін түрлі жаттығулар ұсыну арқылы лексикалық минимумды тілдік айналымға ендіруге болады. Тілдік бірліктердің, соның ішінде фразеологиялық қолданыстардың сөйлем ішіндегі мағыналық өзгерістерін таныту үшін шағын мәтіндермен атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Барлық тапсырмалар мазмұны мен күрделілігіне қарай деңгеймен берілуі керек деп ойлаймыз. Деңгейлік тапсырмалар тіл үйренушінің дайындық дәрежесін анықтауда, оны дамыта оқытуға көп көмегін тигізеді деген сенімдеміз. Адамның дене мүшелері, одан туындаған бірліктер тақырыбында оқытылған бір сабақ көлемінде қандай тілдік минимумдарды меңгертуге болатынын таныту мақсатында сабақ матариалын ұсынамыз. Сабақ тақырыбы: *Дене мүшелері. Жүрек сөзінен туындаған бірліктер.*

Жүрек сөзі қазақ тілінде көп мағынада қолданылады. Бастапқы мағынасында жүрек сөзі көкірек қуысының сол жағына орналасқан қан айналу жүйесінің басты мүшесінің атауы екендігі. 2. Жүрек – адамның жан дүниесі, рухани сезімін білдіруде кең қолданыс тапқандығын түсіндіру керек.

Жүрек сөзінің сын-сипатын ашатын тіркестер: Ақ жүрек, асау жүрек, ер жүрек, су жүрек; қоян жүрек, арыстан жүрек, тас жүрек, от жүрек. қара жүрек, албырт жүрек, сүйген жүрек, ашынған жүрек, алданған жүрек, күйінген жүрек, жылы жүрек, ет жүрек, сорлы жүрек, асау жүрек, жалын жүрек, үрпиген жүрек, кірлеген жүрек(өзі үшін, Тұра ма әсте жуынбай), ынталы жүрек, жаралы болған жүрек, асыл жүрек, мұз жүрек, сұм жүрек, ызалы жүрек, қасқыр жүрек, ит жүрек, ауру жүрек, жүрегім менің қырық жамау, жалтандаған жас жүрек, т.б.


Фразеологиялық оралымдар: жүрек сөзі, жүрек жұтқан, жүрегіне у төгілгендей, жүрегінің түгі бар, жүрек түкпірі, жүрегі алқынды, жүрегі алып ұшты, жүрегі аттай тулады, жүрегі аузына тығылды, жүрегі елжіреді, жүрегі жарыла жаздады, жүрегі бүлк етпеді, жүрегі дауаламады, жүрегі дүрсілдеді, жүрегі қарайды, жүрегі қарс айрылды, жүрегі мұздай болды, жүрегі суыды, жүрегі сазды, жүрегі сыздады, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегі түршікті, жүрегі ұшты, жүрегі шайлықты, жүрекке жара түсті, жүрек жалғады, жүрек тоқтатты т.б. Жүрек сөзінен жасалған туынды сөздер де бір шама: жүрексіз – сын есім; жүрексіздене – үстеу; жүрексіздік – зат. ес; жүрексін – етіс жүректтей – сын есім. Келесі кезекте жүрек сөзіне қатысты берілген лексикалық минимумдағы сөздердің мағынасы мен қолданыс аясын тапсырмалар арқылы таныту көзделеді. «Жүрек» сөзі қандай ассоциация туғызады. Жазыңыз не бейнеленіз деген тапсырмамен жүрек сөзінен туындайтын ұғымдарды саралау маңызды. Келесі кезекте берілетін тапсырманың мақсаты сөз тіркестерін дауыстап оқыту арқылы жүрек сөзінен туындаған бірліктердің оқылуы мен айтылуын қадағалау, сөздердің дыбысталуына назар аударта отырып, тіл үйренушінің қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс екпін түсіре оқу дағды-машығын қалыптастыру. Тапсырмаларда берілетін сөз тіркесері мыналар:

Ақ жүрек, асау жүрек, албырт жүрек, асыл жүрек, ауру жүрек, арыстан жүрек, жалын жүрек, жаралы жүрек, жас жүрек, жылы жүрек, қара жүрек, қоян жүрек, қасқыр жүрек, су жүрек, сұм жүрек, сорлы жүрек, ынталы жүрек, ызалы жүрек.

Келесі кезекте берілетін тапсырма сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып тұрақты сөз тіркесін түзу. Жаттығуға берілетін сөздер:

Жара түсті, жарыла жаздады, қарс айрылды, елжіреді, тас төбесінен шықты, аузына тығылды, түгі бар, аттай тулады, жұтқан, сыздады, дүрсілдеді, мұз, суыды, сазды, суылдады, жалтандаған, асау.

Келесі кезекте ұсынылатын бір топ тапсырма тұрақты тіркестің мағынасын танытуға арналады. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіру бағытындағы тапсырмалар ұсынылады:



Осыдан кейінгі тапсырмаларда тіл үйренуші тұлға берілген тұрақты сөз тіркесінің мағынасын тануға талаптанады. Бұл орайда бірнеше фразалық тіркес

ұсынып, оның мағынасын бірер сөзбен түсіндіру тапсырмалары берілген орынды. Мәселен:

Жүрегі мұздай болды	
Жүрегі дауаламады	
Жүрегі бүлк етпеді	
Жүрегі сазды	
Жүрегі мұздай болды	
Жүрекке жара түсті	
Жүрек жұтқан	
Жүрегі ұшты	
Жүрек сөзі	

Сөз мағынасын танып, сол сөзден түзілген бірліктерді ұғынғаннан кейінгі кезекте мәтін ішіндегі сөздің қолданысы мен мағыналық қырларын таныту бағытында тапсырмалар ұсынылады. Ол үшін берілген мәтінді сараптай оқыту әдістері қолданады. *Мәтінді түсіну процесіне мониторинг: Мәтіндегі ойды, сөздерді таңбалай отырып оқыңыз. (V - өз түсінігіңізбен сәйкес келеді, сіз білетін қолданып жүрген сөздер); (— Сіздің түсінігіңізбен сәйкес келмейді немесе сіз бұл сөздерді білесіз, бірақ қолданбайсыз); (+ - сізге жаңа ұғым болып саналады, бұрын естімеген жаңа сөздер); (?- сізді таңқалдыратын ұғым, бұл туралы көбірек білгіңіз келеді).* Абайдың он төртінші қара сөзі байынша мәтінмен жұмыс түрі.

«Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені — батыр дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді. Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар — жүрек ісі, асықтық та — жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Біздің қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көңгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғаш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау — ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры — әшейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы зой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады.

Осы жұрттың көбінің айтып жүрген жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі — бәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда батырым!» деп қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздер.

Әйтпесе, құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?

Мәтін ішінде қарамен берілген сөздерге назар аудара отырып, мәтін мағынасын түсінеді). Мәтін бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылады:

- 1.«Тірі адамың жүректен аяулы жері бола ма?» Абай қойған риторикалық сұраққа жауап беріп көріңіз.
- 2.Жүректен қандай қасиеттер тарайды? Абай қалай түсіндіреді?
- 3.«Жүректі кісі, жүректі жігіт» деген тіркестің мағынасын қалай түсінесіз?
- 4.«Амалдың тілі» дегенді қалай түсінесіз?
- 5.«Жалған» деген сөздің синонимдік қатарын жасаңыз.
- 6.«Мақтауға сыймайды» деген тіркестің мағынасын түсіндіріңіз.
- 7.«Көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау — ерлік, батырлық» деген Абай ойын түсіндіріңіз.
- 8.«Қазақтың айтқан батыры — әшейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз» ойды айқындаңыз.
- 9.«Ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе *жігер, қайрат*, байлаулылықтың жоқтығынан азады» деген пікірге көзқарасыңыз қандай?
10. «Бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» деген Абай ойына пікіріңіз қандай? Өз ойыңызды айтып көріңіз.
11. «Құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен(теріс нәрседен) сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?» Сіздің пікіріңізше қалай. Өз ойыңызды дәлелдеңіз.

Тапсырма: Тіл үйренушілер топқа жіктеле отырып мәтінді тұтас бір рет оқиды.

Әр топқа сұрақтар таратылады:

Сұрақтар:

1. *Жүректің қасиетін қалай түсіндіңіз?*
2. *Адамда қандай қасиеттер жетіспегендіктен азады?*
3. *Қайратсыздық, жігерсіздік дегенді қалай түсінесіз?*

Топ мүшелері сұрақтар таңдайды. Сол сұрақтарды топ жетекшілері біріге отырып талқылайды. Өз тобына қайта келіп, талданған мәселені түсіндіреді.

Әр топ мүшесі өзі талдаған мәселесіне қатысты шағын көлемді ЭССЕ жазады. Жүректен тарайтын негативті, позитивті қасиеттерді жазып, саралайды. Мысалы: рахымшылық- қызғаншақтық т.б.

«Арыстан жүрек», «қоян жүрек» тағы қандай тіркестер жасауға болатынын анықтау үшін тапсырма беріледі? Ұсынылған мына сөздерді қатыстырып сөйлем құрау тапсырылады .

Аяулы, жүрек, қайрат, жігер, тексермеу, жаманшылық, нанбау, ескеру, ерлік, адалдық, жалған, рақымдылық, мейірбандылық, мойындау.

Мәтін бойынша төменде берілген сөз тіркестерін салыстырып, мағынасына қарай сөйлем құрау тапсырылады.

Жүректі таза сақтау, Ақылдың тілін тыңдау; амалдың тілін алу; ақ жүрек; құдайға терістік; мақтанға салыну, ақыл мойындамаған нәрсе, адал жүрек, жылы жүрек.

Келесі кезекте Абайдың «Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас» өлеңін оқи отырып, жүректен туындайтын қасиеттерді, жүректің адам өміріндегі қызметін айтып көру тапсырылады

Осы жүргізілген жаттығулардан кейін ғана тіл үйренушілерге шығармашылық тапсырма ұсынуға болады. Ол үшін Абай Құнанбаевтың «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңі мен он тоғызыншы қара сөзін пайдалана отырып, кемел адамның моделін жасау тапсырылады Бұл топшамен істелетін жұмыс түрі болып есептеледі.

Әрбір лексикалық ұғымның эволюциясында өзіндік ерекшеліктердің болатыны белгілі. Бір тілдегі сөздің қолданылу аясы келесі бір тілге ұқсай

бермейді. Бұл сол тілдің өзіндік заңдылығы. Қазақ тіліндегі жекелеген сөздер мен олардың қолданылу ерекшелігін таныту үшін сол ұғамды аудармамен оқыту жеткіліксіз. Қазақ тіліндегі сөздердің қолданылу аясын таныту үшін бірнеше тапсырмамен тілдік бірліктерді салыстыра отырып, саралай оқыту маңызды. Мақаламызда бір сөздің қолданылу ерекшелігін таныту үшін бір сабақ көлемінде жүргізілетін тапсырмалардың ауқымы мен жүйесін танытуды мақсат еттік.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілінің лексикасын өзге тілді студенттерге оқыту мәселесі қарастырылған. Бір сабақ көлемінде лексикалық ұғымды таныту жолдары көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

Настоящая статья посвящена рассмотрению вопросов преподавания лексики казахского языка иноязычным студентам. В рамках одного занятия показаны пути усвоения лексических понятий.

КОГНИТИВНЫЙ ПРИНЦИП В ОБУЧЕНИИ ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Сейдомарова С.Н.-преподаватель.(г. Алматы, КазгосженПУ)

Поскольку когнитивный принцип является одним из основных принципов при изучении иностранного языка, то в данный момент существует необходимость исследования его реализации при обучении второму иностранному языку. В данной статье мы рассмотрим исследования по этой проблеме российских ученых-методистов.

По мнению Л.С. Выготского, все школьное обучение «вращается вокруг двух процессов: осознания и овладения». Иностранный язык в этом смысле не является исключением. Две стороны процесса иноязычного обучения неразрывны и отражают единство одинаково важных функций, свойственных человеческому языку. Язык является инструментом общения, с одной стороны, и инструментом познания, с другой стороны. Этот постулат согласуется с общим пониманием сути коммуникативной компетенции человека как знания, представления о языке и способности к речевым действиям, умениям в речевой сфере. Сегодня в методике воспринимаются как равнозначно важные процессы и формирования адекватного представления о лингвистическом явлении, и развития умений использовать это явление в реальной коммуникации. Поэтому ведущим подходом к обучению иностранным языкам в современных условиях признается *коммуникативно-когнитивный подход*.

В методике обучения вторым иностранным языкам коммуникативно-когнитивный подход постулируется как отличительная особенность процесса обучения. Коммуникативно-когнитивный подход понимается как основополагающий и зачастую понимается не как принцип, а как общий подход, включающий реализацию сознательного и сопоставительного принципов. Однако когнитивный подход не исчерпывается этими понятиями, а

является относительно самостоятельным принципом и нуждается поэтому в детализации.

В обучении иностранному языку когнитивный принцип сводится к проблеме оптимальной организации познавательных действий учащихся, соответствующей естественному познавательному поведению человека.

Психологи и психолингвисты считают, что существуют внутренние познавательные механизмы, обуславливающие формирование лингвистических представлений. В частности, было неоднократно замечено, что процесс формирования знаний о языковых явлениях очень напоминает процесс образования понятий.

Процесс образования лингвистического иноязычного понятия, как и понятия на родном языке, включает определенную последовательность ментальных действий. Это было замечено методистами, утверждающими, что существует естественная для всякого формирования лингвистических представлений последовательность. Во французской методике, например, существует понятие «концептуализация знания», отражающая близость лингвистических и когнитивных процессов.

Образование концепта (лингвистического знания) происходит всегда определенным путем, по определенной познавательной схеме: конкретный опыт (учащемуся предьявляется лингвистическое явление в его функционировании), наблюдение-рефлексия, абстрактная концептуализация (формирование первичного представления о лингвистическом явлении), эксперимент (первые попытки его употребления в речи), коррекция выводов.

Следовательно, формирование представлений о языковых явлениях осуществляется в определенном естественном порядке. В этом проявляется универсальная сторона когнитивной деятельности человека при овладении иностранным языком.

Итак, суть когнитивного принципа можно было бы сформулировать следующим образом – *организация учебного процесса на этапе осознания нового должна совпадать с естественным путем познания, свойственным психике человека*. С другой стороны, когнитивные процессы обладают не только универсальными, общими признаками, но и множеством индивидуальных свойств, характеризующих познавательную манеру каждого индивида. Можно ли влиять на эти характеристики или манипулировать ими в процессе обучения? На этот вопрос исследователи отвечают утвердительно. Таким образом, вторая сторона когнитивного принципа может быть обозначена как задача когнитивного развития учащегося. *Следует помочь ученику развить гибкость в применении стратегий, научить применять те или иные стратегии адекватно задаче, стоящей перед ним*. Таким образом, данный подход в единстве двух его сторон призван обогатить когнитивные возможности ученика и повысить качество и результативность его познавательного труда.

На практике когнитивный подход означает, что преподаватель должен обеспечить прохождение учеником естественных стадий познавательного процесса. В самых общих чертах, как было сказано, он включает анализ или припоминание предшествующих знаний в данной проблемной области, наблюдение нового, выявление противоречий, постановку задачи, выдвижение гипотезы, концептуализацию нового знания при помощи имеющихся в распоряжении учащегося стратегий, экспериментальное использование нового знания и новый виток его коррекции. В отношении же когнитивных возможностей ученика педагогическая проблема стоит так: тренировать учащихся в использовании стратегий, оптимальных для решаемой задачи, а

также обеспечить ученику возможность извлечь максимум из уже имеющихся знаний и умений. В этом смысле для педагога важно понять, как будут взаимодействовать приемы обучения, предполагаемые учителем и возможности учащегося в тот или иной момент обучения. Например, в состоянии ли учащийся классифицировать, обобщить, осуществить перенос и т.д. Нужно предложить ученику такое взаимодействие, которое обеспечило бы наиболее благоприятный переход к более совершенной стадии формирования знания.

Необходимость когнитивного подхода в обучении иностранным языкам можно подтвердить не только теоретически, но и эмпирически. Из опыта обучения мы прекрасно знаем, что то, что мы преподаем, не является, строго говоря, тем, что ученики выучивают. На психологическом уровне это происходит главным образом потому, что манера преподавания учителя бывает слишком авторитарна. Учитель может применять слишком жесткие стратегии обучения.

Одинаковая схема урока, одинаковые процедуры объяснения и оценки, отсутствие оценки происходящего на занятии со стороны учащихся, самооценки, право выбора вида деятельности ученикам – все это может стать причиной неудач в обучении.

Наша преподавательская стратегия совсем необязательно должна совпадать со стратегией изучения, постижения предмета учеником. Ученик учит, «создает» свой язык сам, постепенно выстраивая свою собственную систему лингвистических представлений. Поэтому обучение языку не должно быть простой передачей знания, его «переносом» от знающих (учитель, родитель) к пока незнающим. В психике учащегося должно появиться, постепенно сформироваться соответствующее реальности представление – концепт.

Психологические исследования и практика проблемного обучения показывают, что обучение протекает успешно, когда мозг создает свои собственные ментальные структуры, и он тормозит, если готовые структуры ему навязывают. Когнитивный подход в методике обучения языкам предполагает не навязывать лингвистическое знание, а помочь ему родиться и развивать его, оно должно родиться из потребностей в общении и самовыражении. Поэтому предпочтительнее создавать такие потребности, стимулировать интерес учащихся к учению. Процесс научения языку должен быть процессом открытия языка, процессом исследовательским и экспериментаторским.

К большому сожалению, заблуждение, что сообщение «готового к употреблению» знания убыстряет учебный процесс, на практике оказывается достаточно стойким. Это простая, прозаическая причина серьезно тормозит применение когнитивного принципа. Учителя иногда считают, что у них нет времени для подобного поэтапного формирования знания. Готовые к затрате времени на формирование навыков и умений, они отказывают в этом этапу не менее важному – концептуализации знания. В отношении опасений потерять время можно ответить цитатой из Р. Рихтериха, который считает, что ученик имеет право на «блуждание».

Когнитивный принцип привлекателен тем, что базируясь на солидных научных основаниях, он не дает успокоиться, остановиться на однажды разработанных и проверенных доктринах. Он дает представление о сложности реальности, которую мы называем «процесс овладения иностранным языком». Он заставляет постоянно помнить о том, что ничего в процессе обучения

нельзя предвидеть абсолютно точно. Ничто заранее не предопределено ни со стороны учителя, ни со стороны ученика. Осознание этого заставляет быть готовым к тому, что в следующий момент урока предстоит перестроиться, изменить тактику.

По поводу потери времени на реализацию когнитивного подхода можно сделать следующее замечание. Подобно тому, как снижается в обучении второму ИЯ роль прямых межъязыковых сопоставлений, так снижаются затраты времени на обучение учащихся применению оптимальных стратегий. В начале каждое явление требует довольно продолжительной работы по образованию концепта, проверке его правильности, не говоря уже о формировании навыка его использования. На старшем этапе, когда у ученика в целом сложились представления о системе языка, новые явления осваиваются по тому же пути, но гораздо быстрее, без особых усилий со стороны ученика и без дополнительного контроля со стороны учителя.

В перспективе когнитивного принципа учащийся – активный деятель процесса обучения. Обучаемый сам строит свои знания, но это происходит не в вакууме, а в обучающей среде, формируемой через взаимодействие учителя, ученика и его соучеников.

«Нужно давать ученикам случаи приобретать новые понятия и слова из общего смысла речи. Раз он услышит и прочтет непонятное слово в понятной фразе, другой раз в другой фразе, ему смутно начнет представляться новое понятие, и он почувствует ... необходимость употребить это слово – употребит раз, и слово делается его собственностью».

Деятельность учителя считается важнейшей частью окружения ученика, организующего как сам материал, находящийся в распоряжении ученика, так и возможности для его усвоения учеником, т.е. для создания своей системы нового языка ученик активно использует не только внутренние ресурсы, но и взаимодействие со своим окружением (учитель, соученики).

Развитие новой лингвистической системы у обучаемого совершается через взаимодействие внутренних и внешних факторов. Внутренним двигателем познания является конфликт – противоречие между существующими у человека представлениями о языке и реальностью. При школьном обучении «организатором» осознания и разрешения этого конфликта чаще всего выступает учитель. Он должен привлечь внимание ученика к факту наличия противоречия и помочь разрешить его. Деятельность учителя не является деятельностью по фронтальной передаче знаний. Учитель должен быть активным посредником, который предлагает проблемные ситуации учащимся, он также активен в плане дискуссии и вопросов в отношении нового знания. Учитель предъявляет учащимся образцы иностранного языка, помогает их структурировать, предлагает типы деятельности, разнообразные, вариативные когнитивные приемы, делает возможной самооценку учащимся своего прогресса в учении. Материал будет усвоен учениками, если он стал «своим».

Таким образом данный принцип является не просто когнитивным, но *когнитивным социальным принципом. Когнитивный социальный принцип основан на понимании лингвистического знания как продукта, возникающего у учащегося в процессе языкового общения внутри некой общности индивидов, где организующим центром обучения выступает учитель.* В результате деятельности учителя, активизирующего умственную деятельность учеников, обучение становится более динамичным.

Приемы обучения, реализуемые в русле когнитивного подхода, обладают огромным воспитательным потенциалом. Они развивают независимость мышления и действия, желание самим управлять своим

обучением и оценивать его, помимо умственного развития они способствует духовному, аффективному и социальному развитию личности.

Когнитивный принцип в рамках обучения второму иностранному – абсолютная необходимость. Небольшое количество часов, отводимое на изучение второго ИЯ, предполагает использование всех средств, имеющихся в распоряжении учителя для интенсификации учебного процесса. Понимание когнитивных закономерностей процесса овладения иностранным языком и организация урочной и внеурочной работы в соответствии с этими особенностями является важнейшим условием успешности обучения второму ИЯ. Обучение оптимальным, познавательным стратегиям ведет в конечном итоге к более быстрому достижению обучаемым самостоятельности, созданию успеха в обучении, развитию способностей ученика. «Когнитивные» педагогические приемы тренируют ученика в рефлексии, размышлениях по поводу своих действий. Задуматься над тем, что делаешь – самая лучшая стратегия. Однако понимание *как* и *почему* не должно превалировать над пониманием *зачем*. *Обучение познавательным стратегиям очень важно, но не самодостаточно. Оно должно быть подчинено выполнению коммуникативных задач.*

Ведущую роль в образовании синтеза коммуникативного и когнитивного играет коммуникативный принцип. Именно благодаря ему, а также личностно-ориентированному подходу в целом в педагогике появилось осознание необходимости обратить внимание на психологические и психолингвистические проблемы учащегося, что и привело в конечном итоге к повороту в сторону обучаемого, пересмотру роли учителя и ученика. Коммуникативный подход в принципе стимулирует творчество. Обучаемый находится в ситуации, когда он вынужден проявлять инициативу, активно искать средства для приобретаемых знаний. Ученик, обучаемый по принципам коммуникативного подхода, никогда не будет пассивным получателем знания, уже сформированного кем-то другим, подготовленного к передаче.

Единство коммуникативного и когнитивного совершенно очевидно при наблюдении за овладением иностранным языком в естественных условиях. Нельзя не признать, что школьное изучение языка не может приблизиться по своим параметрам и по сути своей к естественному. Его специфика сохраняется. Как ни старайся, но в школьной среде овладение иностранным языком все равно останется изучением в некотором роде искусственного построения. Современная коммуникативная теория всячески способствует приближению «школьных» приемов обучения ИЯ к естественному познанию языка как средства общения. Однако другая сторона – формирование лингвистического знания – пока еще остается весьма далекой от естественного порядка формирования лингвистических концептов. Проблема состоит в том, что изучение ИЯ в школе происходит по пути от языковых элементов к целому. В то время как при естественном изучении системы познание движется от общего представления о системе к ее предполагаемой структуре. Когнитивный принцип предлагает и обосновывает приемы, которые помогают приблизить изучение ИЯ к естественному пути познания языка как знаковой системы, служащей решению задач конкретного реального общения. Поэтому коммуникативно-когнитивный подход является безусловной необходимостью при обучении второму иностранному языку. Именно при изучении не первого ИЯ ученик может сразу идти путем естественного познания: от понимания свойств и назначения целого к его структуре и ее составляющим. Приведем в качестве примера обучение грамматической стороне речи. Действительно,

изучение грамматики первого иностранного языка происходит более медленно, через преодоление последовательно возникающих заблуждений, ошибочных представлений, естественных для человека впервые осваивающего язык на сознательной основе. Для формирования адекватного знания о средствах выражения некоторого грамматического содержания требуется верное представление о целом – грамматической категории. А понимание категории складывается из опыта выражения его содержания. Этого опыта у человека, изучающего свой первый ИЯ, еще нет. При изучении второго ИЯ эта проблема преодолевается быстрее по сравнению с первым ИЯ, так как у учащегося уже есть лингвистическое понимание многих вещей, касающихся иностранного языка как системы. Общность большинства грамматических и семантических категорий, присущая индоевропейским языкам, делает когнитивный подход в единстве с коммуникативным не только вероятным, но единственно правильным. Это реальный путь интенсификации обучения.

Итак, применение когнитивного подхода при обучении второго ИЯ приводит к достаточно быстрому по сравнению с первым ИЯ образованию лингвистического концепта. С другой стороны, на «фоне» развитого лингвистического сознания, предполагающего большую легкость доступа к информации, сокращается и период автоматизации материала. Следовательно, применение когнитивного принципа в обучении второго ИЯ ведет к некоторому изменению коммуникативной практики. *Автоматизация навыков уже не находится в жесткой зависимости от количества практики, но от правильной ее организации.* Отсюда следует вывод: когнитивный подход способен обеспечить интенсификацию обучения второго ИЯ только в связке с коммуникативным подходом.

ЛИТЕРАТУРА

1. Бим И.Л. Концепция обучения второму иностранному языку. М.: Вентана Граф, 1997
2. Барышников Н.В. Французский как второй иностранный в средней школе и особенности методики его преподавания. // ИЯШ, 1998, №5
3. Щепилова А.В. Концепция обучения французскому языку как второму иностранному (на базе английского). - М.: Изд-во ДИСК-Т, 1999.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. -М.: Лабиринт, 1999.
5. Гальперин П.Я. Психология мышления и учение опозтапном формировании умственных действий./ Исследования в советской психологии. М.: Наука, 1966
6. Шахнарович А.М., Юрьева Н.М. Психолингвистический анализ семантики и грамматики.-М.: Наука, 1990.

РЕЗЮМЕ

В данной статье речь идет о реализации когнитивного принципа при обучении второму иностранному языку, о том, что он способен обеспечить интенсификацию обучения второго иностранного языка только в связке с коммуникативным принципом. Коммуникативно- когнитивный подход является ведущим в обучении иностранному языку в современных условиях.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада екінші шетел тілін оқыту барысында когнитивтік ұстанымды жүзеге асыру жайы баяндалады. Когнитивтік ұстаным екінші шетел тілін

оқытуды тек коммуникативтік ұстаныммен бірге ғана жеделдетуді қамтамасыз ете алады. Коммуникативті-когнитивті тәсіл қазіргі жағдайда шетел тілін оқытуда басты рөл атқарады.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ПРОГРАММ ПРИ ОБУЧЕНИИ ЛЕКСИКЕ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Сеитова А.Б. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Процессы обновления в сфере обучения иностранным языкам в современной школе создают ситуацию, в которой педагогам предоставлены право и возможность самостоятельного выбора моделей построения курсов обучения по предмету, учебных пособий и других обучающих средств. Современный учитель отказывается от готовых методических "рецептов", жестко регламентирующих деятельность в рамках конкретной методической системы, в пользу анализа современной ситуации обучения иностранным языкам, в пользу эффективного использования новых технологий в учебном процессе. Современные технологии - это, несомненно, компьютерные технологии, имеющие ряд преимуществ перед традиционными методами.

В данной работе рассматривается возможность использования компьютера на всех этапах обучения лексике на примере обучающих программ "Winnie The Pooh" и "REWARD intern@nive".

Компьютерное обучение несет в себе огромный мотивационный потенциал. Не только новизна работы с компьютером, которая сама по себе способствует повышению интереса к учебе, но и возможность регулировать предъявление учебных задач по степени трудности, поощрение правильных решений позитивно сказываются на мотивации.

Развитие лексических навыков для последующего их включения в речевую деятельность учащихся является основной задачей в овладении лексикой. Применение компьютерных технологий при формировании лексических навыков значительно усиливает эффективность данного процесса. Как известно, навыки подразделяются на две группы: продуктивные и рецептивные лексические навыки. В компьютерной программе для обучения лексике "Winnie the Pooh" и "Reward" компьютерное ознакомление позволяет выполнить следующие операции с лексическими единицами:

Рецептивный аспект:

1. Распознавание графического образа слова на основе его звукового образа: компьютер произносит слово, учащимся следует найти его в списке слов.

2. Распознавание значения слова на основе его звукового образа: компьютер произносит слово, ребята находят соответствующую картинку (или слово родного языка).

3. Распознавание значения слова на основе его графического образа: компьютер показывает слово, школьники подбирают соответствующую картинку (или слово родного языка). Графическая форма: на экране даны буквы i, l, k, e. Ребятам предлагается составить из них слово.

4. Распознавание графического образа слова на основе его значения: компьютер показывает картинку, ученики находят слово иностранного языка, соответствующее картинке.

5. Классификация имеющихся слов по значению: компьютер показывает слова, учащимся следует подобрать к каждой картинке слово из имеющихся слов, помещая их на соответствующие картинки.

Рецептивно-продуктивный аспект:

Актуализация графического образа слова по его звуковому образу: компьютер произносит слово, школьнику следует написать его. Продуктивный аспект:

1. Актуализация графического образа слова по его значению: компьютер показывает картинку, ученик пишет соответствующее слово.

2. На экране появляется русский перевод слова. Ученик произносит это слово на английском языке до тех пор, пока все слова не будут произнесены правильно. Преимуществом данного приема является осуществление немедленной обратной связи. Компьютер объективно оценивает результаты усвоения лексики.

Все эти операции с лексическими единицами выполняются в строгой последовательности. Компьютер не пропускает учащегося к следующей операции, пока предыдущая операция со всеми лексическими единицами не будет полностью выполнена правильно. Многократное выполнение этих операций способствует более простому закреплению каждой лексической единицы. Кроме того, благодаря компьютеру такие упражнения не отнимают много времени.

Для отработки значения слова может служить, например, упражнение на распределение слов по тематическим группам (vegetables: tomato, potato, cabbage, carrot; fruit: orange, lemon, apple).

Для тренировки в употреблении слов с помощью компьютера можно, например, предложить учащимся составить предложение из данных слов: is, a, big, there, window, bedroom, in, my (there is a big window in my bedroom).

На этапе тренировки и применения лексики для продуктивной деятельности определяющими будут операции по соединению слов, исходя из содержания высказывания. С целью формирования продуктивных лексических навыков учитель использует компьютер для тренировки учащихся в действиях по сочетанию лексических единиц. Приведем пример упражнения для отработки операции из программы "Winnie the Pooh":

- скажи, какими могут быть перечисленные предметы (envelope, stamp, paper, letter). Школьник должен правильно составить словосочетания из данных прилагательных и существительных, перемещая их из соответствующих колонок на строки снизу. При этом количество незаполненных строчек подсказывает ученику, что есть другие возможные словосочетания, которые он еще не составил. Учащийся, составивший словосочетаний больше других, получает большее количество баллов. Поскольку все дети работают одновременно, компьютер сразу же сообщает, кто стал победителем, и включает результаты каждого школьника в журнал успеваемости.

С целью формирования продуктивного навыка выполняется упражнение по заполнению пропуска в высказывании. Показателем правильности в данном случае является соответствие смыслового значения подставляемой лексической единицы той, с которой она сочетается. Например, учащимся предлагается заполнить пропуски в диалогах подходящими лексическими единицами. Или, например, дается задание выбрать фразу для ответа на вопрос.

Would you like some cabbage?

- a) You are welcome
- b) Yes, please
- c) Help yourself

Быстрое выполнение подобных упражнений дает возможность увеличить объем изучаемой лексики за счет сэкономленного времени. Компьютер позволяет также интенсифицировать процесс обучения лексике на основе выполнения детьми разных, но равных по сложности заданий. Приведем пример упражнения на употреблении лексических единиц в речевой деятельности: ребятам предлагается составить целостный диалог из разрозненных реплик.

1. - Yes, yes. Take it, please.
 - Would you like potatoes and cheese?
 - Help yourself.
 - Yes, please. May I have five potatoes, please?
 - Thank you! I like apples. May I have an apple?
2. - It's a pity. Bye-bye.
 - Good morning, Winnie!
 - Would you like some tea and sweets?
 - Here you are. Help yourself.
 - You are welcome.
 - Good morning, Rabbit!
 - I would like some cabbage and a big red carrot, please.
 - Thank you, Winnie.
 - I must go home. Good bye.

Школьники, которые составили одинаковые диалоги, объединяются в пары. Они читают и заучивают диалоги по ролям. После этого диалоги проигрываются перед всем классом. При этом у детей, которые прослушивают диалоги, формируются рецептивные лексические навыки. При выполнении таких заданий возможна работа двух учащихся с одним компьютером, т.е. компьютер кроме обеспечения вариативности заданий способствует формированию у ребят умения работать индивидуально и в парах.

Проведенная работа по формированию лексических навыков позволяет нам перейти к формированию речевых навыков диалогической речи, что является объектом нашего следующего исследования. Использование нами компьютерных программ при формировании навыков учащихся на уроках во время практики показало, что компьютерные технологии обучения полностью отвечают целям, поставленным при обучении лексике иностранного языка в начальных классах. Компьютерные технологии применялись нами наравне с традиционными средствами обучения. Однако практика применения компьютерных программ показывает, что компьютерные технологии имеют много преимуществ перед традиционными методами обучения. Среди них индивидуализация и интенсификация самостоятельности учащихся, повышение познавательной активности и мотивации, интенсификация обучения и создание комфортной среды обучения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Бухаркина М.Ю. Мультимедийный учебник: что это? // ИЯШ - 2001 - №4 - С. 29-33
2. Грейдина Н.Я., Миракян З.Х. Как "Профессор Хигинс" помогает изучать английский язык. // ИЯШ - 2001. - №6. - С. 96-100.
3. Карамышева Т.В. Изучение иностранных языков с помощью компьютера: в вопросах и ответах. - СПб, 2000. С. 191.
4. Кацук С.М. Использование компьютерных обучающих программ на занятиях по французскому языку. // ИЯШ - 2000. - №5. - С. 38-42.

5. Протасеня Е.П. , Штеменко Ю.С. Компьютерное обучение: за и против. // ИЯШ - 1997. - №3. - С. 10-13.

6. Т.Т.И., Сидоренко А.Ф. Использование компьютерных программ на уроках английского языка.// ИЯШ - 2002 - №2 - с. 41-43

7. Ушакова С.В. Компьютер на уроках английского языка // ИЯШ - 1997. - №5. - С. 40-44.

8. Цветкова Л.А. Использование компьютера при обучении лексике в начальной школе. // ИЯШ - 2002. - №2. - С. 43-47.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается возможность использования компьютерных программ при обучении лексике на уроках английского языка в начальной школе.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш мектептің ағылшын тілі сабағы аясында лексиканы үйретуде компьютерлік бағдарламаларды пайдаланудың мүмкіндігі қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТАНУ

О. БӨКЕЙДІҢ «ҚАМШЫҒЕР» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ КОМПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ЫРҒАҚ

Әбілов Алдажар – ф. ғ.к., доцент
(Қызылорда қ., Қорқыт ата атындағы ҚМУ)

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығы дегеннің өзінде ғылымда өткен XX ғасырдағы кей пікірлердің өзгерері, кей пайым, тұжырымдардың қайта қаралары белгілі. Қоғамның дамуы, әдебиеттер арасындағы байланыс әдебиеттану ғылымының дамуына да тікелей ықпал етеді десек, әдебиеттанудың сан түрлі проблемаларының өмірге келуі де табиғи заңдылық екені дау тудырмайды. Иә, сөз өнері ғылымында соңғы кезде көптеген мәселелер шешімін тауып, көптеген жаңалықтар ашылды. Әдебиет тарихы дамып, ілгерілеп, қазақ әдебиетінің бастауларын бұрынғыдан бірнеше ғасырға ерте бастаудамыз, көптеген теориялық мәселелер түрлі бағытта зерттеліп, зерделенуде. Алайда, бұл осымен барлық шаруаны бітірдік, бар мәселе шешілді деген сөз емес. Өйткені, ғылым ілгерілеген сайын, зерттелуі керек мәселелер де өмірге келе береді, яғни бір қиын түйіннің шешілуі екінші бір мәселені күн тәртібіне қояды. Оның үстіне, кешегі кеңестік замандағы түсінік, пайым мен көркем шығармаларға берілген бағаны уақыт, заман тұрғысынан тағы бір саралап өту қажеттігі туды. Кешегі бір тұста біз көркем шығармалардың композициясы туралы ғана баян ете алсақ, бүгін сол композицияның ішкі құпияларына үңіле бастадық. Міне, осындай мәселердің бірі – проза ырғағын біз О.Бөкейдің «Қамшыгер» атты әңгімесіндегі композицияға қатысты қарастырмақпыз.

Көркем шығарманың бүтіндігі, тұтастығы шарт екені белгілі. «... сюжеттің жаны мен жүрегі – тартыс. Ал тартыстан сюжет құрап, қалыптастыратын – композиция.

Композиция... – бірер сөзбен айтқанда, көркем шығарманың құрылысы. Алайда мұны құрылыс деген сөзге қарап тек пішінге ғана байланысты ұғым деуге болмайды, композиция мазмұнмен тікелей байланысты нәрсе; ол – әдеби шығарманың сыртқы түрінің ғана симметриясы емес, сонымен қатар ішкі сырының гармониясы» - дейді /5.184./ академик З.Қабдолов. Ал енді осындағы ішкі сырының гармониясы - деп отырғанымыздың өзі нақтылай айтсақ, үндестік емес пе? Олай болса композицияның ішкі сырының үндесуі қалай жүзеге асады деген сауалдың өмірге келері де заңды деп білеміз. Бұл – сөз жоқ, өте күрделі мәселе. Міне, бізді ойландырып отырған да осы жәйт. Бұл ырғаққа тікелей қатысты, мейлі прозалық, мейлі поэзиялық, мейлі драмалық шығарма болсын, композиция ырғақтан тыс бола алмайды. Бұл жайында оры әдебиеттануында зерттеулер аз емес және олардың біразы проза ырғағын зерттеуге арналған. Мәселен, В.Каверин: «Я убежден что ритм художественной прозы не просто существует, но органический связан с композицией в целом, с развитием характеров и – более того – играет известную роль сфере идеи» - /4. 23./ деген пікірде. Иван Бунин туралы еңбегінде орыстың аса көрнекті қалам қайтаркері К. Паустовский: «Бунин (И.А.) говорил, что начиная писать о чем бы то ни было, прежде всего он должен «найти звук» ... «Найти звук» - это найти ритм прозы и найти основное озвучание» /6.22./ - деп жазады. Иә, бұл тек қана проза ырғағының барлығын ғана емес, бұл – проза ырғағының маңыздылығын көрсетеді. Ал осы мәселенің қазақ әңгімелеріндегі жай-жапсарына қатысты біз О.Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімсін жұмыс желісі етіп отырмыз. Шығармада ырғақ бірнеше сипатта көрінеді. Біріншісі, ырғақ шығармадағы айтылар ойды, идеяны тұтастырушы. Мәселен, осы әңгімеде ойдың, шығарманың басталуындағы ырғақ шығарма соңында да дәл сол қалпында қайталаанады. Салыстырып көрелік.

«Ай астында: Қанжылап, жетімсіреген қараша үй қалды; қара жамылған жесір әйелдің мұндықты басы қалды.

Ай астында: Марғауланып ер мен елдің осыншама еркелігін, осыншама қасіретін кеудесіне сыйғызып, қазақтың күреңселі даласы жатты» /3.271./

Бұл шығарманың басталуы. Ал, енді әңгіме соңы тура осы үзіндідегідей болып аяқталады.

«Ай астында: Қанжылап, жетімсіреген қараша үй қалды; қара жамылған жесір әйелдің мұндықты басы қалды.

Ай астында: Марғауланып ер мен елдің осыншама еркелігін, осыншама қасіретін кеудесіне сыйғызып, қазақтың күреңселі даласы жатты»

«Бірақ осы аңғал – саңғал Алтай тауында өткен уақиғаның бәрі – бәрі де баяғының садағасы еді...» деген /3.288./

Бұл үзінділерден байқарымыз - алғашқы үзіндідегі мәтінге жаңадан тек қана «Бірақ осы аңғал – саңғал Алтай тауында өткен уақиғаның бәрі – бәрі де баяғының садағасы еді...» деген /3.288./ сөйлем ғана қосылғаны. Оның үстіне тағы бір қызықтысы – О.Бөкейдің осы үзінділерді тек шығарманы қорытындылаушы не бастаушы ретінде ғана танып қоймай, оған бөлімдер міндетін жүктеуі. Бұл да біздің жоғарыдағы пікірімізді тиянақтай түседі. Осы үзінділердің де өзіндік ішкі ырғақтары бар, ол бөлек проблема, өз алдына бөлек мәселе болғандықтан, проза ырғағының басқа қырына қатысты кейіндеу айтылатындықтан басы ашық күйінде қалдырып отырмыз. Жоғарыда айтып өткен жәйт проза ырғағының шығарманы, шығармадағы ойды бастаушылық және қорытындылаушылық қызметін көрсетеді. Жалпы осы әңгімедегі ырғақтар бітімін қарастырар болсақ, мұны сыртқы ырғақ

ретінде тануға болады. Сонымен қатар, бұл тек сыртқы ырғақ қана емес, бұл – негізгі ырғаққа, негізгі үнге барар басқыш болары ақиқат. Бұдан аңғарарымыз – ырғақтың композициялық құрылымның басы мен соңын айқындаушы. Міне, бұл ырғақтың екінші бір сипатта көрінуі. Үшіншісі, ырғақ — идеяны жеткізудің негізгі тірегі. Мәселен, әңгімеде бұл міндетті қамшыгер, қамшы сөздерімен берілетін ырғақтар атқарады. О.Бөкейдің өзге шығармаларымен ұқсас тұстары бар болғанмен, өзгелеріне ұқсамайтын тұстары да мол, табиғаты бөлек, көркем шығарма ретінде көтерер жүгі үлкен осы бір әңгімедегі негізгі екі ырғақ та іштей бір–бірімен тығыз байланысты. Олар – Қамшыгер және қамшы. Осы екі ой ырғағы тұтаса келіп, үндесе келіп автордың айтпақ ойын жеткізеді. Ойды дәйектей түсу үшін қажет деген тұстардың астын сыза отырып, салыстырулар жасалық.

«Керегеде салбырап ілулі тұрған бұзау тіс он екі өрім *қамшының ұшынан сүт ағып тұр...?* Сүт тамшысы тұп–тура төрде жатқан жігіттің көз ұясына құйылады. Қамшының сабы, өрімдері құп–құрғақ бәз қалпындай дымсыз. Жып–жылымшы әрі саумалдай дәмді мәйектің қайдан ғана шыпылдап шығып тұрғаны беймәлім. Әйтеуір жезбен орамдап, тас қып түйіп тастаған ұшынан мөлт етіп ағады да, жігіттің көзіне сырт етіп үзіліп түседі... Жігіт жұмған аузын ашпастан қалың дүрдек ернін жымқырып көп жатты. Көп жата да алмады. Не де болса татып көрейін деп аузын ашып еді, *қып – қызыл қан дәмі* таңдайына тақ ете қалды... /3.273 - 274./ Үзіндідегі жігіт, шығарманың бас кейіпкері – қамшыгер Садақбай. Бұдан соң қамшыгер тірлігі қамшымен бірге өріледі, тіпті бақилыққа аттанғанда да өзімен бірге көміледі. Түс пен өң, сүт пен қан, өмір мен өлім, әлсіз бен күшті, адамдық пен жауыздық кезектесе көрініп, шағын әңгіменің өзінде де тұнып тұрған өмірлік пәлсапаны, адам баласы тіршілікте тәлім алар талай-талай тылсымның сырын ашады. Осылардың барлығын тұтастырушы негізгі ырғақ – жоғарыда біз айтып өткен қос өрім ырғақ, қамшы мен қамшыгерге қатысты ырғақтар. Жоғарыдағы үзінді қамшыгер Садақбайдың құздан құлап, мертігіп жатқанына дейінгі кезіне қатысты болса, келесі үзінді оның барымтадан қайтқанда мертігіп, үйінде жатқан тұсына қатысты, екеуі де қамшыгердің түсі. «... Керегеде ілулі тұрған он екі таспа *қамшының ұшынан бір* жылы су ағып тұр. Қамшыгердің көзіне тырс–тарс тамады. Нұрлы қақтың суындай мөлдір өзі. Кеберсіген ерінін өзі тосты қамшыға. Ындыны құрып қомағайлана жұтып–жұтып жіберіп еді. Тым–тым удай ащы, кермек татиды. *Көздің жасы екен...*» /3.286./ Осы екі үзіндінің алғашқысында керегеде салбырап тұрған бұзау тіс он екі өрім қамшының ұшынан сүт ағып тұрады да, қамшыгер татып көрген кезде ол қанға айналып кетеді, ал екіншісінде бір жылы су ағып тұрады да, татып көрген кезде көздің жасы болып шығады. Осы тұста автор ойы, ол не айтпақ болды, бұл не үшін керек болды деген мәселелер бой көрсетеді. Біз мұны былайша тұжырымдар едік; бұл – тек қан мен көз жасы ғана емес, қамшыгер әрекеттерінің нәтижесі де. Иә, автор осыны оқырманына мәтін астарында жеткізеді. Оның қамшының ұшынан сүт ағып тұр – дей келіп, көп нүкте мен сұрау белгісін қоюы да, оқырманынын ойға, ойлануға шақыруы еді. Міне, бұл айтылған жәйттер прозалық шығармаларда да композицияның ырғақтан тыс бола алмайтынын көрсетеді.

Әңгіменің ішкі ырғақтары осы екі негізгі ырғақ төңірегіне үйірілгенмен, бұдан да басқа толып жатқаны ырғақтылыққа әкелер қолданыстар аз емес. Солардың бірі – баяндаудың өткен шақтық үлгіде берілуі. Мәселен, «Қараша үйден кейде қолында құманы бар бөкебайлы әйел шығар еді; шығар еді де қаздаңдай басып Шарықтыбұлақтан су алар еді. Су алған күйі киіз үйге қайта кіріп жоқ болар еді. Бұдан соң оның төбесін қайтып көрмейсің. Жым – жырт... меп – иеңіреу тыныштық ұйып, қаймағы бұзылмастан мелшиеді – ау кеп. Аңғарды құлазыған өлі тыныштық жайлайтын...Өлі тыныштық жайламайтын

кейде. Құлаққа: Шарықтыбұлақтың арсыл – гүрсіл арыны, әуілдектің әні шалынатын; мұрынға: боз көденің исі келіп, қытықтайтын, тау қызғалдақтары қызықтыра мен мұндалайтын. Қазір тау қызғалдақтары жоқ – тын. Күз ғой, солған, қуарып қалған...» /3.272./ деген үзіндінің өзі жоғарыдан біз айтқан пікірге дәйек болумен қатар, түрлі ырғақтар тоғысын да байқатады. Біріншіден, көркемдікке келісімін таба қызмет еткен қос сөздер қолданылысы ырғақтылық тудырса (жым – жырт, меп – меңіреу, арсыл – гүрсіл), екіншіден, ой қарсылығы арқылы керемет иірім жасалады (Аңғарды құлазыған өлі *тыныштық жайлайтын, Өлі тыныштық жайламайтын* кейде). Үшіншіден, ой жалғаспалылығы – ырғақ жалғаспалылығына әкелген. Сөйтіп іс - әрекеттің кезектілігі, ой кезектілігі ырғақ кезектілігіне ұласқан. Мәселен, Қараша үйден кейде қолында құманы бар бөкебайлы *әйел шығар еді; шығар еді* де қазандай басып Шарықтыбұлақтан су алар *еді. Су алған күйі* киіз үйге қайта кіріп жоқ болар еді. Төртіншіден, «келіп» сөзінің ауызекі сөйлеу стиліндегі «кеп», ал «болатын» сөзінің «тын» түріндегі қолданылу жағдайын жазушы ішкі ырғақты сақтау үшін шебер пайдаланады. (мелшиеді – ау кеп, *қызғалдақтары жоқ – тын*) Бесіншіден, «Құлаққа: Шарықтыбұлақтың арсыл – гүрсіл арыны, әуілдектің әні шалынатын; мұрынға: боз көденің исі келіп, қытықтайтын, тау қызғалдақтары қызықтыра мен мұндалайтын» деген тұста ырғақты сақтау міндеті *құлаққа, мұрынға* сөздеріне жүктеліп тұр. Міне, көріп отырғанымыздай шағын ғана үзіндінің өзінен ырғаққа қатысты талай нәрсені аңғаруға болады екен. Оның үстіне, бұл тұста біз тыныс белгілердің және т.б. ырғаққа әкелуі деген мәселені тіпті әңгіме етіп отырғанымыз да жоқ, тек анық, байқалуы айқын ырғақтар хақында ғана сөз қозғап отырмыз. Бұл үзіндіге ерекше тоқталып отырғанымыздың басты себебі – О.Бөкейдің осы әңгімесіндегі ырғақтар жүйесінің күрделілігін, ырғақтар табиғатының байлығын көрсете өту ғана. Сонымен қатар, бұл тұста композиция және ырғақ мәселесі дегенде оларды ішкі бірлікке, ішкі үндестікке әкелер ырғақ екендігін аша түсуді де мақсат еттік.

Әңгіменің ішкі ырғақтары жоғарыда атлып өткен екі негізгі ырғақ төңірегіне үйірілгенмен, осы екі ырғақпен қабат жүріп, осы екі ырғақтың өзін байланыстырушы ой ырғағы бар, ол – қараша үй. Иә, қараша үйге қатысты ой ырғағы әлгі негізгі ырғақтарды байланыстырушы болғандықтан, осыған қатысты ішкі ырғақтар да байланыстырушы міндеттің атқарады. Қараша үй әңгімені бастаушы және қорытындылаушы ырғақта негізгі ой ырғағы ретінде қызмет атқарады. Салыстыруға көшелік, тағы да мана мысал ретінде алынған үзінділерге барамыз.

«Ай астында: Қанжылап, жетімсіреген қараша үй қалды...» /3. 271, 288./

Иә, бұл тек осы үзіндіге ғана қатысты әкір. Бірақ, дегенмен, шығарманың өне бойында «қараша үй» ұғымы көп кездесетіндіктен оқырман негізгі ырғақ осы екен деп қалуы да мүмкін. Шынтуайтында, бұл - шығармадағы негізгі ырғаққа барар жол ғана. Ал, оның шығармада көп кездесуі – байланыстырушылық қызметке қатысты және О.Бөкей шығармашылығына тән ерекшелік - ой ырғақтарының қабаттаса берілуі, қабаттаса өрілуі, жарыса бой көрсетуі, жазушының бір ойдың астарында бірнеше ойды жеткізуімен байланысты. Енді «қараша үйге» қатысты ой ырғағына оралалық. Өз алдына бөлім ретінде берілген алғашқы екі сөйлемдегі «қараша үй» ойынан соң бұл мына жағдайларда көрінеді. Жазушы Түйетас аңғары туралы баяндап келеді де, былайша суреттейді.

«...Түйетастың құбыласын иектей жұпыны *ғана қараша киіз үй тігілген – ді.* Тасты ықтап отырғандықтан *бұл үйді* аңырқайдан соққан аңызак ала алмайтын... *Үй жалқы ғана.* Көз көрімде ел жоқ; тек ұзын сонар құж – құж тастар, сойдақ – сойдақ қарағайлар, алапат таулар ғана қаумалай қоршап, күргейлеп тұрады.

Қараша үйдің жанынан ербең еткен баланы да, өріп жүрген жетім лақ та көрмейсің...» /3. 271 – 272./

Бұл өзі - бір ой, яғни бір ой ырғағы, бірақ іштей бірнеше ырғақтарға бөлінеді. Осы үзіндінің өзінде «үйге», яғни үй ұғымына қатысты бір – бірімен байланысты төрт ой айтылады да, ой ырғақтары бірін – бірі жалғай, үзіндінің ой ырғағына ұласады. Бұл үй, киіз үйге қатысты ойдың екінші бөлігі. Енді келесіге көшелік.

«*Қараша үйден кейде* қолында құманы бар бөкебайлы әйел шығар еді; шығар еді де қаздаңдай басып Шарықтыбұлақтан су алар еді. *Су алған күйі киіз үйге қайта кіріп* жоқ болар еді. Бұдан соң оның төбесін қайтып көрмейсің. Жым – жырт... меп – иеңіреу тыныштық ұйып, қаймағы бұзылмастан мелшиеді – ау кеп. Аңғарды құлазыған өлі тыныштық жайлайтын...Өлі тыныштық жайламайтын кейде. Құлаққа: Шарықтыбұлақтың арсыл – гүрсіл арыны, әуілдектің әні шалынатын; мұрынға: боз көденің исі келіп, қытықтайтын, тау қызғалдақтары қызықтыра мен мұндалайтын. Қазір тау қызғалдақтары жоқ – тын. Күз ғой, солған, қуарып қалған...» /3.272./

Бұдан соңғы ой осы ойды жалғасырады, яғни бір ой ырғағы екіншісіне жалғасады. Иә, бұдан кейінгі абзац төмендегіше:

«*Қараша үйдің белдеуіне*, кейде, тұрлықты есік пен төрдей баран ат байланатын. Қызыл іңірден намазшамға дейін суып, сонсын үйдің өр жағындағы көк орайға арқандалатын – ды. Атты жауырыны еңкіштеу келген еңгезердей атанжілік адам арқандайтын. Бұдан соң *қараша үйдің жыртық есігінен жылтылдаған от сәулесі*, түндігінен сыздықтап болар – болмас түтін шығады. Түйетастан лық етіп оқыстан асып қалған қоңылтақ самал *қараша үйден қаңғырып шыққан жас еттің иісін* лып еткізіп іліп жөнелер. *Қараша хананың есігі* үркер тас төбеге көтерілгесін ғана сыңсып ашылар. Сыңсып ашылар да бағанағы дәу жігіт шығып айға қарап есінеп, өңкеңдей басып атқа барар еді. Маңайды самарқау, бірақ жігіт шолып шығар да дәрет сындырып алады. Сонсын *қараша үйге үш бүктеліп қайта кірер*. Ештеңе болмағандай тау мүлгіп тұр... Көк күмбезінде ай зытып барады. Айқай – шусыз момақан тыныштық. *Қараша үй де, қара көк аспан да*, қарауытқан тау мен қара барқын орман да – бәрі - бәрі бір сәтке ұйықтап кетеді. Ұйқысы қандай керемет дейсің...» /3.272 – 273./ Бұдан соң ой ырғағы қамшы мен қамшыгер туралы ырғақтарға ұласады да, одан соң табиғат көріністері, пейзаж ырғағына қайта барады. Ал одан соң қамшыгер әрекеті, одан соң қамшы туралы ырғақ, одан соң қараша үй туралы ой ырғақтары болып жалғасады. Бұл да біздің жоғарыдағы пікірімізді дәйектей түседі. Сонымен, прозада ырғақ композициямен байланысты ғана нәрсе емес, сол композицияның ішкі байланыстарының, ішкі үндестігінің көрінісі, сол байланысты, сол үндестікті өмірге әкелуші де екен.

Проза ырғағының, жалпы ырғақтың көркемдікке жұмсалуды деген мәселеге қатысты пікірімізге негізгі тін етіп О.Бөкейдің «Қамшыгер» атты әңгімесін ала отырып ой қорытықанда, қаламгер шығармаларының ырғақтылығы күрделі де, қызықты екендігін атап өтуге тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілов А. Көркем аударма шеберлігі Алматы; Қаз.унив. 1997
2. Березкин М. Биологиялық ырғақтар жайында // Сөзстан, 7-кітап. Алматы. Жалын, 1986
3. Бөкеев О. Үркер ауып барады Алматы; Жалын, 1981
4. Гиршман М.М Ритм художественной прозы Москва; Сов. п, 1982
5. Қабдолов З Сөз өнері Алматы; Мектеп, 1976
6. Пустовойт П.Г. И.С. тургенев – художник слова Москва; Изд. МГУ, 1980

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада О.Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімесіндегі ырғақ пен композиция мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается ритм и композиция рассказа О.Бөкея «Қамшыгер».

Ш.АЙТМАТОВТЫҢ «БОРАНДЫ БЕКЕТ» РОМАНЫ ЖӘНЕ ЫРҒАҚ

Әбілов Алдажар – ф. ғ.к. доцент.

(Қызылорда қ., Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті)

Әлем әдебиеті адамзат баласына берері мол көркем құндылықтарға да, шеберлігіне тәнті еткен қаламгерлерге де кенде емес. Өзіндік жазу стилімен, шеберлігімен әлем әдебиетінің тарихына есімі өшпестей болып жазылған қалам қайраткерлерінің бірі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов екені белгілі. Оның еңбектері туралы көптеген зерттеулер жасалды. Бұл тұста біз оларды қайталағалы отырған жоқпыз. Қазақ-қырғыз әдебиеттерінің байланысы біршама зерттелді дегенмен қазақ әдебиеттануында терең және жан-жақты зерттеулерді қажет ететін мәселелер де аз емес. Шешімі – күрделі, қиын түйіні – мол көкейтестіліктердің, ғылыми тұжырым жасар уақыты келген қазақ сөз өнері мәселелерінің бірі - проза ырғағы екенін ғылыми басылымдар бетінде көтеріп келе жатқанымызға да біршама жылдар өтті. Көркем прозадағы бұл мәселе, яғни проза ырғағы адам бойындағы толып жатқан ірілі – ұсақты қан тамырлары тәрізді өмірлік маңызға ие екені де анық. Өте күрделі және көп еңбекті қажет ететін ауқымды мәселе болғандықтан біз оның тек уақытқа қатысты тұсын әңгіме арқауы етпекпіз.

Жалпы алғанда әдебиеттануда бүгін бір мәселе шешімін тапса, ол өмірге екінші бір қиын түйінді әкелетіні белгілі. Мұны табиғи заңдылық деп тану қажет. Уақыт мәселесінің әдебиеттануда біршама зерттелгені белгілі. Орыс әдебиеттануында да, қазақ ғылымында да бұған қатысты біраз еңбектер жарық көрді. Біз оларды санамалап көрсеткелі отырған жоқпыз, тек уақыт пен ырғақ арасындағы кей жәйттер жөнінде ой қорытқанды жөн санадық. Көркем прозада уақыт мәселесі ерекше маңызға ие, ал енді осының ырғаққа қандай қатысы бар дегенге келетін болсақ, бұл бірімен бірі тығыз байланыста екенін көреміз. Орыс ғалымы М.М.Гиршман «Ритм художественной прозы» атты еңбегінде /2.152-263./ ырғақтың стилдік ерекшелік элементі екендігін айтады. Салыстырулар көп болғанмен автор тұжырым, нақты қорытынды жасауға көп бара бермейді. Ырғақтың көркем прозада стильдік ерекшелік элементі екендігіне дау жоқ, ол ғана емес-ау, тіпті біздің пайымымызша, ырғақ болмаған тұстан стильдік ерекшелік іздеудің қажеті де жоқ.

Бұл өз алдына үлкен әңгіме, ал уақыт және ырғақ байланысы дегенге келер болсақ, «осы ырғақ деген көркем прозадағы уақытқа тәуелді ме, әлде уақыт ырғаққа тәуелді ме?» деген сауалдар мен мұндалап бой көрсетері анық. Егер, жазушы қолына қалам алып прозалық шығарма жазуға отырды десек, онда көптеген ғалымдар айтқандай, ең алдымен негізгі тонды, негізгі үнді іздері хақ. Бұл дегеніңіз ырғаққа бару емес пе? Иә, бұл прозадағы ішкі ырғақты іздеу деген сөз. Олай болса прозалық шығармадағы уақыт сол ішкі ырғаққа қатысты жарыққа

шығады екен. Бұдан шығатын қорытынды – егер ішкі ырғақ бұзылса, онда уақыт өлшемі де бұзылады, ал уақыт қалыптан тыс болса, онда ішкі ырғақ та бұзылады екен. Бұған мысалдар көп-ақ. Тіпті қырғыздың әлем мойындаған жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ күн») романының Шерхан Мұртаза аударған қазақша нұсқасын /1/ алайық. Романдағы уақыт межесі батыстан шығысқа қарай, шығыстан батысқа қарай зымырап өтіп жатқан пойыздар қозғалысымен тығыз байланыста. Шығармада жер апшысын қуыра өтіп бара жатқан пойызбен алғашқы беттерде-ақ кездесеміз. Аш түлкінің телеграф бағаналарын бойлап, шойын жол бойын қуалай талғажау етерлік нәрсе іздеп келе жатқанын баян ете келіп жазушы «Бірақ әлсін-әлі ары-бері заулап өткен пойыздардың құлақ тұндырар дүрсілінен әрдайым шошып кетіп, бұрынғыдан бетер жерге жабыса, жиырыла түседі. Пойыздардың арқыраған арыны мен жертаптаурын зілмауыр ғаламат күшін, шүйкедей денесінің астындағы жердің тітіренгенін қабырғаларымен сезіп жатты...» /1 .8./ дейді. Осы тұсқа дейінгі ой ішкі ырғақтар арқылы көрінеді және ол ырғақтар тұтаса келе жоғарыдағы үзіндіге келгенде ірі ырғаққа, үлкен толқынға айналып, анық байқалады. Бұдан соң ой ырғағы жиілей бастайды. Жоғарыдағы үзіндіден кейін бір сөйлемнен соң айтылар ойға назар аударайық:

«Түлкі пойыз жолдың бойына тым сирек, әбден аштық титығына жеткенде ғана келуші еді. Пойыз өтіп кетіп, келесі пойыз келгенше дала құлаққа ұрған танадай тына қалады да, сол өлі тылсым сәтте түлкі бұлдыр дала үстінде ғайыптан талып естілген болжаусыз, шексіз заңғар дыбысты құлағы шалып, секемшіл халге ұшырайды» / 1 .8./

Бас-аяғы бес сөйлемнің ішіне үш ойды, үш ырғақты сыйғыза білген жазушы шеберлігіне разы боласың. Және сол ырғақтар «пойыздарға» қатысты шебер үйлесімділік тапса, ырғақтар астарында уақыт та хабар беріп отырады. Бұдан соң екі беттік, яғни алты абзацтық баяндау түлкі басындағы жайды жеткізеді. Мұның, түлкінің темір жол бойын жағалап келе жатқанының қанша уақытқа созылғанының автор тәптіштеп жатпайды және олай етудің керегі де жоқ болатын, ол негізгі салмақты ырғаққа жүктейді де, тағы да «пойызға» оралады. «Пойыз болса жердің танабын қуырып, рельсті тарсылдатып келе жатты. Қоламса күйік иіс мұңк етіп, аждаһа леп бұрқ соқты. Түлкі жолдан апыл-ғұпыл аунап түсіп, үрейі ұша жер бауырлап, артына қарай-қарай айдалаға зытып берді. Жалмандаған оттарын жарқылдатқан әзірейіл, дөңгелектері мың дауыспен тарсылдап, көпке дейін гүрсілі басылмай алыстап бара жатты...» /1.9./. Міне, тағы бір қайырым, тағы бір ой ырғағы бітті. Жазушы енді ырғақтарды жиілете, негізгі үннің неде екенін аңғартады да, содан соң барып, келесі бір ырғақтар арқылы негізгі үннің, пойыздар қозғалысының неге бұлай екендігін ашады.

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...

Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сақара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұланғайыр жазығы көсіліп жатады.

Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгеніндей, темір жолдың алыс-жақындығына қарай өлшенеді.

Ал пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...»

/1.10./ Міне, ырғақтардың үсті-үстіне үстемелей түскен көрінісіне тап боламыз. «пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...»_деген тіркестің қайталана келуінің өзі ерек ырғақ туғызған. Біз мысал ретінде алып отырған соңғы үзіндіні автор астын сызып жазады, яғни айрықша назар аудартып отыр. Бұл дегенің – негізгі үнді аңғарту, негізгі ой ырғағын байқату емес пе?! Иә, қайталана келген сөйлем, қайталана берілген ой ырғақтар

тоғысына әкеледі де, ой ырғағын түйдектете оқиғаның негізгі қазығы қайда жатқанын аңғартады. Сонымен қатар автор уақыттың да, қашықтықтың да қалайша өлшенетінін бір-ақ сөйлеммен жеткізеді. *«Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгеніндей, темір жолдың алыс – жақындығына қарай өлшенеді»*. Бірақ бұл тұста уақыт мәселесі ой астарында беріледі.

Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» («Ғасырдан да ұзақ күн») романын оқып отырып еріксіз ойға шомасыз. Қазақ елінің, қазақ даласының XX ғасырда басталған екі үлкен қасыреті – Шу алқабымен байланысты айтылар нашакорлық, апиын зұлматы мен Байқоңыр мәселесі болса, осы екі тақырыпқа да қазақ қаламгерлерінен бұрын Ш.Айтматовтың баруы, («Жанпида», «Боранды бекет» романдары) оны бүкіл адамзаттың, жер жүзінің проблемасы тұрғысынан қарауы, адами рух, оның жойылуы және т.с.с бүгінгі күннің көп көкейтестілерін әдебиетке шынайы әкелуі риза етеді. Екі романдағы ырғақтар туралы мәселе келер күндердің шаруасы болмақ. Ал «Боранды бекет» романында оқиғаларға қатысты уақыт мәселесі ғана емес, кей жағдайда кейіпкерлер әрекеті, сөйлесуі уақыттары да «пойызға» қатысты ырғаққа түседі.

«Үкібала кетіп бара жатып, қипақтап тоқтады да, ары қарай жүре берді. Бірақ Едігенің өзі дауыстап тоқтатты:

- Әй, ұмытпа, алдымен Шаймерден кезекшіге кір, менің орныма біреулерді жіберсін. Мен кейін қарымын қайтарамын. Қаңыраған үйде өлік жападан-жалғыз күзетсіз жатыр, не масқара...Айт сөйтіп...

Әйелі басын шұлғып, жүре берді. Сол ортада дистанциялық қалқанның қызыл сигналы көзін қайта-қайта қысып, үлдеп қоя берді. Боранды разъезіне жаңа состав таянып қалған екен. Кезекшінің командасы бойынша, оны запас жолға жөнелту керек. Өйткені қарама-қарсы жақтан басқа пойызды өткізіп жіберу қажет. Кәдуілгі шаруа. Пойыздар өз жолдарына түсіп, жылжып жатқанда, Едіге тағы бірдеңені айтуды ұмытып кеткендей, әлсін-әлсін әйелінің соңынан көз тастай берді. /1.14./

Міне көріп отырғанымыздай, ой ырғақтарының пойыздардың өту ырғақтарымен тығыз байланыстылығы байқалады. Ойымызды тағы да дәйектей түселік. Шығармада әлгі пойыздан соң бас кейіпкер Едіге ойға шомады, өткен өмірі, Қазанғаптың жайы, разъезд тұрғындарының тіршілігі және т.с. олай будқаға кіріп кезекші Шаймерденмен рация арқылы сөйлеседі.

«Соны айтып Шаймерденнің үні өшті, микрофонның кілті тырс етіп жабылды. Едіге тысқа шығып стрелкаға асықты. Запастағы екінші жолды бұрып тұрып: «Еділбай көнер ме екен, көнбес пе екен?» деп қойды. Қайсыбір үйлердің шамдары жарқ-жұрқ етіп жанғанын көріп, кәдімгідей үміті тіріліп, арқаланып қалды; қанша десе де, адамдардың ар-ұяты бар ғой. Иттер абалай бастады. Демек, әйелі үй-үйді қыдырып, Борандының жұртын оятып жүргені..

Әне–міне дегенше жүз он жетінші келіп, екінші запас жолға тұрды да қарама–қарсыдан мұнай тартқан кілең цистерналы состав та жетті. Екі пойыз екі жаққа; бірі – шығысқа, бірі – батысқа қарай тартып отырды...» / 1 .19/ . Иә, тағы да бір ырғақ өмірге келді. Екі ырғақтың арасы – кейіпкердің әрекеті. Бұл сөйлемнен де кейіпкерлердің іс - әрекетін үйлестіруші ырғақ екендігі, сол ырғаққа кілт ретінде қызмет етіп тұрған ұғым - «пойыз», ал ойды жеткізуші сөйлем - «бірі – батысқа, бірі – шығысқа қарай зулап жатқан пойыздар» екені анық аңғарылады. Шығарманы ары қарай оқысақ, әлгі пойыздан соң Едігеге романның басында аштықтан шойын жолды жағалап келе жатқан түлкі кездеседі. Едіге оны таспен ұрмақшы болып ұмтылғанмен, сол сәтте ойына Қазанғаптың баласы Сәбитжан айтқан «Адамдар өлген соң, рухы аңға, құсқа, жәндікке айналып

кетеді» деген сөзі түседі де шошып кетеді, ондағысы түлкі болып келіп тұрған Қазанғаптың рухы ма дегендік. Сонан соң дауыстап үркітіп, түлкіні темір жолдан ұзатыңқырап жібереді. Міне, сол арада тағы да пойыз келе жатады. «Бұл екі арада разъезге тағы бір пойыз келіп те қалды. Дөңгелектері тарсылдап, қараңғы түннің қойнын ашып, буалдыр сәулесінен шаң бұлдырып пойыз бірте-бірте жүрісін баяулатты». /1. 21./ Міне, бұл – келесі ырғақ. Шығарманың кей бөлімдер де жоғарыда біз мысал ретінде алған үзіндіні қайталаумен басталады. Бұл, сірә, бірден негізгі ырғаққа түсуді мақсат еткендіктен болса керек.

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...

Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сақара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұланғайыр жазығы көсіліп жатады.

Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгеніндей, темір жолдың алыс – жақындығына қарай өлшенеді.

Ал пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...» / 1. 25./ Бұл ырғақ кейде «разъезд үстінен арқырап өтіп жатқан пойыздар», «тағы бір пойыз арқырап өтті» тіркес, сөйлемдер арқылы да беріледі. Бұл жәйт кей сөздердің, кей сөйлемдерің мақсатты қайталанып келу ырғаққа әкелетінін көрсетеді. Осы ырғақтар бір бөлімнің ішінде бірімен бірі ішкі байланысқа түсе бөлім ырғағын қалыптастырса, бөлімдер ырғағы тағы да бір-бірімен байланысқа түсе тұтас роман ырғағын қалыптастырған. Сонымен қатар бұл ырғақтардың шығармадағы іс-әрекеттер уақытын, оқиғалардың өту ақытын үйлестіруші екенін де байқатады. Біз бұл тұста тек «пойыз» сөзіне қатысты ырғақтарды ғана әңгіме етіп отырмыз. Оның себебі, жоғарыдан айтып өткеніміздей, мұның негізгі ырғақ екендігі. Ал, жалпы айтар болсақ шығармада бұдан да басқа толдып жатқан ырғақтар бар, оны ашу, таратып айту – ұзақ әңгіме. Тіпті біз айтып отырған «пойыз» сөзіне қатысты ырғақтардың өзін толық зерттеп, зерделер болсақ, мұның өзі үлкен, әрі көлемді еңбек болып шығары даусыз. Енді әңгімеміздің желісіне оралар болсақ, прозалық шығармалардың көпшілігінде кездесе бермейтін тағы бір жәйт – Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романының басталу ырғағының тура сол қалпында дәлме-дәл күйінде шығарманың аяқталу ырғағы да болуы. Қалың оқырман сүйіспеншілігіне, құрметіне, ықыласына бөленген роман былайша аяқталады:

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...

Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сақара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұланғайыр жазығы көсіліп жатады» /1.301./. Шығарманың бұлай аяқталуы біздің жоғарыдағы ойымызды тиянақтай түседі. Біз бір ғана романға, оның ішінде бір ғана ырғаққа қатысты сөз қозғай отырып, проза ырғағының шығармадағы оқиғалар уақытын, іс-әрекеттер уақыты, тіпті бар-ау прозадағы жалпы уақыт мәселесін үйлестіруші екені туралы пікір қорытуға тырыстық. Бұл жәйттің жалпы қазақ прозасындағы жағдайы туралы әңгіме келер күндер еншісіне тиесілі.

Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романында ырғақтар байланысының сан түрі бар. Осы ырғақтар кейде ойдың мәтін астарында берілуіне де әсер етеді. Тіпті өмір ырғағының бұзылуын шеберлікпен суреттеген жазушы ішкі иірімдерді тоғыстыра келіп, қарама-қарсылықтың өзінен ырғақ тапқан. Бұл Шыңғыс Айтматовтың осы шығармасындағы ырғақ жүйесінің аса күрделі екендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтматов Ш. Боранды бекет. Алматы; Жалын, 1986.
2. Гиршман М.М. Ритм художественной прозы. Москва; Сов. п, 1982

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы ритма в романе Ш.Айтматова «Боранды бекет». Проблема ритма в художественном произведении еще недостаточно изучена в литературоведении.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы ырғақ мәселесі қарастырылады. Роман ырғағы уақыт пен ішкі иірімдерге астасып жататын ерекшелігін көрсете отырып, прозадағы ырғақ әдебиеттану саласында әлі еркін зерттелмей келе жатқан мәселе екендігіне назар аудартады.

ИЗ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ ЖАНРА ЛИТЕРАТУРНОГО ПОРТРЕТА

Базылова Б.К. – к.ф.н., доцент (г. Алматы, КазгосженПУ)

В развитии мемуарно-автобиографической литературы искусство портрета всегда имело большое значение, являясь показателем мастерства писателя. Во второй половине XVIII века портретные зарисовки становятся неотъемлемой частью художественной прозы. Нравственно-философские идеи внесловной ценности личности, значимости и неповторимости внутреннего мира каждого человека подкрепляются учением сентименталистов о психологической природе человека, внешним проявлением которой являются "лицо" и поступки литературных героев.

На развитие словесного портретирования в мемуарно-автобиографических сочинениях второй половины XVIII века свое влияние оказали также успехи отечественной живописи, прежде всего, камерного портрета, где первый план предоставлен не общественной, а частной жизни человека, нравственным ценностям личностного бытия. Seriously повлияло на развитие камерного словесного портрета учение Иоганна Каспара Лафатера, согласно которому, существует возможность постигнуть характер человека по его внешнему облику, строению головы, очертаниям тела, лица. И хотя многие русские мыслители, в том числе Николай Карамзин и Александр Радищев, скептически отзывались о "научности" этого метода, теория Лафатера подпитывала развитие литературного портретирования.

Русская мемуарно-автобиографическая литература требовала, с одной стороны, правдивости и точности деталей портрета, с другой стороны - предельной обобщенности, узнаваемости героев по внешним типовым признакам. Граф Б.П. Шереметев - если не первый, то одним из первых в России - стал одеваться по-европейски. Описывая его пребывание в Вене, "Записка путешествия генерал-фельдмаршала... графа Бориса Петровича Шереметева..." между прочим отмечает, что он был приглашен цесарем на обед и поехал во дворец, "убрався в немецкое платье". Там же сообщается, что на третий день по возвращении в Москву боярин был на банкете у Ф.Я. Лефорта "во упрании французском", то есть, вероятно, не только во французском платье, а и в парике. Несомненно, составитель "Записки", а

значит и редактировавший ее боярин ввели этот момент в свой рассказ потому, что считали его явлением необычным в русской жизни, и, конечно, со стороны Б.П. Шереметева проявилась в данном случае не столько привычка к иноземному платью, сколько желание продемонстрировать "европеизм". Главная мерка, с которой он подходит к людям - являются ли они "прямым образ человека". По должности ему пришлось отправлять в ссылку крупнейших государственных деятелей предшествующего царствования: Остермана, Левенвольда, Миниха, Головкина, судьба которых искренне трогает его.

Мемуаристы екатерининской эпохи оставили парадные портреты не только знатных особ, но и людей менее знаменитых, а то и вовсе неизвестных. Так, А.Т. Болотов с искренним удовольствием описывает гвардейских унтер-офицеров из личной охраны императрицы. Писатель не приводит описания лиц или деталей личного портрета, характера русских кавалергардов - для него важно показать внешний облик стражей русской императрицы и то общее отрадное впечатление, которое производили их молодость, красота, сила. Убеждение в абсолютной ценности русской гвардии не требует детального описания, ибо ей априори присвоены лучшие черты сословия и нации в целом.

Этикетные характеристики сопровождают рассказы о большинстве знакомых поручику Болотову офицеров. Эти портреты внеличностны, схематичны, это нечто вроде модели русского служилого дворянина. Болотов выделяет наиболее характерные, с его точки зрения, черты полковой верхушки: "добрый", "разумный" "тихий", "смирный", "добродетельный", "хороший". Изредка в портретных описаниях появляются индивидуальные, как правило, биографические, приметы: "породой швейцарец", "воспитанный в кадетском корпусе", "немолодых лет", однако они не меняют общего парадного тона портрета, выдержанного в традициях сентиментального искусства, где главный акцент делается не на деловые качества героя, а на его нравственные добродетели.

Во второй половине XVIII века, когда мундир определял положение светского чиновника или армейского (гвардейского) офицера, внимание литераторов часто переключается с обладателя мундира на сам мундир и его знаки отличия. Одежда определяла профессиональный, религиозный, национальный статус ее владельца, представляя собой явление социального и культурологического порядка. На развитие поэтики словесного портрета повлияла традиция европейского "костюмного жанра" и этнографических ученых путешествий. Художники и ученые основное внимание уделяли особенностям одежды, а изображению "лика" отводили второстепенную роль. Отсюда некая бесплотность парадного портрета, фиксация общего, социально и национально обусловленного в человеке.

Парадный портрет в русской мемуаристике выполняет две функции; первая, панегирическая, связана с этико-эстетической стороной художественного творчества и дает оценку действующему персонажу. Вторая - информативная, передает сведения о придворном или армейском этикете, указывает на атрибутику власти. Считается, что для панегирического портрета обязательна идеализация, ибо писатель изображает не то, что видел, а то, что ему следовало видеть или хотелось видеть, то есть не существующее, а должное. В русской автобиографии эти каноны нарушаются уже мемуаристами второй половины XVIII века.

Разумеется, огромное значение придавалось костюму в придворной жизни. Очень подробно рассказывает о своих нарядах Екатерина II. Зачастую эпизоды ее мемуаров, посвященные этой теме, содержат в себе не только описание платьев, но и некоторые обобщения, можно сказать, политического характера. Такой автопортрет далек от официальной парадности, его никак не назовешь внеличностным. Зато обилие деталей, эмоциональность, определенная доля кокетства и юмора свидетельствуют об отказе мемуаристики от этикетных канонов.

Я.П. Шаховской характеризует человека прежде всего как деятеля, "патриота", М.В. Данилов же одним из первых пытается охватить все многообразие человеческих связей, и портреты у него начинают служить выявлению сложности человеческого характера, социальной характеристике личности. В отличие от французской литературы XVII - XVIII веков, где жанр литературного портрета существовал самостоятельно, русская литература XVIII века подходила к нему, как правило, внутри большого мемуарно-автобиографического повествования, постепенно вырабатывая приемы воспроизведения конкретной личности во всем ее индивидуальном своеобразии.

Риторическая позиция литературы классицизма, позволявшая идеализировать образ монарха, наделяя его всеми мыслимыми добродетелями и совершенствами, и лишавшая этот образ индивидуальных черт, в русской мемуаристике второй половины XVIII века сменяется установкой на воссоздание образа индивидуализированного, психологически конкретного.

А вот портрет императрицы Елизаветы Петровны нарисован Болотовым вполне традиционно с точки зрения монаршей идеальности: "Роста она нарочито высокого и стан имела пропорциональный, вид благообразный и величественный, лицо имела она круглое, с приятною и милостивою улыбкою. Цвет лица белый и живой, прекрасные голубые глаза, маленький рот, алые губы, пропорциональную шею, но несколько толстоватые длани, а руки прекрасные... Внутренние ее душевные дарования были не менее благородны и изящны. Она имела живой и проницательный ум и столь хороший рассудок, что обо всем могла говорить с основательностью. Благоразумие ее подкреплялось мужественным постоянством и героической смелостью. Она была набожна без лицемерства и уважала много публичное богослужение. Одежда ее и убранство, также и пиршества, изъясляли хороший ее вкус. Она любила науки и художества, а особливо музыку и живописное искусство... Великодушие ее сердца и признательность к верным ее служителям не мог никто довольно на хвалить. Коротко, она была образцовая монархиня, в которой соединены были все свойства великой государыни и правительницы, хвалы достойной" (Болотов А.Т., 1993, с.350, 351, 325). Первая часть портрета выполнена в камерной манере, вторая - в парадно-официозной тональности. Описание это взято Болотовым "из иностранных писателей", что само по себе симптоматично, ибо указывает на интерес русских писателей к жанру европейского словесного портрета. Отзыв о Елизавете Петровне, содержащийся в записках Н.Р. Дашковой гораздо лаконичнее и намного "чувствительней": "Доброта и очаровательная нежность, которыми ее величество нас осчастливила, до того умилили меня, что мое волнение стало очевидным и своей интенсивностью не могло не отозваться вредно на мне" (Дашкова Е.Р., 1990, с.38).

Очень интересны своей наблюдательностью, собственной позицией, неоднозначным отношением к Елизавете Петровне воспоминания о ней Екатерины II. В отличие от упомянутых выше мемуаристов, Екатерина Алексеевна знала о душевных и интеллектуальных качествах "дщери Петровой" отнюдь не понаслышке и могла видеть ее и общаться с ней не только во время парадных придворных мероприятий. Сложные взаимоотношения двух женщин, казалось бы, должны были сказаться на тоне мемуаристики, тем не менее в воспоминаниях Екатерины II о Елизавете Петровне сквозит даже некое сочувствие, особенно ярко проявившееся в описаниях внешности императрицы, подчеркивающих ее женственность и грациозность. Как особенность портрета Елизаветы Петровны, выполненного великой княгиней, можно отметить почти полное отсутствие прямых оценок характера и нравственных качеств императрицы.

Появление женских камерных портретов связано с процессом эмансипации человеческой личности и влиянием на русскую дворянскую культуру европейской куртуазной Поэзии с ее культом Прекрасной дамы. Поэтический образ юной невесты Лорхен, искренне любившей непутового Григория Винского, воссоздан на страницах его автобиографии. Писатель вспоминает первую встречу с этой девушкой. В екатерининское время в женском интимном портрете отразился процесс резкого расширения сферы прекрасного, сказалась трансформация средневековых нравственных норм и понятий, конкретизировались объекты поэтизации (лицо, одежда, мимика, жест, речь и т. п.).

Ряд обаятельных женских портретов, изображающих принцесс русского двора, содержат "Мемуары" В.Н. Головиной. Среди них портрет принцессы Луизы, будущей супруги великого князя Александра Павловича, и императрицы Елизаветы.

Из классической литературы в русскую автобиографическую прозу пришел сатирический (или иронический) портрет. Традиция комических описаний была поддержана и активно развита в последнюю треть XVIII века, и в так называемый сатирический этап развития русской литературы, хотя в автобиографической прозе собственно сатирические портреты встречаются редко. Вообще многим мемуаристам XVIII века чувство юмора присуще в полной мере.

Семейный портрет - также новшество в жанре автобиографии второй половины XVIII века. Литература средневековья и первой половины XVIII века подобных портретов не знала, ибо считалось, что семья не играла особой роли в социальной жизни общества. Выдающееся лицо обычно выделяли из толпы. Подробно рассказывая о членах своей многочисленной семьи, М.В. Данилов создает в результате своеобразную портретную галерею. Причем это отнюдь не парадные портреты.

И.С. Кон, размышляя о формировании структуры и содержания индивидуального самосознания, пишет в связи с этим об искусстве портрета: "А как сложна историко-психологическая интерпретация портретного искусства! Появление портрета - явный признак интереса к человеческой индивидуальности. Но ведь варьируется и сам тип портрета: портрет может подчеркивать социально-типические свойства изображаемого лица, его социальный статус и приписываемые его сану добродетели или его особенность, неповторимость; раскрывать внутренний мир изображаемого лица или фиксировать свойства его внешности; быть возвышающим или разоблачительным" (Кон И.С., 1978. с. 123). Портреты в записках Данилова принадлежат к первому типу: он выявляет в людях социально-типическое. Говоря о своих родственниках, мелких помещиках, мемуарист сообщает о них множество будничных, но социально значимых мелочей: чем владел, на кем женат, какое приданое за женой получил, и т. д. Лишь рассказ о необычной судьбе женщины-"амазонки" выпадает из общего стиля, кажется вставной новеллой. А.Т. Болотов создал ряд семейных портретов, среди которых выделяются групповой портрет князей Гагариных, в чьем подчинении находился мемуарист. Из всей гагаринской семьи доброе слово у писателя нашлось только для Сергея Васильевича Гагарина, сенатора, действительного статского советника. Все остальное его семейство, презрительно относившееся не только к крестьянам и разночинцам, но и к среднепоместному дворянству, писатель критикует за аристократическую спесь. "Все они, - пишет Болотов, или, паче, набиты будучи княжескою спесью и не удостаивали меня не только своими ласками, но даже вхождением со мною в разговоры... Старший из них князь Василий казался мне совсем недалекого разума и набит даже глупым высокомерием... Князь Сергей был всех их бойчее и самая пылкая и огненная голова, и набит был так много придворною пышностью и

спесью, что к нему не было и приступа. Третий, князь Павел, служил тогда в каком-то полку полковником, был также беглая и бойкая голова... Четвертый, князь Иван, показался мне сколько-нибудь простодушнее прочих, чему причиною, может быть, было то, что служил он в морской службе и был несколько охотник до наук. Наконец, и самая старушка княгиня показалась мне ни рыбою, ни мясом, и набитою также одною только княжескою спесью, простиравшеюся даже до того, что никогда не удостоила меня не только каким-нибудь приветствием, но ниже словом" (Болотов А.Т., 1993, т.1, с.51).

В созданном Болотовым портрете семьи Гагариных сказалась принципиальная позиция автора, не желающего подробно фиксировать черты недостойных людей, от которых ничего, кроме высокомерия, он не видел. Мемуарист ограничился лаконичной характеристикой умственных способностей и нравственных качеств своих героев и, не вдаваясь в детали, в качестве "семейной" черты Гагариных выделил их непомерную спесь.

Приемы создания индивидуального портрета у писателей-мемуаристов не имеют характера однонаправленного художественного поиска новых средств выразительности. Иногда встречаются попытки выразить индивидуальное начало в портрете через описание одежды, как, например, делал Г.С. Винский: "В тогдашнем моем наряде и с моим видом всяк почел бы меня разбойником: испачканный кровью халат, изорванная такая же рубаша, почти босый, ибо бывшая на мне для дороги туфли в барахтанье потеряны" (Винский Г.С. 1914, с.50). Индивидуализация портрета может идти через перечень морально-этических качеств героя, что часто встречается, скажем, в записках А.Т. Болотова: "Офицер Лихарев был человек весьма разумный и в компании веселый и портретные, живописные черты также подчеркивало описания. По словам того же Болотова, князь Мышецкий "мужчина был тонкий, но превеликий и сильный и. будучи несколько кос, имел и в добрую пору лицо не весьма приятное" (Болотов А.Т. 1993, т. 1, сс.71, 113).

Заслуга А.Т. Болотова - создание в автобиографической литературе портретных очерков. Словесный портрет отца писателя, полковника Тимофея Петровича Болотова, начинается с описания внешности: "Был он роста высокого и собой плотен, лицом был смугловат и кругл, волосы имел черные, глаза большие темно-карие и наполненные некоей благоприятностью, привлекающей к нему с первого взгляда; любовь ото всех. Вид он имел осанистый, был собой взрачен и мог одним видом привлекать к себе почтение; голос имел важным и

степенный, но в произношении слов немного картав. Однако это было почти не приметно". Болотов-сын говорит об "остром и просвещенном разуме" своего родителя, о его хорошем знании немецкого языка. Много внимания уделяет автор нравственным качествам старшего Болотова: его поразительной честности, откровенности, благородству и справедливости. "Он не умел льстить, - вспоминает сын, - ласкаться, гнутья и согибаться наподобие змеи и потом жалить и язвить или, по примеру кошек, сперва ласкаться и виться около души, а потом вредить и царапать". Основа нравственных принципов полковника, по мнению писателя, — набожность. Характер отца Болотов определил так: "Нрава был он не угрюмого и не слишком веселого". В числе его склонностей: любовь к псовой охоте, верховой езде, игре на флейте и увлечение хоровой музыкой. Мемуарист пишет о взаимной любви своих родителей, горячей их привязанности к детям, добрых семейных отношениях.

Завершает этот пространственный портретный очерк обращение автора к потомкам: "Вот слабые и немногие черты характера моего родителя... изображая оные, касался иногда самых мелочей и безделок. Я делал сие не без причины. Письма сии назначаются мной не для одних вас, но вкупе и для детей моих и потомков... Для

нас... мила и любопытна и самая малейшая черта из жизни наших предков, то и рассудил я заметить все, что я мог только помнить".

При этом Болотов, отнюдь не идеализируя своих родственников, стремится на практике реализовать эстетический принцип подобия натуре. Вот, например, его рассказ о двоюродном деде, полковнике Никите Матвеевиче Болотове: "Он был человек немолодых лет и из числа старинных, а не новомодных людей. Житья был честного, но весьма строптивого. Нрав имел горячий, вспыльчивый... почитаем был от всех весьма строгим, но притом своенравным и упрямым человеком. Но что всего хуже, то дух его был заражен непроницаемым лукавством, для которой причины ни с одним человеком не обходился он поверенно, но всегда содержал себя в некотором удалении. С ей порядок с лучшим покрывалом, обходясь с незнакомыми и по-необыкновенно лаской и униженностью, и потом казался ангелом, а не человеком. Но потом оказывалось, когда доходило кому иметь с ним дело ближе или кто, по несчастью, попадался к нему в команду" (Болотов А.Т., 1993, т.1, с.63-64, 67. 101). Мемуарист, которому, по его признанию, сам Никита Болотов ничего плохого не сделал, не лукавит, а честно повествует о двуличности своего ближайшего родственника, раскрывает противоречивость характера деда.

В период господства в русской литературе сентиментализма с его культом высокой нравственности для писателей-мемуаристов актуален вопрос об оценке современников с этологической точки зрения. С этим связаны типичные для болотовских персонажей характеристики: "учитель человек тихий и весьма добрый", "канцелярист характер имел очень добрый и был тихого, скромного, простодушного поведения"; ученик - "малый весьма ветреный и бойкий" (Болотов А.Т., 1993, т. 1. с.49, 73, 495) и т. п. Для писателя важны прежде всего нравственные качества человека, об умственных способностях героев он говорит редко, в отличие от авторов классицистических словесных портретов.

Литературный портрет как жанр мемуарной прозы занимает особое место, так как наиболее убедительное портретное сходство достигается, именно когда писатель выступает в роли мемуариста, которому довелось не только видеть характеризуемого человека, но и общаться с ним, наблюдать его в различных ситуациях, говорить с глазу на глаз. Классики русской литературы рассматривали литературный портрет как данную в форме мемуарного очерка характеристику конкретного человека. Несмотря на индивидуальные особенности осмысления жанра и композицию литературного портрета. Запавшие в память наблюдения и впечатления служат материалом, с помощью которого идет тщательный отбор творчестве разных писателей, существо его остается неизменным. Живая натура, познанная в близком общении, определяет и конечную цель, и выбор средств деталей, воссоздающих образы современников. Но, используя личные воспоминания, портретисты стремятся к обобщению, к тому, чтобы нарисовать законченные портреты. Это обобщение осуществляется в определенных формах и рамках, так как литературному портрету всегда свойственна все-таки незавершенность, фрагментарность. Чаще всего портретист пытается передать основные черты характера человека, наиболее запомнившиеся ему особенности личности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Болотов А.Т. Жизни и приключения Андрея Болотова, описанные самим им для своих потомков: в 3-х тт. - М., 1993. - 323 с.
2. Винский Г.С. Мое время. Записки. СПб., - 1914. - 159 с.
3. Записки Дашковой Е.Р. // XVIII век. Сборник 15. - Л., 1990. - 291 с.
4. Кон И.С. Проблема мемуарного жанра в русской литературе первой половины XVIII в. - М., 1978. - 245 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада XVIII ғасырдағы орыс әдебиетінде портрет жанрының қалыптасу процесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассматривается процесс становления портретного жанра в русской литературе XVIII века.

Ғ.МҮСІРЕПОВ ӘНГІМЕСІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ ТАНЫМ

Балтабаева Г.С. ф.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

«Ғабит Мүсірепов – қазақ совет әдебиетінің қаз тұр бастаған кезінен күні бүгінге шейін оның дамып, қалыптасуын аса үлкен үлес қосқан сөз зергері» – деп, академик Серік Қирабаев айтқандай, қазақ прозасында өзіндік дара соқпағы бар жазушы Ғабит Мүсіреповтің шығармаларының ішіндегі «Қыран жыры» мен «Өмір жорығының» алар орны да, көтерер жүгі де ерекше. Өйткені, бұлар жай ғана көркем шығарма емес, философиялық әңгімелер. Қос туындыны біріктіріп тұрған нышан – тақырып ортақтастығы, идея сонылығы. Бұл әңгімелер – өмір турасындағы толқыныс, ұрпақ жалғастығы сынды көкейкесті мәселелер асқан шебер философиялық толғаммен, қаламгердің кірпияз талғамымен шебер үндесіп, жымдасып кетеді.

Ғ.Мүсіреповтің бұл екі туындысы қазақ әңгімесіне жетпей тұрған көркемдік бояуларды жинақтаудың тәжірибесі, ойды символикамен жеткізу әдісін батыл игерудің жемісі іспетті. Автор ойын жарыққа шығарудың тәсілі ретінде символиканың қолдануы әбден занды. Ол туған әдебиетімізде бүгін ғана пайда болған емес, фольклорлық шығармаларымызда да бар нәрсе.

Жазушының осы қос әңгімесіндегі көзге түсетін, көңілге ұялайтын айрықша жәйттер – символикалық пен философиялық сипаттарының берік жымдасып, табиғи кіәріге түсуі. «Қыран жыры» мен «Өмір жорығындағы» өзгешеліктің бір ұшығы да осында.

Шығарма күші – шынайылықта. Сырт қарағанда өзімізге таныс, өмірде жиі кездесетін қарапайым ғана оқиға. Жазушы шеберлігінің өзі – осы шағын оқиғаны үлкен философиялық мәні бар көркем туындының негізіне айналдыра алуында.

Әңгіме өзеге – шебер жазушы шегіне жеткізе суреттеген қыран өмірі. «Қыран баласына дүние әрі кең, әрі тар. ...Қарны тойса қалғып сала бермейтін ұрпақ керек. Оңай көріп сарышұнақ аулап, ін күзетпейтін ұрпақ керек. Қыран баласы осыны ойламай біледі Қыран баласы осыны ойламай істейді» /2:270/ – деп, қырандардың қырандар ұрпағының тірлік-тынысы бізге беймәлім сырымен көз алдымызға понорамма тәрізді жайып салынады. Автор бұл шығармасында қыран құс өмірінен қызықтау ғана емес, «қырандықдеген не?» деген сауалға жауап береді. Демек, бұл туынды – адамдар туралы терең толғанысқа толы философиялық әңгіме. Қыран – адам. Қаламгер айтпақ ойын көзге ұрардай жарқыратып, ашып тастамайды, көлегейлеп, астарлап, символмен ұсынады. Зер салып, байыппен қарасаңыз – автор адамдар өмірін құстар мен хайуанаттар тіршілігі, табиғат тылсымын қатар алады да, «Адам деген асқақ ұғымға ие болған соң, кісінің барша пиғылы, ойы, ісі, тіршілік тынысы, арманы шынайы

қырандардай асқақ, таза болса екен, қияға көз салып, қырымға ұшса екен» дейді. Жазушы мұраты – осы жайды аңғарту, болашақ ұрпақ үшін, бүгінгі ұрпақ үшін адамдық, сергектік, биіктертілер жүрек үні.

Шағын ғана бес беттік әңгімеде Тасқара мен Сарбалақтың бейнесі шендестіріле қатар ашылады да, жанама кейіпкер «кәрі бүркіт» алынады. Кәрі қыран – табиғат заңдылығымен кәріліктің, даналықты символы іспетті. «Өзің аспанда, ойың төменде жүргенше, өзің төменде, ойың аспанда жүрсін, жаным. Биік деген немене, төмен деген немене сонда түсінерсің...» – деп, қыран аузымен айтылатын құндақтаулы, ең түпкі идея осы. Бұл үзіндіден уақыт заңы, алдыңғы мен кейінгі буын арасындағы қарым-қатынас, олардың бірін-бірі сыйлап, құрметтей білуі, орынды іс пен орынсыздық және көргені, бастан кешіре білгенге қанағат туралы жыр десе де болады. Бірінші орында қыран арқылы адамдық мінез-құлқ пен адамдық іс-әрекеттер сөз болған. Автор туындыда қарама-қарсы мінездерді әрекетке салады. Кейіпкерінің бейнесін қарама-қайшы шендестіре отырып тұлғалайды. Сарбалақ пен Тасқара – қарама-қарсы характерлер иелері. Содан келіп туындайтын қарама-қарсылық. «Жазғытұрғы екі сары үрпек балапаны қазіргі қоңырайған-қоңырайған құс болып қалыпты» – деп, автор осы екі балапанның өсу кезеңін дамыту (градация) арқылы берген. «Ойнағылары келіп, ұшқылары келіп дамыл таппайтын ересектеніп қалған...» – деп, дамыта келе ары қарай қаламгер ата-ананың баласына деген арманы мен тілегін асқан шеберлікпен философиялық дәлдікпен ұштастырады.

«...Тезірек ұшса екен, дүние таныса екен. ...Ата-ана қарлы-боранды дауыл күтеді. Қара дауыл соғып тұрғанда ықтап-ығысып отырған қос қоңырды желге қарсы итеріп жіберу керек. Қанаттарын еріксіз қағатын болсын. Кеудеден тіреген қатты жел құлатпайды да, қанат қаққан сайын жоғары көтеріп әкете береді. Сонда балалар қорқып шырылдар ма, қуанып саңқылдап жібере ме? Ата-ана осыны күтеді, қуана күтеді. Бұл олардың алты ай күткен арманы. Алты айғы азаптың бар төлеуі осы ғана...»

Бұлар – жазушының жүрек сыры, жас ұрпаққа жеткізейін деген көкірек лебі, тебіренісі. Автордың ата-ананың баласына деген абзал қасиеті сияқты тым нәзік, құпиясы көп құбылысқа өз көзқарасы, ой қорытындысы бейне, күшті кейіпкер. Көкқасқа бейнесінде ел үшін, жас ұрпақтың болашақ қамы үшін жорық шегіп, сол жолда құрбан болуға бар азаматтың бейнесі бар. Әңгіменің басынан аяғына дейін тартылған желі – Көкқасқаның әрекеті. Көкқасқаның жорығын бірқалыпты дамытып, өрбітіп, көтеріп отырады.

Шығармада автор сүйсіну мен жиіркеніш сезімді қатарластыра психологиялық параллелизм түрінде қарастырған. Көкқасқа бейнесіне қарама-қарсы Минога бейнесін автор ұтымды ашқан. Көкқасқа мен екеуінің мекені бір, түпкі тегі мен жынысы бір. Алайда, екеуінің тіршілік мақсаты басқа.

Миногаға қаламгер мынадай психологиялық мінездеме береді: «Аты балық атанғанымен сүліктей жіңішке, қылыштай ұзын Минога дейтін залымдар да тосқауылда жүр екен. Бұл бір үлкен пәле. Қылаңдап келіп, жымып келіп балықтың желбезегіне жабысады да, желімдесіп қалады. Қашан өзі ажырасқанша одан құтылар шара жоқ. Жабысқан басы шектей шұбатылып ұрық шашар тұщы суларға жетеді де, жас уылдырықты қиядай сыпырады. Көкқасқа бұл пәлені де ішіне түйеді».

Осы әрекетімен-ақ Миноганың бар түр-тұлғасы, ішкі дүниесінің қару-қалтарысы түгел ақтарылып болғандай. Оның дәл осы әрекеті «ұрпақ қамы» деп шырылдап жүрген Көкқасқаның бүкіл арманын аяқ асты етеді. Әрі осынау көріністер әңгіменің фоны ретінде әдемі үйлесімін табады. Жеке көрініс, іс-әрекеті арқылы жазушы Минога тәрізділердің характерін осылай ашады. Минога арқылы автор қу құлқыны үшін тасаланып, күліп жүріп, кішірейіп, моп-момақан,

сып-сыпайы боп, бір жүріп екі асап жейтін пайдакүнемдердің символдық бейнесін берген. Тасаланып жүріп, біреудің арқасында күнін көру – олардың әдетіне айналған, қанына мықтап сіңген әдет. Миногалар өздеріне төнген қауіп-қатердің жоғын, өзгелердің бейғам екенін білсе-ақ, олар бірде еркінсиді, жаңа мінез танытады. Тіпті олар адал нәрсеге, болашағы мол балаңдау, жастау нәрсеге тап беруге, жойып жіберуге әзір. Балықтардың желбезегіне жабысып, жас уылдырықты жейтін Минога – қазақ халқына жабысқан орыстың тоталитарлық дерті, жас уылдырық – бұл жерде дәстүрі мен ана тілін жалмап, жұтуының символын мегзегенді. Автор осы шағын екі деталь арқылы ізгі мақсат пен әлеуметтік мәні бар таласты бейнелеген. Шығармада Миногадан асып түспесе, кем түспейтін Көкқасқаның аран ауыз, керазу деген жаулары бар. Оларға керегі жем. Оларға тиімдісі – осындай қарбалас кезең. «Ең қатерлі жаулар да осылар. Қырғын майдан үстінде қыраттар семіреді» – дейді автор.

Жоқтан, кездейсоқтықтан пайда болып, оңай олжаға, жалған атаққа ие болатындар мен жорық жолында өмірін сарп ететін Көкқасқаның қаракеті – әңгіме сюжетіндегі негізгі буынның бірі.

Міне, осы үзіндідегі айтар ойдың мәнділігі, көздеген мақсаттың айқындылығы шығарманың көркемдік қуатын, эстетикалық әсерін молайта түсіп отыр.

Қыран құстың балапанын дауылда аяқтандыруы тегін емес, автор бұл арада дауылды – сыны мол өмірдің символы ретінде алып отыр. Алдағы күтіп тұрған қауіп-қатерге тойтарыс бере ала ма, жоқ па? Қиындық, ауырлықты төзімділікпен женуге қажыр-қайраты жете ме екен, сірә, деген сауалға жауап іздейді.

«Дауылда ұшырған балапандарымен қатарласа ұшып келе жатқан ата-анада қуаныштан басқа бір сезім қалмаған сияқты» – деп аяқталатын бұл үзіндінің ауқымына әңгіменің барлық өміршеңдік философиялық сонылық идеясы, тақырып ерекшелігі сыйып кеткендей. Автор бұл шығармада жас ұрпақ алдындағы әрбір ата-ананың жауапкершілігі, оның болашағы үшін жанымен жауап берушілігі жайындағы тамаша идеяны батыл қойып отыр. Шынында да ұрпақ алдындағы ұлы жауапкершілікті сезінуден, ұрпақ мүддесі үшін жан-тәнімен қызмет етуден, қажет жағдайда өзінді де құрбандыққа шала білуден артық абырой жоқ деген Мүсірепов концепциясына қм қарсы болар екен? Өзіме болмаған ұрпағыма болса екен, өзім шықпаған биікке ұрпағым шықса екен деген ата-ананың арманды тілегін дәл көрсеткен. «Қыран жыры» – өлең сияқты тез-ақ оқылатын қып-қысқа әңгіме. Осы шағын туындының өзінде жалпақ дүниенің суреті, жарық жалғанның жұмбағы бар. Тіршілік поэзиясының суреттері адам баласының бойындағы кіршіксіз тұнық сезімдердің көзін ашқандай, өмір мәнін ұқтырғандай. «Қыран құс жасырына білмейді, сығалап сықылықтаған ұры көздері де, күнкілі тынбас күндес көздерді де ұнатпайды» /1:274/ – деп, автор көтерген мораль мәселесі мегзеумен, символикамен жанама берілген. Осы бір үзіндіде қаншама өмірдің өткір философиясы, ащы шындығы бар. Бұл әңгімеде негізгі арқау болатын нәрсе – өмірге құштарлық, өмір үшін күрес мәселесі. Тіршіліктің сұлулығы мен мән-мақсаты, жарасымдылығы күресте екендігін автор негізгі идея етіп алған.

Осы «Қыран жырының» жазылу тарихына оралсақ, Ғабит Мүсірепов Алтай өңіріне барған сапарынан алған әсерінен жалылған Ғафу Қайырбеков «Аға туралы әңгімелер» атты естелігінде («Жұлдыз», 1975, 199-200-бб) айтқан болатын.

Ғабит Мүсіреповтің «Қыран жыры» тәрізді терең толғамды, қастерлі туындыларының қатарына жататын тағы бір сүбелі шығармасы – «Өмір жорығы» әңгімесі.

Шығармадағы басты кейіпкер – атабалық Көкқасқа. Су астындағы тіршілігіне қарап, оны балық деп қабылдамай, өмір үшін болатын жорық үстіндегі ақылы мен батылдығы бар адамның өмірін символикалап көрсетіп отыр автор. Көкқасқа – ұмытылмас Көзқасқалардың ойлайтыны – үнемі бұқараның, қауымының қамы. Сергектігі де, көш бастар көсемдігі де сол бұқараның қамын ойлайтын қасиетінен танбайтындығында.

Қысқасы, «Өмір жорығы» мен «Қыран жыры» өмір шындығын ұлттық жаратылысымызға сәйкес психологиялық суреттеудің айқын деректі сипаттамасы. Көкқасқа, сарбалақ бейнелері әр түрлі адамдар тағдырын елестетеді. Автор сол арқылы ойлантып, толғантады. Бұл екі әңгіме – адам баласына тән іс-әрекеттерді жанамалап, астарлап көрсете алғандығымен көркемдік шешімінің философиялық шешімге айналуымен құнды. «өмір жорығы» мен «қыран жыры» әңгімелерінің арасында идеялық сабақтастық сезіледі.

Ғабит Мүсіреповтың бұл әңгімелерінде тоғышар, желбуаз жандар психологиясының батыл сыналып, осы жарамсыз мінездерінің туу, етек алу себептерінің жан-жақты қарастырылуы әбден орынды. Жеке бастың қамын күйттеу, жауапкершілік сезімді аяққа басу бар. Бұл мінез осы шығармаларда сынға алынған. Автордың айтпағы – өмірдегі адамдардың тағдыры, адамдық мінез болмысы, ұрпақ жалғастығы. Теңеп айтқанда, қыран мен күйкентайдың, тұлпар мен жабының арасындағы іштей тартыс, олардың ара салмағы туралы сыр шертеді.

Ғабит Мүсіреповтің айтар ойды, суреткерлік өз көзқарасын тұспалдап, психологиялық контраспен жеткізуі, философиялық символикаға ден қоюы қазақ прозасына қосқан дара сүрлеу соқпағы дер едік. Символикалық сипат – әңгіме еңсесін биікке көтеретін факторлардың бірі. Ғ.Мүсіреповтің символдық әңгімелері ой ұшқырлығымен, сырлы сазымен, бейнелі ойымен шағын жанрдың шеңберін кеңітіп тұр. Қазақ әңгімелерін символикалық сипат енгізушілер дегенде, Ғабит Мүсірепов есімін ерекше атау ләзім. Жоғарыда сөз болған қос әңгіменің сұңғыла сұлулығы да символикалық рухына тікелей байланысты деп қорытынды жасауға толық негізі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Қирабаев. Революция және әдебиет. Алматы: Жазушы, 1977.
2. Ғ.Мүсірепов. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1978.

ТҮЙІНДЕМЕ

Ғ.Мүсірепов әңгімелеріндегі символдың алатын орны туралы сөз болады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению символа в рассказах Г.Мусрепова.

ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бегманова Б.С.- ф.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Қазақ лирикасының шарықтауы 60-70 жылдардан бастау алғандай. Бұл жөнінде белгілі зерттеуші ғалым Б.Кәрібозұлы: «Қазіргі қазақ өлеңінің жапырағын жайқалта түскені 60-жылдардан бергі уақытты қамтиды. Қазақ лирикалық поэзиясының философиялық тереңдігі артып, мазмұнының баюы, түр жаналықтарына еркін баруы, уақытпен үндестігі – публицистикалық сипатының молаюы, ақындардың даралыққа ұмтылуы, ең бастысы ұлттық дәстүрге бірыңғай бет бұруы – 1960-жылдардан басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан қазақ өлеңдерінің сапалы қасиеттері» [1, 88 б.] деп баға береді. 60-70 жылдар – халықтың көңілі оқу-тоқуға ден қойып, жаңаша көзқарастар мен талаптарға, терең зерделеуге айналған кезең. Сонымен қатар, поэзияға бұл кезеңде қадам басқан ақындар поэзиядағы алдыңғы аға буынмен салыстырғанда, бұрынғыдан тақырып аясы кеңіп, ақындардың өлең өрімі жаңаша өріліп, ірі қадамдарымен, көркемдік ерекшелігімен, тақырыптық жаңашылдығымен, ұйқас өрімі, тармақ, бунақ, ырғағымен поэзияға жаңа леп әкелді. Яғни, жаңа кезеңдегі қазақ поэзиясының толыққанды арнасы ретінде дәстүрден жалғасын тауып, жаңашылдыққа бет бұрды. Осы кезеңде поэзияда қалам тербеген ақын М.Мақатаев:

Поэзия!
Менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе,
Неге іздедім?

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таулардан сені іздедім.
Сені іздедім кездескен адамдардан,
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.
Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,
Сені іздедім жоғалған замандардан

деп жырлайды. Ақын көңілі шарқ ұрған сезімге толы. Поэзия әлемінен жаңа бір тебіреніс, соны соқпақ іздейтіндей. Ақын сол жолын тапты да. Поэзия – ақын жүрегінің дүрсілі. Оның әрбір соққан жүрек үнінен, алған тынысынан ақынның поэзияға деген шексіз махаббаты сезіледі. Ақын сол махаббатын жырға айналдырып, көңіл көкжиегінен ұшырады. Ақын жанын мазалаған өлең дертіне емді поэзиядан іздейді. Ақынның бар арманы, асыл сезімі, жанын торлаған мұңы, қайғы-шері поэзияда жыр жолдарымен өріледі. Жанын жадыратар жылы шуақты да поэзиядан табады. «Сені маған егіз ғып жаратқан ба?!» деп жырлауы сондықтан. Өлеңнің осы бір жолынан ақынның бүкіл болмысы көрінетіндей. Алауыртқан таулардан үміт күтіп, қарауытқан таулардың көлеңкесін кезіп қиялымен егізін іздеп шарқ ұрған лирикалық кейіпкер бейнесі арқылы ақынның жан дүниесіндегі құбылысты түсінгендей боласыз. Ақын қиялы шартарапты шарлап «бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан» өз сыңарын іздейді. Найзағайдың жарқылына құлақ түріп, ақ нөсер болып төгілген ақ жауынның арасынан іздейді. Екі жастың махаббатынан, олардың арманы мен сағынышынан, жадыраған сәттері мен жабырқаған кездерінен іздейді. Ақын жанының поэзияны шарқ ұрып іздеуі, әр құбылысқа алаңдап, әр сезімнен үміт күтуі өлең бойында өте шебер бейнеленген. Өлең бойындағы алауыртқан таң, қарауытқан тау, сылдыр қаққан бұлақтар, бақтар, алаңдар, шырақтар, оттар, жалаулар, махаббат, сағыныш, арман, бәрі де, поэзия әлемінде ақын жанымен бірге, ақын жүрегімен үндесіп жатыр.

Ақын бойындағы бұл сезімдер де поэзиямен егіз. Сондықтан да ақын поэзияны осы сезіммен ұштастыра жырлайды.

Махаббаттан іздедім, сағыныштан,
Арманымнан іздедім алып ұшқан!
Сәттерімнен іздедім жаңылысқан,
Сені іздедім жадырау, жабығыстан.

деген жыр жолдары ақын жанының шарқ ұрып, ізденген сәттері. Поэзиядағы шынайылығы, оған деген шексіз махаббаты. Сонымен қатар, ақынның ерекше қасиеті – поэзияға деген жан сезімін өлең жолында суретті сөздермен сомдай отырып, келістіре жырлауында.

Сені іздедім зеңбірек гүрсілінен,
Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.
Қуаныштан, түршігу – күрсінуден,
Жүректердің іздедім дүрсілінен

Он бір, он екі буынға құрылған өлең жолдарының соңғы буыны бірыңғай ұқсас сөздермен аяқталып, әр тармақтың соңы шұбыртпалы ұйқасты құрайды.

Ақын М.Мақатаев жырлары сырлы сезімге толы. Ақынның қай өлеңіне көз жүгіртсеңіз жыр астарынан адам өмірін көресіз. Адам тағдырын, адам ғұмырын ақын кез-келген жырына арқау етеді. Ақынның бұл ерекшелігі жеке бір адамның тағдырын, ғұмырын ғана емес, жалпы қоғам, заманның мәселесін жырлайды. Жалқылықты жалпы тағдырға айналдыра жырлауы да азаматтық қасиеті, ақындық тапқырлығы. Себебі, адам жанының тылсымына бет қойып, оның ой-аңсар, сезім сырларын зерделеп, жеке адам бойындағы осы қасиетті заман, қоғаммен байланыстыра жырға қосу тек қана ақынға ғана тән қасиет. Оның «Армысыңдар, адамдар» атты өлеңі де адам бойындағы асыл қасиеттерді тарих беттерімен сабақтастыра жырлайды.

Күн батты ма, түн келді ме, таң атты ма қайтадан,
Құдіретті тірлігіңе кірістің бе қайта, Адам?
Арма өмір, бар әлемді бауырына алып шайқаған?

Әрбір әрпі қанға шомған тарихыңа қараңдар,
Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар?
Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар,
Адамдар!

Ақынның он бес-он алты буынға құрылған үш тармақты жолдардан тұратын бұл өлеңінде қазақ даласының тарихын, ата-бабамыздың ерлік жолындағы іздерін өлең жолдарына айналдыруда ақын шеберлік танытқан. Күннің батуы мен таңның атуы, адамдар тіршілігі өлең жолдарында суретті сөздермен өрнектелген. Рауандап таңғы нұрын жер бетіне шаша жаңа атып келе жатқан күнмен тіршілігі біте қайнасқан адамдар өмірінің мағынасын «құдіретті» сөзімен аша түседі. Жәй ғана тіршілік сөзі күнделікті күйбең өмірдің көрінісінен аса алмас еді. Ал, «құдіретті» сөзі күнделікті күйбең тірліктің мағынасын тереңдетіп тұр.

Анамыз – Жер, сол Анадан жаратылды, туыстық,
Алайда біз қан да төктік, қалжырадық, ұрыстық...
Армысың сен, арамызда жалғыз перзент –
Тыныштық!

Ата-бабаларымыз еліміз, жеріміз үшін қаншама қиыншылықты басынан өткерді. Қаншама батыр бейбітшілік, тыныштық үшін жанын қиды. Ақында осындай күреспен келген тыныштықты сақтайық деген ой, арман бар. Ақынның бар тілегі, ақ пейілімен ақтарыла айтатыны тек қана тыныштық. Оны жас баладай әлдилеп, тербеткісі келеді. Ақын жанын толқытар мәселе де осы. Сондықтан ақын тыныштықты «Арамыздағы жалғыз ғана перзент» дейді. Перзентке күтім

керектігі сияқты, тыныштықты қадірлей, ынтымақпен өмір сүру керек. Ақынның айтпақ болған ойы осы. Сол себепті ол:

Әлем – дархан, саяландар, бәріңе де орын бар,
Қорған емес, салтанатты, сәнді сарай соғыңдар
Ей, Адамдар, сендер тату,
сендер тату болыңдар

деп ағынан жарыла, барша жанға шын жүрегімен татулық, тыныштық тілейді. Түсіне білген адамға жердің кеңдігін айта отырып, тек көңілің кең болсын дей отырып, әлемнің шексіздігін ақын бір-ақ ауыз жолмен жеткізеді.

«Өлеңдегі өнер тақырыбы – өмірі өлмейтін тақырып, өйткені өлеңнің өзі өнер емес пе! Қандай бір тақырып болмасын, оның көркем дүниеге айналуы әмәнда шеберлікке байланысты екені хақ» [3, 100 б.]. Олай болса, қандай тақырыпқа қалам тербеп, оқырман көңілінен шығып жатса ол да ақынның үлкен шеберлігі, жырларының құдіреті. Кез келген оқырман көңілінен шығатыны әр жыр жолдары терең философиялық ойға құрылғандығынан. Ақын «Сырласу» өлеңінде:

Аспан мен Жер,
Уақыт, заман жайлы,
Өзім жайлы,
Сен жайлы, анау жайлы,
Бүгінгі ұрпақ,
Бүгінгі Адам жайлы,
Азды – көпті алдыңда айтылған сыр,
Сотыңнан сенің сақтап қала алмайды.

Соны ойлап сорлы көңіл алаңдайды.
Білесің бе?
Жыр жазу – маған қайғы!
Мысалы, Анам жайлы
Сөзбенен сурет салып, ой түйсем де,
Анамдай бәрі бір ол бола алмайды.

Мен ішімнен өртеніп, алаулаймын,
Өз отыма жылынып, манаураймын.
... Шындықтың ауылында қазына бар,
Шыр айналып, соны іздеп алаңдаймын.

Ақын жан сырын өлең жолында өрбіткен. Ақынның қасиеті оқушысымен ашық сырласады. Көңіліне еш нәрсені бүкпей, ойындағысын ашық айтады. Поэзиядағы сыршыл мінезімен оқырманын баурап әкетеді.

Аспан, жер, уақыт, заман, бүгінгі ұрпақ, бәрі де, ақын көңіліндегі күрделі тақырыптар. Ақын солар жайлы ойланады, толғанады. Қоғам кемшілігіне алаңдайды. Ол ойын оқырманына жыр жолдарымен сыр етіп шертеді. «Ондай алаң көңілмен «Жыр жазу – маған қайғы» деп жырлауы сондықтан. Сол қоғамның өзекті мәселелері ақын жанын өртейді, ол поэзияға айналады. Қаншалықты сөзбен сурет салғанмен, сөздің асыл маржанын тізбектегенмен, «Анамдай бәрі бір ол бола алмайды» деп толғанады. Жер бетінде анаға тең келетін еш нәрсенің жоқтығын жырымен ұқтырады. Ақын бұл жерде ана қасиетін жалпы ортақ мағынада алып отыр. Жер, су, аспан, адам, заман мағынасын ортақ бір арнаға, тоғыстырып, әлемнің анасына балайды. Жалқылықтан жалпылыққа көтеріліп, бүкіл әлем анасының бейнесін жырлап отыр.

Ақын жүрегінің поэзияға деген сезімі де жыр жолдарында айқын, бедерлі. Поэзияның рухын биікке көтеріп, асқақтата жырлау, жүрегіндегі сезімін, көңіліндегі сырын жыр жолдарына төгу, ақиық ақынға ғана біткен қасиет. Сол қасиетімен баурап, адам жанын зерттеген. Адам жүрегіне үңіліп, оның жаратылысының қыр-сырын білуге ұмтылған. Поэзияның адам жанын баурап алар сиқырлы күші оның айтар ойы мен берер мағынасында. Сол қасиетті сиқырлы сөздермен өрбіте білуінде.

Өлең деген тумайды жайшылықта,
Өлең деген тулайды қайшылықта
Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан,
Күнделікті тірлікке бой суытпа

Өлеңнің өмірге келуі де жас сәбидің дүниеге келуіндей. Ойланады, толғанады. Қайшылық сәттерді ой безбенінен өткізіп барып өмірге өлең келеді. Алайда, осы сәттерді басынан өткерген ақын, күнделікті күйкі тірліктен бойын аулақ салады.

Жалпы, М. Мақатаев жырларының азаматтық үні күшті, ішкі қуаты зор, сөздері айқын, ойы сергек, шарқ ұрған сезімге толы. Ол асқақ ой-пікірлерін бейнелі мән-мағынамен поэзия күші арқылы көкке көтереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы, 1997. – 303 б.
2. Мақатаев М. Қарасаздан ұшқан қарлығаш. – Алматы: Жалын, 1999. – 220 б.
3. Күмісбаев Ө. Ортақ арна. – Алматы: Жазушы, 1985. – 375 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 60-70 жылдар қазақ поэзиясындағы жаңа дәстүр мен идеялар қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются традиции и новаторство в казахской поэзии 60-70-х годов.

ЖАҢЫЛТПАШТЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Дәуітұлы Т.-аға оқытушы (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті жанрларының бірі — жаңылтпаштар. Жаңылтпаш адамды өнерге, ойын дамытуға, тілін жаттықтыруға үйрететін этнопедогогикалық туынды болып есептеледі. Жаңылтпаш - баланың ойлау қабілетін дамытуда, тілін ширатуда, дүниетанымын дамытуда маңызы зор. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ойы қиялы дамиды, тәлім-тәрбие алады.

Қай халықта болсын жаңылтпаш сөйлеу аппараттарына күрделендіріліп берілетін синтаксистік жағынан дұрыс құрылған фраза болып есептеледі. Мағыналық жағынан әр түрлі болғанымен дыбысталуы жағынан жақын сөздерден, фонемалардан түзіле отырып, жаңылтпаш белгілі бір ырғақ пен әуезге негізделеді. Жаңылтпашта ырғақтың, аллитерациялық, тәсілдің болуы заңды құбылыс. Қазақ тіліндегі жаңылтпаш жанры туралы аз-кем айтылып қалатыны

болмаса, осы уақытқа дейін аталған жанрдың құрылысы мен жасалу жолдары, тәсілдері туралы әлі зерттелмей келеді.

Жаңылтпаштардың шумағы құрылысына қарай қос тармақты, үш тармақты, төрт тармақты және көп тармақты болып келетіндігі белгілі.

Жаңылтпақтың шумағының ең кішісі – екі тармақтан тұрады. Тармақтың толымдысы, толымсызы болады.

Доп теп,
Тек,
Дөптеп кеп теп.

Немесе:

Іске іскер,
Істі
Іскер істер.

Толымсыз шумақтар жаңылтпашта және ауыз әдебиетінің кейбір ұсақ жанрларында ғана кездеседі. Қос тармақты жаңылтпаш шумақтарының кәсібі толымды болып келеді:

Айтыс болып жатыр,
Тартыс болып жатыр,
Айтыс қай тұста,
Көкпар тартыс қай тұста?

Немесе:

Есімнің шешесін көрдім,
Шешесін кеше көрдім,
Кеше көшеде көрдім,
Көшеде нешеде көрдім?

Жаңылтпаш шумақтарында тармақтардың үнемі ұйқасып келуі шарт емес, теңдес мағыналы дербес жаңылтпаштар бірыңғай буын-бунақта тұрып-ақ үш тармақты шумақ құрай алады.

Бір қыз кесте тікті,
Кестесін түсте тікті,
Кеште тікті.

Жаңылтпаштың тармақ саны мен тармақтағы буын саны неғұрлым шағын болса, шумақ соғұрлым жинақы да ширақ естіледі.

Жаңылтпаш құрылысында қайталаулар ерекше орын алады. Олар үш түрлі болып келеді. Дыбыс қайталау, буын қайталау және сөз қайталау. Дыбыс қайталау мен буын қайталау, әдетте жаңылтпаштардың үндестігін арттырып, көркейту қызметін атқарады және көбінесе қайталаудың бұл екі түрі жарыса қатар жүреді.

Мысалы:

Класта ақ бор бар,
Көк бор бар,
Көп бор бар.

Немесе:

Тайлақ базардан
Қармақ алмақ,
Көлге бармақ,
Қармақ салмақ.

Жаңылтпаштар құрылысында сөз қайталаудың да мәні зор. Сөздер көбіне тармақтардың аяғында қайталайды және ойды жалғастыру, бір шумақта тұрған тармақтарды бір-бірімен байланыстыру қызметтерін атқарады.

Шұнақ құлақ лақ,
Бұлаққа барады.

Бұлақ жағасындағы
Құраққа барады.

Немесе:

Үйде неше шал отыр?
Көсе шал отыр.
Тақиясы шошайып шақша бас
Шоқша сақалды шал отыр.

Қайталау бірде ой мен тармақтар арасын байланыстыру үшін қолданылса, бірде толымсыз буындарды толықтырып, ұйқасты күшейту қызметін атқарады.

Киген тоны –
Онды тон,
Өнді тон.

Сөйтіп дыбыс, буын және сөз қайталау жаңылтпаш жасаудың және оның мағынасын, байланысын тіпті ұйқасын күшейтудің бір тәсілі болып табылады.

Ал, екі тармақты жаңылтпаш шумақтары үнемі ұйқасқа құрылмайды, бірыңғай буын-бунақта, бір ырғақта тұрып-ақ ұйқассыз құрай алады.

Малға қорек керек,
Оған жарма, кебек те керек.

Өлең сөзді жаңылтпаштардың көпшілігі осындай екі тармақты шумақтан жасалады. Бұған қарағанды үш тармақты шумақтар әлдеқайда сирек кездеседі.

Көпке бекер өкпелеме,
Өкпе етпе,
Тектен-текке өкпелеме.

Төрт тармақты жаңылтпаш шумақтарында шұбыртпалы және аралас ұйқастар да ұшырасады, бірақ ондай ұйқастар төрт тармақтардан көрі үш тармақты, әсіресе көп тармақты шумақтарға тән.

Көп тармақты жаңылтпаш шумағының ұйқасы, әдетте, айнымалы келеді. Бірінде шұбыртпалы ұйқастың, екіншісінде шалыс ұйқастың өлшемі басым болады.

Шуақтаған ботамды,
Шуға апарып шудаладым.
Шудалаған шудасын
Суға салдым,
Судан алдым,
Суға малдым.

Жаңылтпаштың бала тілін жаттықтыруға байланысты қызметі – оның басты міндеті. Бұл орайда, жаңылтпаштың тілге ауыр оралатын дыбыстардан құралатынын ерекше ескерген жөн. Әсіресе:

Ара, ара аралар,
Орманның бойын аралар.
Гүлдерден сорып бал алар,
Алысқа ұшып бара алар,
Бал тәтті ғой балалар!-деп келетін

«Р» дыбысына жаттығуға арналған жаңылтпаштар өте көп. Осы «Д» дыбысына қатысты мынадай жаңылтпаштарды айтуға болады.

Рүстем
Үстеп,
Үстем қарайды.
Үстем.
Рүстем
Үстен қарайды.
Рысты теріс дейді дұрысты,

Рысты алты бұрышты
 Жеті бұрыш дейді.
 Жеті бұрышты екі бұрыш дейді.
 Рысты шымыр шыңдалған,
 Бұрышты үшбұрыш құрысшы.

Енді бір жаңылтпаштарда:

Есік алдындағы отынның,
 Шырпылырағынан ала кел,
 Томарлырағынан ала кел,
 Түбірлірегінен ала кел, - сияқты айтуға өте

ауыр көп буынды сөздерден құралады. Жаңылтпаштар – логикалық ойлау жүйесін сөз ойната отырып дамыту, сөздердің мән-мағынасына үңілдіру, сол арқылы болашақта шешен де ұтымды сөйлеудің негізін қалауды көздейді. Яғни, жаңылтпаш балалардың тез де, жаңылыспай, дыбыстарды қатесіз анық айтуына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипатын балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуынан көреміз. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздеп қоймайды, жаңылтпаштағы сөз дұрыс айтылмаса, тыңдаушы құлағына мүлдем басқаша естіліп, айналасына күлкі туғызады.

Мысалы:

Ақ тай ақ па?
 Қара тай ақ па? – деген сияқты

жаңылтпашты интонацияны дұрыс сақтамай, жылдам айтса,

Ақ таяқ па?
 Қара таяқ па? – болып мағыналық

жағынан мүлдем өзгеріп кетеді. Әрине, жаңылтпаштың ойнақы айтылуы балалар үшін оңайға түспейді, сондықтан да балалар ұқыптылық пен еске сақтау қаблетінің күштілігін де ескергені жөн болады. Жаңылтпаш сөз ойнатып, балаларды қызықтыратын қисынды ұйқас, эмоциялық реңі бар.

Шілікті шаптым,
 Жілікті астым,
 Шілікті жақтым,
 Жілікті шақтым, – дегендегі “Шаптым, астым,

Жақтым, шақтым” сияқты толымды ұйқаспен қоса, бұл жаңылтпашта сөздерді мағыналық жағынан да ойнату бар, бала сөзді тез айтуды ғана емес, логикалық қисынды бұзып алмауды да жадында сақтайды.

Жаңылтпаш сөздердің бірнеше сөйлемнен құрылған, күрделенген түрлері де бар. Мұнда әр дыбысты дұрыс айтумен қатар, сөздердің мағынасын бұрмаламай сөйлеуге үйрету шарттары қойылған:

Мынау қай арал?
 Қайың менен тал арал.
 Талға қарға ұялар,
 Тарғыл иттің құйрығы

Талға оралар, талға оралар, – деп айтылатын түрлері көп. Жаңылтпаштардың өлең құрылысы шағын, қарапайым болып келеді. Онда өлеңдік үйлесім, кестелі ұйқастардан гөрі дыбыс ойнату, тіл оралымына қиын сөздерді айту басым.

Қызғалдақ сарғалдақтарға,
 Қызыл дақтар сары дақтарға,
 Сарғалдақ қызғалдақтарға,
 Сары дақтар қызыл дақтарға ұқсай ма?
 Қызғалдақтар сары дақтарға,
 Қызыл дақтар да сарғалдақтарға,

Сарғалдақтар қызыл дақтарға,
Сары дақтар да қызғалдақтарға,
Қызыл дақтар сары дақтарға,
Сарғалдақ қызғалдақтарға,
Сары дақтар қызыл дақтарға ұқсамайды.
Қызғалдақтар қызғалдақтарға,
Қызыл дақтар қызыл дақтарға,
Сарғалдақтар сарғалдақтарға.
Сары дақтар сары дақтарға ұқсайды, уһ!

Жаңылтпаш сөздер мен дыбыстарды қиындата қайталау, айтқанда тіл мүдіретін сөйлемнің бөлігін шапшаң, жиі қайталау арқылы тіл ширатуға лайықтап құрылады.

Мысалы:

Ай, Тайқарбай, Тайқарбай
Қойынды мақараға жай Тайқарбай,
Тайқарбай Майқарбайлар толып жатыр,
Ай, Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай.

Өлең жаңылтпаштардың ырғақтамасы әрқилы, төрт буындысы да бес буындысы да, аралас буындылары да кездеседі. Неғұрлым қысқа буынды болса, соғұрлым жаңылтпаш балалардың жаттап айтуына ыңғайлы, оңтайлы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С. Мұқанов. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер, 1942 ж.
2. Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті, 1949 ж.
3. М. Әуезов пен Е. Ысайыловтың Қазақ ССР тарихына жазған XVI ғарауы, 1957 ж.
4. Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті. 1949 ж., 143-бет.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том, 1948 ж., 23-бет
6. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен. 4.3. спб., 1870 ж.
7. М. Ибрагимов. Киргизские пословицы и загадки, собранные в киргизской степи сибирского ведомства //Тукестанские ведомости. 1871; этнографические очерки киргизского народа// Русский Туркестан. 1872. вып. 11.
8. Ы. Алтынсарин. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаңылтпаштың жасалу жолдары мен тәсілдері қарастырылған. Жаңылтпаштағы ұйқас, ырғақ, буын, бунақ, екпіннің рөлі сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению путей и способов создания скороговорок. Также в ней речь идет о роли рифмы, интонации, слога, ударения в скороговорках.

АБЫЛҚАСЫМ ФИРДОУСИДІҢ «ШАХНАМА» ЭПОСЫНЫҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Жүнісова И.Ж.-оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

«Шахнама» шығыстың негізгі классикалық шығармасы болумен қатар, әлемдік әдебиеттің тамаша ескерткіші. Бұл туралы жырдың көптеген осы заманғы тілдерге аударылуы, сонымен қатар көне және жаңа дүние оқымыстыларының ғылыми, ғылыми-көпшілік жұмыстарда көрсетілген. «Шахнаманың» әдеби байланыстарымен қайта түлеуі және Иран эпосының образдары дүниежүзілік әдебиетте ерекше болмағанымен, әлі де толық ашылып бітпеген тақырып.

Сол сияқты «Шахнама» - әдеби өңделген Иранның халықтық эпосы болумен қатар, әлемдегі ең бай шығармалардың бірі. Бұл бай шығарма ертедегі және ортағасырлардағы Иран халықтарының тұңғық әлемін, географиялық жағдайы, халықаралық байланысын және мәдени-тарихи ролін түсіндіреді. Иран халқы өз эпосын соңғы әдебиеттерде Индия, Қытай, Шығыс Түркістан, Шығыс Европа, Сібір және Кавказ халықтарына қатысты жыр дастандарымен көрнекілей түсті. Оған сонымен бірге классикалық көне шығыс пен еуропалық Жерорта теңізі жағалауы да тән.

Фирдоусидің данышпандық шығармасы шығармашылықты қайта түлетуде көрнекі орынға ие. Сиқырлы да, күшті батырлардың әуен-ырғағы мен бейнелері (образдары) ирандық «мысденел» Исфандияр, эллиндік Ахилес, «Нибелунгтар жырындағы» Зигфрид, «Шайқаста ажал жазылмайды» дейтін Илья Мурамец, қырғын шайқаста жығылуды білмейтін Рүстем, соғыс барысында әкесінің өз ұлын танымай шайқасуы, т.б. негізінен өзара тәуелсіз болғанымен, алайда жекелеген қисындарда өзара ықпалдың болмай қалуы мүмкін емес еді.

Фирдоуси «Шахнамасындағы» мотивтер мен сюжеттердің (уақиға ырғағы мен шытырман оқиғалар) тамаша әдеби талдауы, әдеби шығармаларда, фольклорлық жырларды әдеби жырлауда тамаша көрініс тапқан. Бұл әдеби пайымдаулар тек кітаптық ықпал нәтижесі болып қоймай, «Шахнамамен» тікелей танысу, халықтардың өзара жақындасуындағы фольклорлық байланыстардан шыққан соқпақ екенін көреміз. Халықтық образдарды талдағанда «Шахнама» әсері болған көптеген шығармалардың ішіндегі бірегейі – ол XVI-XVII ғасырдағы орыстық кітаптық ертегі Еруслан Лазеревичтің баламасы болды.

Еруслан Лазеревичтің Рүстемді баласы Залымен (Зал и Зара) салыстыру, ауыспалы мағынадағы «Лазаря», осы тұста ертегінің кейбір эпизодтары «Шахнама» сахнасынан екені байқалады. Орыстың бұл батырлар жырында «Шахнаманың» ықпалы болғаны даусыз. Кейбір жекелеген тұстар әділ салыстырылғанымен, алайда орыс батыры Илья Муромецті шаруа баласы билеуші князь Рүстеммен салыстыру өзінше, ешқандай мәнге ие бола алмайды, оның орнына әдеби фольклорлық байланыстардың көп қырлы болмауы дүниежүзілік әдебиеттің ескерткіші ретінде, поэманың оқылуымен идеялық мән-мазмұнын, оның авторының көркемдік шеберлігін айқындай түседі.

Фирдоуси сүйікті классик, ал оның дастаны парсы-тәжік әдебиетіндегі өзіне ғана тән негізгі халықтық эпопея. Бұл уақыт - жераумақтарын біріктіру, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру мәселесінің күнтәртібіне қойылған дәуірі еді. Фирдоуси дастанына деген белсенділік әркез күшейе түсті. «Шахнама» бірігудің туына айналды. Әрине, бұл бірігудің нақты формаларына қатысты тарихи өмірдің түрлі кезеңдерінде түрлі көзқарастардың болғаны анық. Сонымен қатар әртүрлі әлеуметтік топтар «Шахнаманы» өз мақсаттарына пайдаланбақшы да болды.

Мысалы, XVI ғасырдағы феодалдық Ирандағы сефевиттік кезеңде Фирдоуси және оның дастанына деген қызығушылық шиеленісе түсті.

Ирандық көне батырлар жыры XI ғасыр әдебиетінде көрнекті орынға ие «Шахнамада» тындырылған жұмыс осындай жаңа шығармалардың жасалуына дем беруші болғандығы даусыз. Олар Фирдоусиді қайталап қана қойған жоқ, қайта Рүстемнің балалары мен немерелері жәйлі ұлы Сухраб жәйлі әңгімелер мен хикаяны одан әрі дамытып нығайтты.

«Шахнамаға» қабыстыратын XI-XII ғ.батырлық-эпикалық әдебиетте біздің көзқарасымыз бойынша, толық зерттелді деуге келмейді, ол жайында әлі де пікір айтуға болар еді. Алайда, кейбір кезеңдерді бәрібір қарастыруға болады. Мұндай шығармалар «Шахнама» толық табысқа жеткен соң жазылды деуге болады. «Шахнама» Ирандық өткен эпостық дәуірге қызығушылықты оятты ма? Жоқ. Олар X ғасырдағы прозалық жинақтардың заңды жасалуына және ерекше даңқты, түсінікті де өткен тарихқа қызығушылықтан туындады. Алайда, бұл әңгімелерді әлдеқашан өткен Саминидтер әулетінің дәуірінің тапсызданған диқандық мүдделеріне қызығушылық ретінде де ойлауға болмайды. Оқиғалардың қалыптасу тұрғысына қарап бұл әңгімелердің өте ертеректе және тек Иранда ғана емес екенін көреміз. Образ қарағанда сюжет байлығы шынында ғажап емес пе! Махмұд сарайындағы Онсоридің «Ақындар патшасы» деп аталатын белгілі аңызында Исфандияр туралы жыр тамаша көркемдікпен өрілген. Фирдоуси шығармаларының шоқтығы басқаларға қарағанда биік тұрғандығы көрініп тұр және онымен ешқайсысы таласа алмаған. Сонымен қатар бұл аңызда айтылғанындай XI ғасырда «Шахнамаға» дейінгі сарай ақындары жазғаны белгілі болып отыр. Ал Асади Тусстың «Гершасп нама» шығармасы аңыздан гөрі ақиқатқа жақын (XI ғ.ортасы). Бұлардан басқа да ортағасырлық шығармаларды атауға болады: олар «Фераморз нама» авторы белгісіз (XI ғ.басы), «Куш нама» (немесе Куш Пиль Дендане туралы повесть XI ғ.басы), «Бану Гошасп наме» белгісіз автордың шығармасы. «Шахнамада» көп айтылатын, Сухрабтың ұлы туралы жазылған «Барзу нама» үлкен дастаны, Мохтаридың «Шахриар намасы», Базневид сарай ақыны жазған Фераморзаның ұлы туралы жазылған «Азер Борзин наме», Рүстемнің ұлы жәйлі жазылған «Жаһангер наме» және бұған «Сам наме» де қосылады (XII-XIII ғ.ширегінде).

«Шахнамаға» қатысты басқа да шығармаларды талдағанда оларды өз заманына сәйкес көтерген жүгімен жанрлық ерекшелігіне соқпай өте алмаймыз. Бұл әсіресе, аңыздық серілік (рыцарлық) романға қатысты. Алайда бұл мәселе әлі де зерттелуді қажет етеді. Аталған дастан шығармалардың негізі - ол халықтық-эпикалық шығармалардың жақсы ұйқаспен құрастырылған үлгісі болады.

XI ғасырдағы «Гершасп наме» шығармасы Тусстық Асадидың үлкенді кішілі түпнұсқадан (оригиналдан) ауытқыған дерек көзі болды. Және оны тапсырыс берушінің еркіне орайластырып жасады. Бұл шығармашылықты кәсіп еткен сарай ақындарының көп бөлігі шығарманың халықтық үрдісін (тенденция) феодалдық аристократиямен ауыстырып жіберді, яғни халықтық мазмұн ерікті-еріксіз болсын бұрмаланды. Мәселе халықтық негіздегі шығарманың өңделу сипатында болып отыр. Шынында, Онсори Сфандияр туралы шығарманы өндегенде немесе бұл өңделген шығарма бізге дейін жеткен болса, онда Махмұд сарайындағы «Ақындар патшасының» көркемдік жетістігін анық көруіміз даусыз еді. Ол сұлтанға ұнасын-ұнамасын солай болған болар еді. Рүстем бейнесін сараймаңындағы талғамға сәйкестіре жасап шығу бәрінен де қиын болды (онда халықтық батырлық белгілер тым күшті еді). Алайда, көптеген шеберлер үшін бұл мүмкін еді. Мұндай бейне фальсификациясын жасау қаласа да, қаламаса да шығармашылықтың халықтық дәстүріне жүгінуді болғызды. Жалған фантастикаға бойұрушылық, ақиқаттан қол үзушілік мұның бәрі

шығармашылықтың халықтық негізі еді. XI және кейінгі ғасырларда батырлық жырларды жасаудың әміршісі ретінде мойындалған, кейінде мән мазмұнына қарай ұмыт бола бастаған нәрселер Фирдоуси шығармаларына қосымша сипат беретін материал ретінде бізді қауыштыратындай. Ал халықтық эпопея болып табылатын «Шахнама» ұлттық әдебиеттің ұлы ескерткіші ретінде ғасырлар тоғысында өмір сүре береді. Мазмұн түрі жағынан халықтық, көркемдік тұрғыдан биік «Шахнама» шығармасы Ирандық ұлттық үрдістің болмысынан туындады.

Иран халықтары әдебиетінің негізін қалаған шығармалар, ең алдымен Закавказья, Орта Азия, Индия әдебиеті жетістілігі мен байланыстылығы таңқаларлық. Осы халықтардың көркем шығармаларында «Шахнаманың» қайта жаңғырып, өзара әдеби байланыстарын көрсететін көптеген фактілерді байқағанымыз шындық. Грузин әдебиетінде «Шахнама» айқын көрініс тапқан. Грузиндердің көне жылнамасы «Картлис Цховребада» «Шахнамада» айтылатын шытырман оқиғалардың Грузиндік халықтық баламасын (вариантын) кездестіруге болады (яғни Иран эпосының).

Ұқсас уақиғалар хабарының көптеген грузиндік қолжазбаларын осыған жатқызуға болады (оның ішінде басқа автор пікірлері қосылған Фирдоуси дастаны да). XVI-XVII ғасырда өлең, карасөзбен жасалған хабар жазбалар ол кезде «Шахнаманың» көшірмесін иеленген «Ростомиани», яғни Рүстем туралы жыр (грузин жыры Рүстемнің өлімімен аяқталады). «Шахнама» грузиндердің әртүрлі топтары арасында сүйікті де, кеңінен танымал поэма грузин патшалары сарайының әдеби қауымы және феодалдары арасында қолтума туындылары іспетті болып есептеледі (Жаңартушы Давидтың, Тамараның). Поэманың грузиндік варианты кең аудиторияда шырқалып та, айтылып та жүрді.

«Шахнаманың» танымалдылығы жайында грузин аттарымен аталатын батырлық кейіпкерлердің көптігі туралы Ирандық эпостарда да айтылады (Ростоми, Бизани, Придони, т.б). Закавказья әнші-жыршы, шәйірлардың әндерінде, жырларында шытырман уақиғалар, ырғақтар, адам аттары, таңғажайыптар кездесіп отырады.

XVIII ғасырда өмір сүрген грузин, азербайжан өлең шығармашылығына еңбек еткен армяндық шәйір ашуг Саят – Нова Фирдоусидің өлмейтіндігі туралы жырлады. Иран және Кавказ әлемінде әдеби фольклорлық байланыстар туралы аз зерттелген. Алайда, осетиндердің, пшавтардың, сванеттердің халықтық жырларындағы түпнұсқалық баламаларда Рүстемге, Биженге, Афрасиябқа т.б. қатысты адам аттарымен оқиға желілерінің бар екенін көреміз. Мұнда жергілікті грузиндер мен осетиндердің Амирандар туралы жырын және басқаларында «Шахнамаға» қатыстылығы жайында сілтеме жасалады. Мұндай фольклорлық қабаттағы бастысы, алайда олар антирандық үрдіспен жаңа идеялық-көркемдік бірлікті қарастырды. Ол Закавказьяның ертедегі Иран империясымен саяси күрес жаңғырығынан туындаған-ды. Рүстем кейде Иранға қарсы күрескерге айналады. Мұның өзі Афрасияб (Афрсуап) патшаға қатысты. Ерекше маңыздысы сол біз Иран эпосының кавказдық-түркілік түрлерін тыңғылықты оқи отырып, бізге белгісіз, «Шахнамада» айқындалған кейбір Ирандық баламасында кездестіреміз. Осының бәрі, жалпы Иран эпосындағы, оның ішінде «Шахнамада» кездесетін шытырман уақиғалармен, бейнелермен, көрші елдердің жергілікті халық жырларымен жанды байланыста болуының айқын айғағы. Мәдени шығармашылығы жақын елдердің өзара байланысы ғана емес, сонымен қатар уақиғаларды логикалық құрастыру шеберлігімен жоғары көркемдік дәрежедегі Фирдоуси «Шахнамасының» ықпалы туралы да айтуға тиіспіз. Мұндай ықпал көрінісін кавказ бен түркілердің көптеген көршілері парсылар мен тәжіктердің халықтық шығармашылығы мен әдебиетінен

кездестіреміз. Жанды байланыстар ең алдымен Фирдоуси поэмасының Иран әлемінен тысқары жерлерде әдеби табысымен халықтық танымалдылығын айқындады. Олардың көбі «Шахнаманың» қызықты жырларынан өздерінің мифтерін, аңыз-әңгімелерін, ән-әуендерін көріп қана қоймай, оларды басқа қырынан тани білді. «Шахнама» - бауырлас тәжік, парсы әдебиетіндегі айтарлықтай шығарма. Ол өзінің дамуында шиеленіске толы күрделі кезеңді, классикалық дәуірдің соңына дейінгі аралықты қамтиды.

«Шахнама» Иран халқының ұлттық шығармасы, ең алдымен Абылқасым Фирдоуси толық та, терең, нақты көркемдік шеберлікпен халықтық, ұлттық бояумен жырлады. Ол дүниежүзі ұлы ақындарының қатарынан өзіне лайықты орынды иеленді.

Осының бәрі Иран әдебиетінің ертедегі Грециядан, ертедегі Индиядан, Қытайдан т.б. жалпы басымдылығын белгілемейді (оның ішінде Европаның да). Бірақ олардың даму спецификасы жайында айғақтайды. Фирдоуси шығармашылығы сол себептен де осызаманғы тәжіктер мен парсылардың заңды мақтанышы болып табылады. Ал «Шахнама» тума әдебиеттің классикалық шығармасы болды. Сонымен бірге «Шахнама» әлемдік әдебиеттің айтарлықтай маңызды шығармаларының бірі болды.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада «Шахнама» эпосы әлем әдебиетіндегі шығыстық сарында, нәзира дәстүрімен жазылған басқа да шығармалармен салыстырылып, жан-жақты қарастырылады. Шығарманың танымдылығы сөз болады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена всестороннему сравнительному анализу эпоса «Шахнаме» с другими произведениями мировой литературы, написанными в стиле назира. Также в ней рассматривается познавательное значение поэмы.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Ержанова С.– ф.ғ.к., доцент (Алтамы қ., ҚазмемқызПУ)

Жаңа үрдісті жаңаша түрлендіріп, жалғастырып келе жатқан талантты ақындардың бірегейі - Жанат Әскербекқызы. Ақынның «Көтеріп ап мұң көзені...» деп басталатын өлеңінде ол нақтылы көрінеді. Өлеңнен біз «бет-бейнесі байқалмайтын, алайда нақтылы бір кеңістіктегі лирикалық бейненің «қимыл-қозғалысын» байқаймыз. Көз алдымызға лирикалық кейіпкер періштелік сипаттан өзгешелеу, пенделік әрекеттен оқшаулау тұратын нәзік жанды болмысты елестетеді». Алғашқы шумағынан осылай басталған өлең былай сабақталады:

*Тәнін бүркеп боз жамылғы,
Талақ қылып тозған үнді.
Түнде гана бой көрсетіп,
Кешіп кетер өзге ағынды.*

Сұлба-лирикалық кейіпкер түн әлеміне құмарта түседі де, күн әлемін өзінен жек көріп, жатсына береді. Тәнін бүркеген боз жамылғы тұман сипатындағы табиғи құбылыстың бөлшегі ретінде танылып, кейіпкерді

пенделіктен бөлек сипатқа бөлейді. Шумақтың келесі жолындағы «тозған үн» тіркесі бір қарағанда ұйқас үшін алынған тәрізді. Алайда барлап қарасақ, жанның бейтәни сипатына дерексіз ұғым «үннің» гармониясы байқалады. Бұл ретте сұлба-лирикалық кейіпкер пенделік «дауыстан» арылып, жаңа «үнге», тылсым әлемнің сазына лайықты дауысқа ие болу керек. Осы ретте «жан дауысы шығу» фразеологиялық тіркесінің негізгі көрінетіндей болады. Ал, түн лирикалық кейіпкер үшін құтқарушы, дем беруші қалай болған күнде де оның ішкі әлеміне жақын күш ретінде алынады. (Түн жоғарыда біз атаған идеал-тұлғадан бөлек). Себебі лирикалық кейіпкерге түн жат емес, қайта түнге келсе, өзін бақытты сезінетін тәрізді. Бұл ретте байқалмас «бақытқа» үстеме ретінде мына шумақ көрініс береді:

*Қараңғылық - қабағында,
Түнерген ой - жанарында.
Жүрегіне ай қонақтап,
Жұлдыз жатар табанында.*

«Жүрегіне ай қонақтаған» лирикалық кейіпкер толыса бастаған, табанында жатқан жұлдыздар оның биіктегенін тағы бір дәлелдей түседі. Алайда ол жұлдыздарды басып-жаншудан аулақ, ол тіпті жауыздық дегеннің бар екенін ұмытқан, білмейтін де сияқты. Шартты түрде алатын болсақ, бұл шумақ өлең композициясында шарықтау шегінің қызметін атқарады. Келесі шумақта жан әлемінің түн тылсымына ұқсай бастауы беріледі. Бұдан басқа жанның тәнге оралуы сипатындағы ой дамуы байқалады. Діни-философиялық ұғым бойынша жанның жаратылысының өзі аспан әлемі, түн кезеңі немесе кеңістік шексіздігі сияқты тылсым, құпиясы мол ұғымдармен тығыз байланысты. Біз өзіміздің қарапайым ойлау жүйеміздің өзінде де жан жаратылысын тылсым күштермен байланыстырып отырамыз.

*Таңға жат боп тылсым өңі,
Тал бойына түн сіңеді.
Өң мен түстің арасында
Болар-болмас күрсінеді.*

Оның негізінен адамдық сипат алуын «күрсінуінен» көреміз. Өң мен түстің арасында жатуы да лирикалық бейненің нақтылана бастағанын байқатса керек. Бұл оның жеңілісі емес, ғалам мен жаратылыс заңдылығына бағынышты болуы. Және лирикалық кейіпкердің «түнді кезуі» үздіксіз жалғаса беретін процесс екені байқалады. Ол бір түннің шеңберіне сыятын құбылыс емес, қайта түн өткен сайын жалғасып, жетіліп отыратын құбылыс.

Соңғы шумақ тікелей ақынның атынан айтылатын шешім ретінде берілген. Сұлба-лирикалық кейіпкер тыным тауып жатқан секілді болады. Өлең басталған да айтылған:

*Көтеріп ап мұң-көзені,
Сұлбам менің түн кезеді,-*

деген жолдардың қайталануы «сұлбаның» әрекетін көрсетпейді, қайта ақынның баяндауына ұқсайды. Бұл жоғарыда айып өткеніміздей «кезу» процесінің жалғаса беретінін білдіреді. Шумақтың келесі екі жолында сұлбаның қозғалысы мүлдем тоқталып тыншығаны байқалады да, ақын тұлғасы нақтылы беріледі:

*Жолығар ма жоқшысына,
Келер ме екен бір кезегі...*

Ақын бұл жерде тілекші, жаны ашушы тұлғасында көрінеді де кәдімгі күнделікті тіршіліктің танымдық сипаты байқалады. Жанның қайтадан тәнге оралуынан кейінгі қарапайым өмірдің күйбеңіне араласу керектігі көрініс береді.

Жанның негізгі ұмтылатын әлемі - жаратушы Хақтың мекені немесе өзінің түп-төркіні. Алайда ақын үшін баршаға белгілі аталған діни философиядан гөрі сондай жан мен тән бөлінісі кезіндегі сезімдік түрлену мен психологиялық хал-күй қымбатырақ. Адамның осындай бір аффективті жай-күйінің пайда болу, даму және түйінделу кезіндегі сезімдік құбылыстар динамикасын көрсету ақынның негізгі мақсаты сияқты. Өлеңде драматизм жоқтың қасы, керісінше, психологизм элементтері діни философияның болуы мүмкін шынайы негізін ашуға тырысады. Образдар қалыптастыру барысында һәм күллі шығармашылығында романтикалық ағымның жарқын үлгісін ұстана білген ақын реалистік қағидалардан да алыс кетпейді. Керісінше, романтикалық ой-сезім мен кейіпкердің өзегінен шым-шымдап суырылатын тағдырдың, қоғамның ащы шындығы жатады. Шындықты айтудың тамаша үлгісі романтикада екенін адамзат әдебиетіндегі тарихи тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан да көркем шындық - шығармашылық пен қоғамдық өмірді байланыстырып тұратын нәзік желі.

Бауыржан Бабажанұлы тәуелсіздік жылдарындағы поэзия өкілдерінің ішіндегі өзіндік қолтаңбасы қалыптасып қалған ақын ретінде тануға болатын шығармашылық иелерінің бірі. Ол өзінің шығармашылығында алдыңғы 80-інші жылдар әдебиетіндегі буынның әдеби дәстүрін жаңашылдықпен жалғастыра білген ақын ретінде тануға болады. Ақын ағасы Темірхан Медетбектің пікіріне жүгінсек:

«Бауыржан Бабажанұлы барынша қарапайым жазады, шешен жазады, бәр сөзбен айтқанда, қазақы ақын. Табиғаты қазақы. ...Оның ерекшелігі сонда - қандай бір күрделі ұғымды қазақ жанына жақын етіп қорыта білетіндігінде. Ол сөз іздеп, оны жамап-жасқап жатпайды, сөзді қзі табиғи түрде құйылып жатады». Інісіне зор үміт артып, жақсысын айтып нұрын тасыта білген аға сөзіне қосыла отырып, жас ақынның шығармашылығына тоқталамыз.

«Уәде» атты шағын жыр жинағы Бауыржан ақынның өзіндік ойының бар екенін көрсетеді. Осы жыр кітабының ішіндегі «Ескендірдің мүйізі» атты өлеңіне тоқталып көрелік. Тарихта өзінің жаугершілігімен, жауыздығымен аты қалған Александр Македонский туралы және ол туралы айтылатын осы бір аңыздың ізімен жазылған қаншама туынды бар. Өлемдік әдбиетке соқпай-ақ өзіміздің қазақ әдебиетіндегі Ғұлама Абайдан басталатын шығармалар көшін қарап шығуға болады. Аңыз ізіне бағытталған М. Жұмабаевтың және Е.Раушановтың да өлеңін атап өтуге болады. Бауыржан ақынның Ескендір аңызы хақындағы өлеңі былай басталады:

*Мазасыз ой тап болды неге маған,
Тыныштығын күйттеген өлең аман...
Шекпен киіп жайланып үнсіз қалды,
- Ел мұңы менің мұңым!- деген ағам.*

Жалпы тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалар қоғамдық шындықты айтуда біршама жетістіктерге жеткенін көреміз. 80-інші жылдар поэзиясындағы қоғамдық шындықты айтудың масштабы «әрі кең, әрі биік» болатын. Ақындар ғаламдық масштабтағы адамзат мәселесіне араласып кететін. Мысалға адамның айға ұшуы, соғыс, бейбітшілік, атомдық қару тағы да басқалар. Әрине бұл тақырыптар әлі де өзінің маңыздылығын жоғалтқан емес. Алайда тәуелсіздіктен кейінгі поэзиялық шығармаларда сол жалпы адамзаттық зұлымдықтардың негізгі тамырына үңілу бар. Яғни барлық жамандық та, жақсылық та адам жанында, санасында қортылып шығады сондықтан да әдебиеттегі адам мәселесі, оны тану мәселесі ешқашан толастамақ емес. Жоғарыдағы Бауыржанның өлеңінде де «қасындағы шекпен киіп жүрген» ағасын танудан басталады. Ақынның өзі таныған қоғамдық ортаның ащы шындығын айтуды келгендегі азаматтық тұлғасы қуантады:

*Жә, жарайды, тек сол ма үнсіз қалған,
Көкірегіңмен не пайда Күн сызғаннан.
Мен де үнсізбін. Тек шекпен кигенім жоқ,
Әуел баста ондайға қырсыз болғам*

Бұл ретте ақынның қоғамдық мәселелерге деген көзқарасы, адамдар мен адамдар арасындағы қарым-қатынас, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас тәрізді мәселелер орын алған. Алайда өлеңнің көркемдік элементтерінде кемшін тұстары бар екенінде жасырмаған ләзім. Ақын көп өлеңдерінде шұбалаңқылыққа салынып кететіні бар. Өзі жақсы көріп оқитын және еліктейтін де ақын ағасы Есенғали ЖЖ шумақпен берген идеяны Бауыржанның жеті шумақпен беруін шарасыздықтан туған амал дей алмаймыз.

Әрине көптеген идеялардың қайталанып келе беретінін бәрімізде білеміз. Мәселе сол қайталанып келе беретін идеяларды ақынның оқырман қауымына қалай жеткізетіндігінде болып отыр. Ақынның «Ескендірдің мүйізі бар екенін» айта алмауы қоғамдық кемшіліктерді ашық айта алмауының, біле тұрса да амалсыз қалуының аналогы ретінде беріледі. Тіпті біз қоғамдық шындықты айтудың өзінің негізінде де адамның қоғамдық ортаға тәуелділігі жататынын байқаймыз. «Ескендірдің мүйізі» - сол қоғамымызда орын алған келеңсіздіктердің бетін ашып көрсетуге арналған тарихи мысал. Поэзиялық шығарма арқылы өзінің жаңа сипатына ие болған аңыздың біз атаған азаттық идеясына да өзінің тигізер әсері, ашатын беттері бар екені айдан анық.

Қазақ поэзиясының жоғарыда аты аталған ақындардан басқа үміт күттіртін және өздернің бірді-екілі кітаптарын жарыққа шығарып, қаламы өлең жазуға қалыптасып қалғн ақындар ретінде Бақытжан Алдир мен Дәурен Берікқажыұлын атауға болады. Бақытжан өзінің қсыршыл да нәзік лирикасымен оқырман қауымды баурап алса, Дәурен еуропалық поэзия үлгісін қазақы қара өлеңмен көмкеріп тамаша туындылар жазған ақын. Поэзия алаңына еркін ойлау, қарымды қалам кеңістігін қамтуға болатын уақытта шыққан ақындарың талантына заманы сай келетін мезеттің туғанын аңғаруға болады.

Бақытжан:

Көнергеннің есте тұтпас көбін ел,
Көре деген көзге бірақ көрінер, -
Жер үстінде - ыбырсыған тірілер,
Жер астында - ыңырсыған өлілер.

Дәурен:

Есіре соққан Ебі жел,
Екілен тағы екілен!
Ез туған елге егесіп,
Егізің болып кетіп ем...
Бөлтірік елім шығарып,
Бөрілігін есінен
Қанымды менің қарайтса,
Қан майдан шығар несібем!

Бұл жылдардағы ақындардың өлеңдеріне жалпы алғанда күңгірт бояудың тәне екенін кезінде жарыса жазып, «жылауық өлең» қаптап кетті деп дабыра қақтық. Шындығын алғанда өлара мезгіл тарих көрсеткендей қай жерде, қай уақытта болса да қоғамға бір дағдарыс барын ұғындырады. «Жастайынан талағандардың» тағдырға өкпесі демей-ақ қояйық назы бары анық. Шығармашылық иесіне барлық жақсылықты, материалдық тұрғыдағы жақсылықты жасаған кеңес үкіметінің шекпенінен шыққын аға буынның оны басқа тұрғыда түсінгені белгілі. Қазақ әдебиеті тарихындағы тәуелсіздік

идеясының сабақтасуы және тәуелсіздік жылдарынан бастау алған әдебиет өкілдері шығармашылығының жалпы даму сипаты осындай. Әдебиет дамып, уақыт арнасынан сүзіліп шығып өз жолын таба бермек. Соның негізгі дәлелі бабалар мұрасының бүгінгі поэзиялық шығармаларда көркемдік-әдіс тәсіл, стиль ретінде көрінуін атауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Омарұлы «Зар заман поэзиясы», «Білім» баспасы Алматы 2000 жыл
2. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» Алматы «Атамұра» 2003 жыл
3. К.Нұрпейісов «Алаш һәм алашорда», «Ататек» баспасы, Алматы 1995
4. М.Жұмабаев Көптомдық шығармалар жинағы, 3-том Алматы, Жазушы 2005 жыл
5. Ш.Елеукенов «Әдебиет және ұлт тағдыры», Алматы 1997 жыл, «Жалын» ЖШС

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының көріну сипаты сөз етіледі. Ақындардың жаңа толқынының өлеңдеріндегі өзгешеліктер, тақырыптары, құрылысы, өлең өлшеміндегі ізденістері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается характер выражения идеи независимости в современной казахской поэзии, а также поиски современных акынов в области темы, структуры, метра и размера поэтических произведений.

МОДЕРНИСТІК, ПОСТМОДЕРНИСТІК ТУЫНДЫДАҒЫ РОМАНТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ (Д.АМАНТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Жанұзақова Қ. – аға оқытушы (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда барлық әдістердің танымдық тұрғылары қым-қиғаш араласқан. Кеше бір еңбектерде романтикалық арнада жазылды деген шығармалардың енді модернистік туынды ретінде бағалануы сәнге айналды. Керісінше, қазіргі әдебиеттануда модернистік, постмодернистік деп бағаланған шығармалардың көркемдік тінінде, қаламгерлердің суреткер, қоғам, жеке тұлға мен болмыс хақындағы толғаныстарынан, ой-пікірлерінен романтикалық дүние қабылдаудың сілемдерін бағамдауға болады.

Кеңес әдебиеттануында «кездейсоқ оқиғалар мен ерекше характерлер» жасаудың үлгісі болған (Ф.Энгельс) романтизмді жүйелеуде В.Г.Белинский көбінесе реализмге жүгініп, негізсіз пікір білдіреді. Кеңес тұсында да романтизмді реализмнің аясында бір жақты қарастырды. Шын мәнінде, әдебиетте адам жанының алдыңғы қатарға шығу қажеттілігімен санассақ, романтизмді реализммен қатар қарастырудан гөрі модернизммен бірлікте қатар қарастырған жөн.

Мақаланың тақырыбына қарасақ, ол екі мәселені қамтиды. Біріншісі - модернизм эстетикасында трансформацияға ұшыраған романтизм мәселесі болса, екіншісі – осы мәселенің Д.Амантай шығармаларындағы көрінісі.

Романтизм тенденциясының XIX ғасырмен ғана шектелмей, оның шеңберінен тыс кезеңдерде бой көрсетіп жүргенін ғалымдар да мойындайды. Әрине, XX ғасырдың көркемдік дамуына модернизмнің ықпалы орасан. Классикалық реализмнен өзгешелігі ол өзін поэзиядан гөрі, прозада айқынырақ, күштірек танытты. Модернизм әдебиет пен өнердің сахнасына XX ғасырда түбегейлі орнығып, өз дәуірінің мәдени қажеттілік талабынан табиғи туындады. XX ғасырда модернистік ағымдар мен интенциялар тұтастай мәдени кеңістікте қатар көрініп, әдебиеттің сан түсті, қалың бояулы көркемдік тінін құрайды. Модернизм имманенттік тұрғыда романтизмнің көркемдік жетістіктерін бойына сіңіре білді.

Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты. Жалғыздық қасіреті қоршаған ортаны адамның жатсынуы модернизм өкілдерінің шығармаларында айрықша көрініс тапты. Қоғам мен адам арасындағы қайшылық сарыны тұрғысынан романтизм эстетикасымен ұқсас тұстары болды. Қазақ прозасындағы адам табиғатының трагедиялығы, болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы бейнеленген, адамның панасыздығын, қорғансыздығын меңзейтін шығармаларда романтикалық сипат пен модернистік ұстанымның берік байланысы жатыр. Орыс әдебиетінде модернизм, постмодернизм құбылыстарын зерттеуші Д.Затонский XX ғасыр модернизмінің романтизм құндылықтарынан тамыр тартып жатқанын сөз етеді. «Модернизм мен постмодернизм» деп аталатын кітабының арнаулы тарауында романтизмнің көркемдік жүйесінде кездесетін, ортақ «модернистік» белгілерді «тани» отырып былай дейді: «Если обозреть бытие искусств как бы с птичьего полета, то нетрудно заметить, что они, в свою очередь, тоже тяготеют к движению циклическому: Возрождение объявляло (и даже искренне верило), будто наследует античности, романтизм в некотором роде подражал Средним векам, *модернизм XX века - романтизму...* Модернизм и в самом деле многое позаимствовал у романтиков, тех в известном смысле даже можно бы наречь «пре-модернистами». Что, тем не менее, вовсе не исключает их средства с постмодернистами. В частности, и потому, что романтическое не=жизнеподобие в общем и целом все-таки чуждо фанатически-революционной экстреме» /2,157/.

Романтизмнің постмодернизммен кей мәселелерде тамырласып жатқан тұстары бар. Орыс әдебиетінде В.Набоковтың «Лолита», М.Булгаковтың «Мастер мен Маргарита» романдарын зерттеушілер бірде романтикалық, бірде постмодернистік шығармалардың қатарына жатқызып жүргені сондықтан болар. Екі бейнелеу тәсілінде де жазушылардың дүниетанымдық аңсарынан кейіпкердің өзін жалғыз сезінуі, пенденің ортамен қарама-қайшылығы, тоқтамас арынды заманның технократиялық болмысының сескену, зандылықтан гөрі кездейсоқтықтың басымдығы, нақты болмыстың фантазмагориялық кейіпте суреттелуі, жеке тұлғаның рухани ізгіліктердің тапшылығынан зардап шегу сарыны аңғарылады.

Д.Амантай - қазіргі қазақ әдебиетінде «нағыз» модернист, әрі постмодернист ретінде бағаланып, шығармалары әдеби сынды «шулатып жүрген» жазушыларымыздың бірі. Қазіргі таңда Д.Амантайдың туындыларына екі түрлі, бір-біріне қайшы келетін көзқарас қалыптасқан: бір топ - оның тілі қасаң, шығармаларының көркемдігі төмен, мағынасы ауыр, кірме эпизодтар мол, түсіну

қиын деп жатса, екінші топ - туындылары астарлы, алыстан орағытады, философиясы терең, көп қабатты деп мақтап жатады. Біз бұл екі топқа да қосыла кетпей, өз кезегімізде зерттейтін объектімізге қатысты ғана пікір айтуды жөн көрдік.

Д.Амантай шығармашылығы мен ондағы постмодернистік сарын туралы Б.Майтанов, З.Серікқалиев, Г.Бельгер, Ә.Бөпежанова, Т.Әсемқұлов, Л.Сафронова, т.б. бірқатар әдебиеттанушылар мен сыншылар өз пікірлерін білдірді. Д.Амантайдың көркемдік әдісіне нақты сипаттама беру мақсатын алға қоймағанымен жекеленген зерттеу мақалаларында жазушы шығармаларындағы модернизм мен постмодернизм поэтикасына қатысты тұстары ғана талданды.

Қазіргі әдебиеттегі автордың, жазушының орны туралы өз көзқарастары Д.Амантайдың бірқатар эсселерінде көрініс берген. «Әдебиеттің ролі» эссесінде «жоғарғы мәдениетті транзитті экономиканың құрбандығы» /2,20/ деп бағалай отырып, мәдениетке қамқорлыққа алып, кітап бастыру дәстүрлерін сақтап қалуға шақырады. Зерттеуші Л.Сафронова: «жазушы модернистік идеологияны ағартушы, суреткер-реалист, сонымен қатар суреткер-романтик, эстет позицияларымен қатар ұстанады» /3,89/ – дейді.

Д.Амантайдың романтикалық концепциясы суреткер туралы көзқарастарында байқалады. Оның ойынша, суреткер – мессия (мессия сөзінің діни мағынасы - құдайдың жерге құтқаруға жіберген адамдары), үгіт-насихатшылар, мәдениетті алға жылжытушылар – «алға жылжудың мәңгілік азшылық бөлігі» («вечное меньшинство продвижения»). Жазушы суреткердің қызметі туралы: «И в настоящее время в Казахстане именно это меньшинство борется за настоящую культуру, которая несет в себе высокие вечные идеалы человечества. Это – высокая эстетика, погруженная в любовь и выражающаяся в великой красоте»; «Қазақстанда қазіргі жағдайда осы азғантай топ қана нағыз, шынайы мәдениет үшін күрес жүргізіп, өз бойындағы адамзаттың мәңгілік асқақ идеалдарын тарата білді. Бұл – асқақ эстетика, ол махаббаттан нәр алып, ұлы сұлулықта көрініс табады» (Жолма-жол аударма – Жанұзақова Қ.). /2,20/ – дейді.

Д.Амантайда қазіргі автор, суреткер, ең алдымен, күрескер. Бұл әрине, постмодернистік емес, романтикалық дүние қабылдау ерекшелігінен туындайды. Суреткер мен ортаның, суреткер мен оны түсінбейтін көпшіліктің қарама-қарсылығы – бір жағынан әрі романтикалық, әрі модернистік мәселе. Суреткер өзіне қарсы тұратын көпшілікпен күреседі. Д.Амантайдың пайымдауынша, қазіргі жазушы «көпшіліктің жалпылай алыс ортағасырлық өткенге иек артуымен, мифологияландырылған ұлттық тарихтың жасалуымен, сонымен қатар жалпы мәдениеттің архаикаландырылуымен» күреседі /2,20/.

Д.Амантайдың шағын ғана «Гүлдер мен кітаптар» романы әдеби сында үлкен қарама-қайшылықты пікірлер тудырды. Д.Исабеков оны «роман емес» деп бағалады. Г.Бельгер романды, тұтастай алғанда, «астар мен толғаныс, үзілген сөз, мозаикалық баяндауға, бір-бірімен қиысуы қиын әрқелкі эпизодтарға» құрылғанын айтады /4/. Әрине, бұл бір жағынан шығармаға құрылымдық өзгерістер енгізуге ұмтылатын жазушы жаңашылдығымен, ізденістерімен де ұштасып жатыр.

Ә.Бөпежанова Дидар Амантай шығармашылығының «көзге ұрмайтын пәлсапалық құрылымымен» және «жасампаз сұхбаттастық сипатымен» ерекшеленетініне назар аударады және жазушы туындыларына тән осындай қасиеттердің көркем көріністері – жазушының жаңа заман талабына сай «Мен Сізді сағынып жүрмін» атты повесі мен «Гүлдер мен кітаптар» романында айқынырақ танылғанын жазады. «Гүлдер мен кітаптар» романын көлемі шағын,

бірақ «конструкциясы өте дамыған – бірнеше идеяны қат-қабат алып жүретін шығарма ретінде бағалайды. /5,12/.

Роман сюжетіне келер болсақ, бас қаһарман - Әлішер есімді жазушы жігіт үлкен кітап жазу мақсатын алға қояды. Шығармада қатар жатқан қос әлем бар - Әлішерге қатысты бүгінгі күн оқиғалары мен ықылым замандардағы түркілердің көне тарихын қозғайтын өткен күн оқиғалары кезектесе дамиды, яғни сақ өркениеттері мен бүгінгі мегаполис болмысы иық түйіскен. Романның алғашқы «Әлішер» тарауы бүгінгі күні, яғни жиырма бірінші ғасырда Әлішердің ойындағы кітабын жазып бітіруге бар жанымен құлшына кіріскен қаракетінен басталады. Қаһарман түс көреді: «Жорғалап келе жатып ол жердің иісін таныды, кітап иісі шығады. Кәдімгі шаң-топырақ басқан сарыала қағаздың таңсық иісі тап иегінің астынан аңқып тұр...» /6,3/.

Тәңіріні іздеп жүрген Әлішердің бүкіл ойы - қалайда өз бетінше жол салған, өзгеше өлшемді «Тәңірі кітабын» жазып бітіру. Сол кітапты жазу барысында қаһарманның күдік пен күмәнға толы сергелдең күй кешуі, өмірде жолы болмай, жалғызсыраған, көңілі толмаған, тіпті түңілетін күнделікті өмірі, таныс және бейтаныс адамдармен кездесуі, әңгімелесуі бүгінгі әлем бейнесімен байланысты. Екінші әлем қаһарманның кітабында көрініс табатын, оны санасында бейнеленіп жатқан көне түркілердің тарихын, аңызды қозғайды.

Жазушы жігіттің рухани ізденістері, өмірлік мұраты - өзінің түп негізін табуға бағытталған. Ол өз кітабында көне түркілердің сонау ерте замандардан бастап осы кезеңге дейінгі жалғастығын, үзіліссіз тарихын сомдауға бар күш-жігерін жұмсайды. Романның екінші желісі де жазушының осы ұмтылысы жүзеге асқан тарихи аңыз сілемдерімен байланысты дамиды. «Мұса», «Ғайса», «Мұхаммед», «Заратуштра», т.б. тарауларында қазақ даласына келіп орныққан діндердің тарихына шолу жасайды, түркілер арасындағы алғаш пайда болған күнә, өлім, т.б. рухани категорияларға негізделген аңыздарға иек артады.

Д.Амантай романын зерттеушілер модернистік және постмодернистік эстетикамен ұштастырады. Ғалым Б.Майтанов: «Автор баяндау барысын күлт үзіп, кенет күтпеген философиялық пайымдау сарынына түсе салады да, одан тағы оп-оңай шығып кетеді, әдеттегі өмір көріністерін үзілмелі кескінде бейнелеуге көшеді... Д.Амантай шығармаларында аллюзия, интертекст, реминисценция және «сана ағымының» автор еркіндігімен сабақтас түрі елеулі философиялық, тұрмыстық, эзотериялық мәселелерді постмодернистік поэтика ауқымында қарастыруда зор стильтүзушілік роль атқарады» - дейді /7,64-65/. Жазушы шығармалары түрлі туындылардан алынған фрагменттерден құрастырылғандай әсер қалдырады. Шығармалары көбінесе көлемі шағын болып келеді. Дәстүрлі мағынадағы сюжет үлгісі кездеспейді.

Алайда осы шығармада модернизммен трансформацияға түскен романтикалық таным іздері де байқалады. Бұл тұрғыда қаһарман дүниені, әлем бейнесін руханиятпен байланыстырады. Ол қазіргі қоғамда кітаптың қадірі болмай, кітаптың күні өткеніне қынжылады. Кезінде кітапқа бас иген, кітапты қадірлеген адамдар оған «сатқындық» жасады. Кітаптың бүгінгі қоғамда аяқ асты болуы Әлішердің жеке өміріндегі трагедияға айналады.

Постмодернизм эстетикасы ұстаздық тағылымдардан, идеалдардан бас тартса, қаһарман үшін идеал - кітаптар мен гүлдер. Романтизм эстетикасында гүлдер қашанда сұлулықтың, сезім тазылығының символына айналады. Гүлдер Әлішер үшін сұлулық символы, ал кітаптар - өнер символы. Оның шығарма тақырыбына арқау болып отырғаны да осы себептен.

Қаһарман бүкіл әлемде өзін жалғыз сезінгенде, өмірден баз кешкенде, оның басты серігі, көңіліне медет тұтары - кітаптары мен гүлдері. «Жаратылыстың

барлық түрі кітапқа ену үшін жаратылған, депті әсемдікке ғашық Малларме. Кез-келген кітаптың асқақ мұраты елге танылу болса, онда қалам жазған ойдың алдымызға сырғытып отырған тұжырымында адал ниет жоқ» /6,41/, «Асқақ кітап, ең алдымен, кісіліктің белгісі» /6,42/.

Авторланған Әлішердің «Гүлдер» тарауындағы гүл туралы толғаныстарында да романтикалық элементтер ұшырайды: «Ол гүл туралы толғанды. Көздің жасы тәрізді домалап асқар биіктен күннің дәмі шәрбәт нұры тамады, тамған нұрдан жаралып, періштеге айналған жарықтың бұла еркесі дүниеге құшағын ашып, ұяң жүзбен иіле қарайды. Төңірек жез қанат қырғауылдың әдемі күлкісінен ертегінің еліндей шексіз құлпырады. Ескі заманда шайыр қызды сұлуын гүлге теңеді. Қазір ол ізгіліктің бейнесіне айналып отыр. Қасірет шегіп, бейнет көргенде, шындықты танып, бақыт кешкенде, сіздің іргеңізден ұдайы гүл табылады. Қайғыңызға ортақтасады, қуанышыңызды бөліседі, жалғыздықта серік болады... Шөл дала ма, таулы қырат па, құнарлы өлке ме, перизат гүл аспанға қарап алақанын жаяды. Сонау жоғарыдан құлдилап құлаған бір күндік сәуле молынан төгіліп, үлбіреген қауыздың ішіне толады. Үстірттен тапқан шақпақ алтын құсап, жарқырап келіп шашақ себетіне көлденең шағылып, айналасына бұрқырап шашырады Өңі қашқан реңсіз топырағына киелі шапағаты тиеді» /6,52/ деген толғаныстың романтикалық бояулары жоқ деп көріңіз. «Гүл, бірінші кезекте, әуен. Өз орнын тапқан әсемпаз паң асқабы гүл күннің нұры құйылған нәс бөлмеде ғажайып үндестікті туғызады. Қас әдеміліктің өлшемі гүл» «Гүл – азаттық пен жалғыздықтың жалауы. Азаттықты іздеген жалғыздықтан жеңіледі. Гүлде сол бір жасырын мұң бар, сол бір жасырын мұң гүлге талмай қадалып ұзақ қараған соң, сізге көшеді, кейін қанша қуансаңыз да, сізден шыққан күлкі тереңдігі күрсіністі жасыра алмай, бетіңізде жүгірген ізінің әйтеуір бір жерінен алаң көңілді белгісін беріп тұрады» /,53/. «Кітап ой ретінде жалғыздықтың аясында дүниеге келетін жұмбақ құбылыс, ал, гүлді серік іздеген жаны нәзік адам өсіреді. «Гүл – сезімді ой тудырады, кітап – ойдың сезімін дамытады». Әлішердің кітаптар мен гүлдер туралы ой-пікірлерінде авторлық идеялар бас көрсетеді. Жалпы «Гүлдер» тарауы көлемі жағынан шағын болғанымен, мұнда романтикалық көңіл-күй ұшқыны да, эссеистикалық, публицистикалық толғамдар, гүлді күтуге байланысты натуралистік ақыл-кеңестер де араласып кеткен.

Автор гүлге тыңайтқыш ретінде калий тұзын, суперфосфатты пайдалану қажеттігін, оны қандай мөлшерде қанша сумен дайындауға болатынын ежіктеп айтып келеді де: «Нәзира гүлдің мамыражай бейқам қорғансыздығы сергек ұйықтаған жалғыз көзді жалмауызды оятады» /6,52/ деп романтикалық әуенге қайта оралады.

Сонымен қатар «Кітаптар» тарауында автор әлем әдебиетінде танымал жүз шақты кітаптардың тізімін санамалайды. «Қаламгер» тарауында да жазушыларды атап шығады. «Гүлдер» тарауында да бізге таныс және таныс емес сал алуан гүлдердің түгелдей аттарын атап шығады. Шығарманың екінші бөлімінде түркілердің ежелгі тарихы, олардың пайда болуы туралы жиырма бес жыр кірістірілген. Бір жыр – ойлары үтірлермен бөлінген бір сөйлемнен тұрады» дейді автор. Әрине, бұны постмодернистік танымнан тамыр тартқан автордың рухани тәжірибесі деп бағалауға болады. Жалпы жазушы дәстүрлі стильден кейде саналы түрде бас тартып, әдеби эксперименттерге барады.

Романның қаһарманы Әлішер бір жағынан әлеммен үйлесім іздейді, екінші жағынан ол «постмодернистік» дәуірдегі адамның рухани құлдырауына, азғындауына алаңдайды. Содан келіп қаһарманның жалғызсырауы туады. Зерттеуші Ә.Бөпежанова Әлішердің мінез ерекшелігі турасында: «Ол – адам санасының тұтастығы жойылған, «әлемнің кіндігі – адам» қағидасы белгілі бір деңгейде мағынасынан айырыла бастаған, бұқаралық мәдениеттің «жеңіп»,

адамның, қоғамның өмірсалты, тіпті дүниетанымы озық технологиялар аясында қалыптасып отырған кезеңнің кейіпкері деуге болады; белгілі философ-мәдениеттанушы А.Наурызбаева «постгуманистік кезең» деп анықтама беретін кезеңнің кейіпкері; алайда рухани болмысы мықты, бойына өз заманының да рухани-мәдени мұрат-идеалдарын жинақтаған кейіпкер» /5/ деп сипаттама береді. «Романда жасампаздық рух, жанды әлдилер әдемі бір мұң бар» деуі зерттеушінің шығарманың романтикалық табиғатын танудан туған байламы де қабылдауға болады.

Қарап отырсақ, Әлішердің бойынан жазушының жеке тұлғасы бой көрсетеді. Автордың демі, тынысы, көзқарасы айқын сезіледі. Д.Амантай қоғам мен жеке тұлғаның тұрмысында модернизм мен постмодернизм құбылысының тереңдеп енуінің салдары туралы «Таңбалардың ойыны» мақаласында: «Қазір өзін фәлсафашы, ойшыл, жай ғана адам санаған тұлға постмодернистік нигилизм сырқатына ем іздеудің үстінде. Оны табамыз ба, жоқ па, белгісіз. Бірақ ізденістің нәтижесі қайткен күнде де адамзаттың тағдырына тікелей әсер ететіні сөзсіз» дейді. Д.Амантай шығармада мәні мәңгілік мәселелерді сауалдар формасына көмкеріп, оған жауап іздей шарқ ұрады, қаһарманымен бірге сергелдеңге түседі. Сонымен бірге өзінің рухани ізденістері мен философиялық толғамдарына оқырмандарын да тартып, ортақтастырады. Осы жағынан романтикалық бейнелеу тәсілінің ұшқындары аңғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: Мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. – Харьков: Фолио, 2000. – 256 с.
2. Амантай Д. Роль литературы Начнем с понедельника. – 2006, 14-20 апрель. – С. 20.
3. Сафронова Л.В. Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана. Учебное пособие. – Алматы, 2006. – 95 с.
4. Бельгер Г. Дидардың гүлдері мен кітаптары Azamat. № 26 (26), 2.09.05. – 5 б.
5. Бөпежанова Ә. Гүлдер мен кітаптар – мәдениет құбылысы Қазақ әдебиеті, 09.09.2005. - 12 б.
6. Амантай Д. Гүлдер мен кітаптар. Роман. –Алматы: Арман-3, 2003. – 108 б.
7. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы жаңашыл баяндау үрдістері Евразия. 2005, № 2. - 52-65 бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада модернизм, постмодернизм эстетикасындағы романтикалық тенденция трансформациясы Д.Амантайдың бірқатар эсселері мен «Гүлдер мен кітаптар» атты романының материалы негізінде талданады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблема трансформации романтической тенденции в эстетике модернизма и постмодернизма на материалах эссе и романа «Цветы и книги» современного казахского писателя Дидара Амантая.

ТАРИХИ ШЫҒАРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛ-СТИЛІ

Зайкенова Р-ф.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Кез-келген көркем шығарманың жанрлық сипатын айқындау әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Жанр туралы пікір әртүрлі, оны түйіндесек, мынадай болып шығады. Бірінші, жанр (французша *genre* – тек, түр) әдебиеттің тегі, ол эпос, лирика, драма деген топтарға бөлінеді, ал оның эпос түріне роман, эпопея, повесть, поэма, толғау, жыр, әңгіме, очерк, новелла, сюжетті қысқа өлеңдер жатса, лириканың түрлеріне өлең, ода, идиллия, иадригал, элегия, романс, эклога, сонет, эпиталама, ал драманың түрлеріне трагедия, драма, комедия т.б. енеді. Бұл топтағы ғалымдар Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Г.Поспелов, Л.Тимофеевтер көркем шығарма атауларын жеке дербес жанр деп қарамай, жанрдың түрлері деген тұжырымға тоқтайды. Мұнда әдебиет тегі (литературные роды) мен әдебиет жанры деген терминдер бір ұғымда қолданылады. Ал Г.Абрамович, Л.Шепилова, Е.Ысмайылов сияқты ғалымдар көркем шығарма атауларын (эпопея, роман, повесть, поэма, өлең, ода т.б.) жанр деп таниды.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем шығарманың жоғарыда аталған түрлерін де, тіпті жалпы көркем шығармалардың барлығын да бір сөзбен жанр деп қарайды, айталық сонет жанры, толғау жанры, айтыс жанры т.б. деп кете береді. Бұлай атау әбден қалыптасып кеткені соншалық, солай болуға тиіс сияқты болып көрінеді. Ал ғылыми тұрғыдан келгенде, бірінші топтағы ғалымдардың жүйелеуі қисынды болғанымен, өмірге кірікпейтін, қолдануға, көнбейтін осындай да жайлар болады екен. Әдебиет қарыштап дамыған сайын оның түрлерінің де кеңеюі заңды құбылыс әрі ғылыми жетістік болуға керек.

Қарымды қаламгері бар елде ірі тарихи оқиғалар қалтарыста қалмақ емес. Ерте ме, кеш пе, ол жалғанның жарығына шығып, жалпақ жұртқа жариялануға тиіс. Өйткені әлем мойындаған бір шындық – уақыттың ашпайтын құпиясы жоқ. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» (әлденеше кітап) арқылы бұрын қазақ әдебиетінде қозғалмаған халқымыздың үш жүз жылдық тарихына түрен түсірді. Жалғыз Ілияс Есенберлин ғана емес, сол тұста Әнуар Әлімжанов, Сопы Сыматаев, Қабдеш Жұмаділов, Әбіш Кекілбаев қатарлы бірталай жазушының тарихи тақырыпқа ойысқаны бар. Қазақстан жеріндегі қаламгерлерден басқа біздің шеттегі қандас қаламдастарымыз да көп алаңдады. Тамаша жазушы Шәмис Құмардың бір өзі тарихи тақырыпқа едел-жедел үш роман (Бөке батыр, Көз жасы құрғамайды, Ер Жәнібек) жариялатты. Жанат Ахмадидің «Дүрбелең», «Шырғалаң» дилогиясы, Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Тау тағысы» романы Шыңжаң тарихынан сыр шертеді. Бір тақырыпты екі автордың жарыса жазатыны тағы бар. Мысалы, Батырхан Құсбегиннің «Зуха батыр» романынан кейін дәл осы тақырыпқа Қажығұмар Шабданұлы «Пана» деген роман жариялатты. Ал Сейітқан Әбілқасымовтың «Оспан батыр» романынан кейін, осы тақырыпқа Жақсылық Сәмитұлы жариялатқан «Сергелдең» (төрт кітап) оқырман қолына тиді. Ондай дүниелер тәжірибеде бар. Айталық, бір Шыңғыс хан жөнінде қаншама кітап жазылды?

Шыңғыс хан демекші, солардың ішінде тәуелсіздігіміздің он жылдығына орай өткізілген әдеби конкурста бас бәйгені жеңіп алған Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты романы - бір төбе.

Айта кететін бір жай – жариялануы кештеу демесеңіз, С.Сматаевтың «Елім-айы» мен Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көші» әріректе жазылған шығармалар. Мысалы, «Соңғы көштің» нүктесі 1971 жылы қойылып, сол жылы күзде

«Лениншіл жас» газетіне көлемі әжептәуір үзінді жарияланған болатын. Ал содан дилогияның толық нұсқасы оқырман қолына тигенше арада он неше жыл өтпеді ме?! «Елім-айдың» да тағдыры соған жуық. Оның үстіне Қабдеш Жұмаділов басқа саланы қурай жүріп, тарихи тақырыпқа бес романның басын қайырып тастады. Демек, бұл екі автор да тарихи тақырыпқа қалам тартушылардың ең алғашқы легінде.

Жоғарыда аты аталған жазушылардың еңбегін таратып айту үшін көп жұмыс істеу керек. Шынын айтқанда солардың қай-қайсысы да жеке-жеке зерттеу тілейді. Өйткені, оның арқау еткен тарихи оқиғасы, ондағы әлеуметтік жағдай, қаламгердің концепсиясы мен жазу үлгісі, жасаған образдар жүйесі басқа-басқа. Бірақ бұларды бір-біріне жақындататын ортақ талап – тарихи шығарманың тіл-стилі. Мейлі кім қай заманды жазса да, шығарма сол заманның тілімен сөйлеуі шарт.

Ал шағын мақалада олардың бұл саладағы аяқ алысын салғастыру түгіл жай шолуға мүмкіндік жоқ. Сондықтан мұндағы бірер жазушының шығармасында көзіміз шалған белгілерді алдыға тартсақ дейміз.

Әдебиет теориясында романның ең биік сатысын эпопея деп атайды. В.Г.Белинский «романға біздің заманның эпопеясы» деп анықтама береді. Қазақ әдебиетінің көрнекті білгір ғалымы, академик Қ.Жұмалиев: «Шын мәнінде роман – көркем сөздің ең биік шыңы. Ол дәрежеге жету үшін өмірді кеңінен қамтудың үстіне романда бірнеше сюжеттік линия, екінші сөзбен айтқанда, негізгі сюжеттік линияға қосымша сюжеттер, негізгі оқиғаға қатысушылардың іс-амалы мен образдарын толықтыра түсумен бірге қатар дамып отыруы қажет», – дейді. /1/. Қазақ әдебиетінде оқиғасы тұтас бір дәуірді қамтитын роман-эпопея деңгейінде талданып келген шығарма – М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, майталман қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің 2003-2005 жылдары жарық көрген 12 томдық таңдамалы шығармаларының басым көпшілігі роман десек, мұның бесеуі таза тарихи тақырыпты қозғаса, басқа романдарында қазіргі дәуір дидары, замандас бейнесі, дүниетаным иірімдері әр қырынан ашылады. Жазушының «Бір түп тораңғы» (1981), «Сәйгүліктер» (1982), «Қарауыл» (1983), «Бір қаланың тұрғындары» (1984) сияқты повесть-хикаяттары мен «Көкейкесті» (1968), «Соңғы көш» (1-кітап, 1974; 2-кітап, 1981), «Сарыжайлау» (1977), «Тағдыр» (1988), «Дарабоз» (1994,1-кітап; 1996,2-кітап), «Таңғажайып дүние» (1999) «Прометей алауы» (2001), «Қылкөпір» (2002), «Атамекен» (2003) атты романдары қалың жұртшылыққа кеңінен танымал. Бертінде жазған («Жұлдыз» журналы. 2008, №4) «Найман-Ана ескерткіші» атты хикаят та тарихи тақырыпқа негілделген. Оның қаламынан туған шығармалар тақырыбының ауқымдылығы, көтерген мәселесінің сонылығы, идеясының терең шыншылдығы және тіл-стилінің ерекшелігі, көркемдігі туралы баспасөз беттерінде аз жазылған жоқ. Айталық, Т.Әлімқұловтың «М.Горкий айтқандай, әдебиеттің бірінші шарты – тіл. «Соңғы көште» осы тілдің байлығы бар. Автор сан қуу үшін сөз термейді, терген сөзді шығармасына зорлап телімейді. Сондықтан да әр сөзі қалауын тапқан қардай жарасып тұрады» – деп көрсеткеніндей, жазушы шығармаларының тақырыптық, идеялық, көркемдік үндестігі біртұтас. /2/

Әдебиеттің «тілі» деген сөз қазір термин ретінде қалыптасып қалды. Біреуді біреу «тілі жақсы» деп мақтап, «тілі жаман» деп даттап жатады. Меніңше, осының өзі жетпей айтылған сыңаржақ пікір сияқты көрінеді де тұрады. Өйткені, тіл дегеніміз өзі ең алдымен ойдың қағазға түскен сәулесі емес пе?! Түрлендіріп айтсақ, ой қозғалысынан туған мәуе ғой. Жүйелі ойлай алатын ойы жақсы адамның ғана тілі жақсы болады. Бұл – бір.

Екіншіден, мейлі мықты, мейлі осал болсын сол тілдің арғы бетінде қаламгердің өзі тұрады. Олай болса, оның тілінен дүниетанымы, тілдік қоры, этнографиялық тіпті фольклорлық түсінік деңгейі, сүйек сінді не жүре бітті білім-білігі білініп тұрады. Осыншама көлемді саланы қамтитын көпір іспетті дүниені тілі деп дараласак, оның соңы манағы біз айтқан тұйыққа тіреледі. Сондықтан бұл мәселені әлі де ойластыру қажет сияқты.

Қ.Жұмаділов романдарының жалпы жүйесіне шолу жасағанда, алдымен оның тақырып таңдаудағы үлкен ізденісі, өзіндік көзқарасы, таным-түсінігі бірден байқалады. Себебі жазушы шығармаға өзек болатын оқиғаны әбден зерделеп, өз көкірегінде пісіріп, жетілдірмейінше қолына қалам алуды ар санайтын сыңайлы. Екінші жазушы романдарына тән сипат сюжеттік-композициялық компоненттердің үйлесімділігі деуге болады. Романдардағы сюжеттік желілер әр кейіпкердің тағдырын кескіндеп, характерін ашып тұрады және де көп жағдайда оқиғаның болған орны нақтылы көрсетіледі. Образды сомдап, олардың алуан түрлі характерін айқындаудағы жазушының негізгі мұраты – дәуір шындығын екшеп көрсете білу. Оның қай шығармасын оқысаңыз да өз қолтаңбасына тән сыр-сипат өзгеше. Ондағы Қ.Жұмаділовке ғана тән суреткерлік қуат, терең психологизм, стильдік-тілдік даралық, ұлттық накыш әдебиетіміздің эстетикалық-көркемдік деңгейін биік белеске көтерді.

Белгілі ғалым Т.Сыдықов «Дарабоз» дилогиясы туралы: «Біріншіден, бұл роман ойрат-қазақ жұртының арасындағы жан алып, жан беріскен қанды жорықтарды арқау еткенімен, бұрынырақ жазылған М.Мағауин, Ә.Әлімжанов, І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, С.Сматаевтар қаламы тиген тұсқа беттемейді, тыңға түрен салған. Ашып айтқанда, қазақ-қалмақ тарихын бейнелейтін романдар Жоңғар қалмақтарының қазақ даласын қанға бөктіріп, жаулап алуын, көкірегі кекке, көңілі мұңға толы елдің арқасы қозып, ес жиып, қол бастап ата жауын алғашқы соққыға жығатын сәтті соғыс операцияларын қамтып, азуын білеп, аузынан от шашқан құдіретті көршілерінен қорынып, бас сауғалаған есекдәме күйкі күйіне тартып, күңірене келіп тоқтайтын... Демек, қалмақтар қазақтардың басы біріксе қолы қатты, екпіні жауды теңселтер жойқындығын мойындағанымен, жерінен кетуді мойындай қоймаған-ды. Бұғалық алынбай, құлдық сезімі жүрегінен сылынбай, байталын жауға қалдырып, басын қайғыға алдырып, мең-зең күй кешкен халық енді не істемек?.. Сол «Не істемек» Қабдеш Жұмаділовтің дилогиясына бес батпан жүк артқан»– деп, тақырып сонылығын дәл тауып көрсеткен /3/. Жоғарыдағы 18-ғасыр оқиғасын арқау ететін романдарда дәуір тартысының көркемдік шемімі – Ресей империясының қарамағына өтуімен тиянақталатын. Қ.Жұмаділовтің романында негізгі оқиға қазақтың қалмаққа қарсы соғысы болғанымен, ешкімнің тісі бата қоймаған 1751 жылдан кейінгі тарихи оқиғалар алынады. Мұнда Қазақстанның оңтүстік бөлігінде болған жойқын ұрыстар, Қарақалпақ жері мен Түркістан, Ташкент, Созақ қалаларын, Сыр бойын жау қолынан азат ету сияқты бұрын жыр-аңыздарда ғана ұшырасатын деректерді тірілтіп, өз шығармасына арқау еткен. 1723 жылғы қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» аталған жылдарда ойраттар қазақтардың бейқамдығын пайдаланып, халықты босқындыққа ұшыратса, қазақ халқының қайта оянуы, күллі саяси-әлеуметтік жағдайы 18-ғасырдың екінші жартысынан басталатынын роман басында екі-үш ай бұрын үш жүзге сауын айтылып, хан мен сұлтандардың, батыр мен билердің көктемде өтетін кезекті хан кеңесіне жиналуынан айқын байқалады. Тарихи маңызы зор бұл деректер авторлық баяндауларда бар маңызымен ашылып отырады. Автордың пайымды шолуы арқылы сол кездегі саяси ахуал көз алдыға бірден елестейді. Ф.ғ.д., профессор Б.Майтанов авторлық баяндаудың бірнеше түрін анықтаған. Әсіресе, жазушы бейнесі қаһарман бейнесімен бірлікте көрінуіне байланысты, жазушы мен кейіпкер санасының тұтастануына ұмтылу–

шығарманың басты идеялық-эстетикалық принципін құрайтындығын ескерсек, жазушы дүниетанымы кең сипатқа ие. /4/

Қ.Жұмаділовтің қаламынан туған тарихи шығармалар «Тағдыр», «Соңғы көш», «Дарабоз», «Таңғажайып дүние» романдарының жанрлық сипатын анықтайтын болсақ, басқы екі шығармасында 20-ғасырдың ортасына дейін тек Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысы, дәуір шындығы, қазақтардың біраз бөлігінің Қазақстанға қалай келіп қоныстанғаны туралы бір халықтың басынан өткен қоғамдық-әлеуметтік мәселелер нақтылы деректер бойынша сөз болса, ал «Дарабоз» романында 18-ғасырда орын алған тарихи оқиғалардың көрінісі бар болмысымен ашылады. Аталған шығармалар дәуір шындығын ашып қана қоймайды, әдебиетімізге өзіндік ой, көзқарас алып келген тың туындылар ретінде қосылды және солай танылды.

«Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясы көтерген тақырыбы, суреттеген уақыты мен дәуірі, оқиғаларды суреттеу масштабы, бейнелерді сомдау ерекшелігі бұның эпопея екендігін көрсетіп берді. Эпопея үздік шығармаға берілетін атақ, тәж емес, деп зерттеушілер атап өткеніндей, бұл жанрлық сипатты «Дарабоздың» құнын арттыру мақсатында қолданып отырғамыз жоқ. Керісінше, шығарма табиғатын дұрыс түсініп, шығарма көтерген идеялық мазмұнның толық ашылуын мақсат етіп отырғандықтан осындай қорытындыға келдік»,—дейді ф.ғ.к. Д.Болатханұлы. Сондай-ақ жас ғалым Қ.Жұмаділов романдарының негізгі тақырыбы тарихтың ең бір күрделі кезеңдері тудырған заман тартысы, тумыс-тіршілігі, тұрмыс салты болғандықтан, оның басқа да романдарының көтерген мәселесі эпопея жүгін арқалап тұрғандығын аңғартады /5/.

Орыс әдебиетінде Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М.Шолоховтың «Тынық Дон» романдары классикалық роман-эпопея деп танылса, бұлардың қатарына М.Горкийдің «Клим Самгиннің өмірі», А.Фадеевтің «Ту ұстаушылары», А.Толстойдың «Азап жолы», И.Эренбургтің «Жас гвардиясы» т.б. осы сияқты революция тақырыбына жазылған жазылған романдарды да жатқызған-ды. Алайда, бұл туралы әртүрлі кереғар пікірлер кездескенімен, орыс әдебиетінде кең көлемде жазылған шығармаларды эпопея деп атауға ұмтылу басым /6/ .

«Соңғы көш» дилогиясында да, «Тағдыр» романында да сөз болған замана келбеті Қ.Жұмаділовке дейін түрен түсірілмеген тың тақырып болатын. Роман-эпопеяға тән сипат оның қаһармандары тарихта болған және жеке өмірі тарихтың дамумен тікелей байланысты тұлғалар болуы керек. Оның сыртында қаһарманның бүкіл іс-әрекеті, күнделікті өмірі, күрес жолы, отбасылық проблемасы, оның шешілуі тарихтың дамуымен сабақтасып, шындыққа сай келуі қажет. Бұл тұрғыдан алғанда жазушы романдарының салмағы ауырлап, «Дарабоз» ғана емес, «Соңғы көш» дилогиясы да эпопеяның жүгін арқалап тұрғандығын ашық айтудың қисыны келіп тұрғандай. Ал «Таңғажайып дүние» мемуарлық шығарма болғандықтан, мұнда жазушының басынан өткізген ұланғайыр оқиғасы мен жүріп өткен өмір жолы айнақатесіз алынып, бір көркем шығармаға сарқылмас азық болатындай мол материал жинақталған.

Жазушының «Тағдыр», «Соңғы көш», «Дарабоз» романдарындағы бір ерекшелік— тарихи дерек көздерінің дәлдігі мен оқиға орнының нақтылығы болса, екіншісі— көшпелі ұлт руханиятының тұрмыстық этнографиялық мәдениеті дәстүрлі сипатымен, қанық та айқын ұлттық бояуымен көрініс табуында. Осыған орай әр ұлттық кейіпкердің болмыс-бітімі, мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, наным-сенімі, парасат пайымы көшпелі тұрмыс мәдениетінің даналығына сай көркемдік айналымға түскен. Мысалы, аталмыш үш шығармадағы Қабанбай батыр, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Бұхар жырау, Ақтамберді жырау, Ысмайыл, Күдері, Қанағат би, Қайынбай, Жағфар, Естай, Керімбай, Нұрбек, Демежан, Ши-амбы,

Балкашин (орыс консулы), Жасыбай (Башпай), Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов т.б. сияқты кейіпкерлер тарихта нақты болған адамдар. Образдар жүйесі – авторлық идеяның көркемдік көрінісі дейтін болсақ, ал оның шығармаларындағы тұтас бір кезеңнің тарихи шындығы осы адамдар айналасына жинақталып берілген. Қ.Жұмаділовтің қай романын алсаңыз да ондағы негізгі қаһармандар нақтылы тарихи жағдайлар мен шынайы оқиғалар аясында алынып, дәуір сипаты бар болмысымен көрінеді. Айталық, «Тағдыр» романындағы Демежанды 13 жасынан өз қолында ұстап, тәрбиелеп, ханзуша оқытып, қайраткерлік дәрежеге дейін көтерілуіне үлкен септігін тигізетін, мемлекеттің жоғары дәрежелі өкілі, Тарбағатай аймағының 30 жылға жуық әміршісі болған Ши-амбының іскер басшы ретіндегі кесек бейнесі барлық қырынан алынып, жан-жақты ашылады. Егер Ши-амбының тәрбиесінде болмаса, Демежанның аға сұлтандық дәрежеге дейін көтерілу де неғайбыл еді. Ши-амбы кетісімен, Демежанның да ғұмыры ұзаққа бармайды. Сондай-ақ уақыт сынына төтеп бере алмаған Ысқақ, Байсерке т.б. сияқты кейіпкерлердің халдайлармен бірлескен зұлымдық іс-әрекеттері уақыттық дүние екендігі, түбі жақсылықтың жеңбей қоймайтындығы романда нанымды суреттеледі. Сондықтан да образ сомдаудағы жазушы шеберлігі оның өмір шындығына терең бойлай алуына байланысты. Сонымен бірге көркем әдебиетте образдың тұлғалануы шығарманың жанрлық сипатына, әр қаламгердің қабілет-қарымы мен түсінік-түйсігіне де байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда тарихи оқиғалар мен кейіпкерлер характерін үйлестірудегі композициялық тұтастық – жазушы шеберлігінің жарқын көрінісі.

Сондай-ақ тарихи тұлғаларды сомдауда автор ерекшелігінің бірі - ол адам мінезін контрасты суреттеу арқылы өткені мен бүгінгісін көз алдыға алып келеді. Әсіресе бұл әдіс жағымсыз образды сомдауда айқын көрінеді. Мысалы, «Соңғы көш» романындағы Шөншіктің «бұрынғы» және «бүгінгі» бейнелерінің арасындағы қарама-қайшылықты суреттегенде адам мінезінің сан қилы қалтарысының куәсі боласыз. Кейіпкер өмірі мен мінезіндегі өзгерістерді суреттеу арқылы сол уақыттағы заман тынысы көз алдыңызда келеді. Ғалым Б.Майтановтың «Психологизмнің негізгі қызметі – өмірлік шындық пен көркем шындықтың жанды тамырластығын сақтау» /7/ деген тұжырымына сүйенсек, Қ.Жұмаділовтің сомдаған бейнелерінің жақсы, жаманын ажыратуда бұл тәсіл қапысыз қызмет атқарған. Мысалы, «Тағдыр» романындағы екі-үш бетте ғана айтылатын Бойқа деген қалмақ кемпірінің басынан өткен тағдыры, адами мінез-құлқы арқылы жалпы адамзатқа тән үлкен қасиеттің куәсі боласыз. Ертеректе қалмақтан олжаға түсіп, қазақтың бір жігітіне тиген қалмақ қызы күйеуі өлген соң егде тартқан шағында Сымайыл зәңгіні паналап, балаларының күтушісі болып жүретін. 1864 жылғы қалмақтарға қарсы дүнген-қазақ жаугершілігі кезінде Сымайыл зәңгінің екі баласы атқа мініп, қашқан кезде ағасының артынан сыпырылып түсіп қалған алты жастағы Қайыңбайды бір шерік найзаға шанышқалы жатқанда, осы Бойқа кемпір баланы танып, қолма-қол ара түсіп, «менің немерем» деп құтқарып қалады. Содан өзінің туыстарын іздеп, қалмақтармен ілесіп кетеді. Қайыңбай он екі жасқа келгенде, өз қаны емес түбі шикі екенін байқап қалған қалмақтардың баланы тірі қоймасын сезіп, баланы сенімді бір қолға тапсырайын деген ниетпен көтеріліс басылған соң, Дәрбілжін қаласындағы аймақ әміршісі Ши-амбыға бар шындықты айтып, табыстап кетеді. Арада тағы үш-төрт жыл өтеді. Баяғы босып кеткен қазақтар өз орнына қайта келіпті деген хабарды естіп жүрген Бойқа кемпірге тағы да баланың тағдыры тыныш ұйықтатпайды. Оның сыртында Сымайыл мен оның бәйбішесі Айтолқыннан көрген небір жақсы істері есіне түсіп, түн ұйқысы төрт бөлінеді. Әбден мазасы кеткен Бойқа кемпір зауал шағында жолға шығады. Алдымен баланың амандығын біліп алып, сосын Сымайыл зәңгіге келіп, сүйінші сұрайды.

Ши-амбының қолында аманатта жүріп, қытай мектебінде оқитын қытайша мен қалмақшаға судай екі бетінен қан тамған, өңді жігіт ата-анасына Бойқа кемпірдің арқасында осылайша қосылады. Адам психологиясына тән ой мен сезімнің үнсіз шайқасуы барынша шынайы, әсерлі бейнеленген. Жалғыз Бойқа кемпір емес, жалпы жазушы кейіпкерлері тарихта нақты болған оқиғалармен байланысты ашылып, романның сюжеттік-композициялық желісімен динамикалық байланыста дамып отырады. Мұнда идея, тақырып, образдар жүйесі іштей тұтасып жатады. Тарихи романға тән басты сипат – кейіпкерлер мінезіндегі негізгі басым тұстарын ғана алу. Тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың барлығын романға тоғыта беру немесе жалаң суреттеулер мен авторлық баяндаулармен толтыру шарт емес. Тарихи романның жанрлық сипаты суреттеулер мен авторлық баяндаудан ғана тұрмайды, мұнда нақтылы тарихи оқиға жанданып, көркем шындыққа айналуы керек. Осы арқылы тарихи тұлғалардың көркем бейнесі жасалады. Суреткер шеберлігінің өзі өмір шындығын көркем бейнелей алуында.

Қ.Жұмаділов өз романдарында портрет жасаудың айшықты үлгісін көрсетеді. Ол кейіпкердің сырт бейнесін ғана суреттеп қоймай, ішкі әлеміне араласады. Сондай-ақ пейзаждық суреттеулер яғни психологиялық, лирикалық, символикалық, объективтік-заттық түрлерінің қай-қайсысы да шынайылығымен ерекшеленеді. Лирикалық пейзаж адамның көңіл-күйімен тікелей байланысты болса, символикалық пейзажда ауыспалы, астарлы образбен кейіпкердің дүниетаным иірімдері баяндалады, ал объективтік-заттық пейзаж фон ретінде қолданылған. Адам характерін даралауда, оның ішкі әлеміне үнілуде, психикасына барлау жасауда жазушының портреттік, пейзаждық детальдарды пайдалануы үлгі етуге тұрарлық.

Шығарма шырайын кіргізетін көркемдік құралдардың бірі – монолог пен диалог десек, Қ.Жұмаділов романдарында ішкі монолог, монолог-толғаныс, монолог-диалог немесе керісінше, диалог-монолог үлгілерінің көркемдік ролін ерекше атауға болады. Көркемдік компоненттердің кейде дара тұруы, кейде екеуінің тұтасып кетуі жиі ұшырасады. Бұл арқылы кейіпкер мінезін танытуда психологиялық талдаудың небір үлгілерін табуға болады.

Образ жасауда жиі кездесетін суретті сөздің бірі – детальдің жазушы шығармаларындағы орны ерекше. Әсіресе, жазушы портреттік, пейзаждық суреттеулерде детальді өте шебер қолдана білген. Мысалы, адамның ішкі жан дүниесі мен беттің мимикасын ашып беруде көз, құлақ, мең т.б. қимыл-қозғалысқа түсуі шебер қиюласып отырады. Басқа да толып жатқан қазақтың тұрмыс салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, наным-сеніміне байланысты мәселелерде детальдің қызметі мүлде өсіп, характерологиялық сипат алған. Көшпелі елдің әлеуметтік өміріне ғана тиесілі детальдар бар көркемдік қалып-қасиетімен ашылып, сипатталған.

Қабдеш Жұмаділов романдарында халықтық мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, тұрақты сөз тіркестерін өз орнына қолданғанда, сөзіңіз тіріліп, ажарланып, отырады, оның үстіне қазіргі қолдануда жоқ халықтың жадында ғана сақталып, қалтарыста қалған қанатты сөздердің небір ғажайып түрлері табылады. Естен шығып кеткен кейбір фразологизмдер мен афоризмдердің, мақалдар мен мәтелдердің поэтикалық-эстетикалық сипат алуы – мәдени мұрамызды ғибраттық-нақылдық тұрғыдан сөз жоқ жаңалайды, жаңғыртады.

Әрбір жеке қаламгердің интелектісінің көрінісі оның қаламынан туған шығармаларынан пайымдалатынын ескерсек, характер, идея, композиция біртұтастығынан және де бүкіл көркемдік компоненттердің шебер қиюласуының арқасында Қабдеш Жұмаділов шығармаларындағы пішін мен мазмұн бірлігі

үйлесімді әрі тұтас қарағанда хас шебердің қолынан шыққан асыл бұйымдай мінсіз екендігін көреміз. Оның шығармаларындағы әрбір қаһарман тарих тағдырымен тамырлас. Сондықтан да Қ.Жұмаділовтің негізгі тенденциясы қазақ халқының адамзат тарихынан алатын орнын айқындау. Десе де, тарихи роман көркем туынды болғандықтан, жазушы алдында тарихи шындықты көркем бейне арқылы жеткізу межесі тұрады. Шығармадағы характерлер келбеті арқылы суреттеліп отырған дәуірдің тыныс-тіршілігі, қым-қиғаш құбылысы ашылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Қ.Жұмаділов – өзінің жазушылық интелектісіне қылау түсірмей, қазақ прозасын тақырыптық және жанрлық-эстетикалық тұрғыдан байытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. -Алматы: Мектеп, 1969.-231-б.
2. Әлімқұлов Т. -Кітапта: Жұмаділов Қ. 12-томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт,2005. 10-том. -641-б.
3. Сыдықов Т. Өңінде тұлпар мінгендер. –Алматы: Қазығұрт, 2004.-212б.
4. Майтанов Б. Автор в посевствовательной системе казахского романа.Алматы: Қазақ университеті, 2003.-54б
5. Болатханұлы Д. Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясы (жанр және поэтика). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Түркістан қаласы, 2007.-111б.,115б.
6. Соболенко В.Н. Жанр романа-эпопеи: Опыт сравнительного анализа «Войны и мира» Л.Толстого и «Тихого Дона» М.Шолохова. – Москва: Художественная литература, 1986.- 7с.
7. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау.- Алматы: Санат, 1996. -4б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қ.Жұмаділовтің тарихи шығармаларының поэтикалық, стильдік қырлары талданады. Жазушының қаламынан туған көркем дүниелер қазақ прозасын тақырыптың, жанрлық-эстетикалық жағынан байытқандығын автор ұтымды дәйектемелер негізінде айқындап шыққан.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению поэтических и стиливых особенностей исторических произведений К.Жумадилова. На примере текстов автор доказывает, что писатель существенно обогатил казахскую прозу в тематическом, жанрово-эстетическом плане.

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ «СОҢҒЫ КӨШ» ДИЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

Зайкенова Р.-ф.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

«Соңғы көш» романы – әлі күнге дейін оқылымнан түспей, халықтың ыстық ілтипатына бөленіп келе жатқан шығарма. Себебі 1980 жылдарға дейін Қытайдағы қандастарымыздың тағдыр тауқыметінен бұл ел мүлде хабарсыз еді. Міне, дәл осы кезде Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» (1974) роман-дилогиясының 1-кітабы жарқ ете түскенде, сусап отырған ел 40 мың дана болып шыққан бұл кітапты айналасы бір айдың ішінде пышақ үстінен талап әкетті. Неге десеңіз, кеңестік диктатураның қылышынан қан тамып, дәурені жүріп тұрған

кезінде, екі ірі империяға да қатысты мәселелерді кеңінен толғауы шекараның арғы беті мен бергі бетіндегі тағдырлас ағайындарға, сонымен бірге жалпы елім, жерім деп тебіренетін қазақтарға қатты әсер еткені сөзсіз. Ұлтын жан-тәнімен сүйген, өз ұлтына адал берілген адам ғана халық басынан өткен ащы шындықты қорықпай жаза алады. Жазушыны пәле-жаладан құтқарған негізгі гәп–тарихи шежірелерді және де Ресей мен Қытайдың өткен-кеткен тарихын ғылыми тұрғыдан жақсы білуі және соны романдарында еш бояламамай, шынайы қалпында алуы. Этнографияға, салт-дәстүрге, тұрмысқа қатысты сүйек сінді қасиеттердің бәрі де жазушыға көшпенділердің күнделікті күнелту дағдысынан жұғып отырған. «Осы ғасырдың жуан ортасына дейін қазақтың көшпелі өмірі сақталып келген сонау Шығыс Түркістан жерінде туып өстім. Цивилизациядан шалғай жатқан елдің тұрлаусыз тағдыры, құландай үріккен көшпелі халықтың шекараларды көктей өтіп, әрі-бері жөнкілуі, ұлттық езгі мен отаршылдық саясаттың небір түрі, қуғын-сүргін, атыс-шабыс, түрме, ашаршылық, ақыры қорлыққа шыдамаған момын халықтың тоз-тоз болып босқындыққа ұшырауы – бәрі-бәрі бастан кешкен, дәмін татқан жайларымыз... «Соңғы көшке», міне, осы оқиғалар арқау болды», – деген пікірі - жазушының жан шындығы /1/. Демек, көрген-білгені жағынан Қ.Жұмаділов кешегі алашордашылармен де, М.Әуезовтермен де, бүгінгі Д.Исабеков, О.Бөкеев, Ә.Тарази, Т.Әбдіковтермен де каралас.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, майталман қаламгер Қ.Жұмаділовті өз тұрғыластарынан даралайтын ерекшелік – біріншіден, оның оң-солын танып, білгенше, қаймағы бұзылмаған қазақтың қалың ортасында қалыптасуы, екіншіден, қызыл империяның тұсында «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген идеяны негізге алмай, жанын шүперекке түйіп, ешкім бармаған тың тақырыпқа баруы. Ең ғажабы көзбен көріп, қолымен ұстаған өмірдің өзін қағазға қалыбын құратпай түсіруі.

Қытай отаршыларының сан алуан зобалаңын бастарынан өткере жүріп, онымен күресе жүріп, халықтық рухани құндылықтарды, ұлттық болмысты сақтап қалған қандастарымыздың тарихи тағдыры туралы Қазақстандықтар тұңғыш рет Қ.Жұмаділовтің 1963 жылы жазылған «Қаздар қайтып барады» әңгімесі және «Соңғы көш» (1974), «Тағдыр» (1988) романдары арқылы танып білді. Бұл романдар жанрлық сипаты жағынан тарихи көркем туындылар болғанымен, алғашқы романда 20-ғасырдың ортасына дейін Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысы, олардың ұлт-азаттық жолындағы күресі, Шығыс Түркістан мемлекетінің күйреуі, сол өлкеде Қызыл империяның орнау кезеңі (1950-1960), ұрпақ қамын ойлаған қандастарымыздың бір бөлегінің ата жұртқа қалай келіп қоныстанғаны туралы сөз болса, екіншісінде патшалық Ресей мен көршілес Цин империясының 19-ғасырдың 80-жылдарында Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы иеліктерін айқындап, шекара сызығын тартқанда, осы өлкені жайлаған қазақ қонысын да қақ жарып өткендігі тарихи деректер негізінде сипатталады. «Соңғы көш» пен «Тағдырдың» Қазақстандықтарға ғана емес, Шынжаңдағы қазақ жазушыларына тигізген әсері айтарлықтай. Себебі 1950-1980 жылдар аралығында Қытай қазақ әдебиетінде бірде-бір роман жарық көрмеген. Ал 1980 жылдардан қазірге дейін Қытайдағы қазақтар тарихи тақырыпта жазылған 80-ге жуық роман жариялатыпты. Бұл туралы әр түлі пікірлер қалыптасқан. Соның бірі сыншы Асан Әбеуұлы «Қытай қазақ әдебиетіндегі тарихи дәуір сипатын ашып бере алғандарын жеке бөліп алып, құр хикаят айтып, тарихи уақиғаны сілекейлеп, шала мұжып тастағандардан тазарту» қажеттігін атап көрсетеді. /2/ Ал, Қ.Жұмаділовтің «Олардың кейін шыққан кітаптарынан «Соңғы көш» әсіресе, «Тағдырдың» таңбасын айқын ажыратуға болады» деп

көрсетуі тегін емес./3.548-б./ Өйткені Қ.Жұмаділовтің романдарындағы көтерілген мәселе Қазақстанда ғана емес, Қытай қазақ әдебиетінде де бұрын ешқандай түрен түспеген тың тақырып болатын.

1949 жылы қызыл армия мен қытай коммунистік партиясы елді Гоминдан өкіметінен біржола тазартқаннан кейін 1-қазан күні Қытай Халық Республикасы құрылды. Ал осы жылдың шілде айында әдебиет пен мәдениет қызметкерлерінің бүкілқытайлық тұңғыш құрылтайы өтіп, мұндағы көтерілген мәселелер бойынша «партиялық бағыт ұстанбаған», «пролетариат табын жырламағандар» сын тезіне алына бастайды. Көшпенді өмір салтынан әлі де толық қол үзе қоймаған қазақ халқы компартияның социалистік идеяларына бар ынтасымен сенді. 1955 жылы «кері төңкерісшілдерді аластау» қозғалысы кезінде пролетариат диктатурасы өзінің ең өткір қаруын қалам ұстаған жұртқа бағыттады. Біразын жазалап, алдын қырып-жойып жібергендіктен, аузын баға қойған елдің 1956 жылы 2-мамыр күнгі ҚКП-ның «Барлық гүлдер шешек атсын, барша бұлбұл сайрасын» деген нұсқауы екі елі ауыздың төрт елі қақпағын жұлып алды. 1957 жылдың маусым айында ҚКП-сы «оңшылдарға қарсы күресті» бастап жібергенде, аңқау ел алданғанын бір-ақ білді. Коммунистер үшін «оңшылдарды» табудан оңай нәрсе болған жоқ. Енді олар «шешек атқанның бәрі гүл емес, сайрағанның бәрі бұлбұл емес», «гүлді арам шөптен, бұлбұлды сасық көкектен ажырата білейік. Арам шөпті тамырымен отап, қарғалардың көмейіне құм құйыңдар» деген ұран тастады да, «буржуазияша жайнаған», «батысша сайрағандардың» алдын жаппай қырып, артын ұзақ уақыт түрмеге отырғызды, Тарымға жер аударылып, еңбекпен түзетілді. Қытай қазақ әдебиетінің таланты ақын-жазушылары түгелге жуық «оңшыл» болып шыға келді, өйткені олар «компартияның сара жолын жырламады, таптық қайшылықты өз шығармаларында ашып көрсетпеді», сондықтан да әдебиетті «улы шөптерден» тазарту үшін «улы» кітаптар өртелді, әдеби газет-журналдар жабылды. Сөйтіп 1949 жылдан басталған «тазарту» жұмысы 1966 жылы Қытай компартияның күн көсемі Мао-Зыдуңнің «мәдениет төңкерісіне» ұласты. Тек 1973 жылы Мао өлгеннен кейін соның өзінде де 1980 жылы өкімет басына Дэн-сяупен келгеннен кейін ғана елге тыныштық орнай бастады. Бұл кісі «әдебиет-көркемөнер саясатқа тәуелді болмау керек» деген сөзді ҚКП ОК-нің жиналысында ашық айтты. «Түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген шеңбердің аясында болса да, жоғарыдағы 80 романның бұрқ ете қалуы Қытайдағы сөз бостандығының жарқын көрінісі деуге болады.

Жазушы Қабдеш Жұмаділовтің 1963 жылы жазылған «Қаздар қайтып барады» деген әңгімесі ұлт тағдыры туралы сәулелі терең ойлардың алғашқы қарлығашы іспетті. Бұл әңгімеде тебеннің көзінде тесіктен тауды жарып, тасты бұзып ағатын шырдақ судай болашақ тасқынды туындыларда айтылатын қордалы ойдың ұшығы меңзеледі. Бұл әңгіме – ұлы даланың тереңдегі қат-қабат сырын сыртқа шығаратын қара дауылдың бет қаратпас жылдамдығымен, аса ауқымды романдар сериясының алдын-ала жеткен екпіні іспетті. Шағын әңгіменің өзінен-ақ үлкен-үлкен үш түрлі ой аңғарамыз. Біріншіден, Абылайхан заманынан кейін қазақ қоғамында пайда болған алауыздықты пайдаланып оның ұлан-ғайыр жеріне сұғын қадаған көрші империялар түрік тұқымдас тайпалар арасындағы отты көсеп, бірін-біріне айдап салғаны тарихтан мағлұм ғой. Әсіресе дала жорығына мейлінше жетілген жауынгер қазақ пен қалмақ арасындағы шайқастың өзі осындай екі жағын бір-біріне шағыстырудың нәтижесінде екі жағы да әбден әлсіремеді ме? Міне, сол тұста қалтарыста жатқан иесі жоқ ауылды талағандай, тілін, дінін, түрін білмейтін ірі империялар қазақ ұлысының ірі көлемдегі атақонысын өгіздің терісін бөлгендей екі-үшке бөле салғаны, жазушының жан жүрегінде дірілдеп тұрғандай... Осы бір үлкен түйін кейін келе жазушының өмірлік ұстанымы болғанға ұқсайды. Екіншіден, «аш бала тоқ баламен

ойнамайды» дегендей үстемдік еткен ұлт бағынышты ұлттың қабағына, мұрат-мүддесіне үнемі қарай бере алмайтыны да шындық. Сондықтан орысқа қараған қазақтар мен қытайға қараған қазақтардың басынан кешкен тағдыры ортақ. Өйткені ондағы көшпенділерді отырықшы елге айналдыру деген үлкен өзгерістер ілгерінді-кейінді арасы 30-40 ж. мөлшерінде жүзеге асқанымен оның сипаты тәсілі, мақсатында бәлендей айырма жоқ еді. Мысалы, Қазақстандағы кәмпеске, қуғын-сүргін т.б. ұлттық нышандарды жоюға бағытталған зобалаңды қытайдағы қазақтар да басынан кешірген болатын.

Үшіншіден, осы уақытқа дейін жаратылысқа кеңес өкіметі ілімі бойынша зорлық жасалып келді. Бір-екі қарыс балық та ішіндегі уылдырығын өзі туған түбекке әкеп төгіп өледі екен. Ат екеш ат та туған жерін сағынады. Хайуанға да тән осы инстинктің адам басында қаншалықты күшті болатынын жазушы өз шығармаларында басын ашып берді.

Ал Қ.Жұмаділов шығармалары жарық көрген тұспен салыстырсақ, тоталитарлық жүйенің диктовкасынан шығып, жалпы адамзатқа тән, ұлтқа тән қасиеттерді жазып көрсете білудің өзі автордың азаматтық ұстанымын көрсетпей ме? Мысалы, тұмардан шыққан топырақ қанша нәрсені меңзейді. Туған жерден жат өлкеге аттанарда осыдан жарты ғасыр бұрын түйіп алған бір шөкім топырақты тұмар ғып сақтаған Байтас шөп басып жермен-жексен болған ескі қыстаудың орнына қайта төккенде ғана шал мойнынан үлкен жүк түскендей сезінеді. Осы сәтте туған жер, қасиетті атамекен оның торқадай топырағы, адасқан ұл, ел шеті, екі дүние, арман, серт, аманат деген ұғымдарға жан бітеді. «...бүгін алсаң да разымын!»-деді шал тәңірге жалбарынып. Дәл осы кезде тайыншадай овчарканы алдарына салып, екі шекарашы шал жатқан жерге қарай түсіп келе жатты деп аяқталады әңгіме.

«Бұл шынын айтқанда, «Соңғы көшке» жасалған барлау болатын. «Редакторлар мен цензура бұл тақырыпқа қалай қарар екен?» деген ішкі есеп те жоқ емес...Күткенімдей-ақ әңгіменің жарық көруі едәуір қиынға түсті. Өмірі мұндай тақырыпқа шығарма басып көрмеген газеттер әртүрлі сылтау айтып, әңгімемді қайырып берді. Бұлар шекара бұзған шалдың шырғалаңын бойларына сіңіре алмай отырғанда, «Соңғы көш» сияқты тұтас елдің трагедиясын қалай баспақ? Соны ойлағанда әлден-ақ зәрең кетеді. Әйтеуір, «Жұлдыз» журналы біраз күттіріп барып, «Қайтқан қаздарды» ұшырды-ау бір күні», – дейді./3.434-б./

«Соңғы көш» романы мен «Тағдыр» романының негізгі сорабы 1961 жылы жасалып, жоспары құрылып, негізгі кейіпкерлерге сипаттама беріліп қойылғанымен, сол кезде 25 жастағы болашақ жазушы бұларды Қытайда тұрып жаза алмайтынын жақсы сезінеді. 1956 жылы шет елге оқуға жіберу үшін Шәуешек қаласына екі орын бөлінеді. Соның бірі үздік оқушы болғандықтан, Қ.Жұмаділовке бұйырады. Сөйтіп арнайы өкімет жолдамасымен Алматыдағы қазіргі Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курсын аяқтап, 2-курсын орталай бергенде, елдегі науқанға байланысты шетелдегі студенттерді де Қытай өкіметі арнайы шақыртып алады, содан жазушы өмірі сүргінге айналады. Қ.Жұмаділов үстінен жүргізілген үш күнге созылған «күрес» жиналысында оған «бала жасынан ұлтшыл» деген айып тағылады. «Гимназияда оқып жүргенде тіл тазалығы жайында мәселе көтеріп ұлттар арасына жік салған. Қазақтың басын қосу жөнінде «Әр елдегі қазақтардың түп-тамыры бірге. Сондықтан Шыңжаң қазақтары Қазақстан алфавитіне көшуі керек» деген мазмұнда жазған мақаласы бар. Қазақ ұлтшылдарының идеологтары Қажығұмар Шабданұлы мен Жағда Бабалықовты ежелден таниды. Қ.Жұмаділов жай ғана ұлтшыл емес, марксизмге қарсы адам» деген тұрғыда жала жабылады. 1957 жылы «Іле газеті» бетінде алфавит туралы пікірталасқа өз ойын білдіріп жазған мақаласы газет бетіне

шықпай жатып, Үрімжідегі «стиль түзету» штабына жіберіліпті. «Сөйтіп мен 22 жасымда «ұлшыл» атандым. Бұл – менің империялық өкімет берген тұңғыш атағым еді. Әуелде құлаққа түрпідей тигенімен, келе-келе етім үйрніп, бұл аттан онша үрікпейтін болдым. Тіпті, мақтаныш етуге де болатындай. Алаяқ, сатқын, ұры-қары, қарақшы атанбай, ұлтшыл атанғанымға мың бір тәуба! Әрине, кейін абыройға жетіп, елге танылған кезімде халық берген, үкімет бекіткен басқа да атақ-дәрежелерім бар. Сол қатарда жастай тағылған «ұлтшыл» деген айдарды да далаға тастағым келмейді... Тегінде, қай елде болмасын, отаршыл өкіметтің «халық жауы» дегендерін – «Халық қаһарманы», «ұлтшыл» деп атағандарын «елін сүйген патриот» деп ұқсақ қателеспейміз», – дейді. /3.278-б./ Отаншыл, халықшыл деген сөздер жақсы болғанда «ұлтшыл» деген сөздің құбыжық құсап көрінуі әуелде Кеңес өкіметінің Алашорда қайраткерлерін осылай атады да, бұл сөз әлі күнге дейін өзінің «қорқынышты» сипатынан арылмай келе жатқандығын Қ.Жұмаділов өмірбаяндық кітабында ашына жазады. «Стиль түзету» науқаны кезінде болашақ жазушы өзіне жабылған жаланың бәріне дәлелді жауап айтып, қарсыластарын сан мәрте логикалық тұрғыдан жаңылыстырса да, ішкі бостандығынан айрылғысы келмеген оны «еңбекпен өзгерту лагеріне» жібереді.

1962 жылы ол өлкені біржола тастап, шекара маңындағы тұтас көтерілген елді бастап, бергі бетке өтіп кеткеннен кейін араға 10 жыл салып, 1971 жылы ғана романның соңғы нүктесін қояды. Осы жылдар ішінде Қ.Жұмаділов үзіліп қалған оқуын жалғастырады, әуелі «Қазақ әдебиеті» газетінде, сосын 1967 жылы «Жазушы» баспасында аға редактор болып жұмыс істейді, үйлі-баранды болады. Бірақ романды жариялату қиынға соғады, себебі құзырлы орындарға оқытып, өкімет тарапынан рұқсат болмаса, ешбір баспа орындары романды басу жауапкершілігін мойнына ала алмайтындығын айтады. Содан ҰҒА-ның Тарих институты, Әдебиет және өнер институты, Орталық комитеттегілердің ешқайсысы жауапкершілікті мойнына алғысы келмегендіктен, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қытаймен арада байланыс болмағандықтан, қолымызда нақтылы дерек жоқ және ел аралық мәселені біз шешпейміз Мәскеу шешеді, сондықтан романды Мәскеудегі Қиыр Шығыс институтына жіберуді ұсынады. Содан романды екі адам жолма-жол аударып, Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Ә.Әлімжановтың қолымен хат дайындап, Мәскеуге жөнелтеді. Арада алты-жеті ай уақыт өтсе де, Мәскеуден тырс еткен хабар болмайды. Әбден шыдамы таусылған жазушы 1973 жылдың наурыз айында салып-ұрып Мәскеуге өзі жетеді. Институттағы Қытай секторының меңгерушісі кезінде Үрімжіде жұмыс істеген Шыңжаң жағдайына қанық адам болғандықтан Тұрсын Рахимов романға оң пікір береді, Алтайдағы Оспан көтерілісінің де басын ашып жазып береді. Ауырып қалғандықтан, дер кезінде мұршасы болмағандығын айтады. Сөйтіп, Кеңес Одағындағы бірден-бір құзырлы мекеменің рұқсатын алғаннан кейін ғана романға жол ашылады. «Жұлдыз» журналының сол кездегі бас редакторы Ш.Мұртаза Т.Рахимовтың пікірін алдыға салып, «Соңғы көш» романының журналдық вариантын 9-10-11 сандарына жариялап жібереді. Бұдан кейін «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып шығады. «Соңғы көштің» бірінші кітабының әуре-сарсаңы өтіп кеткені соншалық жазушы біраз уақыт қолына қалам алуға беттей алмай жүреді. 1976 жылы Мемлекеттік баспасөз комитетіне аға редактор болып тұрғаннан кейін ғана кітап шығару ісіне жол ашылады. «Сөйтіп жүріп, 1979 жылдың орта шенінде екінші кітап та аяқталды-ау! Әу баста «Соңғы көш» үш кітап бола ма деп мөлшерлегем. Егер заман сенімді, баспалар ықыласты болып тұрса, қолдағы материалым үш кітапқа еркін жететін еді. Алайда, саясатқа тәуелді, дау-шары көп, тайғақ тақырыпты бұдан ары созғым келмеді. Кейін ел басына түскен ауыр күндерді, ауған елдің көшімен бірге екінші кітапқа сидырып жібердім. Романның журналдық нұсқасы 1980 жылы

«Жұлдыздың» 4-5 сандарына жарияланды», –/3.481-б./ деп жазады. 1981 жылы жарыққа шыққан «Соңғы көш» романының екінші кітабы осылайша жұрт қолына тиді. «Соңғы көштің» бірінші кітабы шығар кезде «Жазушы» баспасының сол кездегі бас редакторы алдырып тастаған 1932 жылғы аштық пен Қытайға ел ауатын тарауларды жазушы өзі атап көрсеткендей, қысқартып жіберген. Бұл екінші кітапта да кең көлемде сөз болмайды.

Қ.Жұмаділов осы «Соңғы көштің» екінші кітабы жарыққа шығысымен 15 жыл атқарған аға редакторлық жұмысты біржола қойып, бірінғай творчестволық жұмыспен айналысады. Өйткені аталмыш дилогияның жазылуынан жарық көруі әлдеқайда қиын болғаны жоғарыда айтылды ғой. Екіншіден, ол кезде Қытайдан ауып келгендерге жоғары қызмет тұрмақ, жәй бөлім бастығына көтерілуіне қауіпсіздік тарапынан рұқсат етілмейтін. Оның үй ішімен тағатсыздана күткені «Соңғы көштің» жарыққа шығуы еді. Міне осыдан кейін яғни 1981 жылдардан қазіргі уақытқа дейін тек шығармашылық жұмыспен ғана айналысқан Қ.Жұмаділовтің 20 жылдан астам уақыт үйде отырған күндердің жемісі болып, 2003-2005 жылдары 12 томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді. Жазушының «Бір түп тораңғы» (1981), «Сәйгүліктер» (1982), «Қарауыл» (1983), «Бір қаланың тұрғындары» (1984) сияқты повесть-хикаяттары мен «Көкейкесті» (1968), «Соңғы көш» (1-кітап, 1974; 2-кітап, 1981), «Сарыжайлау» (1977), «Тағдыр» (1988), «Дарабоз» (1994,1-кітап; 1996,2-кітап), «Таңғажайып дүние» (1999) «Прометей алауы» (2001), «Қылкөпір» (2002), «Атамекен» (2003) атты романдары қалың жұртшылыққа кеңінен танымал. Мұнда тарихтың ең бір күрделі кезеңдері, көшпенділер заманының ішкі механизмдері, тарихи тартыс, отарлау саясаты, шекара мәселесі, сондай-ақ қазіргі дәуір дидары, замандас бейнесі, дүниетаным иірімдері әр қырынан ашылады.

Ресей империясы Қазақстанды толық жаулап алғаннан кейін (1731-1868), ата мекенінен біртіндеп қуыла бастаған қандастарымыздың ауыр тағдыры, екі алып империяның қазақ даласын иемденіп қалудағы басқыншылық әрекеттері мен сойқандықтары, қазақ тарихын бұрмалаушылық, әсіресе шекара бөлісі тұсында қызыл сызықтың арғы бетінде қалып қойған қазақтардың отарлау саясатына қарсы наразылық күресі, уақыт сынына төтеп бере алмай, империяның қол шоқпарына айналған қазақтардың сатқындығы, ақыры ел қамын ойлаған өрелі жігіттердің арқасында ата жұртқа келіп қоныстанған қазақтардың ауыр да күрделі тарихы «Соңғы көш» дилогиясының негізгі арқауы болды. 1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Тағдыр» романын да баспагерлер алдымен Орталық Комитетке және шекара әскерінің бас штабына жіберіп, олардан «шекараға қатысты оқиғалардың дәлдігіне» кепілдік алғаннан кейін ғана басып шығарады. Осылайша Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш», «Тағдыр» романдары арқылы қазақ әдебиеті тарихының ақтаңдақ беттері толықтырылып, кісен салынған тарихи шындық қажеттілікке айналды.

1866 жылы Ф.Энгельстің: «Орыс өкіметі бөтен елдерді жаулап алып, сөйтіп шет аймақтарды оңды-солды өзіне қосып алуда алдына жан салатын емес... Бірақ мұны кең көлемде тоналған иеліктердің уақытша қожайыны ретінде ғана еске алуға болады. Себебі оның бәрін кері қайтаратын уақыт туады», – деген сөзінде қаншама мазмұн жатыр десеңізші! /4/

«Соңғы көш» романында екі империяға да тән отарлау саясатының жүгенсіздігі, өз мақсаттары жолында бодан халықтың хал-жағдайымен есептеспей, оның өткен тарихи құндылықтарын жоққа шығару, шындықты бұрмалап, айттырмай келген мәселелерді тарихта болған, соған қарсы күрескен адамдар айналасына жинақтап, өмір шындығының көркем шежіресін жасады, өшпейтін, өзгермейтін ізін, тарихи таңбасын қалдырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмаділов Қ. Соңғы көштің арқауы. // Сөзстан. - Алматы, 1984.
2. Әбеуұлы А. Сын түзелмей көркем әдебиет көтерілмейді. // Әдебиет айдыны. 2008, 24 қаңтар.
3. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. (ғұмырнамалық роман). Алматы: Тамыр, 1999.-623б.
4. Маркс К., Энгельс Ф. Шығармалары, екінші басылуы. 16-том.-16-б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада автор Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» романының тууына себеп болған тарихи жағдайларды саралай отырып, романның тарихи-әлеуметтік мәнін ашады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются исторические предпосылки, социально-историческое значение романа К.Жумадилова «Соңғы көш», а также история его создания.

С.СЕЙФУЛЛИННІҢ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДҮНИЕТАНЫМ

Рахманова Н. -ф.ғ.к., доцент м. а. (Алматы қ., ҚазмемкызПУ)

Сәкен Сейфуллин өзінің ой арнасы, ой топтамасын сездіретін айтулы шығармалары - «Көкшетау» мен «Қызыл атта» адам болмысы мен қоғам табиғатын зерделеуде дәстүр жалғастығын ұстанған.

С. Сейфуллин «Көкшетау» поэмасын 1925 жылы бастап, үш жыл үзілістен кейін, яғни 1928 жылы аяқтаған. Ақын үзіліс сырын былайша баяндайды:

Әйткенмен, шіркін, жүйрік талған еді,
Қарқыннан біраздан соң танған еді.
«Оқжетпес» ертегісін бітіргенде,
Үзіліп жыр тізбегі қалған еді.
Бас жағы бұл ертектің жазылғалы,
Әңгіме белуардан қазылғалы,
Екі-үш жыл болса-дағы кейінгісін,
Жазуға қалам алдым қазір ғана...

Жалпы Сәкен поэтикасында автордың өзіндік позициясы, өз бейнесінің көрініс беруі оның қай жанрда жазған шығармасында болсын анық байқалып отырады. Үзіндідегі жүйріктің «талғаны», «қарқыннан біраздан соң танғаны» поэма жазылған тұстағы қоғамдық қайшылықтарға, түрлі оқиғаларға өз көзқарасын, өз көңіл қошын жасырмайтын Сәкенді көз алдымызға әкеледі. Қазақ өміріндегі кез-келген қоғамдық-әлеуметтік мәселелерден жауап іздеп, қолма-қол баға беріп, «өмір ағымы, қоғам қабағы, мезгіл мінезі туралы толғану, философиялық, лирикалық түйіндеулер жасау - «Көкшетау» поэмасында Сәкен Сейфуллин әкелген өнерпаздық батыл қадамдар, эстетикалық игіліктер, көркемдік жаңалықтар еді». /1,188/. Әміршілдік жүйе ұранымен біраз жерге барған ақын дәстүр тағылымдарын жаңа жағдайға бейімдеу мақсаты да дамылдағандай. Жыр тізбегінің үзілуіне сол тұстағы қоғамдық жүйе, ақынның оған деген күйзелісі әсер

етуі өз алдына, Абылай заманындағы бір оқиғаны суреттеу арқылы өз кезіндегі коммунистердің азаттық жолындағы әрекеттері мен хандық дәуірдегі еркіндік, теңдік берудің ара салмағын салмақтауды үзілістен кейінгі тарауларға бүкпелеп енгізген.

Поэма 1929 жылы жарық көрді. «Көкшетау» - Сәкен поэмаларының ең көлемдісі. Композициясы күрделі, бірнеше сюжетті желіден тұратын, көркемдік стилі түрлі деңгейдегі шығарма. Поэма басталғаннан-ақ ақын дыбыс пен қимыл келістілігіне ден қояды. Бірден табиғат әсемдігі төгіле суреттеледі. Адами қасиеттерді Көкше бойына жинап, поэтикалық бейне жасауда да автордың өз ұстанымы бар. Дамылсыз жауынмен «бетін жуған», жай сұлу емес, «кербез» сұлу Көкшетау ақынның сөз мағынасын кеңейтуінің нәтежесінде тазалықтың, пәктіктің мекеніндей әсер береді. Ақын сексен көлді басқа ыдыс емес, ұлттық ұғымға жақын «кесе аясында» алып, оның әдемілігін әсерлеу үшін «алтын» сөзін көрнектеуіш құрал ретінде пайдаланады. Адами сыйластыққа тән қылық есен-саулықты бұлттардың сұрасуы тек жандандыру әсері ғана емес, Көкшенің қадір-қасиетін арттыруды орайластыру тәсілі. «Қарттардың баян қылған әңгімесін» Сәкен поэманың «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес» «Жұмбақ тас» бөліктерінде баян етеді. Ақын Көкшедегі жер аттарының аталу мерзімін, ежелгі аңыздар сарынын өзі суреттеп отырған Абылай заманына әкеп таптық мүддеге орай өзгерткен. Поэма кеңестік саясаттың адамның ойлау формасын өзгертуге ынталылығын тұспалдайды. Бұратана халықтың ханы да, биі де, байы да, олардың тұқымдары да қара халықты езуші, тап жаулары ретінде тұлғалануын сол тұстағы идеология қатты қалады.

С.Сейфуллин «Өлеңге қостым мен де Абылайды» деп, өзіне дейінгі Абылайға қатысты көркем дүниелермен таныс екенін, өзінің олармен ақындық бәсекеге түскенінен мағлұмат береді. Бұл кезде Мағжан Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» мен «Батыр Баяны» ел аузында жүрген. Мағжан Абылайды ел қорғаны деп танып, тұлғаланта, асқақтата суреттейді. Абылай, Кенасары дәуірін ерлік, қаһармандық дәуірі ретінде насихаттайды. «Жаңаны көре алмаған», «ескіні көксеуден жаңылмаған» Мағжан Сәкен «Көкшетауды» қолға алған кезде саяси қателіктері үшін сыбағасын алған тұс. Тапшыл Сәкеннің Мағжанға кереғар бағыт ұстануына қоғам өзі қол созып тұр еді. Қоғамдағы саяси қақтығыстың ықпалымен «Мағжан алаштығынан, Сәкен большевиктігінен, тапшылдығынан танбай қазақ тарихын суреттеуге кірісті» /2,309/. «Батыр Баян» мен «Көкшетауды» салыстыра зерттеген Т.Кәкішев шығарма идеясына келгенде екі ақынның екі жолмен кеткенін айтады. 1925 жылы бастап араға жылдар салып «Көкшетауға» қайта оралған Сәкен бұрынғыдай саясаттың сойылын оңды-солды сілтей бермей, кейбір тұстарда саналы шегінулерге барған.

«Көкшетаудың» 1925 жылы жазылған тарауларында Абылай ел шапқыш, жазықсыз елді тонаушы, тойымсыздық жолында қанда қырғынның басында тұрғандай әсер береді. Поэмада себепсіз күнә болмайтындығы айтылмайды. Интернационалдық болмысы қанында бар Сәкен қалмақ ақынының күйін кешкендей қалып танытқанын да жоққа шығара алмаймыз. Дәуір талабымен ұлттық болмыстың сына бостаған тұсы аңғарылады.

Ал 1928 жылы жазылған «Жұмбақтас» тарауының алғашқы шумақтарында-ақ Абылай басқаша кейіпте көрінеді, қолға түскен олжа қыздың қасына келіп: «Жарқыным, енді бәйгің қолдан келмес, Іс болып жүрмесін деп ақыл берді» делінеді. «Қан ішер» Абылайдың қалмақ қызының да нарқын түсірмей, батырларының да мысы басылмауын қалайтын намысты билеушіге айналуын автор қалайтындай. Абылай саясаты туралы ақын поэма соңына дейін нақты ештеңе айтпайды. Тек хан қаһарын «дікілдеді», «дігірледі» деген етістіктермен

беріп, саясаттан қиялап, тігісін жатқыза шығады. «Көкшетауға» қайта оралғанға дейінгі қоғамдағы өзгерістер, санадағы сілкіністер, көгенделген саясатқа дүдәмал көңіл ақын қаламына табын салған.

Ақын өз ортасынан тыс өмір сүрмейді. Қазақстанға Голощекиннің келуі Сәкеннің саяси көзқарасында даулы шексіздік туғызды.

Поэмадағы негізгі сюжеттік желі - «Оқжетпес», «Жұмбақтас» тарауларында өрілген. Екі тараудың да тіл көркемдігі келісті, үлкен шабытпен жырланған:

Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Бастары көкке бойлап, бұлттан асқан.
Бір шың бар етегінде тіп-тік найза,
Адамзат жасағандай құйған тастан,

Сүп-сүйір бейне найза шың, құз, биік,
Төбесі кейде тұрад бұлтқа тиіп.
Қарасаң етегінен шың басына,
Тақияң жерге түсер тұрған киіп.

Сәкен табиғат көріністерін тамашалау тұсында да өзі суреттеп отырған заман келбетін беруге назар аударады. Шумақтағы «мұнар басқан» тіркесі қым-қуыт қақтығысқа толы Абылай заманын, қазақ еліне жан-жақтан жасалған қысымның қоюлай түскенін меңзегендей. Шыңның «найзаға» теңелуі соғысты, зобаланды еске түсірсе, «адамзат жасағандай» тіркесі беймаза шақтағы елдің қарекетін ашуға арналғандай. Шыңның заңғарлығы «тақияң жерге түсер тұрған киіп» орамымен әрленген. Бұл жерде Сәкеннің нені суреттесе де айрықша тұлғалантып бейнелейтініне тағы бір тәнті боламыз.

«Таусылмайтын бір ой ойлап, // Иіліп ешбір тауға тәжім етпес» шыңды жан иесіне айналдыра суреттеу тұсында да, ақынның табиғат туралы жазып отырса да, өзіндік өр рухы көзге түседі. Поэма сюжеті қазақтың жеріне басқыншылық саясат жүргізіп, әлсін-әлсін бүйірге найза тіреген, тынышсыз көрші қалмақтармен есеп айырысу кезінде қолға түскен тұтқын қыз төңірегінде өрбиді. Қызды мүсіндеуде ақын әдемі нақыштауларға барады.

Сол қыздың он жетіге келген жасы,
Оралған аш беліне қолаң шашы.
Қап-қара қарлығаштың қанатындай,
Иілген ақ маңдайда екі қасы.

Батырларды қыздың жастығы, келісті де келбеті ынтықтырады. «Оралған», «қолаң» сөздері шаштың ұзындығын, қалыңдығын білдірсе, «аш» бел нәзіктікті аңғартады. «Иілген» сөзі қастың әдемі бейнесін елестетсе, оның «ақ маңдайға» қонуы реңге рең қосып тұр.

Осы олжа қыз кімге бұйырмақ, батырлар «сұлуды бір-біріне берісе алмай» гүжілдесуде. Соңғы сөзді ханнан тосқан батырлар: «Біріңді көріп өзі таңдау қылсын, // Бұйырдым тұтқын қыздың қалауына» деген тоқтамға тоқайласады.

Абылай таңдауды қыздың өзіне берген кезден бастап, оның тек әдемі ғана емес, ақылдылығы да салтанат құрады. «Өнерін батырлардың сынатсаңыз» деген өтінішіне ханнан ілтипат алған қыз таңдауды жоталандырады.

Құралайды көзге атқан мергендік батыр үшін мәртебесін асырар өнер екенін қыз білмейді емес. Байлаулы жазымышқа бойұсынған қыздың жаулығындағы «Егер де айтқан серттен таяр болсаң, // Мейлің жырт, мейлің өрте, шеш те» деген жазу оның алыстағы арманды күндерінен хабардар беріп тұр. Батырлар оғының шың басындағы жаулыққа тимеуі Абылайды да ойлантады. «Үндемей хан да тұрды зор намыс қып» деген тармақ оның сарбаздарына деген сенімі ақталмай, қабақ шытысын білдіреді. Қыз бірінші шарты орындалмаған соң: «Екінші бәйге оп-оңай, күш сынасу, // Онан соң үшіншісі: жеңіл жұмбақ» деп хан ықтиярын

беріп отырғанда талапты күшейтуге тырысады. Екінші шарт бойынша төрт адамды арқалап, мың қадам жүгіруге қатысқан қырық батырдың ішінен сегізі қыз межелеген жерге қатар келеді. Қызға үшінші шартты айтудан басқа амал жоқ. Ол маңайындағылар жүрек зарын естір деген үмітпен өз жайын жұмбақтап жеткізеді. Өз басынан өткізген оқиғаларды түрлі құстардың қылығымен бейнелеп, емеурін танытады. Сюжеті қою, тартысы күшті, трагедиялық сипатты, ұзақ көлемді, астарлы жұмбақты орайластыра жеткізу де, оны шешу де екіншісінің қолы емес. Өзі-кептер, сүйген жігіті-сұңқар, қамқор адамдары-лашын, қиянат көрсеткендері-қаракұс, жапалақ, ханды-бүркіт бейнесінде сомдайды. «Айтыңыз қайсысының ерлігі артық?» деген қыз сұрағы Абылай сарбаздарын тосылтады. Қыз жұмбағын қол ішінен сурылып шыққан Адақ шешіп, өз үлесіне тиген қыз басына бостандық береді. Бодандағы жас ару елін-жерін шапқан жауының алдында ержүректік, қайсарлық, ұстамдылық танытады. «Жауының елін шапқан ортасында, //Тапжылмай сұлу да тұр тас басында» деп, қыздың бірбеткей, неден болса да тайынбайтынын ақын былай суреттейді.

Ойлап ем, сырымды ашып жыламаққа,
Жұмбақтап ханнан ерік сұрамаққа,
Әдейі құз басына шығып едім,
Бермесе тұңғиыққа құламаққа.
Тереңге төңген құзды сайлап едім,
Басына шығып кепті сайрап едім.
Олжаға түсер болсам, құздан құлап,
Өлуге белді бекем байлап едім.

Елін жаулаған елдің падишасы болуға да қыз құлықты емес. Қимылы мен іс-әрекетінде адамдық мәнін ашатын болмысы жатқан қызды Сәкеннің үлгі тұтуы да жоқ емес. Өз басына бостандық тиген қыз өзі сияқтылардың да кеңпейіл қамқоршысы:

Рахмет! Құтты болсын дегендерге,
Зарымды бүйтіп шешкен кемеңгерге...
Тағы да адамшылық етпейсіздер,
Олжа боп, біздің елден келгендерге.

Еркіндік аңсаған қыз ақыл мен өр мінезінің арқасында бостандықта. Есті қыздың елін адаспай табарына сенім мол. Шығарманың тұтқасы-авторлық идея десек, бұл жерде бітіспес жау қалмақ қызын ақыл-ой, сезім-қайрат, терең адамгершілікті ұстанған хан да, қара да бостандыққа жіберіп тұр, бұл - кесек әрекет.

Қыз басына бостандық әперген Адақ поэмада алғаш алғыр да, шапшаң ойлылығымен, батыл да өжет мінезімен көзге түседі: «Тым -тырыс тұрған қолдан шықты біреу, //Жыр қылған қыз жұмбағын шешем деген.»

С.Сейфуллин стиліне тән озық кейіпкерін тұлғалантып, асқақтата бейнелеу Адақ портретін жасауда да байқалады:

Білінген шиыр дене, бейне шойын,
Жұп-жұмыр сом боп, біткен жігер мойын.
Денесі бұлшық еті, шерткен күшті,
Бәйге атша ширатады тұла бойын.

Сырт түр-тұлғасында мін жоқ жігіттің өткенінен де ақын хабардар етеді:

Жасынан кедейліктен кемдік көрген,
Жігерлі талабы зор өзі мерген.
Жылқысын бағып жүрген байын тастап,
Төренің бір себептен қасына ерген.
Сыпайы, тиянақты өзін баққан,

Артықсып, әңгіленіп емес лаққан.
 Күші де, ерлігі де жолбарыстай,
 Әділдік, кішілікпен көпке жаққан.
 ...Күресте қалың қолды адақтатқан,
 Сондықтан Адақ деген есім алған.

Өмірдің ащы - тұщысын көрген, сана-сезімі тұрақты, қара күштің иесі ғана емес, әділдікті, рахымды ту қылып ұстанған кейіпкер Сәкен идеалына жақын. Адақ - белгілі бір оқиғаға ғана емес, жалпы тауқымет атаулыға қашан да қасқайып қарсы тұра білетін ізгілікке ұмтылған жан. Оқырманды «Адақ деген есім алған» жігіттің азан шақырып қойған есімі кім блғаны қызықтырары сөзсіз. Тарихқа үнілсек Абылай ханның төңірегіндегі батырлар сабынан ондай есімді кездестірмейміз.

Т.Жұртбай Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Садақанұлының «Қабанбай батыр» кітабындағы «Еспенбеттің Адақ аталуы және Маржан қыз оқиғасы» әңгімесін байыптай келе: «Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Адақ батыр - осы Еспенбет» деген ойды айтады /3,123/. Бұған поэмада оқиға аңыз ретінде суреттелсе, әңгімеде нақты деректер, адамдардың аты-жөні берілетінін алға тартады. Еспенбет есімі қалың жұршылыққа Дулат Бабатайұлының «Еспенбет», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедияларымен таныс. Қазақ жерін қалмақтардан азат етуде ерлігімен көзге түсіп, халық арасына кең танымал болған Еспенбеттің аталған әңгімедегі бейнесінен «Көкшетау» поэмасындағы Адақ бейнесі онша алшақ емес. Оқиғалардың баяндалу үрдісі де жақын. Поэмада жігіттің Адақ аталу себебі «күресте қалың қолды адақтатқан» тіркеспен ғана беріледі.

Әңгімеде Шаған шайқасында қолға түскен қалмақ қызына Абылай ханның «Кімді ұнатса соған барсын, басқамыз кеңшілік етелік!» деп ерік беруі, қыздың үш сыны, Оқжетпестің «Оқжетпес» аталуы баяндалады. Қыздың үшінші талабы тұсында: «Батырлардың кекселері бұл жұмысқа қатынаспай, қызығын көріп, тамашалап тұрыпты. Ал жастардан мынадай деп белсеніп шығып, бұл жұмбақтың мазмұнын шешетіндей ешкім болмапты. Сонда Қабекең (Қабанбай батыр Н.Р) жан-жағына қараса садақшылар тобының сардары, халықтың амандығын қорғау үшін далада жүріп жаңадан келген Еспенбетті көзі шолып қалыпты, Қабекең «Сен неге қатынаспадың?» дейді. «Мен жайырақ келдім, сырттай көріп тамашалап тұрмын. Бірақ мына бәсекеде жасырынған мол сыр жатқан іспеттенеді» дейді Еспенбет. Қабекең: «Жастардың бірісің, сен де қатынас» депті қызға естіртіп, Еспенбетке рұхсат ет дегендей сыңай білдіріп. Сонда Еспенбет: «Егер сіздер лайық тапсаңыздар мен де қатысып көрейін. Мен осы бәсекенің екі түріне қатынасайын, біріншісі – садақ атуға, екіншісі - соңғы айтылған астарлы сырға қатынасайын. Егер лайық болса қыз зеңгір тастың басына орамалын тігіп өзі жерге түссін» деген талабын қойыпты. Содан жұрт қызды шақырып алып, орамалын тастың басына тіккізіп, онан кейін түсіріп, қаратып қойып Еспенбеттің атуына кезек беріпті. Мерген садағын керіп, жебесін қадап, қырындай тұрып тартып қалғанда жазайылдың оғы орамалды қыран ілген қаздай жалп еткізіп ұшырып түсіріпті. Қыз еріксіз басын иіп тағзым етті. Тұрған жастар қатты шаттанып разылық білдіріп: «Енді соңғы сөзді шешіп айтып берсең»-деп ұсыныс қойыпты.

Сонда Еспенбет қыздың жұмбағын бұлай шешкен екен.

- Қабеке,- депті, - әуелі мен қыздың мысал қып көрсеткен жұмбағын шешейін, сіздер қызға қаһар тігіп ренжіп қалмаңыздар, екінші бұл бәсекені жастарға ұйғарыпсыздар, сондықтан соңғы шешімін де берсеңіздер.

Еспенбеттің бұл талабына хан да, Қабанбай да мақұл болыпты.

- Бұл қыз, депті Есекең сөзін сабақтай түсіп, - орнықты қара ормандай халықтың ішіндегі бір адамның үш баласының бірі екен, ауылын жау шауып, үйінің шаңырағы шағылып ойрандалғалы жатқанда өз елінің бір батыры құтқарыпты да, осы қызбен уәде байласып, ел іргесі тынышталып ес жиған кезде қосылу үшін осы орамалды берген көрінеді. Сол аралықта біздің адамдарымыздың қолына түскен сияқты. Енді қазір үшінші рет талас туылып тұрған жайты бар. Мұның жастарды жапалақ деуіне ренжіп те қаламыз. Оған кешірім дейтін бір дәстүр бар емес пе? Бұған өзінің неше рет тағзым етуі қателегімді кешір дегендік қой. Оның үстіне бұл қыз уәдеге берік көрінеді, махаббат қадірін өмірінен жоғары қоятын шынайы адал адам екен. Егер бірінші ретте жебе орамалға тисе онда тастан ұшып өлу үшін ең биік тасқа шыққан екен. Екінші жолы батырлардың бірі бәсеке бойынша бірінші болып төбеге шықса, онда шыңырау суға түсу қаупі бар екен. Мен басында осыны сезіп қатынаспадым. Ал енді сынақ бойынша қызды мен алуға тиісті болсам, соңғы қырғи құрлы болмаймын ба, нәпсіге ілесіп осынша сүйіспеншілік байлаған адамды қорлауым намыс болар, ерлік болмас деп ойлаймын. Екінші, осы қыздың тегі мұсылман сияқты, олай болса ислам шарифаты бойынша алғанда зорлау күнаһарлық болады. Хан алдында қараның билік айтуына жол жоқ қой. Ендігі билігін тақсыр ханекен өзі айтсын. Сонда Абылай хан мынадай билік айтқан екен:

- Еспембеттің мергендігіне, ерлігіне, ойлы кемеңгерлігіне, нәпсіге жол бермейтін жомарттығына разы болып, оның тілегі бойынша қызға кешірім етіп талабын орындалық. Барлық жас батырларымыз Еспенбеттей әрі шешен, әрі кешірімді жомарт болсын, қызды босаталық. Бір таңдаулы атқа мінгізіп, азық-түлігін толықтап үш адам Шағандағы Ақпантайға жеткізіп салсын. Ақпантай мекеніне апарғызып үйіне, ел-жұртына табыс етсін. Біздің әйел ұрпақтарымыз да осы қыздан үлгі алатын болсын»-депті.

Қазбек би ханға және халыққа қарап «Алтын берсеңіз иелік еткен елде қалады. Атақ өлмейтін мұра, артық жоқ мұнан сірә... Еспенбеттің мергендігіне, ерлігіне, қайраты мен қайласына, ақыл-ойының озықтығына, тапқырлығына қарап бір атақ берілсе, осының бәрі біздің жеңісімізге қосылған тың үлес емес пе, не дейсіздер, дегенде сөзді көпшілік қолқалауымен Боранбай би жалғастырып: «Біздің қазақ озғанға өрелі орын береді ғой, сондықтан бұл жігітке «Адақ» деп атақ берелік. Барлық жастырамыз Адақша алға ұмтылсын. Адақша үздік қара болып шығатын, Адақша табандылық көрсететін болсын» дейді. Хан барлық ақылшыларымен қосылып, жиындағы қалаң топ құптап, Еспенбетке Адақ деген ардақты атақ мәңгілік есім болым қалыптасыпты./4,138/. Оқиға ұқсастығы күмән тудырмайды. Поэмада өзіндік салмағы бар аталған әңгімеде оқиғасы баяндалмайтын «Бүркіт пен аққу, мерген» тарауында қоғамға, кейіпкерлеріне деген авторлық баға берілген. Бұл тараудың авторлық ойға, суреткерлік идеяға қосары бар. Бұл тұста балапандарын ерте алаңсыз жүзген жұбай аққудың шырқын бұзып, бір балапанды іліп кетіп, көлді шулатқан бүркіт лаңында заман қасіретін ишаралау бар. «Әлсізді әлді жеген күші басым» саясат Сәкенге таң емес. Ақын ел тыныштығының, көл тыныштығының қорғаны қарадан шығады деп поэмаға Адақты осы тұста қосады. Көлді шулатқан бүркіт Оқжетпес басына жете бергенде Адақтың садағының оғынан төмен сорғалайды. Ақын өз кейіпкерінің ішкі жан дүниесіндегі имандылық зорлық атаулының қай-қайсынан болсын үстем екендігін аңғартады.

Сөйледі Адақ тұрып Абылайға:

«Я, тақсыр өтілім бар,-қабыл айла.

Жұмбақты шешпей тұрып тілегім бар,

Қабыл ғып тілегімді сөзді байла!

Болар ед, кешпес күнә-шешер болсам,
Жақпаса қыздың басын кесер болсаң,
Жұмбақты сонда ғана шешіп көрем,-
Қыз сөзін шайпау болса кешер болсаң...

Осы көріністен кейін қыздың жаулығына оғын жеткізген, жұмбақты шешкен, ол аз десеңіз қызға жүрегі жібіп, бостандыққа ұзатқан Адақ әрекетіне таң қалмайсыз. Адақтың мәрттігіне куә болғандардың ойланбағаны жоқ. Қазақ - осы дерлік ұлттық болмысты, дала демократиясының көрінісі. Сәкен Адақты рухы биік, кісілік пен адамгершілікті ту етіп ұстаған тұлға ретінде бейнелейді. Адақ - ел мен елдің береке-бірлігін, тыныштығын, ынтымағын қалаған, тіпті осы жолда ханды да қараны да тоқтамға шақыратын ер. Адақ - олжаны обал деп, зорлықты күнә деп қабылдайтын жақсылыққа ынтызар көңілдегі кейіпкер, оның ізгілік жасау деңгейі ұлт шеңберінен шығып, жалпыадамзатты аялау өресіне жеткен.

Басқа уақыт, өзге өткен дәуірді суреттеп отырса да, Сәкен өз замандастарына текті сөз алдындағы теңдікті көруді, әрі көрсетуді мұрат тұтқан.

Қыз жырын сізге арнады төрелікке,
Болмайық, тақсыр, бекер өр-елікпе,
Естіген халық жерге түкірмесін,
Біз дағы әділ билік берелік те.

Сөзден ұтқан қиянаттан жаны аулақ Адақ қыз басына ханнан сауға сұрап, еліне аттандырып тұрып: «Сұлу бикеш, өлмесе, тауып алсын жомарт ерін» деген тілекпен аттандырып салады. Поэма осы оқиғамен аяқталса, көркемдік жағынан да, композициялық тұтастық жағынан да ұтпаса кемдік көрмес еді. Негізінен «Көкшетау» поэмасы оқырман жадында осы оқиғамен есте қалатынын жоққа шығара алмаймыз. Поэманың соңғы тараулары саяси бағдардың құбылысын андатудан туған дүниелер. Тіршілік толқынысының ағысы Сәкен қаламын бұрды, идея үшін көркемдік құрбан болды. Осы тұста С.Садуақасұлының: «Өткенді ескергенде Сәкеннің ақындығы өзгеше қозады Сәкеннің жақсы өлеңдерінің бәрі өткеннің сипаттары.» /5,256/ дегені ойға оралады. Поэманың соңғы бөлігінің көркемдік деңгейінің солғындауына кеңестік дәуірді мадақтай суреттегенмен, оның қалқасындағы шындықтан шет дүниелер әсер еткені аңғарылады. «Көкшетау» поэмасының эстетикалық нысанасы – адамгершіліктен алшақтамау. «Әділ билікті» аңсаған Сәкен дүниенің түткілін моральдық, гуманистік негізде де өзгертуге болады дегенді поэма өзегіне айналдырып, ол ойын билік басындағыларға емеурінмен жеткізген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрғали. Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана., 2002.
2. Кәкішев. Т. Мағжан – Сәкен. – Алматы., 1999.
3. Жұртбай. Т. Бесігінді түзе. – Алматы., 1997.
4. Сәнік. З., Садақанұлы. Б. Қабанбай батыр. – Үрімжі., 1998.
5. Садуақасұлы. С. 2 томдық шығармалар жинағы. – Алматы., 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының идеялық, көркемдік қырлары талданады. Поэма сюжетіне қатысты кейінгі дерек көздерін пайдаланады.

РЕЗЮМЕ

Настоящая статья посвящена рассмотрению идейного содержания, изобразительно-выразительных средств в поэме С.Сейфуллина «Кокшетау». Автором использованы источники относительно сюжета поэмы.

«ОҒЫЗНАМА» - КІТАБИ ЭПОСЫНДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ТУУ МОТИВИ

Сарбасов Б.- аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Ғажайып туу мотивінің адамзат тарихының кезеңдеріне сәйкес әрбір фольклорлық жанрдың дамуын, ерекшелігі мен шығарма идеясына орай түрленуін, бұл мотивке әр кезеңдегі айтушылардың дүниетанымына сәйкес енген өзгерістерді зерттеуде осы уақытқа дейін толық шешімін тапты дей алмасымыз хақ.

Ежелгі замандарда пайда болған бұл мотив алғашқы уақытта мифтің бір эпизоды ғана емес, өз алдына жеке антропологиялық миф ретінде айтылған. Алғашқы адамдардың пайда болуы және құдайлар туралы әңгімелер антропологиялық мифтер жүйесін құрайды.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастырған ғалым А.Н.Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген /1,538-539б./. Бұл мотив – осы көрсетілген кезеңдегі адамдардың дүниеге келуі тотемнің әйел бойына қонуына байланысты жүзеге асатын құбылыс қарабайыр дүниетанымның жемісі деп білген. Бірақ кейбір халықтар өздерінің генеалогиялық мифтерінде өздерінің шығу тегін, әйелмен емес, керісінше ер адаммен байланыстырады. Кейіпкер белгілі бір қасиетті тотеммен некеге отырып, сол арқылы ұрпақ таратуға иеленеді.

Кейіпкердің ғажайып тууы мотиві әлем халықтары, оның ішінде қазақ фольклорында кеңінен таралған, дәстүрлі мотивтердің бірі. Бұл сарын «Шыңғыснама», «Оғызнама», «Қорқыт ата», «Манас» эпосында да көрініс тапқан, аталған мотив көбінесе кейіпкердің ерекше тұлғасын өзгелерден айрықша даралай көрсету мақсатында пайдаланылатын көркем тәсіл қызметін атқарады. Адамзат қоғамының балаң дәуірлеріндегі мифтік сана-сезімнен бастау алатын ғажайып туу құбылыстары жөніндегі наным-сенімдер нәтижесінде пайда болған бұл мотивтер, адам баласының ертедегі дүниетанымының әр түрлі сатыларындағы түсініктерін бойында сақтап келе жатуымен құнды.

Ғалымдар мәселен, Қорқыт төңірегіндегі шығарманы ертегіге айналып болмаған аңыз деген пікір айтады. Осы тұжырымға қосымша, яғни оны тереңдете түсу үшін біз зерттеуге қатысты тақырыпты ашу үшін Қорқыттың дүниеге келу эпизодын алып отырмыз. Қорқыттың көрқапта немесе дию-періден туылуы шаман дініндегі мифтің негізінде жасалған.

Миф бойынша шаман аспандағы әлі дүние есігін ашпаған сәбидің жанын қапқа салып, жер бетіне түсіріп ата-аналардың балалы болуына көмегін тигізіп отырған. Мұндай дүниетаным шаманизм дәуірінде өмір сүрген Қорқыттың дүниеге келу аңызының қалыптасуына әсер етіп отыр. Кейіпкердің негізгі миссиясына айналған өлімнен қашу және ажалдан құтылу үшін жасаған іс-әрекеттерін, оның адамзатты жазмыштан құтқару, мәңгілік ету мақсатын ғалым Б.Кенжебаев грек мифологиясындағы Прометейдің игілікті ісімен қатар қарайды. Сол себепті, Қорқыт туралы аңыздың құрылымындағы көне мифологиялық элементтер шығарманың аңыз екендігін дәлелдей түседі /2,-59б./.

Ежелдегі түркілердің шежіресіндегі ғажайып туу мотивінен түрлі тотемдік культтер мен көк аспан, көк бөрі бейнелері кездеседі. Осындай сюжеттерді іздеу мақсатында Оғыз, Қорқыт, Шыңғысхан туралы аңыздарды алу себебіміз, мұнда жоғарыда аталған таным-түсініктер айқын көрінген.

Мұндай құбылыстардың орын алуы әр түрлі түсіндіріледі. Фольклорлық шығармалардың таралу аясы тек жеке халықтың территориясымен шектеліп

қоймай, көршілес шет елдерге ауысып отырған. Қазақ халқының эпикалық мұраларындағы ғажайып тууға байланысты эпизодтардың көпшілігі берісі түркі, арысы әлем халықтары фольклорлық туындыларында да кездеседі. Бұл ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің ілгері басу процесіне белсене араласуының, дүниежүзілік мәдениеттің өркен жаюына өзіндік қомақты үлес қосқанының нәтижесінде болып отыр. Сонымен қатар әлем фольклорындағы тығыз қарым-қатынастардың айқын айғағы.

Әр ұлттың өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, психологиясы бар. Бұлардың негізі, бастауы бір кездегі тайпа одақтарының өмір тәжірибесі негізінде пайда болған. Тегі бір, түбі бір бола тұра Оғыз тайпаларының, сондай-ақ Қыпшақ тайпаларының өз алдына бөлек-бөлек одақтасуы өмір арналарының екі түрлі сипат алуына әкеліп соқты. Ілгері заманда нақтылы өмірде болған оқиғаның уақыт өте келе аңызға айналып кететінін тарихтан білеміз. Осындай нақты бір аңыздың әр халықта, әр ұлтта әр түрлі баяндалуы, өзінше жырлануы ұлттық, тайпалық ерекшелікке тікелей байланысты. Мұны біз ауыз әдебиетінің орта ғасырларда хатқа түскен шығармалардан айқын байқаймыз.

Солардың бірі - «Оғызнама» – кітаби эпосындағы «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұстанымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған /3,206./

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы дүние жүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», - деп жазған /4,207-208бб./

Қазақ аңыздарында бұл мотив Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланысты айтылады. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Есім ханның атасы Шыңғыс ханның күннің нұрынан дүниеге келгенін әңгімелеуден басталады. Ал, біз қарастырып отырған «Оғызнамада» да Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Бұл мотив екі туындыда ұқсас сарында баяндалады /3,75-77бб./

Осы аңыздың қазақ, монғол арасында тараған нұсқаларын салыстырып зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бір арнаға саяды. Олар кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві түркі тектес және монғол халықтарының фольклорына тән сарын екендігін дәлелдеп көрсетеді.

Ғалым А.Н.Веселовский бұл мотивтің татар мен қазақ халық ауыз әдебиетіне тән екенін анықтап, аталған халықтар фольклорында кейіпкердің күн нұрынан тууына байланысты көптеген аңыздарды, мифтерді келтіреді. Кейбір татар тайпаларының тегін Аланкуадан таратындығына тоқталады /1,535б./

Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Ғажайып туу мотивінің қыр-сырын толық тану дүниежүзі фольклорына ортақ үлгілерін типологиялық аспектіде тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу

қажет. Себебі, Батыс Европа мен Орта Азия фольклорлық шығармаларында көптеген ұқсастықтар бар. Ол көбінесе жеке мотивтердің, сюжеттердің ұқсас түрде қайталануына байланысты. Фольклорда осындай құбылыстардың орын алуы адамзат тарихының біркелкі дәуірлерді басынан өткізуінің нәтижесі болып табылады. Мәселен, түркі халықтарының феодалдық дәуірде пайда болған эпикалық шығармаларындағы типологиялық сипатын В.М.Жирмунский «Тюркский героический эпос» атты еңбегінде қарастырған /5,56./.

Ғажайып туу мотивінің мифтен бастап, кейінгі дәуірде туған фольклорлық жанрларға дейінгі даму жолы біркелкі емес. Осы мақсатта оның ертегі, эпос сюжеттерінен орын алуына орай иеленген ерекшеліктерін анықтаймыз. Зерттеу барысында шежіредегі немесе жеке қаһармандардың пайда болуы туралы аңыз-әңгімелердегі ғажайып туу туралы мотивтің поэтикасы, оның сюжеттік құрылымы ашып көрсетіледі.

В.Я.Пропп «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырды. Бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді /4,205-239б./.

Қазақ ертегілері мен эпостарының сюжеттік ұқсастығы мәселелеріне арналған зерттеулерде бұл мотивтің шығу тегіне барлау жасалған. Ғажайып туу мотиві тотем бабаның әсерімен, әулие-әнбиелердің көмегімен және тағы сол сияқты керемет жағдайлардың нәтижесінде болатынына сәйкес жіктеледі. Ғажайып туу мотивін жүйелеудегі бұл принцип тотемдік, шамандық, мұсылмандық культтердің фольклорлық туындылардағы әсерін ескере отырып қалыптасқан. Эпос қаһармандарының дүниеге келуі де ерекше суреттеледі, бірақ мотивтің көне түрі мен мағынасы өзгеше сипат ала бастайды. Қаһармандық эпостың классикалық үлгілерінде кейіпкер адамдардың некеге тұруы нәтижесінде, яғни, табиғи жолмен туылады. Бірақ шешесінің батырға жүкті болуына қасиетті күштер көмектеседі. Яғни, көне эпос пен батырлық жырдағы ғажайыптан туу мотивінің сипаты ертегідегі қарағанда, басқашалау. Бұл жөнінде фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраев: «Эпос поэтикасы батырдың керемет тууын қажет етеді. Әрі бұл мотив батырдың айрықша жаратылысын, өзгелерге ұқсамайтын дара бітімін куәландыратын шындық ретінде алынады. Көптің бірі атқара алмайтын істі туысынан тотем бабалар, аруақтар, пірлер назарында жүрген батырлар ғана атқара алады / 6,230б./», - деп жазады.

Фольклорлық эпикалық жанрлары құрамындағы ерекше жағдайда жаратылу сюжетінің жасалу жолдары қоғам өміріндегі салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыптармен біте қайнасып жатыр. Осы ерекшеліктер «Оғызнама» - кітаби эпосына да тән.

Жыршы қаһарманды керемет етіп көрсету мақсатында ғажайып туу мотивін түрлі көркемдік тәсілдермен өрнектейді. Мәселен, болашақ батырдың қасиеттерін ерекше айқындайтын мотивтің бірі – анасының жүкті кезінде ең күшті жыртқыш аңдардың етіне жерік болуы. Сондықтан, бұл мотив әлі дүниеге келмеген кейіпкердің мінез-құлқын алдын ала таныту үшін өте маңызды рөл атқарады.

Фольклортанушы ғалымдар М.Ғабдуллин, Т.Сыдықовтар «Қазақ халқының батырлық жыры» атты еңбекте елді сыртқы және ішкі жаулардан қорғайтын, еңбекші бұқараны молшылыққа кенелтетін батырды аңсау «Қобыланды батыр» жыры дүниеге келуіне негіз болған идея екендігіне тоқталады. Жырдың экспозициясындағы батырды ғажайып туылған етіп көрсету халық арманын іске асырушы кейіпкердің тұлғасын сомдауда үлкен рөл атқаратындығына мән береді /7,224б./.

В.М.Жирмунский өзінің «Тюркский геройческий эпос» атты танымал еңбегінде Орта Азия мен Қазақстан халқына ортақ «Алпамыс» жырының әр түрлі версияларын салыстыру барысында әр түрлі эпикалық туындыларда кездесетін қаһарманның дүниеге келу мотивіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді. Ғажайып туу мотивін салыстырмалы тұрғыдан қарастыру нәтижесінде олардың бір қалыпта қайталанатынына көңіл аударады /5,74б./. Батырдың ғажайып тууы туралы сюжеттің зерттелу нәтижелерімен М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Т.Сыдықов, О.Нұрмағанбетова, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева т.б. фольклортанушылар еңбектері арқылы танысамыз.

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздарда немесе ру тайпалардың шығу тегі туралы шежірелерде қаһармандардың ерекше жаратылуына үлкен мән беріледі. Бұл жерде ол алғашқы ру-тайпаларды жаратушы ілкі бабалардың, атышулы әулие-перілердің, жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын баяндайтын мифтер циклін құрайды. Әрбір халық өздері табынатын объектілерді уағыздау мақсатында осындай мазмұндағы аңыздарды таратқан. Оның халыққа әсерлі болуы үшін қаһармандарды ерекше жаратылысын суреттеу тәсілі қолданылады.

Эпос сюжеттерінде ғайыптан дүниеге келу мотиві өзіне дейінгі эпизодтармен байланысып, оқиғалар тізбегінің белгілі бір тәртібін сақтап орналасады. Эпикалық жырларда ерекше жағдайда туу мотивінің бірнеше сарындары қатарынан қатысады. Әрбір мотивтің жырда баяндалу тәртібі мен мағынасына қарай аталуын ғалым Ш.Ыбыраев «Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі» деген мақаласында экспозиция болашақ қаһарманның ел-жұртын, ата-анасын, дүние байлығын, бейбіт тіршілігін, қоныс еткен мекенін суреттеуден бастап, содан соң жыршы біртіндеп баласыз ата-ананың басына түскен ситуацияны баяндауға ауысатындығын көрсеткен. Ғалым жырдың кіріспе бөлігіндегі осы екі көріністі мотив-суреттеу және мотив-ситуация деп атайды. Мұндай ситуацияның тууын екі түрлі себептермен байланыстыра қарастырады /6/.

Баласыз ата-ананың мал-мүлкін мирас етіп қалдыратын мұрагерінің жоқтығы, өзі басқарып отырған елді шет жаулардан қорғайтын батыр ұлдың болмауы керемет эпос қаһарманның тууын қажет етеді. Сюжеттің осындай қажеттілікті білдіріп тұрған кіріспесінен соң, болашақ батырды әулиелерден тілеу, тотем-бабаның көмегімен дүниеге келу және тотемнің етін жеу мотивтері баяндала бастайды.

Қазақтың ғашықтық жырлары мен дастандарындағы қаһарманның ғажайып туу мотиві көбінесе оның дүниеге келер алдындағы ерекше жағдаймен байланысты. Бұл кездерде ғажайып туу мотиві әлеуметтік негіздерінің басымдығына қарай өзгеше сипат алады. Бұл жайында фольклортанушы ғалым Б.У.Әзібаеваның «Казахские народные романические дастаны» атты монографиясында сөз болады /8/.

Ғажайып туу сарындарының тағы бір ерекшелігі – олар эпикалық әр түрлі жанрлардың табиғатына байланысты елеулі өзгешеліктерге ұшырай отырып қолданылады. Мифтік сананың нәтижесінде пайда болған ғажайып туу сарындарының эпикалық туындыларда көркемдік қызмет атқарғаны туралы жоғарыда тоқталып өттік. Сонымен қатар, сипаты жағынан дәстүрлі, формулалық сюжетке айналған бұл сарындар әр эпикалық туынды да жыршы, жыраулардың, айтушылардың шығармашылық шеберлігі арқасында өзіне тән ерекшеліктерге ие болады.

Қазақ эпосынан батырдың ғажайып дүниеге келуі, таңғажайып жағдайда өсуі, ерлік көрсетулері айрықша сипатталады. Батырлардың халық қамын ойлайтын айрықша тұлға екені оның керемет жаратылысының инвариантын

құрайтын тұрақты мотивтер, оларды ата-аналарының зарыға Құдайдан, әулие-әбиелерден сұрап алуынан алдын ала сезіледі. Ал, жарық дүниеге келгеннен кейінгі батырға лайық өсуі де - өзгеше құбылыс.

«Қорқыт ата кітабындағы» Дерсеханұлы Бұқаштың, «Құпия шежіредегі «Шыңғыс ханның», «Оғызнамадағы» Оғыз батырдың, қазақ эпостарындағы Алпамыс, Қобыланды батырлардың дүниеге келулері, ер жетіп өсулері - соған айғақ. Мысалы, Шыңғыс ханның дүниеге келуі туралы Шәді Жәңгірұлы өзінің «Тарихнама» атты туындысында:

«Темучин анасынан дүниеге енді,
Бір қолының алақаны жұмық еді.
Қатындар қызмет еткен қарағанда,
Ішінде ұйып қалған бір қан көрді» /9,96б./

деп жырласа, «Қисса Наурызбай» дастаны да бұл эпизод қайталанады.

«Қасым хан өзге ұлынан асып туған,
Көңлін дұшпанының басып туған.
Қарнынды анасының қан шеңгелдеп,
Қызартып екі көзін ашып туған»/10,62б./

Махмұт Қашқаридың жазуына қарағанда, халық Қорқыттың туғаны ерекше сипаттаған. Олардың баяндауынша Қорқыт Сырдарияда сөйлеп туыпты. Бұл жөнінде халық аузында сақталған мынадай өлең де бар:

«Қорқыт туар кезінде,
Қараспанды су алған,
Қара жерді құм алған,
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған» /11,4-5бб./

Академик М.Ғабдуллиннің: «Халық әдебиеті жағымды батырлар образын жасағанда, олардың мықты, күшті, екендігін, сырт келбетін айтқанда, «арыстандай», «жолбарыстай жүректі» деп отырады. Мұның бәрі ауыз әдебиетінде образ жасау, жақсы теңеу табу, салыстыру үшін қолданылған» /7,48б./ – деп жазғанын ескерсек, «Оғызнамадағы» Оғызды бейнелеу үшін қолданылған «аяғы өгіздің аяғындай», «белі бөрі беліндей», «жауырыны бұлғын жауырынындай», «кеудесі аю кеудесіндей», т.с.с. болып келетін теңеулердің көркем образ жасаудағы қызметі ерекше екендігі белгілі.

Жалпы, халық өзінің эпикалық қаһармандарының образын әсірелей сомдайды. Ол үшін әр түрлі ертегілік мотивтерді пайдаланған. Бұл мотивтер халықтың көне мифологиялық наным-сенімдеріне негізделген. Әсіресе, Орта Азия елдері мен қазақ халқының эпикалық дәстүрінде осы ғажайып туу мотиві кеңінен орын алған. Бұл мотив эпостың сюжетін көркейте түсетін құралға айналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. –Л: 1940. -64бс.
2. Кенжебаев Б. Қорқыт туралы // Әдебиет майданы. 1938. -144 б.
3. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі.-Алматы: Ғылым, 1988.-279 б.
4. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. –Москва: Наука, 1976.-325 с.
5. Жирмунский В.М. Тюркский геройский эпос. –Л: Наука, 1974.-727 с.
6. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. –Алматы: Ғылым, 1993.-296б.
7. Ғабдуллин М, Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. –Алматы: Ғылым, 1972.-338 б.
8. Әзібаева Б. Казахские народные романтические дастаны. – Алматы: Ғылым, 1990 -140 с.
9. Келімбетов Н. Шәді ақын. –Алматы: Жазушы, 1974.-96 б.

10. Хан Кене: тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993.- 448 б.
11. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. /Орыс тілінен аударған Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдиев/ - Алматы: Жалын, 1986.-128 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Оғызнама» - кітаби эпосындағы ғажайып туу мотиві қарастылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается мотив чудесного рождения в эпосе «Огуз-наме».

Ғ.МҮСІРЕПОВТІҢ «БОЛАШАҚҚА АМАНАТ» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР БОЛМЫСЫ

Сейсенбиева Э.С.- аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Ғабит Мүсіреповтің тарихи тақырыпқа жазған пьесасының бірі – «Болашаққа аманат». Бұл пьеса қазақ тарихынынан бізге белгілі, ел аузында аңызға айналған атақты батыр – Сырым Датұлы туралы.

Орыс ғалымы Белинский «Тарихшының міндеті – ненің болғанын айту, ал ақынның міндеті – соның қалай болғанын көрсету. Тарихи драманың мазмұны тек қана мемлекет өмірінен алынуы керек» - деген болатын. Тарихқа көз жүгіртсек, Сырым Датұлы атақты батыр, ірі тарихи тұлға болғанын дәлелдейтін мәліметтер өте көп. Ол - өзінің ерлігімен, ақылдылығымен, әділеттілігімен бүкіл елді өзіне қаратып, соңына ерте білген адам. Ол - Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне де белсене қатысқан, әскери тәртіпті жақсы меңгерген батыр. Сырымның айбарынан, қаһаранынан қарсыластары қорыққан. Әсіресе, қарапайым халықты құлы ретінде жұмсап, артық еңбек ақы бермей келген ақсүйектер әулеті Сырымнан қатты қорыққан. Кіші жүздің ханы Нұралы ақ патшаға Сырымға қарсы шығатын күшті әскер сұрап жалынған.

XVIII ғасырдың 80 жылдарында Кіші жүз рулары ханға бағынбай, халық бытырап, ел дағдарысқа ұшырайды. Осы сәтті күтіп отырған патша үкіметі қазақтың жерін, елін қалай басқарудың амалын қарастыра бастайды. Қазақ билері мен ру басшылары Кіші жүздің ханы Нұралының тақтан кетуін және қазақтардың бұрынғы жерлерінің қайтарылып берілуін талап етеді. Хандықтың жойылып, қазақ жерлерінің қайтарылуын талап етуші билердің бірі Сырым батыр еді. Осы кезде бізге тарихтан мәлім ел билеу ережесі «Игельстром реформасы» құрылды. Бұл жобаның реформасын генерал-губернатор Игельстром ұсынған. Жобаның ережесі бойынша Кіші жүздегі хандық билікті құрту. Хандық билікті сақтап қалу үшін, билер, ру басшылары реформаға қарсы шығады. Патша үкіметі басында «реформаны» қостағанымен, қазақ даласын басқарудың тәртібіне өзгерістер енгізудің соңы қиындықтар туғызатындығын сезіп, қазақ билерімен келісімге келіп, реформадан бас тартады. Бұны сезген халықтың наразылығы одан әрі өршілене түсіп, сонымен қатар, руларды басқарған билердің ауызбіршілігінің жоқтығынан, көтеріліс тіптен құлдыр бастайды. Ру басшылары енді «әділ хан сайлансын» деген ойларын айтқаннан кейін, басында хандыққа қарсы болған Сырым батыр да, тоқтап қалады. Себебі, патша үкіметі халықтың ыдырағын көріп қулық жасап, хан кеңесін құрайды. Хан кеңесінің құрамына билер, сұлтандар

кіргендіктен ру басшылары қарсы болмай, қосылады. Шілде айында өткен хан кеңесінің мәжілісіне Сырым батыр өзінің қарулы жасағымен қатысады. Сырым халықтың жағдайының нашарлығынан және хан кеңесінің ашылуына байланысты күресті тоқтататынын айтады. Бұл хан кеңесінің құрамына Сырым Датұлы да енеді. Сырым Датұлы туралы мәліметтің бәрі тарихта болған жағдай.

Ғабит Мүсірепов тарихта болған Сырымның бейнесі мен сол замандағы қазақ елінің жағдайын тарихта болған шындық тұрғысында суреттеген. Сырым батыр хан, сұлтандарға қарсы шығумен қатар, орыс патшасының отаршыларына да қарсылық білдіріп, олармен аянбай күрескен. Қазақ еліне қысым көрсеткен губернатор мен атамандардың әскери бекіністеріне жасағымен батыл шабуыл жасай білген. Сол кездегі патшасы Екатерина Сырымның көтерілісінен қорқып, ақыры оның қойған талаптарына келісуге тура келген. Сырым батырлығымен қатар, ол шешен тілді, ақылды, алғыр болғанынын ел аузындағы аңыз-әңгімелерден де білуге болады. Сырым батырды қазақ елі қолдаған.

Драматург пьесада суреттеген би, ру басшылары, сұлтан, генерал-губернатор Игельстром, генерал-поручик Пеутлинг тарихта болған адамдар. Тарихи мағлұматтарға сүйенсек бұлар жоғарыда айтылған оқиғаларды ұйымдастырушылар, қатысқан адамдар. Ғ.Мүсірепов пьесада Сырымның ерлік, батырлық тұлғасын көрсететін тұстарын сол заманның өмірінен алады. Сол заманғы халықтың жағдайы ол, Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі қазақ елін одан әрі ашындыра түсті. Өйткені бұған дейін хандардың зорлығы мен патша үкіметінің отаршыларының озбырлығына қарсы елдің наразылығы асқына түсті. Кедей халық өзара әр жерден көтерілістер ұйымдастыра бастайды. Қазақ жерінде хандық дәуірі құлай бастайды. Ру басшылары халыққа қарсы шығып, ел басқарудың жаңа талаптарын ұсынады. Ел екі жаққа бөлінеді. Оның бірі хандық тағын құлатпау болса, екінші жақ оған қарсы топ. Осы кезді күтіп отырғандай патша отаршылары қазақ даласын басып, бағындырып алуды көздеп отыр. Бірақ, олар ханға сүйенгісі келмейді, өйткені ол да құлдырап, халықтан қолдау көрмей отыр. Ал, патша үкіметі болса, біресе хандыққа қарсыларды жақтап, бірде хан, сұлтандарды жақтап екі түрлі саясат жүргізеді. Олардың бар мақсаты қазақ елін өзін бағындырып, басып алу. Сол себепті де, хан әулеті мен оларға қарсы топтың тартысын одан әрі шиеленістіре түсу. Ғ.Мүсірепов «Болашаққа аманат» тарихи драмасындағы оқиға желісі Белинский айтқандай «мемлекет өмірінен» алынған.

Пьесаның бірінші көрінісінде қазақ жерінде хан сайлау тойы өтіп жатқаны суреттеледі. Ол жай той емес, хан сайлаудың 30 жылдық мерейтойы тойланып жатыр. Ханды дәстүр бойынша ақ киізге отырғызып, мақтап жатқан бір топ та, ол жаққа назар аудармай, өз қызықтары өздеріне отырған екінші топ. Бұл Сырым батыр бастаған, соның айналасына жиналған қарайып халық. Сырым өнерлі жігіттерді қолдап-қолпаштап отыр.

Жырау: Қазақ деген ел едік,
Біз қай елден кем едік!
...Келісімсіз дүниенің
Дүние емесін білер-ау.
Қорлық пен зорлықты,
Теңсіздік пен құлдықты,
Терең қазып көмер-ау!
Елдер менен елдерді,
Адам менен адамды,
Еркек пенен әйелді,
Қарасың демей, ақ демей,
Сарысың демей, сарт демей,

- Біріне бірін теңер ау!
Жарасым мен келісім
Сонда бір қайтып келер ау!
- Сырым: Суытпаңдар ойынды. Қалың қара тобыр ең болмағанда қызық көрсін.
- Нияз: Сырым аға, біз де сол қара тобырдың біріміз ғой. Бәріміздің сұрай алмай жүрген бір сұрағымыз бар еді.
- Сырым: Сұраңдар.
- Нияз: Осындай оңбаған ханды біз неге сайладық осы?
- Сырым: Ханды біз сияқты қара қазақ сайламайды, жігіттер.
- Жігіттер: Енді кім сайлайды? Қазақтың ханын да біреу сайлап бере ме?
- Сырым: Ханды хандар, сұлтандар сайлайды, патша бекітеді.
- Нияз: Әлгі бір қос нөқта дейтінің осы болды ғой онда?
- Сырым: Сол, сол! Бір иығында хан, бір иығында патша! Не арманың бар! Бұрсендеп жорта деруінді біл! (1, 190-191 бет)
- Бұл кеудесін ашу, ыза кернеген адамның жан айғайы. Сырым бұл тойға ханды қолдап, құрметтеп келген жоқ. Қарапайым қалықтың көңілін көтеру үшін, соларға демеу болу үшін келген және бір ойы ол қарапайым қалың жұрттың көзін ашу, қазақ елінің берекесін кетіріп отырғанын кім екенін түсіндіру, көрсету.
- Сырым: Ол кезде хан болғысы келмеген адам ақылсыз болған болар еді. Олар қазақ деген елдің басын қосып, елдік туын көтерген адамдар.
- Хан: Біз ше?
- Сырым: Сенің туың тұр ғой, әне – тоғыз құйрық Шыңғыс ханның қыл туы.
- Хан: Дүниеде бұдан күдіретті ту болып көрген жоқ. Осы біздің туымыз!
- Сырым: Бұл әлдеқашан құлаған ту!
- Хан: Сандалма! Қазақ елін ел қылған осы ту!
- Сырым: Сандалмасаң, сандалма! Қазақ елін быт-шытын шығарып, өзіне-өзі ие болған елдігін құрт-мерезедей жалап келе жатқан осы ту! Сендер Тәукенің тұсындағы тұтас елді жырымдап-жырымдап бөліп алып Тәуке болмақсыңдар! Бір уыс Кіші жүзді екіге бөліп, жарым-жартысын Хиуаға қаратып алдыңдар. Тағы бір үш мың үйді Барақ бөліп әкетті. Енді қалғаныңа тоқсан сұлтан, бір хан таласып, ырылдасумен күндерің өтіп келеді. Сен қазақтың ханы болсаң, Ұлы жүзің қайда, Орта жүзің қайда?
- Хан: Қай елдің қайда екенін жоқтайтын, сен сол елдің ханы ма едің?
- Сырым: Мен сол елдің бел баласы – ұлымын! (1, 193 бет)
- Сырым хан сайлауына қарсы, өйткені, ол Шыңғыс ханның ұрпағы. Ал, Сырым батырдың ойлауы бойынша кезінде қазақты қырып, жерін тартып, елін құл етпекші болған жауыздың тұқымы, қазақ еліне еш жақсылық жасамайды. Тегі, елі бөтен адам қарапайым қазақ елін аямайды. Елді тонайды, қырады. Қазақтың өзінен болса, онда ол өз еліне жамандық жасамайды. Өткір тілді, батыл Сырым еш қорықпастан, қарапайым халыққа түсінікті болу үшін, ханға тіке қарап, алдына шығып былай дейді:
- Сырым Тегінде, екінің бірі дұрыс болар: не мен қырыққа жетпей қартайған болармын, не кейбіреулер қырыққа жеткенше ырқынан шыға алмай қойған болар... Болады ғой сондай бір илеуі жетпей, иі қанбай қойған бала шағалар... Оларға хандық жойылса да, хан аман қала беретіндей көрнеді ау, деймін.
- Хан: Сырым би, қанша шешен болсаң да, осы айтқандарыңның біріне түсінетін бір қазақ табылар ма екен?
- Сырым: Ендеше тындаңыз, хан ием. Жұрт та тындасын. Тәуке хан өлген күні қазақтың хандығы да өлді. Қасым мен Тәукенің тұсында бір ұранның, бір тудың астында тұтас отырған ел едік-ау! Қазақ елінің соңғы ханы қайтыс болғаннан кейін, осы тұтастықты, осы елдікті қалай сақтаймыз деген ой, қазақ

хандары, қайсының аузынан шықты? Жоқ, шыққан жоқ! Елді бөліп-бөліп әкетулеріне ырық бермей келген Тәуке ханның өлгеніне қуанып кеттіңдер! Мал шаруашылығының ыңғайымен үш атырапқа бөлініп отырған тұтас елді – бір елді үшке бөліп, жүз басына екі ханнан отыра қалдыңдар. Ұлы хандық өлді демей не дейміз? Әбілмәмбет Түркістанға барып Тәукенің орнына жарбиып отыра қойып еді, Тәукенің орнына Тәуке болу қиын екен, қылжия кетті. Кәрі бөкесін Қытайға тосып, баласын Қытайға бағындырып, бас сауға сұрады. Орта жүзде біріне-бірі бағынбайтын екі хан отыр. Бір уыс Кіші жүзде екі хан отыр. Қазақ елінің бірлігін де, хандығын да, туын да, ұранын да осылай құлаттыңдар! (1, 194-195 бет)

Сырым қазақ елінің билігі өз қолында болсын деп тілейді. Елінің бірлігін, тыныштығын, көрші елдермен достық, татулықта болуды қалайды. Шыңғыс ханның ұрпағынан тараған хан, сұлтандар елді қанап, ыдыратып жіберді. Қазақтың елін қуғындап, жақсы жерлерін тартып алып, тонап, елді аздырып жіберді. Көрші елдерге де шабуыл жасап, ары бері өткен керуендерді тонады. Осы жасаған жауыздықтарының зардабын қарапайым халық тартып отыр. Сырым хан сайлауына, қазақ жерінде Шыңғыс ханның ұрпағының хан болуына қарсы болуының себебі де осы. Оның арманы хандықты жойып, халық кеңесін құру. Ол астыртын жасақ жинап, күрес ұйымдастыруды жоспарлады. Қарапайым халық Сырым батырды қолдап, қолпаштайды.

Сырым қазақ еліне ханнан еш қайырым, жақсылық болмайтынын, халыққа жаны ашымайтын да біледі. Ол сол себепті де, қазақ жерін басқару туралы ойларын патшаға айтып, Ресей империясы тарапынан қазақ еліне қолдау алуға тырысады. Бір жағы ол патшадан да еш жақсылық күтіп отырған жоқ. Хан, сұлтандарды тақтан түсіру де оңай емес. Құр айғайымен ешнәрсе бітпейтінін де біледі, сондықтан күрестің әдісін табу керек. Алдымен қазақ даласындағы хандықты жою керек.

Орыстың ұлы жазушысы М.Горький бір затты әсірелеп көрсету туралы былай деген болатын: «Өнер жақсыны әсірелегенде оның онан да жақсы болуын көздейді, адамға зиян, оны кемітетін жаман нәрсені әсірелегенде адамның бойында оған деген жиркеністің пайда болуын, өмірдің сорақы жақтарын құртуға ерікті бейімдеуін көздейді. Өзінің негізінде өнер – бір нәрсені не жақтап, не қостайды, не оған қарсы күреседі. Немқұрайды қарайтын өнер жоқ және болмайды да, адам фотографиялық аппарат емес, ол өмір шындығын белгілеп жзып қоймайды не оны жақтайды, не өзгертеді, құртады». (2, 444-445 бет)

Ғ.Мүсірепов Сырым батырдың бейнесін шынайы, мінез-құлқын жан-жақты ашуының нәтижесінде сол замандағы өмірді, қоғамдағы әлеуметтік жағдайын кең, ұғымда типтендіре білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мүсірепов Ғ. 5-томдық шығармалар жинағы, 4-том, А., 1975ж.
2. М.Горький. Собр.соч.т.27, М.,1953ж.
3. Ахтан Т. Ғ.Мүсірепов әдеби-сыни очерк. А., 1956ж.
4. Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. Монография. А., «Өнер», 1982ж.
5. Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. А., 1964ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ғ.Мүсіреповтің тарихи тақырыпқа жазылған «Болашаққа аманат» пьесасындағы Сырым бейнесін суреттеудегі шеберлігі туралы жазылған.

РЕЗИЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению художественного мастерства автора в описании образа Сырыма в исторической пьесе «Болашаққа аманат».

ТЕРМИН ТҮЗУДЕГІ БАЛАУ ЖӘНЕ АТАУЛЫҚ БАЛАУ ТӘСІЛІ

Ақайұлы Ы. ф.ғ.д., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Ғабдуллина Г.Қ.-оқытушы (Қарағанды қ., ҚарММУ)

Бүгінде мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі алдында басты екі мәселе тұрса, оның біріншісі, тіліміздің ғылым, білім, техника, өндіріс, саясат, ақпарат, экономика, басқару, халықтық қызмет, ресми және халықаралық қатынас салаларында еркін әрі ерікті түрде кең тарапты қолданылуы да, екіншісі, аталған салалардың әрбірінің ұлттық терминдік жүйесінің жасалуы дер едік. Сондай-ақ бұлар – бірін-бірі күшейтіп, бірі екіншісіне дем берерлік, өзара тығыз байланысты мәселелер. Яғни қазақ тілінің айтылғандай, мемлекеттік мәртебесіне сай, мінсіз, мүлтіксіз қолданылуы, қоғамның қалыпты, дағдылы, толыққанды тіліне айналуы үшін өмір мен өнердің, тірнек, көрнек өнерлерінің кез келген саласының атаулары қазақ тілі негізінде жасалып, қазақ сөзімен аталған терминдер үлесі мейлінше артуы, атаулық жүйе мүмкіндігінше қазақшалануы қажет. Өйткені, қандай тілде болмасын, жаңа сөз, термин, яғни сала атауын жасау бірінші кезекте сол тілдің өз сөздік қоры мен құрамы негізінде жүзеге асуы, олар тілде әуелден бар, болған сөздер мен түбірлер, тілдің өз сөзжасамдық құралдары арқылы туып-қалыптасуы тиіс. Мұның өзі тілдің өз табиғатына сай, өзінің ішкі әлеуеті негізінде, өзге тілге еліктеп, бұзылып-жарлымай, барған сайын түзеле, түзіле түсуінің кепілі болады.

Сондай-ақ қандай да терминнің қазақша баламасын жасау дегеніміз – оған әйтеуір бір ат беру емес (әйтеуір бір ат және шетелше, «тамаша» ат оның өзінде әуелден бар), қазақша ат беру және іс мұнымен де бітпейді. Сөз арқылы ол түсініктің мазмұнын, мәнін ашу, ашып көрсету керек болады. Үшіншіден, тілге жаңа, толыққанды атау сөз, бейнелей айтсақ, тілдің өсіп-өнуіне негіз, басқыш (ступенка) болатын «бала» жасап беру керек болады. Дұрыс термин, атау осы үш қызметті де атқаруы, атқара алуы тиіс.

Әдетте, термин жасаушы, сөздік шығарушылар және басқа да мамандар ары кеткенде термин мүмкіндігінше қазақшаланса және дұрыс қазақшаланса болғаны, оны қазақшалаудың ғылыми-әдістемелік негізін жасап, бұл мәселеден жоқтан бар етіп ғылым туғыздың жөні жоқ дегендей ойда болады. Белгілі бір сала атаулық жүйесіне арналған диссертациялық зерттеулер де мынаны былай немесе мынадай сөзбен қазақшалапты, ананы алай қазақшалапты, мынасы дұрыс, анасымен келіспейміз деп, жай ғана тізбелей және құры айтып шығудан (фиксация) арыға бара қоймайды. Мұндай жұмыстардың талқылануы кезінде де әңгіме бірден жекелеген атаулар баламаларының дұрыс әлде бұрыс екендігіне, тіпті оның басқалай баламаларын тізбелеуге ойысып кетіп, бүкіл ғылыми талдау жұмысы сонымен шектеліп жатады.

Ал термин түзу тәсілдерін анықтап, көрсетудің бірнеше қажеттігі бар. Біріншіден, әрбір жекелеген атаудың қазақша баламасын өз бетінше іздеп отыру, ойлап табу – бір басқа да, оның алыну, жасалу жолдарын біліп алып, әдіс-тәсілдік негізде іздестіру – бір басқа. Жалпы бір-екі түсінік, оншақты сөз емес, қандай да саланың бүкіл атаулық жүйесін қазақшалап шығу айрықша қиын іс. Ал барлық-дерлік салада көп уақыт бойы қолданылмай, жалпы қолданысының өзі елеулі түрде шектеліп келген қазақ тілі сияқты тілде ғылым-білім дамуынан, ой, әрекет үдерісінен көш кейін қала отырып, оның терминдік жүйесін жоқтан бар етіп, қайтадан атап шығу, әсіресе, тілдік дағдысы мен бағдары баяғыда-ақ бұзылып біткен қазақ мамандары үшін оңайға түспесі белгілі. Сондықтан әлі күнге дұрыс-бұрыстығы көкей көзбен (интуиция) анықталып, қолданылып отырған атаулардың, амалдардың қайсысының қандай сындық белгісі, мәні барын, не тәсіл

екенін «соқырға таяқ ұстатқандай етіп» айқындап беру, сөйтіп термин түзу ісін жеңілдету ғылымның, терминші ғалымның міндеті. Қай атауды, қалай қиыстыратынымызды, оның амал-айлаларын игергенде ғана мақсатты әрекет қылып, оны дұрыс жасайтын, ұтымды қолданатын боламыз. Олай болса, әдіс-тәсіл термин түзушілер жұмысын жеңілдету және өнімді, нәтижелі, жүйелі ету үшін керек. Екіншіден, талдау, анықтау теория, ғылым үшін, ғылыми тұжырым үшін, жалпы біліп қою, біліп жүру, ойда болу үшін керек.

Бұрынғы да, бүгінгі де термин мәселесіне арналған диссертация материалдарының басым бөлігі қандай да сала атауларының қайсысының қай сөзжасам тәсілдерімен жасалғанына, қай жұрнақтардың өнімді екеніне арналып, сонымен басталып, аяқталып жатады. Ғылымда әуелден белгілі бұл сөзжасам тәсілдері мұндай диссертацияның кез келгенінде кездесетін таптаурын тақырыпқа айналды. Алайда, сөзжасам мен терминжасамның толық бірдей еместігі көпшілік назарына ілінбей келеді.

Ұлттық тілде термин түзудің басты, бірінші жолы қашан да бала(мала)у тәсілі, яғни қарастырылушы түсінікті сол тілдің өзіндегі қандай да дайын сөзбен атау болмақ. Мұны орысша семантикалық тәсіл дейміз. Балау тәсілінің басты белгілері – түсінікке атау боларлық сөз сол ұлттық тілден алынады әрі ол еш өзгеріссіз, әуелгі қалпында алынады. Яғни ұлттық тілдің қандай да сөзі терминнің балам(ас)ы етіледі. Ғылыми түсінікке балама ұсынудың өзі бірнеше негізде жүзеге асады. Біріншіден, дәл осы ғылыми, салалық түсінік атауының ұлттық тілдегі атауы, ұлттық атауы табылып, телінеді немесе ондай атаудың бар-жоғы анықталады. Екіншіден, ғылыми түсінік мазмұны мен оған атау болады-ау, болуы мүмкін дейтін сөздің ұғымдары (сема) салыстырылып, олардың өзара бірлігі, ұқсастығы, жақындығы негізінде түсінікке атау беріледі. Үшіншіден, термин түзуде бастапқы нұсқа етіп отырған басқа тілдегі, біздің жағдайымызда орыс тіліндегі ғылыми түсінік атауы болып отырған сөздің мазмұндық, ұғымдық сипатына сәйкес сөз ізделеді және оның тіларалық сөзбе-сөз баламасы (парапары) алынуы мүмкін. Яғни атау боларлық сөз түсінікке баланады немесе оның басқа атауына баланады.

Осы орайда балам(а) болатын сөздің сипатына қарай балау тәсілі де үшке бөлінеді. Мұның біріншісінде түсінік баламасы ретінде ұлттық атау сөз алынады. Ұлттық атау – жалпы халықтық тілде бұрыннан бар, іс жүзінде сол терминдік мағынада қолданылып келе жатқан әрі ұлттық ерекшелікті, ұлттық атау жүйесін көрсететін, басқа тіл сөзіне байланыссыз туып-қалыптасқан сөз бен сөз тіркестері. Олар нағыз ұлттық балама әрі халықтық атаулар болып табылады. Бұл сөздер жаңадан жасалмайды және бұл атаулар жағдайында халықтық түсінік пен ғылыми түсінік толық бірдей болып шығады. Мысалы, *асықты жілік – большеберцовая кость* жұбының қазақшасы халықтық та, орысшасы – ғылыми, жүйелік атау. *Спинной мозг – жұлын* жұптарында да ғылым атауы сипаттауыштық сипатта да, халық атауы есім сипатында екені көрініп тұр.

Атаулық балау кезінде тілде әуелден бар ұлттық немесе халықтық атау болып табылатын сөз ғылыми түсінікке баланады әрі дайын атау күйінде және мән-мағыналарымен қоса баланады. Бұлар:

1) қазақ тілінде әуелден болған, жасалған бір сөзді жай атаулар, мысалы, *таңдай, көмей, самай, маңдай, мойын, шықшыт т.б.*,

2) екі сөз бірігуі арқылы жасалған күрделі атаулар, мысалы, *ауызомыртқа, мойыномыртқа, беломыртқа, күретамыр, көктамыр, сегізгөз, ұлтабар т.б.*,

3) түбір мен қосымшаның бірігуі арқылы жасалған туынды сөздер, мысалы, *қарынша, жұтқыншақ, мишық, қылыш т.б.*,

4) сөз тіркесі түріндегілер, мысалы, *аш ішек, тоқ ішек, қызыл иек, сүт тіс, азу тіс, күрек тіс, ұйқы без т.б.*

Бұлардың басты белгілері:

1) қазаққа осы заманғы ғылым келмей тұрып та дәл осы мағынада қолданылған,

2) ғылымдағы, өзге тілдегі нұсқасына тәуелсіз, одан тыс, өз бетінше жасалып, қалыптасқан,

3) ол түсініктерді қазақ тілінде басқаша атауға болмайды, мысалы, *ми* – мозг, *алақан* – ладонь, *бас* – голова,

4) сөз ретіндегі мағынасы, түсіндірмесі ғылыми анықтамаға ұқсас болып, негізі бір жерден шығып отырады. Мысалы, арнайы сөздіктер бойынша –

–аорта: *основной ствол артерий большого круга кровообращения, выносящий кровь из левого желудочка сердца* болса, оның қазақша нұсқасы

қолқа: *жүректің сол жақ қарыншасынан басталып, дененің әр түрлі мүшелеріне қан тарататын басты және ең ірі артерия,*

–атлант: *первый шейный позвонок, сочленяющийся с затылочной костью черепа и вторым шейным позвонком* болса, оның қазақша нұсқасы

ауызомыртқа: *мойынды басқа жалғастырып тұратын ең шеткі омыртқа,*

–диафрагма: *грудобрюшинная преграда – сухожильно-мышечная перегородка, отделяющая ... грудную полость от брюшной* болса,

көк ет: *ішек-қарын мен өкпе-бауырды бөліп тұратын жұқа көк шандыр, бауыр ет,*

–трахея: *дыхательное горло, дыхательная трубка, расположенная между гортанью и бронхами* болса,

кеңірдек: *көмейден басталатын, өкпемен ұштасатын тыныс мүшесі.*

Көріп отырғанымыздай, келтірілген терминдік және жалпы тілдік сөздіктерден алынған анықтамалар мен түсіндірмелер өзара толық сәйкес келеді. Мұның өзі ғылыми термин мен халықтық атаудың мағыналық тұрғыда да бірі-біріне пара-парлығын, өзара айырмасы жоқтығын көрсетеді.

5) осы тұлғасы мен мағынасында жалпы тілде бар, көпшілік қолданысты, халықтың ғылымға берген атаулары (*шейный позвонок* ғылымның тауып, жіктеп, халыққа бергені),

6) толық есімделген, нәрсенің жеке дара атауына айналған, ал *шейный позвонок* а) сипаттауыштық атау, ә) ғылыми талдау, жіктеу барысында пайда болған,

7) бұл халықтық атаулардың ғылыми түсінікпен немесе оның шеттілдік атауымен қатынасы *земля – жер, вода – су* сияқты тіларалық пара-парлар деңгейінде болады. Мысалы, халықтық *қолқа* атауына осы келтірілген белгілердің бәрі тән және біз оны *аорта* терминінің баламасы дегіміз келсе, ол *аорта* түсінігіне немесе оның атауына ғана емес, сол екеуіне бірдей баланып тұр. Ал дәлірек айтсақ, ол ешнәрсеге баланып тұрған жоқ, сол түсінік пен атаудың өзі, қазақша нұсқасы болып тұр.

Ұлттық немесе халықтық атаулар арқылы жасалған баламаларды онан ары ауызекі қолданыстық, арнайы қолданыстық деген тағы да үлкен екі топқа бөлуге болады. Ауызекі қолданыстық сөз тілдің барлық сөйлерменіне (маман да, маман емес те) белгілі, етене таныс болады, күнделікті тілдік қатынаста өте жиі қолданылады, мысалы, *мұрын, құлақ, көз, қол, аяқ* т.б. Осы тектес енді бірқатар сөздерді ертеректе қоғамның балалардан басқа барлық-дерлік өкілдері біліп, көпшілік қолданысты болғанымен, бүгінде көпшілік, жай сөйлермен тек шамалап түсінеді, дәл мағынасын, нақты түрде не екенін, тіпті ондай сөз барын білмеуі де мүмкін. Сол себепті бұларды ауызекі қолданыстық емес, арнайы қолданыстық деп атаса болады. Мысалы, *толарсақ, тілерсек, шарбы, шажырқай, кеңсірік, көгет,*

құйымшақ, кәріжілік, қасаға, бұғана, қарақұс, білезік т.б. тіл, әдебиет зерттеушілері, жазушылар болмаса, қазіргі қазақ қауымының басым бөлігі, әсіресе, оқығандар, түрлі сала мамандары, тіпті дәрігерлер мен тәнтанушылар да дәл ажыратып-білмейді.

Жүрек тамыр жүйесі атауларының басым бөлігі, әсіресе тікелей дене мүшесіне қатысты атаулар осы жалпы және арнайы қолданыстық халықтық атаулардың ғылым түсініктеріне айналуы арқылы жасалған. Яғни бұлар – қазақ халқы жасаған атаулар жүйесінің ғылыми атаулар жүйесіне айналуы. Тіпті бұларды балау немесе семантикалық тәсіл арқылы жасалған деуге де болмайды. Өйткені, мұнда шын мәніндегі балау әрекеті жоқ. Бұлар шеттілдік ғылым атауларының әуелден болған, оларға тәуелсіз туған қазақ тіліндегі тең дәрежелі нұсқасы болып табылады.

1-кесте. Ауызекі қолданыстық халықтық атаулар арқылы жасалған терминдер

Артерии кишечные	<i>Ішек</i> артериялары
Артерии мышечные	<i>Бұлшық еттік</i> артериялар
Артерии поясничные	<i>Бел</i> артериялары
Артерии ресничные задние длинные	Ұзын артқы <i>кірпіктік</i> артериялары
Артерия глазная	<i>Көз</i> артериясы
Артерия грудная верхняя	Жоғарғы <i>кеуде</i> артериясы
Артерия губная верхняя	Жоғарғы <i>ерін</i> артериясы
Артерия лицевая	<i>Бет</i> артериясы
Артерия легочная правая	<i>Өкпенің</i> сол артериясы
Артерия локтевая	<i>Шынтақ</i> артериясы
Артерия лопаточная дорсальная	<i>Жауырынның</i> артқы артериясы
Артерия мозговая задняя	Артқы <i>ми</i> артериясы
Артерии мозговые задние	<i>Мидың</i> артқы артериялары
Артерии пальцевые ладонные общие	<i>Саусақтардың алақандық</i> жалпы артериялары
Артерии крестцовые латеральные құйымшақ, сегізкөз	Латералді <i>сегізкөз</i> артериялары
Артерия селезеночная	<i>Көк бауыр</i> артериясы
Вена предплечья промежуточная	<i>Білектің</i> аралық венасы
т.б.	

1-кестеде келтірілген *ішек* артериялары, ұзын артқы *кірпіктік* артериялар, жоғарғы *кеуде* артериясы, *бұлшық еттік* артериялар, *көк бауыр* артериясы сияқты т.б. тіркестік атаулар құрамындағы *ішек*, *кірпік*, *кеуде*, *бұлшық ет*, *көк бауыр* деген сөздер мен сөз тіркестері ауызекі қолданыстық, яғни сөйлеу тілінде белсенді қолданылатын халықтық атауларға жатады әрі соңғы екеуі тіркес тұлғалы атаулар.

2-кесте. Арнайы қолданыстық халықтық атаулар арқылы жасалған терминдер

Аорта	<i>Қолқа</i>
Артерии диафрагмальные нижние	Төменгі <i>көкет</i> артериялары
Артерия брыжеечная верхняя	Жоғарғы <i>шажырқай</i> артериясы
Артерия желудочно-сальниковая правая	Оң асқазан- <i>шарбы</i> артериясы

1	2
Артерия панкреатическая большая	<i>Ұйқы безінің</i> үлкен артериясы
Вены мошоночные задние/губные	Артқы <i>ұмалық</i> (ернеулік) веналар
Ветвь шпорная	Топшылық тармақ
Сеть лодыжковая латеральная	Латералді толарсақ торы
Тельце копчиковое	<i>Құйымшақтық</i> денешік
Часть атлантовая	<i>Ауызомыртқалық</i> бөлігі
Артерии диафрагмальные верхние	Жоғарғы көкет артериялары
Ветви паховые	<i>Шап</i> тармақтары
Артерия гортанная верхняя	Жоғарғы <i>көмей</i> артериясы
Артерия глоточная восходящая	Жоғарлаған <i>жұтқыншақ</i> артериясы
Ветвь вертлужная	<i>Ұршықтық</i> тармақ
Часть перепончатая	<i>Жарғақты</i> бөлігі
т.б.	

2-кестеде келтірілген қолқа және басқа да тіркестік атаулар құрамындағы *көкет, шажырқай, шарбы, құйымшақ, ұйқы безі, ұма, толарсақ, топшы, ауызомыртқа, шап, көмей, жұтқыншақ, ұршық* сияқты т.б. сөздер мен сөз тіркестері арнайы қолданыстық халықтық атаулар болып табылады әрі мұндағы *көкет, ауызомыртқа* енді ғана біріккен, бірігіп жатқан күрделі сөзге, ал *ұйқы безі* сөз тіркесіне жатса, *құйымшақ, жұтқыншақ, топшы, ұршық* атауларын туынды сөзге жатқызуға болады және дене мүшесі ретіндегі *ұршық* атауы жіп иретін тұрмыс құралы атауын ауыстыру арқылы алынса керек.

Сондай-ақ ортаңғы *самай* венасы, *қабақ* веналары, *білезіктің* алақандық тармағы, *шүйде* артериясы, кіші *таңдай* артериялары, *бақайлардың* жалпы табандық артериялары, *тақым* артериясы, ішкі *жыныс* артериясы, жоғарғы *бөксе* артериясы тіркестік атаулары құрамындағы *самай, қабақ, білезік, шүйде, таңдай, бақай, тақым, жыныс, бөксе* сөздері аздап та болса, ауызекі қолданыста кездесіп тұратынымен, барлық жұртқа бірдей таныс емес, яғни аталған ауызекі қолданыс пен арнайы қолданыс арасында жатқан арақолданыстық сөздер тобын құрайды десек болады.

3-кестеде келтірілген тіркестік атаулар құрамындағы орысша *околоушной, спинномозговые, промежностная, икроножные, пищеводные, подколенные, пальцевые, кисти большого пальца, лучевая, предплюневая* түрінде сипаттай аталған, жаңадан жасалған атаулардың қазақша баламалары толық есімделген, сөйлеу тілінде бұрыннан бар *шықшыт, жұлын, шат, балтыр, өңеш, тақым, бақай, басбармақ, кәріжілік, тілерсек* сияқты атау сөздермен берілсе, 4-кестеде дәл осындай *тощекишечные, большеберцовая, указательный палец, плечевая кость, бедренная кость, малоберцовая кость* сияқты басқа да сипаттамалық атаулардың қазақша баламалары тағы да *аш ішек, асықты жілік, сұқ саусақ, тоқпан жілік, ортан жілік, кіші жіліншік* сияқты толық есімделген және дайын, қалыптасқан атаулық тіркестермен берілген.

3-кесте. Орысша сипаттамалық түсініктің қазақша атау арқылы берілуі

Вены железы <i>околоушной</i>	<i>Шықшыт</i> без веналар
Ветви <i>околоушной</i> железы	<i>Шықшыт</i> без тармақтары
Артерия <i>спинномозговая</i> задняя	Артқы <i>жұлын</i> артериясы
Вены <i>спинномозговые</i>	<i>Жұлын</i> веналары

1	2
Артерия <i>промежностная</i>	<i>Шат</i> артериясы
Артерии <i>икроножные</i>	<i>Балтыр</i> артериялары
Вены <i>пищеводные</i>	<i>Өңеш</i> веналары
Узлы лимфатические <i>подколенные</i>	<i>Тақымдық</i> лимфа түйіндері
Вена <i>подколенная</i>	<i>Тақым</i> венасы
Артерии <i>пальцевые подошвенные</i> собственные	<i>Бақайлардың</i> меншікті табандық артериялары
Артерии <i>пальцевые подошвенные</i> общие	<i>Бақайлардың</i> жалпы табандық артериялары
Артерия <i>кисти большого пальца</i>	<i>Басбармақ</i> артериясы
Артерия <i>лучевая</i>	<i>Кәріжілік</i> артериясы
Артерия <i>предплюневая</i> латеральная	<i>Тілерсектің</i> латералді артериясы
Артерии <i>предплюневые</i> медиальные	Медиалді <i>тілерсек</i> артериялары
Сплетение <i>лозовидное</i> (семенного канатика)	<i>Сабақты</i> өрім
Вены <i>преддверные</i>	<i>Кіреберіс</i> веналар
т.б.	

4-кесте. Орысша сипаттамалық түсініктің қазақша атаулық тіркеспен берілуі

Артерии <i>тощекишечные</i>	<i>Аш ішек</i> артериялары
Артерия <i>большеберцовая</i> передняя	Алдыңғы <i>асықты</i> жілік артериясы
Артерии питающие <i>плечевую кость</i>	<i>Тоқпан жілікті</i> қоректендіретін артериялары
Артерия, огибающая <i>плечевую кость</i> , передняя	<i>Тоқпан жіліктің</i> алдыңғы айналма артериясы
Артерия, огибающая <i>бедренную кость</i> , медиальная	<i>Ортан жіліктің</i> медиалді айналма артериясы
Вены, оркужающие <i>бедренную кость</i> , латеральные	<i>Ортан жіліктің</i> латералді айналма веналары
Артерия, огибающая <i>подвздошную кость</i> , глубокая	<i>Мықын сүйектің</i> терең айналма артериясы
Артерия <i>большеберцовая</i> задняя возвратная	<i>Асықты жіліктің</i> артқы қайырылма артериясы
Артерия огибающая <i>малоберцовую кость</i>	<i>Кіші жілінішіктің</i> айналма артериясы
Узел лимфатический <i>малоберцовый</i>	<i>Кіші жілінішік</i> лимфа түйіні
т.б.	

Бұлардан басқа, аса атап айтар бір жайт – соңғы кездердегі терминдік ізденіс барысында адамның дене мүшесіне қатысты *қынап*, *шәует*, *қасаға* сияқты бірқатар жаңа атау сөздер табылып, олар, мысалы, *қынап* артериясы (артерия влагалищная), *шәует* шығаратын түтік артериясы (артерия семявыносящего

протока), *қасағалық* тармақ (ветвь лобковая) терминдік тіркестері құрамында *влагалища, семья, лобок* атауларының ұлттық, халықтық нұсқасы ретінде қолданылған. Тек, қазақ тілі сөздігіне енгізілмей қалғаны және *лобок* сөзінің *шат* деп қате берілгені болмаса, бұл атау сөздердің халықтың ауызекі сөйлеу тілінде, сөз зергерлері жадында бар екеніне әрі осы күнгі терминдік мағыналарында қолданылып келгеніне күмән болмаса керек.

Сонымен, атаулық балау тілде әуелден болған, көпшілік қолданысты, мазмұн-мағынасы ғылыми түсінікке толық сәйкес келетін әрі оған тәуелсіз өз бетінше пайда болған, толық есімделген, жай, туынды, күрделі сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын халықтық атаулар арқылы жасалады және ауызекі қолданыстық, арнайы қолданыстық түрлерге бөлінеді. Атаулық балау негізінде халықтық атаулар ғылым атауына айналады және бұл халықтың ғылымға тікелей бергені, қосқаны болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Большой иллюстрированный словарь иностранных слов, М., 2003, 957 с.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1–10-т., А., 1974–86-ж.
3. Русско-казахский словарь, М., 1954, 935 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада термин түзудің ұлттық төл ұғымдарға негізделген жаңа әдісі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье представлен новый способ терминообразования в казахском языке, связанный с использованием исконно национальных понятий.

ТЕРМИН ТҮЗУДЕГІ МАҒЫНАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАРМАЛЫҚ БАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Ақайұлы Ы. Ф. Ғ. д., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Ғабдуллина Г. Қ. - оқытушы (Қарағанды қ., ҚарММУ)

Балау тәсілінің екінші түріне балама ретінде ұғымы ұқсас сөздерді алу жайы жатады. Бұл кезде терминге немесе ғылыми түсінікке тілде бұрыннан бар, ұғымы ұқсас сөз телінеді, яғни түсініктің мазмұнына қарай, сол мазмұнды береді, бере алады-ау деген сөз таңдалады. Нағыз семантикалық жолмен, яғни ғылыми түсінік пен сөз мағыналарын ұқсастыра, екеуіне ортақ ұғымдық белгілер арқылы оларды бір-біріне тели жасалатын бұл тәсілді мағыналық балау деп атасақ болады. Өйткені, бұл кезде балау әрекеті түсінік пен сөз арасында жүреді. Сөз тікелей түсінікке, яғни түпнұсқаға баланады.

1-кестедегі тіркестік атаулар құрамындағы *борозда, проток, бифуркация, капсула, синус, блок, пазуха, ствол, перешейка, гломус, канал, коллатеральная, вортикозный, фиброзный* сияқты, т.б. атау сөздер *жұлге, түтік, айырық, қапшық, қойнау, шығыршық, қойнау, сабау, қылта, шумақ, өзек, жанама, сілемделген, талшықты* сияқты, бұрын мұндай мағынада қолданылмаған, олардың мәнін беруі мүмкіндігі бар қазақ тіліндегі атау сөздермен аталған. Енді ғана өзара баламаланып отырған бұл орысша-қазақша атау сөздер бір-біріне басыбайлы байланған тіларалық пара-парға жатпайды. Олардың басқа терминдік жүйеде

немесе басқаша мәтінмен (контекст) жағдайында басқа сөзбен берілу немесе басқа сөз балмасы ретінде қолданылу мүмкіндігі бар. Мысалы, мұндағы *синус*, *пазуха* сөздері осы жүйенің өзінде-ақ мағыналық сәйкестігі бойынша қазақша *қойнау* деген бір ғана сөзбен беріліп отыр. Ал борозда – қарық, жүйек; проток – ағын, блок – бөлік, кесік; бифуркация – бөліну, бұтақталу; ствол – өзек, сабақ, баған болып берілуі және керісінше, түтік – трубка, қаптың жұқа матадан жасалған түрінің атауы болып табылатын *қапшық* – қандай да жұқа қаптауыш атау ретінде қолданылуы мүмкін. Дегенмен, бір сөздің әр түрлі тілдік, терминдік жүйелерде толық бірдей емес түсініктердің атауы болу жайы кең тараған құбылыс. Терминдік жүйені түзудегі басты мақсат – сол сала түсініктерін мейлінше дұрыс ой елесін туғыза атап шығу болатындықтан, кей жағдайда «бір сөз – бір мағына», «әр сөзге – әр мағына» ережелері сақтала бермейді.

1-кесте Мағыналық балау арқылы жасалғандар

<i>Борозда венечная</i>	Тәжді <i>жұлге</i>
Артерия <i>коллатеральная</i> лучевая	Кәріжіліктің <i>жанама</i> артериясы
Артерия <i>семявыносящего протока</i>	Шәует шығаратын <i>түтік</i> артериясы
<i>Бифуркация</i> лёгочного ствола	Өкпе сабауының <i>айырығы</i>
Вены <i>вортикозные</i>	<i>Сілемделген</i> (вортикоздық) веналар
Ветви <i>капсулы</i> внутренней	Ішкі <i>қапшық</i> (капсула) тармағы
Ветви тройничного и <i>блокового</i> нервов	Үшкіл және <i>шығыршық</i> нервтер тармақтары
Ветвь <i>пещеристого синуса</i>	Үңгірлі <i>қойнау</i> тармағы
<i>Пазуха</i>	<i>Қойнау</i>
Перикард <i>фиброзный</i>	<i>Талшықты</i> жүрекқап
<i>Ствол</i>	<i>Сабау</i>
<i>Перешеек</i> аорты	Қолқа <i>қылтасы</i>
<i>Гломус</i> сонный	Ұйқы <i>шумағы</i> (гломусы)
Артерия <i>крыловидного канала</i>	Қанаттәрізді <i>өзек</i> артериясы
Артерия <i>ворсинчатая</i> передняя –	Алдыңғы <i>бүрлі</i> артерия

2-кестеде де мағыналық балау арқылы жасалған атаулар берілген. Тек мұнда ғылыми түсінік атауы ретінде алынған қазақша балама орысша нұсқасына қарағанда тым қарапайым сөз болып табылады. Мысалы, *висцеральная, дорсальная, кавальные, пилорические, париетальная, луночки, оболочка, овальная* сияқты соны тұлғалы әрі аса күрделі түсініктей көрінетін атаулар оларға мүлде керісінше *ішкі, сыртқы, артқы, қуыс, қақпа, қабырға, шұңқырша, қабық, сопақ* деген өте-мөте қарапайым, жай сөздермен аталған. Әрине, мұнда түсінік атауының әдемілігінен гөрі мағыналық сәйкестігі, мағынаның қарапайым табиғаты ескеріліп, сол негізге алынғандықтан, оны сол қарапайым мазмұнына сай жай сөзбен атау мүмкіндігі мен жайы орын алған. Орысша нұсқасында шеттілдік сөз арқылы аспандатыла, айрықшалана аталып, көрсетіліп тұрған түсініктің шын мәнінде қатардағы түсінік екені көрініп тұр.

2-кесте Мағыналық балау арқылы жасалған жай сөзді терминдер

Пластинка <i>висцеральная</i>	Ішкі табақша
Артерия носа <i>дорсальная</i> (наружная)	Мұрынның <i>сыртқы</i> артериясы
Артерия панкреатическая <i>дорсальная</i>	Ұйқы безінің <i>артқы</i> артериясы
Ветвь мозолистого тела <i>дорсальная</i>	Сүйелді дененің <i>артқы</i> тармағы
Узлы лимфатические <i>кавальные</i> латеральные	Қуыс венаның латералді лимфа түйіндері
Узлы лимфатические <i>пилорические</i>	Қақпалық лимфа түйіндері
Пластинка <i>париетальная</i>	Қабырғалық (париеталді) табақша
Луночки заслонок аорты	Қолқа жапқышының <i>шұңқыршалары</i>
Оболочка внутренняя	Ішкі қабық
Ямка <i>овальная</i>	Сопақ шұңқыр
Вены <i>эмиссарные</i>	Шығаратын веналар
Ветви зрительного <i>тракта</i>	Көру жолының тармақтары
Узел лимфатический <i>лакуны</i> медиальный	Тесіктің медиалді лимфа түйіні

3-кестеде алдыңғыға керісінше жағдай орын алған. Яғни мұнда орысша нұсқасында *поверхностная, соединительная, тройничный, губные, перегородка* сияқты т.б. жай, қосымшалы және синтаксистік тұлғалы сөздер *беткей, дәнекер, үшкіл, ернеулік, қалқа* сияқты күрделірек әрі соны тұлғалы атау сөздермен атауландыра аталған. Орысша нұсқасындағы тұлғасы бойынша алынса, олар *беттік* немесе *беткі, байланыстырушы* немесе *қосушы, жалғастырушы, үштік* немесе *үшіншілік* сынды тұлғалардың бірінде болар еді. Тағы мысал, *алдыңғы ернеулік тармақтар* деген атауда *ернеу* сөзі *ерін* сөзінен шығып тұр, ал *ерін губаның* тіларалық эквиваленті. Дәл осылай *поверхностный* сөзінің *беткі* деген тіларалық эквиваленті, дәл аудармасы немесе синтаксистік тұлғасы алынбай, *беткей* деген бұған дейін жасалған, тілде бар атаулық тұлға алынған. Яғни бұларда орыс сөзінің дәл эквиваленті алына салмай, *ернеу, беткей* деген басқа, бейтаныстау тұлғалар пайдаланылып тұр.

3-кесте Мағыналық балау арқылы жасалған атау сөзді терминдер

Артерия плечевая <i>поверхностная</i>	<i>Беткей</i> иық артериясы
Артерия шейная <i>поверхностная</i>	<i>Беткей</i> мойын артериясы
Вена <i>поверхностная</i>	<i>Беткей</i> вена
Артерия <i>соединительная</i> передняя	Алдыңғы <i>дәнекер</i> артерия
Ветвь <i>тройничного</i> узла	<i>Үшкіл</i> түйінінің тармағы
Ветви <i>губные</i> передние	Алдыңғы <i>ернеулік</i> тармақтар
Серп <i>перегородки</i>	Қалқа орағы

Мағыналық балау тәсілінің атаулық балау тәсілімен бірлігі – бұл кезде де ұлттың өз қазанынан шыққан, басқа тілде тіларалық дәл баламасы, яғни пара-пары (эквиваленті) жоқ, ұлттық атау алынады. Бұл да қазақ тілі сөздерінің арнайы, терминдік мәнде жұмсалуды болып табылады.

Ал одан айырмасы – бұл сөздер бұрын дәл осы мағынада, атау ретінде қолданылмаған. Бірақ, ұғымдық белгілері бойынша осы салалық түсінік атауы бола алатын сөздерге жаңа мағына (анықтама) үстеп пайдалану жайын білдіреді. Мысалы, “мұрын”, “қол”, “бас” атаулары сол мағынасында бұрыннан қолданылып келсе, “айдаршық”, “дәнекер”, “жарма” сөздерінің дәл осындай мәні де, анықтамасы да болмаған, яғни атаулық балауда әуелгі, тілдік және терминдік мағына өзара сәйкес келеді де, мағыналық балауда бұлар енді ғана сәйкестендіріліп, ол сөздердің осы терминдік мағынаны білдіретін ұғымдық белгілері пайдаланылады. Мағыналық балау тәсілінде қазақ тілі сөзінің ұғымдық белгілері мен түсіндірмесі тікелей ғылыми түсінік мазмұнымен салыстырыла отырып, алғаш рет сөз бен түсінік өзара сәйкестендіріледі, бір-біріне телінеді. Әрі бұл іс өзге тілдің де, ондағы термин түзу жұмыстарының да қатысынсыз орындалып, жүзеге асады. Сондай-ақ бұл кезде сөздердің ауыспалы мағынасын қолдану, ауыспалы мағына жасау және сөз мағынасын нақтылау арқылы оған терминдік мағына беру жұмыстары жүргізіледі. Ал алдыңғы атаулық балау тәсілінде мұндай салыстыру, ұғымдық (семалық), мазмұндық талдау жұмыстарының бірі де жүргізілмейді. Бір сөзге екінші сөз баспа-бас теңеле береді. Осы себепті мағыналық балауды нағыз семантикалық тәсіл дейміз.

Сонымен, мағыналық балау ұлттық тілдегі жай және атау сөздер мен ғылыми түсінікті мазмұндық, ұғымдық бірлігі, ұқсастығы бойынша бір-біріне телу арқылы жасалады және сөз бен түсінікті өзара салыстыру, салғастыру мен екіншілік атаудың нағыз үлгісі болып табылады.

Аудармалық балау. Балау тәсілінің үшінші түріне кәдімгі тіларалық аударма, яғни балама ретінде сол сөздің екінші тілдегі сыңарын немесе пара-парын (эквивалентін) алуды айтамыз. Бұл кезде ғылыми түсінік атауы ретінде ұсынылып отырған ұлттық сөз бастапқы тілдегі термин сөздің өз тіліміздегі пара-пары (эквиваленті) немесе оның синонимі, яғни аудармалық нұсқаларының бірі болып табылады және сөз немесе сөз тіркесі түрінде болады. Яғни қазақша балама ғылыми түсінік мазмұнына емес, оның басқа тілдегі атауына балаанады, дәлірек айтсақ, сол атаудың тіларалық пара-пары болады. Балау әрекеті түсінік пен сөз арасында емес, екі сөз арасында, сөзаралық деңгейде жүреді. Сөз сөзге, яғни түсініктің көшірмесіне, өкіліне балаанады. Іс жүзінде өзге тіл сөзінің өз тіліміздегі нұсқасын (аудармасын) пайдалану болып табылады. Дегенмен, өзге тіл көмегімен жасалатынымен, тілдің өз сөзі болып қалады. Олай болса, аудармалық балау деп тілде әуелден болған, ұғымы бір және осы термин сөзді сөзбе-сөз бере алатын, бірақ атаулық сипаты болмаған, осы түсінік атауы ретінде қолданылмаған сөздерді пайдалану жолын айтамыз. Мұның да ауызекі қолданыстық түрі жай сөз арқылы беріледі. Мысалы, 4-кестеде келтірілген тіркестік атаулар құрамындағы *артқы, кіші, сыртқы, қысқа, алдыңғы, ортаңғы, терең, сол, оң, аралық, көлденең, жоғарғы, төменгі, сұр, қызыл, соңғы* сияқты сын есім, анықтауыш сипатты атау сөздер де, *шайнау, көпір, бұрыш, үлес, қақпа, шекара, ұлу, буын, белдеу, тәмешік, дабыл, көру* сияқты зат есім тұлғалы атау сөздер де – орыс тіліндегі *задний, малый, наружный, короткий, передний, средний, глубокий, левый, правый, промежуточный, поперечный, нижний, верхний, серый, красный, конечный, жевательный, мост, угол, доля, ворота, граница, камень, улитка, сустав, пояс бугорок, барабан, зрение* сияқты ауызекі сөйлеу тілінде өте жиі қолданылатын

бірегей тілдік бірліктердің басқаша айтуға болмайтын қазақшалары, орысша-қазақша үлгісіндегі жұптастықтар.

4-кесте. Тілралық пара-парлар арқылы жасалған жай сөзді атаулар

Артерии мозговые задние	Мидың <i>артқы</i> артериялары
Артерии небные малые	<i>Кіші</i> таңдай артериялары
Артерии половые наружные	<i>Сыртқы</i> жыныс артериялары
Артерии ресничные задние <i>короткие</i>	<i>Қысқа</i> артқы кірпіктік артериялары
Артерии ресничные передние	<i>Алдыңғы</i> кірпіктік артериялар
Артерии среднемозговые	<i>Ортаңғы</i> ми артериялары
Артерия бедра глубокая	Санның <i>терең</i> артериясы
Артерия венечная левая	<i>Сол</i> тәждік артерия
Артерия венечная правая	<i>Оң</i> тәждік артерия
Артерия височная промежуточная	<i>Аралық</i> самай артериясы
Артерия лица поперечная	Беттің <i>көлденең</i> артериясы
Артерия мочепузырная нижняя	<i>Төменгі</i> несепқуық артериясы
Вены ягодичные верхние	<i>Жоғарғы</i> бөксе веналары
Ветви серого бугра	<i>Сұр</i> төмпе тармағы
Ветви ядра красного	<i>Қызыл</i> ядро тармақтары
<i>Часть конечная</i> (корковая) ақырғы, соңғы, шеткі	<i>Соңғы бөлігі</i> (қыртыс)
Артерия жевательная	<i>Шайнау</i> артериясы
Артерии моста	<i>Көпір</i> артериялары
Артерия угловая	<i>Бұрыштық</i> артерия
Артерия хвостатой доли	<i>Құйрықтық үлес</i> артериясы
Вена воротная	<i>Қақпа</i> венасы
Борозда пограничная	<i>Шекаралық</i> жұлге
Вена каменистая	<i>Тасты</i> вена
Вена канальца улитки	<i>Ұлу</i> өзекшесінің венасы
Вены суставные	<i>Буындық</i> веналар
Ветвь поясная	<i>Белдеу</i> тармақ
<i>Бугорок</i> межвенозный	Венааралық <i>төмпешік</i>
Артерия барабанная верхняя	<i>Жоғарғы дабыл</i> артериясы
Ветви зрительного тракта	<i>Көру</i> жолының тармақтары
<i>Ветвь перекреста</i>	<i>Қиылыс</i> тармағы

5-кестеде келтірілген тіркестік атаулар құрамындағы *край, труба, вырезка, впадина, ветвь, заслонка, скат, добавочная, круглый, верхушечная, питающий, поляя, возвратная, огибающая* сияқты сөздермен берілген терминдік түсініктер бұл сөздердің *шет, құбыр, кесінді, ойыс, бұтақ, құлама, үстеме, дөңгелек, төбесі, тамақтандыратын, бос, қоршаушы* деген қазақша баламаларының *жсиек, түтік, тілік, ойық, тармақ, жапқыш, ылди, қосымша, жұмыр, ұштық, қоректендіретін, қуыс, айналма* деген синонимдік нұсқалары арқылы аударыла беріліп тұр. Бұларды аудармалық балауға жатқызу себеміз – қазақша балама

ғылыми түсінік мазмұны мен қандай да қазақ сөзі мағыналарын салыстыру арқылы емес, тікелей орысша нұсқаның көмегімен табылып, оның қазақша баламасының бір түрі пайдаланылып тұр.

5-кесте. Тілралық пара-парлардың синонимдері арқылы жасалған атаулар

<i>Край</i>	<i>Жиек</i>
Вены слуховой <i>трубы</i>	Есту <i>түтігінің</i> веналары
<i>Вырезка</i> верхушки сердца	Жүрек ұшының <i>тілігі</i>
Ветвь вертлужной <i>впадины</i>	Ұршық <i>ойық</i> тармағы
<i>Ветви</i> грудинные	Төстік <i>тармақтар</i>
<i>Заслонка</i> венозного синуса	Тәжді қойнау <i>жапқышы</i>
Ветвь <i>ската</i>	<i>Ылди</i> тармағы
Артерия запирающая <i>добавочная</i>	<i>Қосымша</i> жапқыш артериясы
Артерия <i>круглой</i> связки матки	Жатырдың <i>жұмыр</i> байламы артериясы
Ветвь <i>верхушечная</i>	<i>Ұштық</i> тармақ
Артерии <i>питающие</i> плечевую кость	Токпан жілікті <i>қоректендіретін</i> артериялары
Вена <i>полая</i> верхняя	Жоғарғы <i>қуыс</i> вена
Артерия, <i>оггибающая</i> плечевую кость, передняя	Токпан жіліктің алдыңғы <i>айналма</i> артериясы
Сеть <i>чудесная</i>	<i>Ғажап</i> (керемет) тор

6-кестеде келтірілген тіркестік атаулар құрамындағы *связка, венка, завиток, узел, миндалина, стремя, дуга, гребенчатые, сеть, сосок, створка, мыс, полость, складка, луковичка, ободочная, корковые, коленчатый, клапан, база* сияқты арнайы қолданыстық атау сөздермен аталған түсініктердің қазақша баламалары *байлам, тәж, шиыршық, бадамша, түйін, үзеңгі, доға, қырлы, тор, емізік, жарма, мүйіс, қатпар, буылтық, жиек, қыртыс, иін, қуыс, қақпақ* сияқты дәл солардай арнайы қолданыстық сипатты сөздермен берілген. Әрі бұл орысша-қазақша нұсқалар өзара тілралық пара-парлық та сипатта, яғни бір-бірінің аудармасы дерлік. Алдыңғы, 4-кестеде келтірілген тілралық пара-парлармен бірлігі – бұлар да орысша нұсқасы негізінде, соның қазақшасы, аудармасы түрінде пайда болған. Ал айырмасы – бұлар біршама арнайы қолданыстық және зат есімдік атау сөздерге жатады. Тек *түйін, үзеңгі, доға, тор, сүйел, қуыс, қақпақ* сөздері ауызекі тілде де жиірек қолданылып тұрады.

6-кесте. Арнайы қолданыстық тілралалық пара-парлар арқылы жасалған атаулар

<i>Связка</i> артериальная	Артериялық <i>байлам</i>
Борода <i>венечная</i>	<i>Тәжді</i> жүлге
Ветви <i>завитковые</i>	<i>Шиыршық</i> тармақтар
Ветви тела <i>минадалевидного</i>	<i>Бадамша</i> тәрізді денетармақтары
Ветви предсердно-желудочкового <i>узла</i>	Жүрекше-қарынша <i>түйінінің</i> тармақтары
Ветвь <i>стремная</i>	<i>Үзеңгілік</i> тармақ

<i>Дуга</i> грудного протока	Кеуде түтігінің <i>доғасы</i>
Мышцы <i>гребенчатые</i>	<i>Қырлы</i> бұлшықеттер
<i>Сеть</i> артериальная	Артериялық <i>тор</i>
Сплетение <i>околососковое</i> венозное	<i>Емізік</i> жанындағы веналық өрім
<i>Створка</i> задняя	Артқы <i>жарма</i>
Узлы лимфатические <i>мыса</i>	<i>Мүйістік</i> лимфа түйіндері
<i>Складка</i> левой полой вены	Сол қуыс веналық <i>қатпары</i>
Артерия <i>луковицы</i> полового члена	Еркек жыныс мүшесі <i>буылтығының</i> артериясы
Ветви <i>корковые</i>	<i>Қыртыстық</i> тармақтар
Ветви тела <i>коленчатого</i> латерального	Латералді <i>иінді</i> дене тармақтар
Артерия <i>ободочная</i> левая	Сол <i>жиіктік</i> артерия
<i>Полость</i> перикардиальная	Жүрекқап <i>қуысы</i>
<i>Клапан</i> венозный	Веналық <i>қақпақ</i>
Артерия <i>базиллярная</i>	<i>Негіздік</i> артерия

Тіларалық пара-парға тілдегі жай, көбінесе сын есім, анықтауыш сөздер ғана емес, барлық зат есімдік атау сөздер де, соның ішінде біз ұлттық, халықтық тән атаулары деп, бөлектеп отырған *көз, құлақ, мұрын, ерін, қол, аяқ* сияқты, ауызекі қолданыстық дене мүшелерінің аттары да жатады. Алайда, олар әуелден сол, терминдік мәнде, анықтамада болғандығы себепті, атаулық балама тобына кіргізіліп отыр. Атаулық балама мен аудармалық баламаның тағы бір айырмасы – алдыңғысы ұлттық ерекшелікті, көзқарасты білдірсе, соңғысынан ондай сипатты көре алмаймыз. Мысалы, *земля-жер, вода-су* – қандай да ұлттық ерекшелік көрінбейтін тіларалық пара-пар сөздер. Ал *ұйқы без, ұлтабар, аш ішек, тоқ ішек* сияқтылар – қазақ халқының өзі жасаған, мұндағы күрделі сөз немесе тіркес құрылымын жасауда да, оларды құраушы сөздерді таңдауда да оның өзіндік «қолтаңбасы» көрінетін атаулар. Екіншіден, *өкпе, бауыр, жүрек* сөздерінің басқа да мағыналары бар әрі олардың қайсысының біріншілік, қайсысының екіншілік екенін анықтай қою қиын. Мысалы, *бауыр* сөзі әуелі ішкі ағза атауы болғанын немесе бір әке-шешеден туған туыс атауы болғанын, дәл сол сияқты, *өкпе* сөзінің де әуелі ағза әлде адам арасындағы реніш, наз атауы болғанын анық білмейміз. Осы екі жай да бұл сөздерді таза ұлттық ерекшелікті білдіретін атаулар тобына кіргізеді.

Мағыналық балау тәсілімен бірлігі – ғылыми түсінік атауы ретінде алынатын тіларалық пара-пар сөз де бұрын дәл осындай мағынада қолданылмаған, енді ғана терминдік мәнге ие болып отырған сөз болып табылады. Ал айырмасы – мағыналық балау тәсілінде ғылыми түсінік пен оған атау ретінде алынатын сөздің ұғымдық бірліктері салыстырылып, олардың өзара сәйкестігі немесе ұқсастығы жақындығы негізінде ғана бір-біріне телінетін болса, аудармалық балау жағдайында бұл әрекет бұған дейін басқа, яғни орыс тілінде жасалып қойған болады. Бар терминдік, термин түзулік жұмыс сол сөздің сәйкес қазақша баламасын табуда ғана болады. Екіншіден, аудармалық балау тіларалық пара-пар арқылы, мағыналық балау – пара-пар емес, басқа сөздер арқылы жасалады.

Сонымен, аудармалық балау ғылыми түсінік атауы болып тұрған басқа тіл сөзінің ұлттық тілдегі пара-пары болатын жай сөздер, олардың синонимдері,

сондай-ақ арнайы қолданыстық атау сөздер және бір тіл сөзін екінші тілге сөзбе-сөз аудару арқылы жасалады.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада семантикалық сөзжасам тәсілінің бір түрлік ерекшелігі болып табылатын жаңа терминжасам тәсілдері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены новые способы терминообразования, являющегося разновидностью семантического способа словообразования.

СЕМАНТИЧЕСКИЕ РАЗНОВИДНОСТИ ОБСТОЯТЕЛЬСТВ МЕСТА

Эргашева М.Е.- ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Известно, что, несмотря на длительную историю критики и попыток пересмотра учения о членах предложения, и школьная, и вузовская практика не имеют в наше время более адекватной и практически удобной теории членения высказывания.

Между тем многое здесь продолжает еще оставаться неясным и спорным. Так, весьма неоднозначно толкуется разными авторами обстоятельство места, хотя этот член предложения (как и обстоятельство времени) всегда был «в системе обстоятельств предметом особого внимания науки». (*Никитин В.М. Разряды обстоятельств в соврем. русск. яз., Рязань, 1973, с. 20.*)

Например, в одном из вузовских курсов современного русского языка обстоятельства места характеризуются как обстоятельства, которые «отвечают на вопросы *где? куда? откуда?* и обозначают: 1) собственно место, 2) путь движения, 3) направление движения, 4) конечный пункт, 5) исходный пункт» (*Попов Р.Н., Валькова Д.П., Маловицкий Л. Я., Федоров А.К. Соврем. русск. яз., М., Просвещение, 1978, с.332.*)

В другом же пособии характеристика этого члена предложения оказывается несколько иной: «Обстоятельства места обозначают место действие, направление и путь движения (*где? куда? откуда?*)» (*Бабайцева В.В. Русск. яз. Синтаксис и пунктуация. М., Просвещение, 1979, с. 103.*)

Здесь возникает целый ряд вопросов. Неясно, например, на каком основании выделяется пять (в первом случае) и три (во втором случае) разновидностей обстоятельств места. Если по вопросам (*Правомерность использования вопросов в подобных случаях не вызывает сомнений. Ср.: Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание. М., Просвещение, 1979, с. 184, 187-189*), то, как при этом разграничить обстоятельства обозначающие, скажем, направление движения и конечный пункт? Примеры, приведенные в первом пособии появляются, где это разграничение делается (*В дальний край вела меня дорога и Мы возвращались домой*), никак этого не разъясняют.

Выделение обстоятельства пути движения в первом пособии поясняется примером *Я иду лесной тропинкой*, а во втором (судя по логике изложения) – фразой *Однажды в студеную зимнюю пору я из лесу вышел*. Здесь оказались

сведенными вместе формы с неодинаковой синтаксической семантикой (Ср.: возможность вопроса *откуда?* к форме *из лесу* и невозможность его форме *тропинкой*). Обращение к соответствующей учебной и научной литературе, отечественной, показывает, что суждения лингвистов о семантических разновидностях обстоятельств места разноречивы. В особенности это относится к обстоятельствам пути. Так, некоторые авторы их не выделяют вовсе. (Руднев А.Г. *Синтаксис соврем. русск. яз.*, М. 1978, с. 115). Другие, говоря о них, смешивают их с обстоятельствами места действия (Блажнев Б.И. *Употребление конструкций направления и места в русск. яз.* М., Просвещение, 1975, с. 39). Третьи выделяют обстоятельства пути особо и противопоставляют их обстоятельствам места и направления (Бабайцева В.В., Скобликова Е.С. *Соврем. русск. яз. Синтаксис простого предложения.* М., Просвещения, 1979, с. 184-185). Этот, третий, подход в литературе последнего времени становится преобладающим (Именно он представлен в энциклопедии «Русский язык»).

Из всех отечественных источников только «Словарь-справочник лингвистических терминов» (Розенталь Д.Н., Теленкова М.А. *Словарь-справочник лингвистических терминов.* М., Просвещения, 1976, с. 231) и пособие Е.С. Скобликовой дают четкое представление о том, как распределяются по рубрикам «места», «направление» и «путь» речевые факты, квалифицируемые в качестве обстоятельств места.

Во второй из названных книг даны вопросы, которые помогут нам помочь в поисках обстоятельства места в собственном смысле *-где?*, обстоятельства направления движениям *-куда? откуда?*, обстоятельства пути движения – *где? как? каким путем?*.

Эта трактовка отличается полнотой, последовательностью, ясностью. Но, как думается, не лишена неточностей. Прежде всего, не совсем верно было бы считать, что специфика обстоятельств пути определяется возможностью постановки вопросов *где? как? каким путем?* В ряде случаев вопрос *где?* невозможен. Ср.: *И добрались сюда и по берегу ; ... в Симферополь можно улететь через Краснодар.* Однако вопрос *как?* – это вопрос не пространственной семантики, хотя он и может, по справедливому мнению Е.С.Скобликовой, использоваться для идентификации обстоятельств пути. Значит, в качестве основного вопроса к обстоятельствам пути следует выделить именно вопрос *каким путем?*

Далее, представляется логически не целесообразным выделять в одном ряду формы со значением места, направления и пути.

Что такое направление? Понятие направление лингвистами толкуется по-разному (Одни включают сюда лишь значение *куда?*, противопоставляя друг другу *направление, место, исходную точку и путь.* Другие, понимая направление более широко, относят в эту категорию и формы со значением *исходной точки (откуда?)* (Е.С. Скобликова). Третьи, напротив, толкуя направление более узко, считают, что, к примеру, *на север – это направление, а на дерево – уже не направление в собственном смысле* (см.: Станишева Д.С. *Винительный падеж в русском языкознании, 1966, с. 103*).

Для наиболее адекватной интерпретации направительной семантики необходимо обратиться к тому, что соответствующими языковыми формами отражается в реальной действительности. Направление в этом случае следует определить как «характер пространственного отношения между движущейся субстанцией (х) и другой субстанцией (у), относительно которой отмечается данные движения» (Гак В.Г. *Опыт применения сопоставительного анализа.* – ВЯ, 1966, №2).

При таком понимании направления (*Предложенное здесь четкое определение направления помогает осознать неправомочность выделения в качестве особой разновидности обстоятельств с так называемой «общей направленностью»* (Левянт И.С. *О соотносительных признаках словосочетаний с пространственным значением.* Ф.Н., 1976, №2, с. 27; ср. также разграничение «только направления» и «направления с указанием исходного и конечного пунктов движения» в кн.: Гвоздев А.Н. *Соврем. русск. литер. яз., Синтаксис.* М., 1973, ч. 2, с. 125) не только значения исходной и конечной точек, но и значение пути необходимо трактовать как направляющее. Так, в предложении *Вдоль берега двигались машины* отражено отношение между движущей субстанцией (*машины*) и другой, выступающей в качестве ориентира движения (*берег*). Это отношение и есть в данном случае направление, а именно путь движения.

Исходя из сказанного, все обстоятельства с пространственной семантикой (обстоятельства места в широком смысле) правомерно разделить по признаку статичности – динамичности отражаемых ими отношений реальной действительности на обстоятельства места (в собственном смысле) (*где?*) и обстоятельства направления (с тремя разновидностями: исходной точки *откуда?*, *каким путем?* и конечной точки *куда?*).

Данная классификация устраняет отмеченные выше неясности. При этом они не являются чем-то надуманным, не несоответствующим языковой реальности. Напротив, и семантика (*Ученые языковеды, определяя значение слова направление, отмечают такой признак, как «линия движения чего-либо», что же касается переносного значения, то оно здесь отождествляется со значением пути*), и сочетаемость форм со значением *откуда?*, *каким путем?*, *куда?* свидетельствуют о том, что все они вместе как нечто однотипное направление противопоставляются формам со значением *где?* (*место*). Ср. примеры типа *«Ходит из деревни лесом (через лес, по лесу) в город»* и *«Ходит из деревни в лесу (у леса?), в город»*. Первые вполне естественны (хотя и могут показаться настолько непривычными, из-за того, что в речевой практике редко оказывается необходимым давать столь полную (по всем трем параметрам) характеристику направления движения), вторые же, разумеется, неверны.

Это сопоставление говорит не только о том, что формы со значением пути, естественно вписываясь между остальными формами направляющей семантики, оказываются близкими к ним синтагматически. Сопоставление убеждает и в том, что формы пути нельзя отождествлять с формами места. (Блажев Б.Н. *Употребление конструкций направления и места в русск. яз.* М., 1975, с. 39). Другое дело, что в ряде случаев границы между формами со значениями места и пути становления нечеткими (*Встречаются случаи, когда зыбкой становится граница между значениями каким путем? и куда? При чем путевое значение одной и той же формы в одном контексте сближается со значением куда?, в другом – со значением где?* (Г.А. Холотова *«Очерк функционального синтаксиса русск. яз.»*, М., «Наука», 1973, с. 70), о чем уже говорилось.

Авторы, разграничивающие формы направления и пути (Е.С. Скобликова), делают это, в стремлении учесть специфику их семантики (в частности, близость к обстоятельствам места, что, как уже отмечалось, наблюдается не всегда), а также недостаточную морфологическую противопоставленность форм пути остальным формам пространственного значения (в отличие от форм со значением *где?*, *куда?*, *откуда?*, морфологическая соотнесенность которых друг с другом чрезвычайно наглядна) (Скобликова Е.С. *Пособие по русск. яз. «Просвещение»* 1973, М., с. 184-185; Попова Д.З. *Употребление надежных и предложно-*

надежных форм в соврем. русск. литер. яз. М., «Просвещение» 1971, с. 30). Однако, для синтаксиса последнее, как известно, не является обязательным.

В заключение отметим, что предложенная классификация не является в лингвистике новой. (*Крыжижкова Е. Адвербиальная детерминация со значением места и направления. – ВЯ, 1977, №2, с. 42).*

Хочется сказать и о самом термине «обстоятельства места». Его, хотя он освещен традицией, следовало бы заметить. Обстоятельства эти выражают *пространственные отношения*. Поэтому логично именовать их *обстоятельствами пространства*. Тогда удобно было бы обстоятельства со значением *где?* называть (без оговорок о широком или узком значении слова *место*) обстоятельствами места, а остальные – обстоятельствами направления. Обстоятельства пространства оказались бы при этом терминологически противопоставленными обстоятельствам времени. И если учесть наличие аналогичного противопоставления категорий в языке, то станет ясно, что предлагаемое определение обстоятельства пространства будет больше соответствовать общенаучной терминологии нашего времени.

ЛИТЕРАТУРА

1. Никитин В.М. Разряды обстоятельств в соврем. русск. яз., Рязань, 1973.
2. Попов Р.Н., Валькова Д.П., Маловицкий Л.Я., Федоров А.К. Соврем. русск. яз. ., М., Просвещение, 1978.
3. Бабайцева В.В. Русск. яз. Синтаксис и пунктуация. М., Просвещение, 1979.
4. Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание. М., Просвещение, 1979.
5. Руднев А.Г. Синтаксис соврем. русск. яз., М., 1978.
6. Блажев Б.И. Употребление конструкций направления и места в русск. яз. М., Просвещение, 1975.
7. Розенталь Д.Н., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. М, Просвещение, 1976.
8. Левянт И.С. О соотносительных признаках словосочетаний с пространственным значением. Ф.Н., 1976.
9. Русский язык. Теория. Бабайцева В.В., Чеснокова Л.Д. Дрофа, М., 2000.
10. Пособие для занятия по русскому языку. Греков В.Ф., Крючков С.Е., Чешко Л.А. Просвещение, М., 1975.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мекен пысықтауыштың мағыналық түрлері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются семантические разновидности обстоятельства места.

ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ СИНТАКСИЧЕСКОЙ СТИЛИСТИКИ И ЕЁ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ

Искакова А.Г.- ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Стилистика является разделом языкознания, посвященным изучению выразительных средств языка, занимая тем самым особое место среди других дисциплин языкознания. В отличие от других дисциплин, анализирующих наличный состав единиц и категорий конкретного языка, систему их взаимосвязей и соотношений, то есть изучающих «что есть» в языке, стилистика отвечает на вопрос «как?»: как используются единицы и категории данного языка для выражения мысли. Стилистика исследует проблематику «языкового употребления», что является важным при изучении языка. В этом заключается ее *смысл* и *сущность* как самостоятельной науки среди других отраслей лингвистики. В связи с тем, что предмет стилистики сложен и неоднороден, выделяют следующие *разделы стилистики* как самостоятельной научной дисциплины. Общепринятые разделы включают в себя: *лексическую стилистику; фразеологическую стилистику; функциональную стилистику; синтаксическую стилистику; фонетическую стилистику*. Каждый из названных разделов имеет свои специальные задачи, свои особые понятия и категории. Также различают историческую стилистику и сопоставительную. *Историческая стилистика* изучает развитие стилей в исторической перспективе, на протяжении определенного исторического отрезка. *Сопоставительная стилистика* соотносит стили разных языков. Рассматривая разделы стилистики, определим каждый из них. Так, *лексическая стилистика* изучает использование лексических средств языка в контекстах и конкретных речевых ситуациях. Ведущая роль слова в системе языковых средств определяет его место в стилистике языка. В свою очередь *функциональная стилистика* изучает функциональные разновидности, или варианты (в том числе и стили), литературного языка. Особое место занимает *фразеологическая стилистика*, которая изучает вопросы создания образной речи. Главное внимание уделяется стилистическим свойствам и выразительным возможностям фразеологизмов, сложных по составу языковых единиц, имеющих устойчивый характер (например, «ломать голову», «сгущать краски», «кот наплакал» и т.п.). *Фонетическая стилистика (фоника)* изучает звуковую сторону организации речи, то есть отбор и употребление языковых средств фонетического уровня с определенным стилистическим заданием. Для стилистической оценки текстов, рассчитанных на воспроизведение вслух, фоника имеет первостепенное значение, поскольку данные тексты основаны на противопоставлении высоты тона, длительности произнесения, громкости, рифмы, акцента, темпа речи, ритма, расстановки смысловых и эмфатических ударений и т.д.. Как видим, все разделы стилистики определяются лингвистическими задачами, но при построении предложений особую роль выполняет синтаксическая стилистика, обладающая синтаксическими средствами экспрессивной речи. Синтаксические средства создания экспрессии разнообразны. К ним относят стилистические фигуры, представляющие собой сильные средства эмфатической интонации. *Эмфаза* (от греч. *эмфазис* – указание, выразительность) - это эмоциональное, взволнованное построение ораторской и лирической речи. Различные приемы, создающие эмфатическую интонацию, свойственны преимущественно поэзии и реже используются в прозе, причем они рассчитаны не на зрительное, а на слуховое восприятие текста, позволяющее оценить повышение и понижение голоса, темп

речи, паузы, то есть все оттенки звучащей фразы. Знаки препинания способны лишь условно передать эти особенности экспрессивного синтаксиса. Понятие экспрессивности определяется эмотивными словами, т.е. словами способными выражать чувства, эмоции, мысли.

... Как говорили наши предки еще в ту пору, когда за неимением цифровой мобильной связи пользовались обычным аналоговым «узун-кулаком»: если звенит в ухе – не отвечайте! /Время. 04.11.2004 г., с. 5/.

Для создания комического эффекта используются фразеологические единицы с изменением их структуры. К примеру, заголовок «Беды ШАРУАшкиной конторы» (ср.: ФЕ шарашикина контора).

Это ведь до чего докатились шаруа-крестьяне из западноказахстанской глубинки на втором году трехлетия аула! /Экспресс К. 28.04.2004 г., с.2/.

Комизм юмористического рассказа, вызванный в большинстве своем экстралингвистическими факторами (комичность сюжета и описываемой ситуации), подкрепляется лингвистическими средствами – включением в текст лексики казахского языка, что придает повествованию некоторый национальный колорит, местную языковую окраску и тем самым усиливает его комическую экспрессию /4, с. 58/.

Одним из способов эмоциональной аргументации в комическом тексте выступает каламбур. Газетные тексты характеризуются активным использованием коммуникативных функций каламбура. Это связано с необходимостью управлять читательским вниманием при чтении газет – фиксировать его на определенном материале номера, направлять в процессе чтения самого материала. Ср.:

Взять, например, такое явление, как сал (не путать с салом): уважаемый и беспечный джигит. Салы считались талантливymi и симпатичными, потому что были странствующими авторами-исполнителями.

Наевшись, салы выходили на свежий воздух, чтобы пощипать за бочок хорошеньких аульных моделей....

А потом англичанки, поняв, что с замужеством вышел полный облом, уезжали к себе на родину с прощальными возгласами «Ой бай!» (позже оно трансформируется в бай-бай, то есть прощай надежда о богатом женихе), всхлипывая и шмыгая длинным британским носом...

А бедные баи настолько смирились со своей спонсорской участью, что поборы салов воспринимали как налоги и другие обязательные платежи, и поэтому налоги так и прозвали в Степи – салык. И вправду – чем не салы современные салыкмены? Ходят в красивых одеждах, гостят в юртах-офисах современных средних и малых баев и любят с друзьями распевать противным голосом стремные песни под караоке. Причем исключительно за счет бая.

Наивные, но азартные баи иногда целыми днями простаивали около Малик-ака (игру в честь великого мастера прозвали «шарик-малик»), спуская за час целые табуны лошадей и копыта серебра. Так эта игра пошла в народ... /Экспресс К. 28.11.2003 г., с. 24/.

Интересным является обыгрывание казахизмов, выступающих в роли имен собственных.

...Вовремя на полках наших книжных магазинов появилось новое «Пособие по математике для поступающих в вузы» (А., «Бельмес», 2005, 10.000.000 экз.), разработчик Б. Пиязов. Д-р пед. наук Жалюзиев-Перделер. /Экспресс К. 19.04.2005 г., с.8/.

...Читаем, например, в дневниках Чокана Валиханова «Стеллагуль Чарльз-кызы целыми днями занималась кон курум. Кон – искажен. конь, кур – только: только и знала что скакать на коне». Так в Англии появился конкур... /Экспресс К. 28.11.2003 г., с. 24/.

Эмоционально-оценочное отношение автора к описываемому служит основанием для формирования такого отношения у читателя текста с комической направленностью. Последний представляет собой синтез функционально-мотивированных средств, способных в силу своей практической приложимости стимулировать мыслительную и эмоциональную активность читателя.

В нашем понимании, для того чтобы текст с комической направленностью «на выходе», выражая авторские интенции, способствовал созданию соответствующего его восприятия «на входе» (т. е. читателем), одного текста недостаточно. Немаловажным фактором выступает пресуппозиция, охватывающая все то, что находится за пределами текста, что должно присутствовать в сознании читателя, способствовать созданию комической картины мира с тем, чтобы осуществить восприятие текста, адекватное авторскому. В широко понимаемой пресуппозиции применительно к текстам с комической направленностью актуализируются: наличие общих фоновых знаний адресата и адресанта, знание языка, национальная и социальная принадлежность, личностные характеристики адресата, стереотипы (мышления, поведения, ценностные установки и т. д.), сложившиеся в данном обществе /4, с. 36/.

Экстралингвистические особенности текстов с комической направленностью заключаются в специфике доминирующей коммуникативной интенции (информировании в комическом ракурсе), в адресанте (авторе материала или периодического издания), в адресате (читательской аудитории).

В процессе формирования комической картины мира в масс-медиа важную роль играют основные качества текстов с комической направленностью: эмоциональность, сочетание экспрессивного и комического начал, мотивированная функционально-стилевая переориентация средств языка на всех его уровнях. Важнейшая стилевая черта текстов с комической направленностью заключается также в присутствии авторской субъективной оценки описываемого явления. В связи с этим необходимо добавить, что данные тексты сочетают социальное и индивидуально-авторское, так как журналист, отражая жизнь социума, оценивая событие, факт или явление, создает социальную комическую картину мира сквозь призму индивидуальной. Комический эффект достигается за

счет способности использовать систему языковых средств с целью отображения в комическом тексте эмоциональной авторской комической картины мира.

Таким образом, русскоязычная пресса Казахстана является компонентом культуры, несущим национально-специфическую окраску через национальные картины мира, отражающие специфику восприятия окружающего мира, национальные особенности мышления носителей русской и казахской культур.

Комическая картина мира представляет собой фрагмент общей эмоциональной картины мира, инкорпорированный в ее структуру, сущностную основу которого составляет совокупность образов комического (предметов, явлений, свойств, ситуаций и т.п.), отклоняющихся от стереотипного восприятия окружающего мира, от нормативных жизненных ценностей и вызывающих комический эффект (в отличие от патологических явлений). Формируясь в процессе познания и интерпретации действительности, комическая картина мира становится продуктом жизнедеятельности человека, приобретая при этом антропологический статус. Отражение комического на страницах русскоязычных газет Казахстана определяется в основном экстралингвистическими факторами, а также языковыми средствами, одним из которых является транспозиция казахизмов, придающих повествованию некоторый национальный колорит, местную языковую окраску и тем самым усиливающих его комическую экспрессию.

ЛИТЕРАТУРА

1. Попченко И.В. Комическая картина мира как фрагмент эмоциональной картины мира (на материале текстов И.Ильфа и Е.Петрова): Дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2005.
2. Бревдо И.Ф. Механизм разрешения неоднозначности в шутке: Дис. ... канд. филол. наук. – Тверь, 1999.
3. Хасанов Б.Х. Казахско-русское двуязычие. (Социально-лингвистический аспект). – Алма-Ата, 1987.
4. Жумагулова В.И. Средства и приемы создания комического в периодической печати Казахстана. – Алматы: НИЦ «Гылым», 2001. – 247 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада казак сөздерінің транспозициясы орыстiлдi Қазақстан баспасөзіндегi әлемнiң әзiлдiк бейнесiнiң репрезентация амалы ретiнде ұлттық-мәдени қырынан қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается транспозиция казахизмов как способ репрезентации комической картины мира в русскоязычной прессе Казахстана в национально-культурном аспекте.

УДК 371.013 Ш 15

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕСІ

Шагинова К.Ә. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың халқымыз үшін ең елеулі, қуанышты оқиғаларының бірі еліміздің егеменді ел болып, көк байрағы көкке желбіреп, Ел таңбасы еңсе көтеріп Тәуелсіздік алуы. Кеңес Одағы ыдырап еліміз Тәуелсіздік алғанымызға он бес жылдан асса да тіліміздің мәртебесі өсіп, беделі биіктеп, абыройы асқақтап кете қоймағаны рас. Оның дүниеге келтірген алғашқы заңдарының бірі - ана тілімізге өріс беру заңы болды. Тіл туралы Заң мен тілдерді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда білім беру саласы айтарлықтай оң өзгерістерге қол жеткізді. Еліміз Егеменді ел болып ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, Ата – заңға қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде енгізілді. Оны іске асыратын «Қазақ тілі қоғамы», «Ономастика комитеті» құрылып, жер-жерде ана тілімізде сабақ беретін мектептер ашыла бастады. Жер, қала, көше атаулары қазақшаландырылды.

Қазақстан Халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тіл мәселесінде орын алып отырған олқылықтарға бұдан әрі жол беруге болмайтынын қатаң ескерте отырып: «Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе - мемлекеттік тіл мәселесі» екенін баса назарға алған.

Президент: «Ал қазақтар үшін мемлекеттік тілді білу – міндетті болуы тиіс»-деп тайға таңба басқандай етіп, жеткізе айтты.

Қай ұлтты қай халықты алсақ та бәрінің де өзінің тілі бар. Халық өз тілін ең ардақты нәрсе деп санайды, сүйеді. Ана тілін сүймеген адам, қырғыз ақыны Сарноғаев айтқандай халқын сүйіп те жарытпайды.

Тілді жасаушы – халықтың өзі. Сондықтан тіл халыққа қызмет етеді. Ана тілін қадірлемеген ұрпақтың болашағы жоқ, өйткені ана тілінсіз ұлт мәдениеті де, ұлт әдебиеті де жоқ. Тілі құрыса, ұлт та құритыны айдан анық, ең басты мәселе – халқымыздың болашағы – ана тіліміздің ертеңі екенін естен шығармаған абзал.

Сүйемін туған тілді - ана тілін

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан

Құлағыма сіңірген таныс үнім, - деп С.Торайғыров жырлаған.

Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тілдің бірі. Бұл тілдің растығын кезінде кемеңгер Абай дәлелдеген болатын. Ол Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың шығармаларын аударып бір дәлелдесе, солардай етіп, сөздің майын тамыза жазу арқылы екінші рет дәлелдейді.

Қандайда тіл болмасын, оның даму деңгейін қанша адамның ол тілде сөйлейтіндігі белгілемейді, оны тілдің өмірдің қанша саласында қолданыла алу қабілеті анықтайды. Расына келсек, қазақ тілін білмейтін, тіпті білгісі келмейтін адамдар бар болса бар да шығар, ал бірақ өмірдің қазақ тілін пайдалану мүмкін емес бірде-бір саласы жоқ. Бір кезде қазақ тілінің қолданылу аясы тілдің қабілетсіздігінен тарылған жоқ, тездетіп бір тілділікке, бір ұлттылыққа көшу жолындағы көптеген көз таса әрекеттердің салдарынан қасақана қолдан тарылтылған, әйтпесе тіпті тоталитаризм жылдарында ол тілде әлемдік философия мен әдебиеттің осы заманғы ғылым мен техника салаларының зерттеу еңбектері басылып шығып, жоғары математика мен астрономияның, медицина мен геологияның талай оқулығы қазақ авторларының қолынан жарық көрген.

Бұл салада Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Асфендияров т.б. еңбектері елеулі ескерткіш. Осының өзі-ақ қазақ тілінің толыққанды саяси және ғылыми публицистиканың тілі екендігіне көзімізді анық жеткізе түседі.

Мемлекеттік тілді мемлекетіміз өмірінің барлық саласында батыл қолдану тіл заңының басты ережесі. Ең алдымен билік орындары мемлекет тілінде сөйлемей тұрып, күллі ел мемлекет тілінде сөйлемейді. Өкіметтің өзі сөйлемейтін, өзі іс жүргізбейтін тілде қоғамдық ұйымдар мен коммерциялық құрылымдардың сөйлей қоюы екі талай. Сондықтан тіл заңының шарттарын мұқият орындауда мемлекеттік билік орындары өздері өнеге көрсетуі тиісті.

Қазақ тілінің елді сыртқы жаудан қорғауда атқарған ұйымдастырушылық рөлі зор. Халықты басқыншылармен күреске шақырған да, шығарғанда осы тіл. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Әз Тәукенің Жеті жарғысы» дүниеге қазақ тілінде келді.

Бұқар, Үмбетей жыраулар сарбаздарды батырлар төңірегіне осы тілде топтастырып, қазақ баласының ата жаумен айқастағы ерліктерін осы тілде жырлады.

Қазан төңкерісінен кейін ғана есін жиған халық ұрпағының қамын ойлап, қазақ мектептерін аша бастайды. Талай зиялылар қуғынға ұшырап, Кеңес үкіметінің күштеу органдары оғына ұшып жатты. Осындай қасіретке ұшыраған А.Байтұрсынов қуғынға түсіп жүрсе де, араб әрпін ұғым мен қолданысқа жеңілдетіп, қайта жасап, мектептерге арнап қазақ тілі грамматиксын жазып шығарған.

Қазақ тілі – бай тіл, оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл. Қазіргі таңда қазақ тілі мейлінше дамып, байып жетілді. Нақты әдеби тіл жасалды. Орта мектептер үшін барлық пән қазақ тілінде жазылып жүр.

Қазақ тілінің байлығы – қазақ халқының, қазақ ұлтының байлығы. Осы байлықты бағалай білуіміз керек. Сонда ғана біздің Қазақстан кез елген жұртпен иық теңестіре алатын іргелі ел бола алады. Біздің тіл басқа халықтардың тілдері сияқты, мәдениетті ілгері бастаушы, қуатты құрал. Ана тілін ардақтап, мәпелеп, тәрбиелеп өсіру сияқты; ана тіліне ұқыпсыз, көңілсіз, қалай болса солай қараушылық – барып тұрған мәдениетсіздіктің белгісі.

Тіл мәселесіндегі олқылықтарға жол бермес үшін, біз болашақ мұғалімдерді тәрбиелеп отырған соң, олардың болашақ ұрпағымызды өз ұлтының тілін қадірлеуге, сыйлауға, жоғарғы деңгейде ұстауға ұмтылдыруымыз керек. Сонымен қатар тек тілін ғана қадірлеп қоймай ұлттық өнерін де қадірлей сүйе білуге үйрету. Ата – бабамыздан келе жатқан мәдени мұраны меңгеруге, рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу. Осы ата-бабалар мұрасын ары дамытуға еңбек пәнінің де тигізер үлесі көп. Ұлттық өнеріміздің маңызын жеткізе отырып, атамыз қазақ қандай болғанын мақтан ете аламыз.

Мемлекетті құрушы ұлт ретінде ең алдымен мемлекеттік тілге қамқоршы бола алатын, халқымыздың ұлы көшін бастайтын ол – біздер, келешек жастар. Біз өзіміз өзгелерге үлгі өнеге көрсетіп барлық қарым қатынаста бір – бірімізбен қазақша сөйлесек басқалар бізге еліктеп, тілімізді білуге деген құмарлықтары өзінен өзі артатыны белгілі. Біз өзіміз өз тілімізді құрметтеп, барлық жерде өз тілімізде сөйлеп жатсақ басқалар да қазақ тілін ардақтайтын болады.

Мектептерде және жоғарғы оқу орындарында оқудың, білім мазмұнын жаңарту мақсатында ана тілімізде оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруда едәуір ілгерілеу бар. Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап қазақшасы нашар балаларға үйрету үшін, доцент С.Оспанов сияқты азаматтар ұсынып жүрген арнайы оқулықтар шығаруды ерекше қолдау керек. Бұл оқулықтар тілі түсінікті, әдемі безендірілген, ойын элементтері көп, дидактикалық көмекші

құралдарымен, түсініксіз сөздер мен терминдер сөздігімен жабдықталған болу керек.

Филология ғылымының докторы Ә.Жүнісбеков пен Н.А.Зайцевтің қазақ тілін жеделдетіп оқыту жүйесіне жазған оқу әдістемесін атап өтуге болады, ол үш бөлімнен тұрады және әр бөлімді жеке пайдалануға болады. Бұл әдістемеді қазақ тілінің грамматикасы мен фонетикасының барлық заңдылықтарын ескере отырып ғылыми негізге сүйеніп жазылған, кластада, жеке де қолдануға келеді, компьютерлік, баспалық жолдармен де, бейне жазу техникасы арқылы да көбейтіледі. Осындай оқу құралдарымыз көбейсе, ана тіліміздің ары қарай тез жетілуіне көп көмегін тигізеді анық.

Жалпы қазақ тілінің құдіретін, байлығын, әсемдігін, терең мағыналылығын келешек ұрпаққа түсіндіруге көп еңбек етпей, қазақ ұлтының болашағын шарқын ету мүмкін емес.

Сөз — адам санасының айнасы. Ішкі жан дүниенің, біліміңіздің биік деңгейі мен дәрежесінің өлшемі, ойыңыздың дыбыстармен кестеленген көркем көрінісі. Ұлы Абай сөз құдіретінің осы бір ғажап сырын ана тіліне деген азаматтық сезімін кез келген өлеңдерінде және ел ішінде қанатты сөзге айналып кеткен «Өнер алды – қызыл тіл» деген сөзі де тіл мәртебесін аңғартып отырады. Бізде солай Абай атамыздай сөз қадіріне, тіл қадіріне мән беріп, оның мағынасына мән беретін азаматтар тәрбиелейік.

Жастарды жазбай еркін шешіле сөйлеуге, аз сөзге көп мағына сыйғызып, сырлы сөйлеуге мақал–мәтелдерді, ұтымды сөздерді қолдана өткір сөйлеуге баулу, болашақ азамат тәрбиелеу біздің міндетіміз. Ана тілімізді көркейтудің, оның мәртебесін көтере түсудің бір жолы сөз өнерін, сөйлеу өнерін жетілдіру. «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі-сөз»- деген сияқты халық мақал-мәтелдері арқылы да қысқа жеткізе білу.

Ана тілімізді тек қана сабақ беру арқылы ғана емес, сабақтан тыс конкурстар, диспуттар өткізу арқылы да жетілдіре аламыз. Конкурс, диспуттардың Ана тілімізді көтеруге тигізетін септігі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев.Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 1997.
2. «Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту» бағдарламасы. 2004.
3. Мектептегі технология. 2004.
4. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. 2005.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мемлекеттік тілді дамытудың кейбір мәселелері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ.

В статье рассматриваются некоторые вопросы развития государственного языка.

ТУЫНДЫ СӨЗДЕРДІҢ ТРАНСПОЗИЦИЯЛАНУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Шойбекова Ғ.Б.- ф. ғ.к. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Тіліміздегі сөздердің транспозициялануында, әсіресе, семантикалық тәсіл арқылы дамуында өзге тәсілдерге қарағанда лексемалардың жаңа мағына алып, туынды сөз ретінде танылуы, сонымен қатар парадигмалық шеп құрай алуы олардың мағыналарының ауқымдылығымен байланысты. Семантикалық тәсіл арқылы транспозицияланған сөздердің бірнеше атауға ие болуы, ықшамдылығымен, жинақылығымен, ең бастысы көнелігімен сипатталады. Сөздердің барлығы көне дәуірде бір буынды болған. Сол себепті ғасырлар қойнауында бір буынды сөздер тілдің кейінгі жалғамалылық дәуірінде де тұлғасын өзгертпей мағыналық дамуға түсіп, жаңа атау жасауға негіз болған. Осының нәтижесінде бірнеше буынды сөзге қарағанда бір буынды сөздердің транспозициялануы басымдық танытқан.

Қазақ тіліндегі лексика-семантикалық тәсіл арқылы дамыған сөздер түбір тұрғысынан зерттеліп жүр. Бірақ буын санына байланысты семантикалық тәсіл арқылы дамыған сөздердің зерттелуі кездеспейді. Тілдік бірліктер күрделенген сайын олардың семантикалық даму сипаты күрделенеді. Бұл тілдік бірліктерге ғана тән сипат емес, сонымен қатар табиғаттың өзінен алынып отырған шынайы ақиқат. Күрделі құбылыстар, заттар мен нәрселердің өзі динамикаға икемді болып келмейді. Ал, керісінше, икемділікке бейім құбылыстар жекелікке, жалқылыққа тән. Сол себепті тіліміздегі сөздердің семантикалық дамуын буын санына қарай зерттеп қарауды ұйғардық. Тілімізде бір буынды сөздерден бастап, төрт-бес буынды сөздерге дейін семантикалық жақтан дамыған тұлғалар бар. Оларды буын санына қарай топтап, мағыналық тұрғыдан қарастырғанда төмендегідей сипатта көрініс тапты.

Бір буынды сөздердің транспозициялануы.

Ат ~ ат ~ ат ~ ат ~ат сөздерінің семантикалық тәсіл арқылы дамуы:

- Ат 1. Үйірге түспейтін, піштірілген жылқы
2. Аттың басына ұқсастырылып жасалынған шахмат фигурасы
3. Аттау, қозғалыс жасау
4. От шығару, оқ жұмсау
5. Балаға қойылған есім

Ақ ~ ақ ~ ақ ~ ақ сөздерінің семантикалық тәсіл арқылы дамуы:

- Ақ 1. Ағу, сұйықтықтың ағуы
2. Заттың түсі
3. Сүт, айран
4. Жұрнақ –ақ; там+ақ, шу+ақ /1, 138 б./

Бұдан өзге ен (ін, үн), ай – ай – ай, құр – құр, кес – кес, жұт – жұт сияқты сөздерді мысалға алуымызға болады. Тарихи жағынан алғашқы бір буынды сөздердің мағыналық жақтан дамуы Б. Сағындықұлы мен А.Б. Салқынбай еңбектерінде айтылып, талданып жүр. *Ат*, *ақ* сөздерінің мағыналық дамуын “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен”, сондай-ақ сөздікте жоқ мағыналарын ғалымдардың зерттеулерінен алып беріп отырмыз. Мысалы –ақ тұлғасында келетін жұрнақты от+ақ, шыр+ақ, шу+ақ, там+ақ секілді сөздерді мысалға ала отырып, “аталған бұл формант түбірге сіңіскен өлі жұрнақ ретінде танылады. Демек, ақ = егістігі = ақ (=ек, =ық, =ік, =к, =к) жұрнағы пайда болуының бір көзі”, деп жазады /1, 139 б./ Ал *ат* тұлғасының сөзжасамдық белгілерінің тереңде

жатқанын жайлы, оның тек қимылдық емес, жалпы ұғымды белгілеуші тұлға ретіндегі мағыналық жүйесін, даму жолын:

қозғалу семасы – аттау, аттану, адақ (айақ), адасу, адым т.б.

объектінің шығу семасы – таң атты, тас атты, атып шығу, атып тұру;

объектінің бату, біту семасы – ат, ад (тамұк), ада болу;

объектілік сема – ат;

субъектілік сема – ата, аталық, адам, деп бөліп алып айырушы семалардың жинақталып, бір семантикалық өріс аясына сыйып тұрғанын келтіруге болады /2, 118 б./.

Екі буынды сөздердің транспозициялануы.

Айыр ~ айыр сөздерінің семантикалық тәсіл арқылы дамуы:

Айыр 1. Шөп, сабан, егін жинауға керекті құрал. 2. Қос өркешті түйе.

Мұндағы *айыр* сөздеріне ортақ мағына – белгілі бір заттың ара жігінің ажырауы, екіге жарылуы. *Ажырау, адырылу* сөздерімен мағыналық тұтастықта. Тарихи сипатта мұның көрінісі де адам танымының терең қатпарларынан орын алады. Синхрондық сипаттан алғанда да бұл сөздердің мағыналық жақындығы айқын көрініп тұр. Диахрондық аспектіден қарағанда ажырау сөзінде бір нысанның екіге жарылу семасы бар, сондай-ақ адыр, *адырылу* сөзінде де белгілі бір нысанның бөліну семасы байқалады. Біздің қазіргі тілімізде *адырылу* сөзінің мағынасы *адыра қалғыр* сынды қарғыс мәнді сөзде сақталған. Бұл тіркестің мәні – айырылып қалу, яғни адамдар ортасынан ажырау, өлу мағынасы.

Тамақ ~ тамақ сөздерінің семантикалық тәсіл арқылы дамуы:

Тамақ 1. Тамақ, тағам, ас-су

2. Тамақ, ас-су өтетін жол.

Тарихи аспектіден қарастырғанда там+ақ (мойынның алдыңғы жағы, иектің асты), там (дәм) ағатын өңеш екенін өзі айтып тұр /1, 139 б./ Біздің тілімізде бәкі пышақ, әжептәуір секілді екі компоненті де бір мағынада кездесетін сөздер бар. Мысалы, ас мағынасындағы тамақтың қимыл қозғалыстық сипатына қарай таму және ағу сөздері пайда болған. Астың үздіксіз сырғу сипатына орай қозғалыстың жиілігін анықтау мақсатында ұқсас мағыналы таму және ағу сөздері тілдік айналымға енеді. Осы жерде тіліміздегі сөздердің алғашқы кезде бір буынды болғанын ескеру керек. Адам танымының нәтижесінде астың қозғалысын бейнелейтін бір буынды *там* және *ақ* сөздерінен там+ақ = тамақ лексемасы пайда болады. Тамақ лексемасы қазіргі тілімізде екі заттың атауы ретінде қалыптасқан. Бұл сөздің алғашқы мағынасы қимылдық мағына, атаулық мағыналарының екеуі де кейіннен пайда болған. Осыған ұқсас *іш* сөзін алып қарайық: тамақты *ішу* қимыл атаулы сөзі арқылы *ішкен заттың белгілі жайғасқан орнын* да *іш* деп атаған. Адам ағзасының көрінбейтін тасаға орналасуынан *іш+i* деген көмекші есім сөз пайда болған. Тілдің өмір сүру фазасында мағыналық дамуға түсіп, уәжделген, транспозицияланған сөздер семантикалық тәсілдің нәтижесі.

Үш буынды сөздердің транспозициялануы.

Жаттығу ~ жаттығу ~ жаттығу ~ жаттығу сөздерінің семантикалық тәсіл арқылы дамуы

Жаттығу 1. Жаттық етістігінің қимыл атауы.

2. Белгілі бір өнерді игеру үшін дағдылану процесі

3. Оқушының жаңа материалды жақсы түсіну үшін жүргізілетін оқу процесіндегі әдіс.

Бұған спорттық ойындарда қолданылатын мағынасы енбей қалған. Өзіміз күнделікті теледидардан таңертең есітіп жататын жаттығу сөзі де бұл күнде номинативтік атауға ие болған сөз деп тануымызға болады.

Қарайлас 1. Жәрдемдесу, қарасу.

2. Мөлшерлес, шамалас.

Төрт буынды сөздердің транспозициялануы.

Қабылдағыш~қабылдағыш сөздерінің семантикалық тәсіл арқылы дамуы:

Қабылдағыш 1. Арнаулы станциялардағы қашықтықты өлшейтін электромагнит толқындары арқылы дыбыстар мен белгілер қабылдайтын және хабар беретін аспап. 2. Алғыр, зейінді, қабілетті.

Мазмұндама 1. Оқушылардың шығарма мазмұнын жазбаша түрде баяндап, жазып шығатын жазбаша жұмысы. 2. Мемлекеттер арасында болған дипломатиялық келіссөздер, келісімдер жайлы ресми хабар.

Екі сөздің арасында мағыналық байланыс бар және ол мағыналар жаңа атау ретінде танылуына мүмкіндік жасап тұр. Себебі біріншісі оқушының жазба жұмысының атауы болса, екіншісі бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын хабар атауының қызметін атқарып тұр.

Семантикалық тәсіл арқылы дамыған атаулардан байқағанымыз, бір буынды сөздердің мағыналық жақтан өрбуі екі, үш, төрт буынды сөздердің конверсиялануына қарағанда әлдеқайда басымырақ. Бұдан шығатын қорытынды – бір буынды түбір сөздер тарихи тұрғыдан алғанда тілдің даму барысында түрлі мағыналық реңк алған. Олар мағыналық ортақтықтан арылмаған, парадигмалық шеп құрайды. Бір буынды түбірлер лексика-семантикалық және грамматикалық қолданылуы жағынан күрделі жүйе жасайды. Екі, үш, төрт буынды сөздердің транспозициялануы бір буынды сөздерге қарағанда сирек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б. Сағындықұлы. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 19-68 б.

2. А.Б. Салқынбай. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада екі, үш, төрт буынды сөздерге қарағанда бір буынды сөздердің транспозициялану деңгейі жоғары болатындығы олардың көнелігімен, ықшамдылығымен, ең бастысы, түбір екендігімен түсіндіріледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается семантическое развитие однословных и многословных языковых единиц.

МАГИСТРАТУРА**«ӘДІЛ-МАРИЯ» РОМАНЫНДАҒЫ ІШКІ МОНОЛОГ МӘСЕЛЕСІ**

Ашимбаева Р.- 2-курс магистранты (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың басындағы ұлы ойшыл, ғұлама, данышпан, ұлт зиялыларының бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның әлі де болса ашылмаған қырлары мен сырларының көп екендігі рас болса, қаламгердің «Әділ-Мария» романындағы ішкі монолог мәселесі туралы айтар ойлар да аз емес. «Әділ-Мария» романындағы ішкі монолог мәселесі хақында сөз қозғамас бұрын, алдымен монолог және ішкі монолог ұғымдарының мәнін ашып көрейік. «Монолог» сөзі грек тілінен аударғанда – «monologos, mono-бір, logos- сөз» деген мағынаны білдіреді.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Монолог – кейіпкердің өзімен өзі сырласқандай, ойланып – толғанғандай болып айтатын сөзі. Басқа біреу ол сөзді еститіндей болса да, жауап қайыру деген болмайды, бірыңғай бір кейіпкердің сөзі ғана беріледі. Монологтың мағыналылығы – сол адамның ішкі сырын, көңіл-күйін, психологиясын терең ашып көрсетуге өте ыңғайлы. Монологта кейіпкердің түйінді ой-тұжырымдары айтылып, оның тағдырына байланысты маңызды кезеңдегі жай-күйі айқын аңғарылады» - деп берілген. /3, 241бет/

Ал, ішкі монолог - психологизмнің ең алдыңғы қатарда тұратын тәсілі. М.Бахтиннің «Проблемы поэтики Достоевского» атты зерттеу еңбегінде осы ішкі монологтың қыр-сырларын толығымен ашып көрсеткен. Ол туралы профессор Г.Ж.Пірәлиеваның «Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары» атты еңбегінде: «Ішкі монолог – (іштей ойлау, кейіпкердің өзін-өзі саралауы, ой-ағысы) адам психологиясының ішкі иірімдерін, күрделі де терең ойлау жүйесін, сана мен сезім арпалыстарын ашу. Ішкі монологтың көркемдік қызметі – адам жанының сырт көзге байқала бермейтін ішкі қоймаларын, құпия-қалтарыстарын, жұмбақ сырларын шынайы да сенімді түрде бейнелей білу»– деген анықтама берген. /2, 13бет/

«Әділ-Мария» романында қалыптасқан ішкі монолог тәсілінің шебер әрі көркем көріністері айқын да нақты бейнеленген. Романның бас кейіпкерлері Әділ мен Марияның бір-біріне деген кіршіксіз махаббаттарына тілеулестік танытып, әртүрлі күй кешіп, бір орында қозғалмай тұрған Шыңғыстау бейнесі - іштей жанды бейне. Олай дейтініміз, романдағы образдардың жасалуына Шыңғыстаудың тікелей ықпалы бар. Романда Шыңғыстаудың бөктеріндегі қазақ ауылдарының бірінде өткен бір оқиға суреттеледі.

Романда пейзаж қолдану үлгісі ерекше. Шығарманың басы автордың Шыңғыстауға бағытталған ішкі монологымен басталады. «Кәрі Шыңғыстау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайып қырандарыңды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті. Талай бақытсыздықтың жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бақты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай да ақты. Ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүрек айнымас батырларды да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билерді де жерошақтай жер қазып, үнірейтіп бауырыңа көміп жатсаң да, бақайыңнан келмей түк көрмегендей-ақ маңқиып тұра бересің-ау! Онымен де қоймай, қысқа күнгі күн шығыстан ұзақ

күнгі күн батысқа қарай керегедей жайылған кең қолтығыңды ашып үңірейтіп: «Кел-кел! Тағы менің қайығыма кіріп, біресе рақат, біресе бейнет көріп, аз күн арпалысып өтетінің келіндер!» - деп үнсіз даусыңмен шақырып тұратыныңды қайтермін!» /1, 493 бет/.

Шыңғыстауды жанды бейне етіп көрсетіп, бүкіл шығарманың өн бойына арқау етеді. «Міне, осы іңірде туған толық ай дәл Марияның қысылып ұялғанындай қып-қызыл болып туса да, көтеріле келе бозарып, жоғарылағанда, әбден бойы үйренгендей маңқиып, жер жүзіне сүттей тұнық сәулесін түсіріп, айдың бетіндегі кісі пішінді қожыры қырындай қарап, Әділ мен Марияның алғашқы қосылғанын көрмейінші деген сияктанды-ау!» /1, 501бет/. Мұндағы ой қаратпа мағынасында болғанмен, автордың ішкі толғанысын байқатып, ішкі монологтың озық үлгісін көрсетіп тұр. Енді бірде, Әділдің басына түскен қиындықты табиғат қаһарымен үндестіріп, оның жалғыз қалған сәтіндегі монологын: «Әттең, туысқансыз жалғыздық-ай! Шіркін, опасыз дүние-ай! Көрсетпегенің осы екен ғой!» - деп беріледі. /1, 527бет/

Бұл туралы тілге тиек еткен белгілі зерттеуші ғалым Г.Ж.Пірәлиева былай дейді: «Жалғыздық – қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретті, ішкі ойға емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл кейіпкердің ішкі табиғатынан сыр берер, оның характерін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет. Өйткені жалғыздықтан жапа шеккен жан көбіне өз ойымен өзі болады. Оның өткен өміріне лирикалық шегініс жасау, бақытты шағын елестетуі, қайғыруы секілді бір сәттік құбылыстар оны ішкі монологқа өзімен-өзі сөйлесуге мәжбүр етеді. Кейде адам қатты қапаланғанда немесе шектен тыс қуанғанда, еркінен тыс ойланбаған, тіпті ойы түгіл түсіне енбеген сұмдық іс-әрекетке баруы мүмкін. Оны психологияда, философияда, әдебиеттану ғылымында адамның шындықты санамен бейнелеуіне тікелей қатыспайтын, еркінен тыс болатын яғни психологиялық құбылыстарды – «безсознательность» - деп батыл әрі дәл тұжырым жасайды. /2, 77бет/ Міне, кейіпкер психологиясын ашудағы ішкі монологтың ролі өте зор деп айтуымызға әбден болады.

Сол кездегі заман портретін жасауда табиғат бейнесі бізге құдды бір өзінің ішкі сырын ақтарып тұрғандай. Бүкіл шығарманың өн бойына өзінен өзі еніп кетесің. Автор романдағы кейіпкердің жан дүниесін, оның психологиясын ішкі монолог арқылы асқан шеберлікпен суреттеген. Романның соңғы желісінде бір-біріне ессіз ғашық болған қос махаббаттың өміріне Еркімбек сұм балта шабады. Әділдің Еркімбектің қолынан өліп бара жатқанын көріп, Мария: «Құдай-ай! Сорым біржолата қайнады ма?» – деп, Әділді құшақтай алады. /1, 538бет/ Бұл жаралы ғашығының халін көріп шыдай алмай құшақтап тұрып айтқан соңғы сөзі еді. Мұнда автор ашық монологты қолданған. Бұл Әділ мен Марияның өмірдегі соңғы қиналғаны мен қайғының қара бұлтын жамылғандағы соңғы сәттері еді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өзі «Қайғылы роман» деп атап кеткен бұл роман оқырманның жүрегіне еніп, көңілін елең еткізері анық. Жазушы қолданған ішкі монолог, ішкі сөз, ішкі толғаныс сол замандағы тіршілік пен өмір ағысына астасып жатқандай. Оқиғаның желісі де бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі сабақтастырып отыр. «Міне, дәл сол кезде күн батып кетіп, шапақтың шашақты бұлтындағы күннің қызыл нұры дәл Әділ мен Марияның жарасынан сорғалаған қандай қып-қызыл болып тараулана бастады» /1, 538бет/. «Дәл сол кезде күншығыстан қайғылы қара салысын жамылып, түннің қараңғылығы – зұлмат та шықты» /1, 539бет/.

Мұндағы автордың айтпақ ойы тереңде. Олай дейтініміз, жазушы табиғат көрінісі мен кейіпкер тағдырларын жымдастырып, біріктіріп, параллель

көрсеткен. Адам тағдырын айналадағы қоршаған ортамен байланыстыра отырып, қайғылы психологиялық портретті пейзажбен өрнектеген.

Монологтың көркем шығармадағы рөлі, ондағы кейіпкерлердің ішкі иірімдерінің бейнеленуі, ішкі монологтың романдағы алатын орны мен адамның ішкі дүниесінің кілтін ашудағы жазушы шеберлігі, бәрі-бәрі қаламгер қолданған ішкі монологтың көрінісі. Міне, қарап отырсаңыз, Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романы басынан аяғына дейін ішкі монологтан тұратын секілді. «Қазақ романы тақыр жерде, жоқтан пайда бола қалған жоқ. Қазақ романының ұлттық тамыры тереңде және ол ұлттық характерлерді бейнелеудің дәстүрлі баяндау тәсілімен сабақтас», - деген пікірге сүйенер болсақ, Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романындағы ішкі монологты қолдануының себебі де қаламгердің білімділігі мен біліктілігінің көрінісі. /4, 13бет/ Ішкі монологтың озық үлгісінде жазылған бұл роман сол замандағы заман ағымы мен адам тағдыры мәселесінде биік шыңдардың белесінде екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ш.Құдайбердіұлы. Шығармалары. -Алматы: «Жазушы», 1988ж, - 560б.
2. Пірәлиева Г.Ж. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралы. –Алматы, -359б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі /Құрастырған: З.Ахметов, Т.Шаңбай/ - Семей–Новосибирск, «Талер -Пресс», 2006ж, -393б.
4. Лизунова Е.В. Современный казахский роман. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1964г, -360б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романындағы ішкі монолог мәселелері қарастырылған. Ішкі монологтың қызметі, оның романдағы көрінісі мысалдармен көрсетіліп берілген.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению внутреннего монолога в романе «Әділ-Мария» Шакарима Кудайбердиұлы, а также его функций и отражения в произведении.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР АҚЫНЫ Ө. ТҮРМАНЖАНОВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әкімқожақызы Ш. -2-курс магистранты (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақ балалар поэзиясының түп-төркіні сонау фольклор үлгілерінен бастау алғанын ескерсек, қазақ халқының бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгенін небір тамаша ертегілерді, жұмбақтар мен мысал өлеңдерді, тақпақтар мен жаңылтпаштарды ойдан шығарып, оны бала санасына әрдайым сіңіріп отыратындығынан байқаймыз. Сондықтан да мұндай мұралар әлі күнге дейін құндылығын жоймай, бүгінгі күнге жетіп отыр.

Ж.Жабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров секілді ақындар кеңес кезеңінде балалар поэзиясын фольклор үлгілерінің заңды жалғастырушылары ретінде танылса, бертін келе яғни, соғыс жылдарынан кейінгі балалар

поэзиясына өзіндік қолтаңбаларымен бір топ ақындар келді. Атап айтсақ, М.Әлімбаев, Б.Ысқақ, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, т.б. Сондай қарымды қаламгерлердің бірі әрі бірегейі – балалар ақыны Ө.Тұрманжанов болды.

*Нан қоқымын шашипаңдар!
Жерде жатса баспаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.-*

деген тақпақты тақылдап айтқан талай балалардың сүйікті ақынына айналған Ө.Тұрманжанов құнарлы бай тілімен, тартымды сюжетке толы суретті жырларымен қазақ балаларына үлкен базарлық әкелді. Ақынның өлеңдері баланы адамгершілікке, мейірімділікке, үлкенді сыйлай білуге үндейтін үлгілі шығармалар ретінде балалар әдебиетінің қорына айтарлықтай қазына болып қосылды. Еңбекке, бірлікке, ынтымаққа, адамгершілік ойларға жетелейтін көптеген өлеңдері балалардың жадында жаңғырып, жаттап алып айтып жүретіндей сүйікті шығармаларына айналды.

Мысалы, “Отан ” атты өлеңіндегі :

*Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді.
Отан дейміз туған жер, ата мекен
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.
Отан дейміз кең байтақ астананы,
Жасыл жайлау, жаңа жол, жас қаланы.
Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,
Ол бірақ өз үйіңнен баталады. –*

деген шумақтар баланың санасына бірден сіңіп қалатын, тілі жеңіл де, ойы ықшамды әрі жаттауға жеңіл шығарма десек, артық айтқандық емес. Гибратты ойларға жетелей отырып, солардан белгілі бір қорытынды шығарады. Балаларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, “Отан отбасынан басталады” деген мақалдың өмірден алынғанан осы өлеңінде-ақ тайға таңба басқандай етіп түсіндіреді.

Немесе “Кім неге барсын?” өлеңіндегі мына қысқа да нұсқа жолдар нақыл түрінде айтылып, оқырманына біраз ой салатындай.

*Тіл алғыш бала нанға барсын,
Тілазар бала талға барсын.
Тілі тәтті бала шалға барсын.
Нан- тамақ болады,
Тал- таяқ болады,
Шал- қонақ болады.*

Оқуға да жаттауға да жеңіл мұндай өлеңдер баланың танымдық деңгейін биіктетіп, ақылдылыққа, тіл алғыштыққа жетелейтіндігімен тәрбиелік мәні зор.

Тәрбиеші, ата-ана балаларға осы секілді өлеңдерді оқып беріп, түсіндіру арқылы соның қорытындысын балдырғандар жаттаса, өмірлік рухани азығы болар еді. Өнегелі жақсы ойлар естерінде сақталып, саналы азамат болып қалыптасуына мұның өзі бірден игі әсерін тигізбес пе?!

Сөз зергері, балалар поэзиясында өзіндік жанаша қырымен көріне алған балалар ақыны Ө.Тұрманжановтың енді бір топ өлеңдері сөзбен салынған суреттен құралады. Кестелі де тілге орамды мұндай туындыларынан көркемдік келісім де, қисынды логика да көрініс тапқан. “Екі торғай сайрайды”, “Ол беске, мен үшке оқимын”, “Жыртық кітап жылады”, “Әкемнің нақ өзіндей болып алып”, “Нан туралы баллада”, “Тілі жоқ айтар еді-ау сол торғайдың” т.б. өлеңдерінде жанды суреттер кестеленгендіктен, балаларға

тартымты. Мәселен, “*Мың жыламай, бір-ақ жылап қояр едім мен!...*” атты өлеңінде бала аузымен айтылған “мың жыламай, бір-ақ жылап қояр едім ғой...” деген бір ауыз сөздің астарында қаншама мән жатыр? Достарының “соқырсың” деп мазақтағанына шыдай алмай, неге соқыр болып қалғанын білгісі кеп апасынан мән-жайды сұрауы, өзінің кемтер екеніне налыған баланың өкініші бала көңіліне аяушылық, жанашырлық сезім ұялатады. Сөйте тұра, баланың ақылдылығына іштей ризалық білдіресің. Әрі оқи отырып, өлеңнің астарында оқырманға, балаларға, ата-аналарға деген ескертуді аңғарасың.

Жан-жануарларға деген балалардың қамқорлығын, мейірімділігін, албырт сезімін оятатын ақынның “Екі торғай сайрайды”, “Бөдененің пысық-ақ балапаны”, “Бақа, бақа, балпақ”, “Ақ бұзау мен көк лақ”, “Қозы, қозы, қозылар”, “Жалқау қоян”, “Көбелектерді сыйладым”, “Құмырсқа мен піл” атты бір топ туындылары да - тартымды сюжетке құрылып, құнды ойларымен оқшаулана алатын шығармалары.

Ақын “Көбелектерді сыйладым” өлеңін:

*Гүл өсіріп, қуантып,
Көбелектерді сыйладым.
Жаз сұлуын мұңайтып,
Сыйламауға қимадым.-*

деп аяқтайды. Өлеңнің өн бойынан көрініп тұрған тіршілік иелеріне деген құрмет, бүкіл табиғатқа деген сүйіспеншілік, жәндіктерге деген достық сезімі баланы жақсылыққа, қамқорлық секілді ізгі адамгершілік ойларға жетелейді.

Мұндай өлеңдеріне қарап, ақынның шығармаларын құрғақ қиялдан туған көңілге қонымсыз, ақылға сыйымсыз деп айта алмайсың. Белгілі бір сипат белгісі жоқ сурет бейнелер емес, шынайы өмірмен, дағдылы бала ғұмырымен байланысты көріністер, айшықты суреттер қолданылады. Асқақ сезімдерге бөлеп, өлеңімен өзіне тез-ақ баурап алады.

Бүкіл дүниеге, табиғатқа, жан беріп, меніреу тасты да, гүл үстінде ұшып жүрген көбелекті де сүйіспеншілікпен, өмір тілімен сөйлете жырлайды. Жәндік атаулы қуанып, асыр-салып ойнап, сауық-сайран құрады. Жаратылыстың осындай әсем көрінісін балаларға салынған суреттей етіп, көз алдыларына елестете отырып, жырласа ол ақынның шеберлігі болып табылады.

Тағы бір айта кетерлік жайт - Ө.Тұрманжанов шығармаларының дені бала тәрбиесіне ықпалын тигізетін ойлы оралымдардан тұратындығы. Балаларға үлгі-өнеге ету үшін шығармасының ең соңында барлық оқиға желісінен, айтылған ойдан белгілі бір қорытынды жасап, естерінде қаларлықтай түйін түйеді.

*Жақсы оқыса бала
Жақсылығын күндеме!
Ақсақ болса бала,
Ақсақтығын “мін”деме!
Жуас болса бала,
Басынып бәрің жүндеме!
Ақсақтық та мін емес,
Жуастық та мін емес,
Биік болса арманы! –*

Немесе

*Жалқау болма, балақан!
Аңқау болма, балақан.
Аңқау болсаң- аңқау бол,*

Жалқау болма, балақан!

*Жаны жақсы ағаның
Етегін баспа, жолын қу!
Болайын деген баланың,
Бетін қақпа, белін бу!*

Ақын көлгірсіп ақыл айтудан аулақ, жамандықтан жиреніп, жақсылықты үйретуге, баланың ойымен, санасымен санаса отырып, балалардың түсінігіне сай ғибратты ойға толы нақылды жырларын жазады.

*“Білем!” деме, балам!
Білмейтінің көп шығар.
Бәрін білген адам
Дүниеде жоқ шығар.*

*Он саусағың сау болса,
Ырыс емей немене?
Он екі мүшең сау болса,
Тыныс емей немене? -*

деген ғибратты жырларымен балдырған оқырмандарын ойлылыққа, жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелесе, енді бір жыр жолдарынан тек балаларға ғана емес, жеткіншек жастар мен ересек адамдарға да ой салатын ақын шығармаларын көруге болады.

*Қара басын қорғаған,
Қарнын ғана ойлайды.
Қарнын ғана ойлаған,
Өмірінде тоймайды.
Өз қамын ғана ойлаған,
Өмірінде оңбайды.
Өзгені оттан қорғаған,
Өмірінде тоңбайды.*

Ақын аз сөзбен көп мағына береді. Сонымен қоса жырларында пәлсапалық мәнділікке саятын жақтары мен кейіпкер мінез-құлқын танытатын астарлы меңзеулер де, балалар мен жеткіншектердің танымдық ой аңғарын кеңітетін заттар, құбылыстар атаулары да жетерлік.

Көргені мен білгеніне тиісті қорытынды жасай алмайтын жас буындар үшін өлең аяғындағы осындай тұжырымды пікірлер оларға үлкен ой салып, ой өрісінің дамуына себеп болады. Олардың қалыптасып келе жатқан ойына иерең із қалдырады. Өзіне түсініксіз дүниелерді ажыратуына көмектеседі. Осы арқылы сәбидің ой өрісі молайып, оның ақыл-ойы, зейіні, зеректігі мен тапқырлығы дами береді. Балаларға арналған Ө.Тұрманжанов өлеңдеріндегі ең тамаша қасиет те - осында.

Баланың қиялымен, арманымен астастыра жыр жаза білген көрнекті ақын Ө.Тұрманжановтың балалар поэзиясында осындай ойлы оралымдары арқылы, баланың бал тіліндей тәтті жырлары арқылы, көркем кестелі өлеңдері арқылы өзіндік орны бар.

Жеткіншектердің сана сезімін улап алмас үшін, бала тәрбиесіне ерекше ден қою- уақыт талабы. Табиғатынан еліктегіш келетін балдырған балаларды ұлттық тәрбиеге, рухани білім алуға жетелеу балаларға білім беру ісіндегі басты міндет болуы шарт.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада балалар ақыны Ө.Тұрманжанов өлеңдерінің тәрбиелік мәні көрсетілген. Адамгершілік қасиеттерге жетелейтін толғамды ой түйіндері және балалар тіліне жеңіл тіл орамдарының қарапайымдылығы ақын өлеңдерінен көрініс табады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается воспитательное значение стихотворений детского писателя О.Турманжанова. А также особенности построения его произведений для детей, доступность языка.